

Е.Т. Қартабаева, Р.С. Мырзабекова

# ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2014

ӘОЖ 94 (-411.16)  
КБЖ 63.3 (0) 3  
Қ 42

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі  
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор *С.М. Мәшімбаев*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Л.Т. Қожакеева*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *А.Ш. Махаева*

**Қартабаева Е.Т., Мырзабекова Р.С.**

Қ 42 Ежелгі дүние тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 286 б.

**ISBN 978-601-04-0308-6**

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарының тарих факультетінің 1 курсына өтетін «Ежелгі дүние тарихы» пәнін оқытуға арналған. Мұнда ежелгі дәуірдегі маңызды әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени үдерістер фактологиялық материалдар мен теориялық-методологиялық ұстанымдар негізінде қарастырылған.

Кітап оқытушыларға, студенттерге және жалпы тарих мәселесімен айналысушы көпшілікке арналған.

**ӘОЖ 94 (-411.16)**  
**КБЖ 63.3 (0) 3**

ISBN 978-601-04-0308-6

© Қартабаева Г.Т., Мырзабекова Р.С., 2014  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

Ежелгі дүние тарихы адамзаттың одан арғы дамуын анықтаған көне өркениеттердің тарихы болып табылады.

Оқу құралында ежелгі қоғамдар дамуындағы жалпы мен ерекшенің арақатынасына, тарихи дамудың негізгі, жалпыға ортақ қозғаушы күштеріне ерекше көңіл аударылады. Кеңес тарихшылары тарихты экономикалық (детерменизм) тұрғыдан түсіндіргені бәрімізге белгілі. Әрине, тарихшы тарихты ғылыми тұрғыдан зерттегісі келсе, ол тарихтың өзіндік заңдары бар екенін және бұл заңдарды зерттеп білуге болатындығын мойындауға тиіс. Бұдан басқа көзқарастардың барлығы да, түптеп келгенде тарихты кездейсоқ немесе белгілі бір заңдылықпен түсіндіруге келмейтін үдерістер мен құбылыстардың жиынтығы деп қарастыруға саяды.

Шығыс пен Батыстың әр түрлі тарихи мектептері әр түрлі аймақтардағы алғашқы адамдардың қоныстануындағы «ұлттық» басымдылық мәселесі, тарихи көшіп-қонулардың бағыты, үлкен және кіші ұлттардың этникалық жағынан қалыптасуының хронологиясы, ерте және ортағасырлық мәдениет қайраткерлерінің қай ұлтқа жататыны туралы мәселелерге байланысты дау-таластарын толастатар емес. Соған қарамастан көпшілік тарихшылар әлемдік өркениеттер жүйесінің бұрын белгісіз болып келген жаңа қырларын ашуға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи ізденістердің маңызын әлі де болса толық бағалай алмай отырған тәрізді. Іс жүзіне келгенде, тек жалпылаушы, компаративистік ізденістер ғана әр түрлі окшау өркениеттердің қалыптасуындағы тарихи-хронологиялық ерекшеліктерге қарамастан, олардың қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтарына бағынатындығын көрсетіп береді. Окшау өркениеттерде қоғамдық прогрестің іргелі

заңдылықтары көрініс табады. Осы заңдылықтар ежелгі дүниенің аса бай, әрі өзіндік ерекше тарихында қалай көрініс тапқандығын ашып көрсету, оқып-білу осы оқу құралының міндеттерінің бірі болып табылады.

Тарихтың әлемдік болуы – іштей қарама-қайшылықты ұғым. Тарих бүкіл адамзатқа ортақ объективті заңдылықтармен дамиды дей отырғанмен, бұл заңдар аймақтар мен елдер деңгейінде әр түрлі көрініс берді. Этностардың, нәсілдер мен оқшау өркениеттердің жалпы байланыстары мен өзара әрекеттестіктері тарихи процестің маңызды факторлары болып табылады. Тарихтың өзі жасаған «тәжірибелері», мысалы, Америка үндістерінің, Австралия аборигендерінің территориялық жағынан оқшау жағдайда болуы, үздіксіз өзара ықпалдастықсыз прогреске деген серпіліс әлсіреп, сөнуге дейін баратындығын дәлелдеп берді. Сонымен бірге тарихи бірлестіктер дамуының нақты жолдары көп нұсқалы, ал оқшау формалары логикалық қатарға тіпті де сыймайтындай болуы да ғажап емес. Сондықтан да оқшау, аймақтық және ғаламдық деңгейлердегі дамудың заңдылықтары толық сәйкес болуы мүмкін емес. Айталық, ғылымда Батыс Еуропаның тарихы қанша терең зерттелгенімен, алайда осымен біз әлемдік тарихи заңдылықтарды танып-білдік дей алмаймыз. Батыс Еуропа Шығыстың жекелеген өркениеттері тарихының заңдылықтарын түсінуге кілт болып табылады деуге тіпті де негіз жоқ. Бұл жөнінде басып айтуымыз керек, өйткені еуропалық терминдерді, категориялар мен анықтамаларды басқа аймақтардың және бүкіл әлемнің тарихына қатысты қолдану соңғы уақытқа дейін отандық, сондай-ақ әлемдік ғылымға да тән болып келді.

Сонымен, осы оқу құралын жазудағы мақсатымыз ежелгі дәуірдегі жекелеген елдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуын қарастырып қана қоймай, ежелгі дәуірдегі тарихи үрдістерді жалпы алып, олардың арасындағы байланыстарды, тарихи аймақтарға тән ортақ заңдылықтарды анықтау да болып отыр.

## КІРІСПЕ

Ежелгі дүние тарихы – жер бетіндегі ең көне таптық қоғамдардың, өркениеттердің тарихы. Адамзаттың әрі қарай дамуын мүмкін еткен және осы прогрестің сипаты мен бағытын айтарлықтай дәрежеде анықтап берген мәдени жетістіктерді дәл осы ең алғашқы өркениеттер жасады. Олардың ең бастылары мыналар:

1. Жазуды ойлап табу, соның арқасында адамзат хабарлардың шексіз көлемін сақтауға қабілетті, ешқашан өлмейтін ұжымдық жадыға ие болды. Осылайша білімді шектеусіз жинақтауға мүмкіндік туды және білім ашушылар, жинақтаушылар мен оны сақтаушылар мамандықтары пайда болды, олар әр қоғамда әртүрлі аталды. Сондай-ақ осы мамандыққа адамдарды таңдап алу мен дайындау жүйесі қалыптасты, ал кейінірек оның өзі нақты мамандардың топтарына бөлшектене бастады. Кез келген ерте өркениеттің сипатты белгісі білімге деген сый-құрмет, «мәдениет қаһарманының» мифологиялық тұлғасын жасау және сондай-ақ өмір сүрген тарихи тұлғаларды аңыздағы данышпан-кемеңгерлерге айналдыру болып табылды.

2. Айтарлықтай үлкен адамдар ұжымының ұйымдасқан, бірлескен еңбегінің тәжірибесі. Әрине бізге алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріне жататын да ірі құрылыстар белгілі, атап айтқанда, қорғандар, діни бағыттағы құрылыстар. Алайда тек өркениеттер ғана ұйымдасқан еңбекті өз өмір сүруінің негізіне қойды: дәл осы ұйымдасқан еңбек арқылы ірі-ірі ирригациялық жүйелерді, храмдарды, сарайлар мен қала қорғандарын салу мүмкін болады. Бұл жұмыстардың өзі жаңа мамандықтардың – жоспарлаушылар, ұйымдастырушылар, басқарушылардың пайда болуын қажет етеді. Ұйымдастырудың дәл осы принципі соғыс ісінде де бетбұрыс жасады. Бей-берекет жаппай ұрыстың

немесе жекпе-жектердің орнына жауынгерлердің қатаң әскери тәртібімен түзілген қатарлармен соғысуы келді. Бұл жерде де жаңа мамандықтар – жауынгер мен қолбасшы мамандықтары пайда болды.

3. Ең соңында, ежелгі дүниеде саяси өмір (азаматтық қауым, мемлекеттің түрлері, патшалық билік) мен қоғамдық сананың жаңа формалары пайда болып (этиканы, адамның өз іс-әрекеті үшін жеке жауапкершілігін негізге алған діни және философиялық қозғалыстар), бұл формалар кейін жер шарының барлық аймақтарына тарады.

Таптық қоғам («өркениет») басқару аппаратын, әскерді және – «зиялыларды», яғни абыздар, жазушылар, ғалымдар, суретшілер т.б. асырауға қажет қосымша өнім өндіруге мүмкіндік болған кезде ғана пайда болды. Бұл процесс қалай жүргеніне біз кейін нақты тоқталамыз. Мұндай мүмкіндік ең алғаш субтропикалық аймақтағы ұлы өзендер аңғарларында және оған көршілес жатқан баяу климатты аймақтың оңтүстік бөлігінде пайда болды. Дәл осы жерде суғаруға қажет ылғалдың молдығы, жеңіл құнарлы топырақ және күннің қажетті жылуы салыстырмалы түрде қарапайым құрал-жабдықтардың көмегімен еңбек өнімділігінің күрт өсуін мүмкін етті. Осыдан байқайтынымыз, өркениеттің ең ерте дәуірінде географиялық фактор ерекше маңызды рөл атқарды. Географиялық фактор шаруашылықтың сипатын, ал бірқатар жағдайларда мемлекеттік құрылыс формасын да анықтады. Мысалы, Египеттің ерекше географиялық жағдайлары, яғни (өмір сүруге және егін егуге қолайлы жер алып өзеннің бойымен созылып жатқан тар ғана алқап болуы) құдайға айналдырылған патша басқарған күшті орталық билікке негізделген біртұтас мемлекеттің пайда болуына алып келді. Бірақ соған қарамастан географиялық фактордың рөлін асыра бағалаудың да қажеті жоқ. Мысалы, ғылымда кең тараған пікірге қарамастан, қолдан суғару қажеттілігі ірі территориялық мемлекеттердің құрылуының себебі болған жоқ. Аталған өзен аңғарларында ерте кезеңде бір орталықтан басқарылатын біртұтас суғару жүйесі болмаған, керісінше, бір-бірінен тәуелсіз көптеген жергілікті жүйелер болды. Соңғы онжылдықтарда аэрофототүсірулердің көмегімен жүргізілген зерттеулер Шумерде Евфраттың табиғи бұтақтары

мен түзу каналдарының негізінде тұрғызылған басты суғару жүйелері ерте әулеттік дәуірде, яғни «номдық мемлекеттер» дәуірінде-ақ жасалғандығын көрсетті. Кейінгі кезеңдерде ол тек жөнделіп немесе кеңейтіліп қана отырған.

Сонымен өркениет – бұл таптық қоғам дәуіріндегі аса үлкен адамдар бұқарасы мәдениетінің ерекше типі. Өркениет, әдетте, этникалық шекарамен шектелмейді, ол көбіне этносаралық болып келеді. Мысалы, ежелгі Шығыста көптеген әртүрлі этникалық бірлестіктерді біріктірген Таяу Шығыс, Үнді және Қиыр Шығыс өркениеттері өмір сүрді. Еуропадағы мұндай өркениет антикалық өркениет, кейіннен еуро-азиялық эллиндік өркениет пайда болды. Египет (эллинизмге дейін) бұл мағынада да аталған заңдылықтан тыс тұрған бірден-бір өркениет.

Мұндай этносаралық өркениеттер белгілі бір орталықтардың оларды қоршаған елдер мен халықтарға қуатты мәдени ықпалының арқасында пайда болды. Оған мысал ретінде Месопатамияның, Солтүстік Үндістанның, Қытай, Грекия өркениетінің көршілеріне ықпалын айтуға болады. Мұнда жазудың белгілі бір типтерінің таралуы ерекше маңызды рөл атқарды. Жазудың ең ежелгі жүйелері өте күрделі болды және сол себептен білім беру жүйесі негізделген мәтіндер канондар түрінде, бүтіндей мәдени кешен түрінде игерілді. Ал бұл мәтіндер осы өркениеттің негізін құрады (ерте көне дәуірдің мәдениеті – мәтіндер мәдениеті болып табылады). Алайда өркениеттің ортақтығы оқшау мәдениеттердің айтарлықтай өзгешелігін жоққа шығармайтындығын естен шығармау керек.

Өркениеттер дәуірінің сипатты белгісі қоғамдық құрылыстың жаңа формасы, яғни алғашқы қауымдық ру-тайпалардың орнына келген мемлекеттердің пайда болуы. Мемлекеттің негізгі қызметінің алғашқы қоғамдағы қауымның қызметінен айта қоярлықтай өзгешелігі жоқ, бұл қызмет сол қоғамның негіздерін сақтау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін осы негіздердің бекітілуіне ықпал ететіннің бәрін қолдауға және оған кедергі болатынның бәрін жоюға бағытталған әлеуметтік бақылау ішіндегі қатынастардың күрт күрделеніп кетуіне байланысты бірінші орынға мемлекеттің ұйымдастырушылық қызметі шығады, ал бұрын ең алдымен әдет-ғұрып пен қоғамдық пікір

күшіне сүйенген әлеуметтік бақылаудың қорғаушы қызметі енді ұйымдастыру қызметі сияқты арнайы аппаратқа және күштеу құралына сүйенеді. Сонымен бірге Руссоның мемлекетке дейінгі уақыттағы «еркін адам» туралы пікірі шындыққа жанаса бермейтіндігін айтып кету керек. Алғашқы адамның өмірі әдет-ғұрыптармен және шексіз тыйымдармен барынша қатаң реттеліп отырды. Керісінше, Өркениеттер дәуірі жекелеген адам мен жалпы қоғамның «еркіндік дәрежесінің» мөлшерін үнемі арттырып отырды. Бірақ сонымен бірге «қателесудің бағасы» да өсе береді – бір адамның қателесуінен бүкіл адамзаттың жойылып кетуі қаупі төнді, сондықтан да жеке адамның жауапкершілік дәрежесі барған сайын арта түсті.

Таптық қоғамның алғашқы формациясын «ежелгі қоғам» деп немесе «ежелгі қауымдық-азаматтық қоғам» деп те атауға болады. Мұндай атау әлі күнге қолданылып жүрген «құлиеленушілік қоғам» дегеннен гөрі қоғамның мәнін дәлірек ашады деп ойлаймыз. Бұл атаудың дұрыстығы жөніндегі дискуссиялар әлі күнге жүріп жатыр, атап айтқанда, ерте қоғамдардағы құлдардың саны қанша болды және олар қоғамдық өндірісте қандай рөл атқарды деген мәселеге байланысты. Бұл жерде бір-бірінен өте алшақ пікірлер орын алады және бұл мәселенің толық шешілуі әлі де мүмкін болмай отыр. Алайда мәселе құлдардың санында емес. Кез келген қоғамның аты ондағы қай тап экономика мен идеологияны анықтап отыр, сол таптың атымен аталады. Ежелгі дүниеде үстем тап құлиеленушілер болды деу шындыққа онша жанаса қоймайды. Өйткені сол қоғамның толық құқылы емес мүшелері де (тәуелділер), сондай-ақ сол елде тұратын шетжерліктер де, керек болса құлдардың өзі де құл ұстай алды. Сондықтан да ежелгі қоғамның үстем табы толық құқылы азаматтар болды десек шындыққа неғұрлым жақын келеміз (бұл жерде тап сословиеге сәйкес келеді; соловие мен таптың сәйкессіздігі тек сол қоғамның құлдырау дәуірінде де ғана орын алды). Бұл қоғамның (формацияның) ақыры құл иеленушіліктің жойылуынан көрініс тапқан жоқ (құл иеленушілік одан кейінгі қоғамда да сақталды, ол біздің заманымызға дейін де жетті), қоғамның күйреуі ежелгі азаматтықтың жойылуынан көрінді. Азаматтықтың жойылуы әр түрлі жолдармен жүруі мүмкін, мысалы, державаның қол астын-



да отырған барлық адамдарға «азаматтық толық құқық» беруі арқылы, осыдан кейін азаматтық құқық өзінің маңызынан айырылып қалады. Рим империясының шығыс провинцияларында, мысалы, бұл Каракалла декреттерінен кейін (212 ж.) іске асты.

Сонымен, біз капитализмге дейін екі қоғам өмір сүргенін білеміз, оның бірі – ежелгі (азаматтық) қоғам болса, екіншісі – феодалдық қоғам.

Ежелгі қоғамның өзі өз кезегінде екі дәуірге бөліп қарастырылады: ерте ежелгі дәуір және кейінгі ежелгі дәуір. Ерте ежелгі дәуірдің сипатты белгілері:

1. Белгілі дәрежеде өзін-өзі басқаруды және жерге меншік құқығын сақтаған, әртүрлі формаларда, жерді үздік-үздік қайта бөліске салудан оны сату-сатып алуға бақылау орнатуға дейінгі формаларда көрініс тапқан *көршілік қауымның* болуы.

2. Қауымдық әлеуметтік өзара көмек және ұжымдық жауапкершілік психологиясы.

3. Этика маңызды болып есептелмейтін, қауымдық көп құдайлы рәсімдік діндер. Бұл діндерді сондай-ақ «табиғи» діндер деп те атауға болады: олар алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі наным-сенімдер мен түсініктердің жалғасы болып табылады.

4. «Номдық» немесе территориялық мемлекет.

Кейінгі ежелгі дәуірге тән белгілер:

1. Қауымдық жер меншігінің ыдырауы және жерге жеке меншіктің таралуы немесе толық орнауы.

2. Қауымдардың (храмдық қалалардан басқаларының) өзін-өзі басқаруының жойылуы және олардың таза мемлекеттік бірлікке айналуы.

3. Әлеуметтік психологиядағы тиісті өзгерістер, индивидуализмнің өсуі, жеке адам туралы жаңа түсініктер, атап айтқанда бұл құқықтан көрініс тапты (жеке адамның жауапкершілігі тұжырымының қалыптасуы).

4. Қауымдық және этникалық шекаралардан шыққан догмалық этикалық діндердің пайда болып, таралуы. Бұл жаңа діндер «құтқару діндері» және «пайғамбарлық діндер» деп те аталады. Бірінші анықтама бұл діндер басты мақсаты ретінде адамның құдаймен жеке қатынасын, әлемдік зұлымдықтан құтқару

философиялық мәселесін басты мақсаты етіп қойғандығымен байланысты. Екінші анықтама жаңа діни-философиялық қозғалыстың белгілі бір негізін қалаушылардың болғандығына нұсқайды, олардың айтқан сөздері діни канондарға айналып отырды.

Ежелгі қоғамның ерте кезеңінің негізгі қоғамдық қайшылығы ірі және ұсақ жер иеленушілік арасындағы, яғни жерге қауымдық және жекеменшік арасындағы қарама-қайшылық болып табылады. Мұндай қайшылықтың ең сорақы көрінісі қауымдастардың жерлерінен айырылуы болды, мұның өзі Римдегі осыған ұқсас процестен өзгеше, шығыс қоғамдарында азаматтық құқықтарынан айырылып, «патша адамдарына» айналуға алып келді, мұндай адамдардың ең төменгі бөліктері іс жүзінде құлдардан ешбір айырмасы болмай қалды, ал орташа және жоғарғы топтары кейінірек ежелгі қоғамның екінші кезеңінің үстем табы – сословиесін құрды. Осы күрес қоғамның бүкіл әлеуметтік психологиясын, мемлекет пен билік туралы түсінікті, моральді және кейде тіпті қоғамның саяси құрылысын да анықтайды.

Хронологиялық жағынан бұл кезеңдер әртүрлі ежелгі қоғамдардың барлығында бірдей сәйкес келе бермейді. Тек шамамен ғана бірінші кезең б.з.д. III-II мыңжылдыққа сәйкес, ал екінші кезең – б.з.д. I мыңжылдыққа сәйкес келеді деп көрсетуге болады.

Әлемдік тарихи процестің біртұтастығын мойындай отырып, сонымен бірге оның Шығыстағы барысының маңызды ерекшеліктерін де көрсетпеуге болмайды. Жалпы алғанда мұндай ерекшеліктердің болуын барлық тарихшылар мойындайды, алайда олардың рөліне баға беруде және олардың себептерін анықтауда үлкен алшақтықтар кездеседі. Кейбір жағдайда Шығыста ерекше бір капитализмге дейінгі формация болғандығы немесе мұндай формация бүкіл әлемде болғандығы, ал Антика дүниесі түзу жолдан «ауытқушылық», жанама бұтақ ретінде қарастырылады. Бұл концепциялардың барлығы, олар әртүрлі аталғанымен, «азиаттық өндіріс тәсілі» концепциясында тоғысады және жеткілікті түрде негізді концепция деуге келе қоймайды. Оған қарама-қарсы тұжырым бойынша Шығыс пен Батыс арасында ешқандай айта қоярлықтай өзгешеліктер жоқ. Мұндай концепцияны қазіргі таңда бірде-бір тарихшы қолдамайды десек те болады.

Көпшілік зерттеушілер Батыс пен Шығыс арасындағы өзгешеліктерді бұл аймақтардағы қауымның рөлі мен сипатындағы ерекшеліктерден деп есептейді. Мысалы жалпыға ортақ қабылданған көзқарас бойынша Шығыстың Батыстан басты айырмашылығы Шығыста қауымның ұзақ уақыт сақталуы болып табылады. Соңғы кездегі Ресей шығыстанушыларының көзқарастары бойынша бәрі керісінше тәрізді: тек антикалық полис қана “таза” түріндегі қауым болды, бұл қауым өндіргіш күштер дамуының жана дәрежесі жағдайында алғашқы қоғам қауымын қайта жандандыру болды, бұл қауымның алғашқы қауымнан ерекшелігі – адамның адамды қанауына жол берді. Полистің өзі мемлекеттің ерекше бір түрі болып табылады, өйткені мұнда халықтан бөлінген билік те, әскер де жоқ: халықтың өзі билік те, әскер де болып табылады. Бұл тең құқылылардың қауымы және мұнда тек шет жерліктерді ғана илоттар мен құлдар ретінде қанауға болады. Осыдан еркіндік пен тәуелділіктің қарсы қойылуы анық түрде көрінеді. Ал Шығыста, керісінше, қауымның үстіне оның құрылымын айтарлықтай өзгертіп жіберген орталықтандырылған мемлекет түріндегі саяси алып құрылымдар орнықтырылды. Қауымның бастапқы мәнінің бұзылуының дәрежесі әр түрлі болды. Египетте, мысалы, қауымның ізін тіпті де табу мүмкін емес, Қытайда ол айтарлықтай байқалады, Үндістанда толықтай сақталған, ал Месопотамияда көп жағдайда патшалық билікке қарсы күш ретінде көрініп отырды. Қалай болғанда да, қауымның үстінен қарайтын саяси құрылымның болуы қауымдастарды әртүрлі дәрежеде қанауды мүмкін еткен қоғамның күрделі иерархиялық құрылымының пайда болып, тұрақты түрде сақталуына алып келді, бұл жағдай өз кезегінде мәдениетке ықпал етті. Мұндай құрылым барынша баяу дамыды, ал оның аса ұзақ өмір сүруі жоғары беделді дәстүрді қалыптастырды, оның өзі өз кезегінде бұл құрылымды бекіте түскен болатын.

## **ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ТАРИХЫ**

---

Ежелгі Шығыс тарихы ежелгі дүние тарихының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Жалпы «шығыс» ұғымы ең алғаш Еуропада, Антика дәуірінде пайда болды. Ежелгі гректер адамзатты ойша «батыс» және «шығысқа» бөліп, «Батыс» полиспен, демократиямен, жеке адамның еркіндігімен байланыстырылса, ал «Шығыс» – Парсы империясымен, адамды қатаң езіп-жаншумен, деспотизммен теңестірілді. Шығыс пен Батыс арасындағы шекара уақыт өте келе өзгеріп отырды, сонымен бірге оларды қарсы қоюдың мәні де өзгеріп отырды. Орта ғасырларда ол христиандық және христиандық емес әлемнің қарсы тұруы ретінде ұғынылды. Бұл кезеңде «Шығысқа», сондай-ақ православиенің таралу аймағы болған Шығыс Еуропаны да жатқызатын болды.

Оқу құралында Шығыс тарихына қатысты соңғы уақытқа дейін тарих ғылымында үстемдік құрып келген еуроцентристік біржақты ұстанымдардан бас тартып, ежелгі дәуірдегі Шығыс елдерінің тарихын объективті түрде баяндауға тырыстық.

### *1-тарау*

## **АЛҒАШҚЫ ТАПТЫҚ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Адам баласы жануарлар әлемінен бұдан 2 млн. жыл бұрын бөлініп шыққан, ерте тас ғасырының аяғынан, яғни 40 мың жылдан бері «парасатты адам» өмір сүреді. Ең ежелгі адам түріне жататын өзінің ата-бабаларынан парасатты адам еңбек етуді және еңбек ету үшін қажет қарапайым құрал-жабдықтарды өндіруді мұраланды. Алайда ерте тас ғасырының соңынан бастап – өз тарихының 30 мың жылында ол әлі де болса өз ата-бабалары сияқты табиғат өнімдерін өздері жасаған құралдарымен тек жинап

қана отырды, оның жемістерін қайта өндіре алған жоқ. Олардың қорек табу тәсілі – жабайы өсімдіктерді жинау, яғни терімшілік, аңшылық және балық аулау, әрине еңбек болып есептелді, бұған қоса, өз өмірін жалғастыру үшін оған сол кездің өзінде-ақ еңбек құралдарын тек қана өндіру емес, оны ұдайы өндіру де қажет болды, бірақ адамдар әлі де болса табиғат өнімдерін қайта өндіре алған жоқ. Сондықтан да адам ұжымдарының өмірі (әдетте, туыстығы бойынша біріккен қауым) үлкен дәрежеде сыртқы табиғи, климаттық жағдайларға тәуелді болды, сондықтан да адам өлімі көп болды. Жер шарының кең аумағында мекен еткен адамдар өте аз болды, олардың саны тіпті өспеді, өссе де өте аз көлемде өсті.

Бұдан 10-12 мың жыл бұрын, экологиялық жағынан қолайлы аймақтарда адамдар қауымының кейбіреулері егін егуді үйренген кезде жағдай мүлдем өзгерді, мұның өзі оларды жыл бойы азықпен қамтамасыз етті, мал асырауға жағдай жасады, бұл адамдардың үнемі етпен, сүтпен, ірімшік-күртпен қоректенуіне мүмкіндік туғызды, мал оларды терімен және жүнмен қамтамасыз етті, жүннен адамдар киім тоқу мен тігуді үйренді. Осыдан кейін көп ұзамай адамдар үңгірлер мен бұтақтардан жасалған күркелерін тастап, балшықтан немесе балшықпен сыланған тас үйлерге ауысты. Отырықшы өмір, ғалымдардың пікірінше, балалардың көптеп туылуына ықпал етеді. Қауымның өмірі барған сайын қамтамасыз етіле түсті, адам өлімі біршама төмендеп, халықтың өсімі ұрпақтан-ұрпаққа айтарлықтай көбейе берді, сөйтіп алғашқы егінші, малшылар жер бетінде кеңінен тарап орналаса бастады.

Ең алғашқы адамдар мұндай табыстарға Шығыс жарты шардың жылы аймақтарында жетті. Бұл Еуропа мен Азияның солтүстігінде Ұлы мұз дәуірінің іздері әлі де толық жойылмаған кезең еді. Еуропа мен Азияның көп бөлігін мұздақтан Тундра жолағымен бөлініп жатқан Тайга алып жатты. Италияны, Грекия, Кіші Азия, Оңтүстік Қытай мен Үндіқытай түбектерін алып жапырақты ормандар басып, Солтүстік Африканың Аравия мен Таяу және Орта Шығыстың басқа аймақтарында ормандар мен далалы аймақтар араласып келіп отырды. Африканың оңтүстігін қалың тропикалық ормандар алып жатты.

Адам өмірі үшін ең қолайлы жер орманды-далалы аймақтар болып табылады, алайда бұл аймақтардың барлық жерінде бірдей егіншілік пен малшылыққа көшуге айтарлықтай қолайлы жағдайлар бола бермеді. Ол жерде тамаққа және егуге жарамды жабайы астық түрлері мен қолға үйретуге болатын жабайы хайуандар болуы керек еді. Адамдардың ең алғаш рет өздері еккен өсімдік түрі – сұлы болды және ол Кіші Азияның, Палестинаның, Иран мен Оңтүстік Түркменстанның таулы аймақтарында өсетін еді. Ең алғашқы болып дәл қай жерде егілгенін айту қиын, бірақ Палестина, Кіші Азия мен Иранның батыстағы таулы аймақтарында б.з.д. X-VIII мыңжылдық аралығында-ақ астық өсіріле бастағаны белгілі, ал Египетте, Дунай мен Балканда және Оңтүстік Түркменстанда астықты б.з.д. VI мыңжылдықтан бастап өсіре бастады. Шамамен сол уақытта және сол жерлерде ешкіні, қойды, есекті (итті бұдан көп бұрын, ерте тас ғасырының аңшылары үйреткен) қолға үйрете бастады, кейінірек ірі қара мал және кей жерлерде шошқа үйретілді. Б.з.д. VIII-VI мыңжылдықтан бастап адамдар анағұрлым жетілген егеп-тегістелген тас құралдарды, тоқыма кәрізінкелерді, мата мен отқа күйдірілген балшықтан жасалған ыдыстарды жасап үйренген кезде тамақты анағұрлым жақсырақ, сапалырақ дайындау мен сақтау мүмкін болды, мұның өзі адамдардың өмір сүру деңгейін айтарлықтай көтерді.

Археологтар *Homo sapiens* алғаш рет үстемдік ете бастаған ерте тас ғасырының кейінгі кезеңінен, егіншілік пен мал шаруашылығы ойлап табылған мезолит аралық дәуірі арқылы, тегістелген мыс құралдар және мата мен қыш ыдыстар ойлап табылған жаңа тас ғасырына (неолит) дейін айтарлықтай техникалық прогрестің болғанын байқайды. Алайда Солтүстік Африканың, Таяу және Орта Шығыстың неғұрлым дамыған неолиттік қауымдарының өзі өркениет деңгейіне жете алған жоқ. Олардың өндірісі мен ұдайы өндірісінің мақсаты бұрынғысынша жай ғана өз өмірлерін сақтап, жалғастыру ғана болды. Қорды тек ең бір төтенше жағдайларда – табиғаттың дүлей күштерінен қорғану үшін ғана жинақтады. Сүйектен және тастан жасалған кетпенмен жер өңдеу ең жұмсақ топырақтың өзінде де аса ауыр еңбек болды, ол өте аз өнім берді. Қолға үйретілген ешкі, қойлар әлі де өте аз өнім берді, сүт өнімдері мен етті тез арада тауы-

сып қою қажет болды, өйткені оны ұзақ уақыт сақтауды адамдар әлі білмеді. Тек Кіші Азияда, Сирия мен Палестинада б.з.д. VIII-VI мыңжылдықта дамыған, бай елді мекендер пайда болды, олардың кейбіреулері дуалмен қоршалды (яғни жаудан жасыратын байлығы болғаны ғой). Алайда бұл ең ежелгі мәдениеттер де (Палестинадағы Иерихан, Кіші Азиядағы Чатал-Хююк) өркениетке дейін дами алған жоқ.

Тау етегінде орналасқан егінші халықтың өсуімен олардың бір бөлігі одан әрі далалы аймаққа түкпірлеп ене бастады. Осындай ру-тайпалық топтар жаңбыр немесе жылға суларымен қамтамасыз етілген аудандардан неғұрлым алыстаған сайын, олардың шаруашылығында мал бағу анағұрлым маңызды орын ала бастады, ал сұлы өсіру қосалқы рөл атқарып қалды. Алайда әлі жылқы мен түйені қолға үйретпеген малшылар алысқа, кезеңдік көшулерге бара алмады, мұның өзі жайылымдардың шөбін қайта қалпына келтіру үшін қажет еді. Егіншілікті де олар біржолата тастап кеткен жоқ. Оңтүстік далалы аймақтың жайылымдарын қой мен ешкі біржолата тақырға айналдырғаннан кейін шектен тыс құрғақшылықтың салдарынан ба, сол ауданда мал бағу мүмкін болмай қалғандықтан, малшылар жаппай басқа жерлерге қоныс аудара бастады. Сөйтіп б.з.д. VI-III мыңжылдықтар бойы афразиялық тайпалар Солтүстік Африка, сондай-ақ Таяу Шығыстың далалы аудандарына таралды, ал б.з.д. IV мыңжылдықтан бастап өзінің ата-мекенінен (Балкан мен Дунай аралығы) оңтүстік шығысқа және батысқа үндіеуропалық тіл тобына жататын тайпалар тарап, қоныстана бастайды. Осы жерде айта кететін жағдай, Жер шарының халқы ол кезде өте сирек болды, сондықтан да тайпалардың қоныс аударуы, тарихи лингвистика мәліметтеріне қарасақ, жергілікті халықтың келімсек тайпаларды ассимиляциялауына алып келіп отырған, сондықтан да одан арғы қоныс аударулар этникалық жағынан бастапқы қоныс аударулардан айтарлықтай өзгеше болған болуы мүмкін. Б.з.д. VI-V ғғ. Африканың түкпірлеріне афроазиялық тілдерді алып барған адамдар мен б.з.д. II-I мыңжылдықтарда үндіеуропа тілдерін Бенгал бұғазының (Бангладеш) жағалауларына алып барған адамдар сыртқы бет-бейнесі мен мәдениеті бойынша Африка мен Батыс Азияға және Еуропаға егінші-малшы тайпалардың таралуына алғашқы серпін берген адамдарға ұқсамайтын еді.

Бұл малшы-егінші тайпалары әлі де болса шынайы көшпенділер болмағанымен, суғармалы жерде отырған егіншілердің далалы аймақтың малшы-жартылай егіншілерінен бөлінуін еңбектің алғашқы ұлы бөлінісі деп айтуға толық негіз бар. Егіншілер мен малшылар арасында сол уақыттың өзінде-ақ айырбас орнады.

Б.з.д. VI-III мыңжылдықтар аралығында егінші-малшылар Африка мен Алдыңғы Азияның ұлы өзендерінің аңғарларын игерді, атап айтқанда, Ніл, Евфрат пен Тигр және сондай-ақ қазіргі Ирактың шығысына қарай орналасқан Карун және Керхе өзендерінің аңғарларын игере бастады.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Палестина жерінде қай кезеңде астық өсіріле бастады?
2. «Парасатты адам» пайда болуы қай дәуірге жатады?
3. Мезолит дәуірі адамзат тарихында қандай өз жаңалығымен ерекшеленеді?

*2-тарау*

## **ЕГИПЕТТІҢ ЕРТЕ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ПАТШАЛЫҚТАРЫ**

### **1. Мемлекеттің пайда болуы**

Әлемнің ең көне өркениетінің бесігі Шумер болды ма, әлде Египет пе, әлі күнге дейін белгісіз, мүмкін Африканың солтүстік-шығысында Ұлы Нілдің жағалауында пайда болған өркениет неғұрлым көне болған шығар. Қалай болғанда да орталықтандырылған мемлекет әлемдік тарихта ең алғаш рет осы жерде пайда болғаны даусыз.

Ежелгі Египеттің шекараларын табиғаттың өзі дәлдеп сызып бергендей, оның оңтүстік межелері қазіргі Асуанға жақын, Жерорта теңізі жағалауларынан 1300 шақырым қашықтықта орналасқан, өтуге қиын алғашқы Ніл шоңғалы болды. Батыста өзенге Ливия қыраттарының құмды жоталары тиіп тұрды, шығыстан ешқандай тіршілік белгісі жоқ тастақты тау сілемдері қоршайды. Алғашқы



бастауларынан төмен қарай Ніл суы тар ұзын аңғар бойымен қатаң түрде тек солтүстікке ақты, бұл жердегі оның ені 1-ден 20 шақырымға дейін ауытқып отырды (Жоғарғы Египет), тек сағадан 200 шақырым қашықтықта, ертеде өзен бірнеше тармаққа бөлініп кеткен жерден бастап аңғар кеңейе түсіп, атақты Ніл Атырауын жасады (бұл жер төменгі Египет деп аталды). Египеттен мыңдаған шақырым қашықта орналасқан Нілдің бастаулары ол дәуірде египеттіктерге белгісіз болды. Ал іс жүзінде дәл осы бастауларынан өзеннің өзіндік ағыс тәртібінің себептерін табуға болатын еді. Алғашқы Ніл шоңғалынан оңтүстікке қарайғы 2 мың шақырым жерден, қазіргі Суданның астанасы Хартум тұсында екі өзен – Көкшіл және Ақ Ніл қосылады. Ағысы қатты Көкшіл Ніл таудың ең биігінде орналасқан Эфиопиядағы Тана көлінен бастау алады, Орталық Африканың ұлы көлдері мен сазды жазықтары арқылы аңғары кең, суы көп Ақ Ніл баяу қарқынмен ағады. Көктемде, Эфиопия тауларында қар ерігенде, ал тропикалық Африкада жаңбырлы маусым басталғанда, Нілге құятын өзендер өзімен бірге шайылып кеткен тау жыныстары мен қалың тропикалық өсімдіктердің органикалық қалдықтарына толы суды жұтып алып, Нілге береді. Шілденің ортасында су тасқыны Египеттің оңтүстік шегіне жетеді. Кейде әдеттегі мөлшерден он есеге дейін артып кететін су тасқыны бірте-бірте бүкіл Египетті басады. Су тасқыны өзінің ең жоғарғы нүктесіне тамыз-қыркүйекте жетеді, бұл кезде оңтүстікте 8-10 м-ге биіктейді. Қарашаның ортасында су тез қарқынмен төмендей бастайды да, өзен қайтадан арнасына түседі. Осы 4 ай ішінде Ніл суымен келген органикалық және минералды бөлшектер жұқа қабатпен су жайылған алқапқа шөгеді.

Осы тұнба бірте-бірте Египеттің құнарлы топырағын қалыптастырған еді. Елдің салынды топырағы – өзеннің, оның жыл сайынғы тасқын кезіндегі мыңдаған жылдардан бері келе жатқан қызметінің нәтижесі. Жоғарғы Египет аңғарының тасты тар жотасы да, кезінде теңіз шығанағы болған төменгі Египет те жұмсақ, кеуек Ніл тұнбасымен, шөгінділерінің терең қабатымен жабылған. Дәл осы аса құнарлы, жеңіл өңделетін топырақ елдің негізгі байлығы, оның тұрақты түрде түсіп отыратын мол астығының негізі болып табылады. Ылғалданған, тұқым себуге дайын тұрған Ніл аңғарының жері қап-қара боп жылтырап жа-

тады. Елдің ежелгі тұрғындары оның осы ерекшелігін байқай отырып, өз елін Кемет, яғни Қара жер деп атаған; солтүстік Африканың сұрықсыз табиғат жағдайларында (ыстық, құрғақ климат) тек Ніл тасқыны арқылы ғана жасалған тұнбалы қара жерде ғана адамдар мекендей алды және олардың өмір сүруінің негізгі көзі суғармалы егіншілік болды.

Ніл жайылмасы ең алғашқы адамдарды құшақ жайып қарсы алмағандығы белгілі. Ніл қамысы – папирустың адам өте алмайтын нуы және жағалау бойындағы акациялар, ойпанды Атыраудың батпақты жерлері, қалың шыбын-шіркейлер, тағы аңдар мен улы жыландар және ақырында, тасқын кезінде жолында кездескеннің бәрін шайып кететін дүлей өзен. Осының барлығы бұл аймақты адам тіршілігі үшін қолайсыз етті. Сондықтан да аңғарда адамдар тек неолит дәуірінде, анағұрлым жетілген тас құралдар пайда болып, өндірістің әр түріне дағдыланған кезде ғана келіп қоныстанды және белгілі бір сыртқы жағдайлардың қысымымен амалсыздан келген болуы керек.

Неолит дәуірінде (б.з.д. IV мыңж. дейін) Ніл аңғарының шегінде егіншілік дағдылары да бар малшы тайпалар пайда болды. Б.з.д. VI-IV мыңжылдыққа жататын кейінгі неолит дәуірінің қоныстарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізгенде оның тұрғындары отырықшы өмір сүріп, егіншілікпен айналысқандығын (бізге дейін тас диірмендер, шақпақ тасты тістері бар ағаш орақтар, сұлының және бидайдың тұқымдары жеткен), мал шаруашылығымен (бұқаның, қойдың, шошқаның сүйектері табылды), аңшылықпен, балық аулаумен, егіншілікпен айналысқандағын көрсетті. Аңғардың шектерінде ғана өмір сүрген адамдар әлі де болса Нілден қорықты, оны ауыздықтауға тырысқан да жоқ болатын.

Мыс құралдардың пайда болуымен және энеолит (мыс-тас ғасыры) дәуіріне аяқ басуға байланысты адамдар Ніл аңғарына батыл түрде ене бастайды. Мыңдаған жылдар бойы Ніл өзінің тұнбасымен аңғардың деңгейімен салыстырғанда анағұрлым биік жағалаулар жасады, сондықтан да жағалаудан жазыққа қарап табиғи ылди пайда болды, су тасқыннан кейін бірден өз арнасына түскен жоқ, ол бірте-бірте аңғарға жайылып тарады. Өзенді ауыздықтау үшін, тасқын кезіндегі су ағынын реттеп отыру үшін

адамдар жағалауларды күшейтті, жағалаулық бөгеттер тұрғызды, өзен жағасынан тау етегіне дейін көлденең плотиналар жасады, бұл су алқаптардағы топырақ әбден қанғанға дейін және суда қалқып тұрған тұнба топыраққа шөккенге дейін тұру үшін қажет болды. Су жинайтын каналдарды қазу да көп күшті керек етті, мұндай каналдар арқылы алқаптарға су дәл тұқым себудің алдында ғана жіберіліп отырылды.

Осылайша, б.з.д. IV мыңжылдықтың бірінші жартысында елдің ирригациялық шаруашылығының негізі болған (осы жүйе XX ғ. 50-жылдарына дейін үстем болды) суғарудың бассейндік жүйесі жасалды.

Ирригациялық жүйені жасау жолындағы күрес процесінде ру-тайпалық қауымның қоғамдық өмірінде, еңбек процесі мен өндірісті ұйымдастырудағы маңызды алға басуларға байланысты айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Болған оқиғалар туралы ешқандай мәліметтер қалмағандықтан, оларды тек болжаммен ғана қалпына келтіруге болады. Бұл уақытта көршілік қауым болған тәрізді. Тайпа көсемдері мен абыздардың дәстүрлі қызметі де өзгеріске ұшырады – оларға күрделі ирригациялық жүйені ұйымдастыру және басқару жауапкершілігі жүктелді, сөйтіп көсемдер мен олардың ең жақындары қолында басқарудың экономикалық тұтқалары шоғырланды. Мұның өзі сөзсіз мүліктік жіктеліс басталуына алып келер еді. Экономикалық жағынан үстемдік етіп отырған топ өзінің пайдасына орай қалыптасқан қоғамдағы жағдайын сақтап қалу құралдарын жасауға тиісті болды, қауым мүшелеріне саяси билік жүргізудің осындай құралдары сол уақыттың өзінде жасалған болуы керек, мұның өзі қауымның сипатының өзгеруіне белгілі дәрежеде ықпал еткені анық. Осылайша ирригациялық жүйелер жасау жағдайында оқшау ирригациялық шаруашылық шеңберінде адамдар бірлестігінің өзіндік бір түрі қалыптасты, оған көршілік қауымның белгілері де, ең алғашқы мемлекеттік құрылым белгілері де тән болды. Дәстүр бойынша мұндай қоғамдық ұйымдарды ном деген грек терминімен атайды.

Әрбір дербес ном – жергілікті ирригациялық жүйе шеңберінде территориясы бар, біртұтас шаруашылық бірлік болды, оның әкімшілік орталығы – дуалдармен қоршалған бекіністі қалада

ном билеушісі мен оның жақындары және жергілікті құдайдың храмы орналасты.

Біртұтас Египет мемлекетінің құрылуы қарсаңында мұндай номдардың саны шамамен 40 болды. Жоғарғы Египеттің тар аңғары жағдайында Нилдің сол және оң жағалауында орналасқан әрбір ном өзінің оңтүстік және солтүстік көршілерімен түйісіп тұрды, ал төменгі Египеттің номдары көбіне бір-бірінен сазды жерлер арқылы бөлініп жатты. Бізге дейін жеткен деректер номдардың біріккен Египеттің құрылуына дейінгі тарихын зерттеу үшін жеткілікті деректер бермейді, кейін бұл номдар біртұтас Египетке жергілікті әкімшілік-шаруашылық бірліктері ретінде енген еді. Төменгі және жоғарғы Египеттегі жекелеген номдар аймақтағы үстемдік үшін бір-бірімен үздіксіз күрестер жүргізіп отырды, осы күрестің нәтижесінде ірі ном бірлестіктері пайда болып, оны жеңіске жеткен ең күшті номның билеушісі басқаратын болды. Ең соңында б.з.д. IV мыңжылдықтың екінші жартысы шамасында елдің оңтүстігі мен солтүстігінің номдары Жоғарғы Египеттік және Төменгі Египеттік патшалықтарға бірікті.

Жоғарғы (Оңтүстік) Египеттің ең қиыр оңтүстігіндегі номдардың бірі (орталығы Иероконполь қаласы болған) Жоғарғы Египет номдарын біріктірді. Солтүстіктің біріктірушісі орталығы Буто қаласы болған Атыраудың батыс бөлігінің номы болды. Жоғарғы Египет патшалары ақ түсті тәж кесе, Төменгі Египет патшалары қызыл түсті тәж киді. Біртұтас Египеттің құрылуымен бұл патшалықтардың ақ-қызыл қос тәжі ежелгі Египет тарихының аяғына дейін патшалық биліктің символы болды.

Египеттегі үстемдік жолындағы ұзаққа созылған қиян-кескі күрес жөнінде де көп мәліметтер сақталмаған. Біз тек бұл күресте б.з.д. IV мыңжылдық аяғында экономикалық жағынан қуатты жоғарғы Египеттің жеңіске жеткенін білеміз.

Жекелеген номдардың, сондай-ақ анағұрлым ірі бірлестіктердің де күшімен елдің бүкіл ирригациялық шаруашылығын қажетті деңгейде жүргізу мүмкін болмады. Бірнеше номдардың бірігуі, ал кейіннен бүкіл Египеттің бір бүтінге бірігуі суғару жүйесін жетілдіріп отыруға, оларды үнемі және ұйымдасқан түрде жөндеп, каналдарды кеңейтіп, дамбаларды нығайтып және сондай-ақ бірлескен күшпен батпақты жерлерді игеруге және жал-

пы Ніл суын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Египеттің одан арғы дамуы үшін аса қажет бұл шаралар тек орталықтандырылған әкімшілік басқару құрылғаннан кейін бүкіл елдің ортақ күшімен ғана іске асырылатын еді.

Табиғаттың өзі Жоғарғы және Төменгі Египеттің экономикалық жағынан бірін-бірі толықтыруына жағдай жасаған тәрізді. Тар ғана Жоғарғы Египет аңғары егістікке қолайлы болса, ал мал жаюға келмеді, керісінше Төменгі Египеттегі Атыраудың құрғатылған саздары мал жаюға ыңғайлы болды.

Сөйтіп IV мыңжылдық аяғына қарай Египет тарихының әулеттерге дейінгі дәуірі аяқталды, бұл дәуір Ніл аңғарына таяу жерлерде ең алғашқы егіншілікпен айналысатын мәдениеттердің пайда болуынан елдің мемлекеттік біртұтастыққа жетуіне дейін созылды. Дәл осы әулеттерге дейінгі дәуірде экономиканың негізі ирригациялық егіншілік болған мемлекеттің іргесі қаланды. Әулеттерге дейінгі дәуірдің аяғына қарай Египетте жазу пайда болды, ол қалыптасып жатқан мемлекеттің шаруашылық мұқтаждықтарымен байланысты туындаған болуы керек. Осы уақыттан бастап әулеттік (династиялық) Египет тарихы басталады.

Ніл аңғарын игерген және осыншама ерте дәуірде өзіндік бір ұлы өркениет құрған халық қазір өлі тіл болып саналатын египет тілінде сөйледі. Осы тілдегі ең алғашқы жазба деректер әулетке дейінгі дәуірдің аяғына жатады, соңғы иероглифтік жазу б.з.д. IV ғ. тән болды. Египет тілі афразиялық немесе семит-хамиттік тілдердің африкалық топтарының бірі болды.

Әулеттік Египеттің аңызға айналған Менес патшадан Александр Македонскийге дейінгі, шамамен б.з.д. XXX ғасырдан б.з.д. IV ғасырдың аяғына дейінгі тарихын дәуірлерге бөлу Манефон дәстүрімен байланысты. А. Македонский жорықтарынан кейін Египетте өмір сүрген абыз – Манефон грек тілінде екі томдық “Египет тарихын” жазған. Өкінішке орай, оның шығармаларының тек үзінділері ғана жеткен.

Манефон әулеттік Египеттің тарихын үш үлкен кезеңге – Ежелгі, Орта және Жаңа патшалықтарға бөледі, аталған патшалықтардың әрқайсысы он әулетке бөлініп, барлығы 30 әулетті құрайды. Соңғы кезеңде Манефон дәстүріне бірқатар өзгерістер енгізілді, ең алғашқы екі әулет Ерте патшалыққа, ал

XXI әулеттен басталатын соңғы әулеттер Кейінгі патшалыққа жатқызылатын болды.

## 2. Ерте патшалық

Ерте патшалық – бұл Египетте I және II манефон әулеттері билік құрған уақыт, ол б.з.д. 3000-2800 жж. арасындағы әулеттік Египеттің екі жүз жылдық дәуірі.

Манефон Египетті біріктіруші әулеттің негізін салған Менес (Мина) атты патша болған деп санайды. Алғашқы екі әулеттің патшалары Жоғарғы Египеттің орта бөлігінде орналасқан Тинис номынан шықты. Абидос қаласының маңынан қазба жұмыстары кезінде ерте патшалық дәуірінің патшалары – Джер, Семерхет, Кааның және т.б. молалары табылды. Бұл патшалардың есімдерінің құрамында Ерте патшалық патшаларының қамқоршысы болған қыран бейнесіндегі – Хор құдайы аталған.

Ол кездегі қоғамның өндіргіш күштерінің деңгейі туралы бізге ерте әулеттің обаларынан молынан табылған өндіріс құралдары көп мәлімет береді. Бұл ең алдымен, мыстан жасалған құралдар – жалпақ балталар, пышақтар, шанышқы-найзалар, балық аулайтын ілмектер, айырлар, кетпеннің бастары, жауынгерлік балталар, қанжарлар, әр түрлі формадағы ыдыстар. Құрылыста негізінен күйдірілмеген кірпіш, ағаш пайдаланылды, тасты пайдалану әлі де шектеулі болды.

Сонымен Ерте патшалық дәуіріндегі Египет мыс-тас ғасырында өмір сүрді. Елдің ирригациялық жүйесі қалыптасып, үнемі жетілдіріліп отырған еді, мұның өзі Ніл аңғарының табиғат жағдайының артықшылықтарын пайдануға мүмкіндік туғызды. Осының бәрі өте төменгі техникалық деңгейге қарамастан еңбек өнімділігінің барынша өсуіне ықпал етті. Әсіресе егіншілікте, қосымша өнім пайда болды, ал ол мүліктік жіктеліске алып келетін негізгі шарт еді.

Елдің тез қарқынмен дамуына, сондай-ақ египеттіктердің өздеріне барлық қажеттіні аңғардың өзінен немесе оған жақын жерлерден табуы ықпал етті. Барлық жерлерде тастардың әртүрлі жыныстары, соның ішінде өңдеуге жеңіл, жұмсақ ізбесті тас та молынан болды. Папирус тоғайлары да шикізаттың сарқылмас

бір көзі еді. Папирустан египеттіктер өзіндік бір «қағаз» жасап, сондай-ақ оны балық аулау үшін қажет кішкентай қайықтар жасауда пайдаланды. Ал папирустың жас өскіндері тамақ ретінде қолданылды. Ніл балыққа аса бай болды, сондықтан да балық египеттіктердің негізгі қорегі болды. Бұған қоса егіншілікпен және мал шаруашылығымен кеңінен айналысты.

Ерте патшалық дәуірінде егістіктер мен жайылымдарды, жүзімдіктер мен бау-бақшаларды, азық-түлік басқармасын, қолөнер шеберханалары мен кеме жасайтын орындарды қамтыған көп салалы *патшалық шаруашылық* болғаны белгілі. I және II әулеттердің патша шаруашылықтарының көріністері бізге тек патша мазарларынан ғана емес, сондай-ақ сол кездегі бекзадалар мен көптеген ұсақ шенеуніктердің мазарларынан да белгілі. Патша шаруашылығымен қатар патшалық емес те шаруашылықтар болған деп болжауға болады. Бірақ олар туралы мәліметтер жоқтың қасы. Алайда ол кездер үшін аса бай болып саналатын шонжарлардың мазарларына қарап номдардан шыққан бұл шонжарлар әжептеуір экономикалық дербестікпен иеленгендігін және әлі де болса айтарлықтай мұралық шаруашылығын сақтағанын байқауға болады. Патша шаруашылығында және шонжарлар шаруашылығында жұмыс істеген адамдар, оларды қанау тәсілдері жөнінде мәліметтер тіпті жоқ. Мазарларды зерттеу қоғамдық дамудың осы бір ең ерте кезеңінің өзінде Египетте терең мүліктік жіктеліс болғандығы жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді: шонжарлардың бай мазарларымен бірге Египеттің әкімшілік және шаруашылық аппаратында белгілі бір орын алған адамдардың анағұрлым қарапайым мазарлары орналасқан, Египет қоғамының ең төменгі топтарының өте кедей мазарлары да табылған – бұлар шөл даланың шетіндегі терең емес, кішкентай ғана шұңқырлар.

Алғашқы екі әулеттің патшалары Ливияның малшы тайпалармен үнемі күрес жүргізіп отырғаны деректерден белгілі. Ондағы мақсат – ливиялықтардың малдарын айдап әкету және тұтқындар түсіру болған тәрізді. Египет әскерлері сондай-ақ, Синай тауындағы мыс кендерін Алдыңғы Азияның малшы тайпаларының шапқыншылықтарынан қорғап отырған. Египеттіктер сонымен бірге, Нілдің алғашқы шонғалдарынан

өтіп, Нубия жеріне ене бастайды. Алайда Төменгі Египетте әскери қақтығыстар жиі-жиі орын алып тұрған: бағынғысы келмеген Солтүстікпен (Төменгі Египет) күрес II әулеттің аяғына дейін жалғасады. Төменгі Египеттің шоңғалында, оның Жоғарғы Египетпен байланысқан жерінде пайда болған қала – «Ақ дуалдың» (Мемфис) негізін қалаған Менес болуы керек. Бұл қала Оңтүстіктің Атырауға үстемдігінің тірегі болған қамал рөлін атқарды. Солтүстіктегі өзара қырқыс-соғыстар II әулет патшасы Хасехемуи тұсында Оңтүстіктің біржолата жеңуімен аяқталды.

### 3. Ежелгі патшалық

Ежелгі патшалық дәуірі (б.з.д. XXVIII – XXIII ғ. ортасы) – бұл Египет тарихының бесжүз жылдан аса уақыты, III, IV және VI манефон әулеттерінің дәуірі. Бұл дәуір, өзінің алдындағы Ерте патшалық дәуірімен байланысты, бірақ Египет дамуының сапалы түрде жаңа кезеңі болып табылады. Жаңа құбылыстар, ең алдымен елдің біржолата, тұрақты түрде бірігуімен, оның саяси және экономикалық біртұтасқа айналуымен анықталды.

Египеттің толық бірігуі және біріккен ел аумағында өндірісті анағұрлым ұтымды ұйымдастыру Египет шаруашылығының барлық салаларының жалпы көтерілуіне үлкен дәрежеде ықпал етті. Ежелгі патшалық ескерткіштері Египет қоғамындағы өндіріс қатынастарының бірқатар маңызды жақтарын зерттеуге мүмкіндік береді. Көптеген құжаттар патша шаруашылығы жайында және сарайда, әкімшілік аппаратында жоғары қызметте жүрген жеке-леген адамдардың шаруашылықтары жөнінде мәліметтер береді. Бекзадалар мазарларының қабырғаларындағы кескіндер және оларға берілген қысқаша түсіндірмелер үлкен шаруашылықтың – бекзаданың «жеке үйі» (*пер джет*) жөнінде түсінік береді. Бұл мазар суреттері египеттіктердің о дүниені осы дүниенің дәл көшірмесі ретінде қабылдайтын діни түсініктерімен байланысты болды және іс жүзінде осы өмірдің жағдайларын тәптіштеп тұрып баяндап берді, сондықтан да бұл кескіндемелердің бекзадалардың шаруашылығына тура қатысы бар деп көрсетуге болады.

Мазар рельефтері бекзаданың өзі және оның айналасындағылар жөнінде хабар береді. Әдетте ол құрамына оның әйелі мен



балалары, туған бауырлары мен апа-сіңділері, кейде әке-шешесі, туыстары, үй қызметшілері кіретін үлкен отбасының басшысы ретінде көрінеді. Отбасының кіші мүшелері үй малайларымен бірге усадьба қожасына қызмет етіп, оның шаруашылығын жүргізуге қатысып отырған.

Бекзаданың үлкен шаруашылығы бас усадьбадан және елдің түпкір-түкпірлерінде орналасқан көптеген иеліктерден тұрды. Өртүрлі қызметкерлер – жазбашылар, бақылаушылар, есепшілер, құжаттарды сақтаушылар «үй шаруашылығын басқарушының» басқаруында болды, сондай-ақ ол бекзаданың «жеке үйінің» бүкіл шаруашылық өміріне басшылық жасады. Ежелгі патшалықтың ірі бекзадалық шаруашылығы өз қожасын оған күнделікті өмірде не қажеттің барлығымен дерлік қамтамасыз етті.

Ежелгі патшалық дәуірінде алқаптардағы еңбекті ұйымдастырудың сипатты формасы тұқым себу мен оны жинау кезінде пайдаланылатын *жұмыс отрядтары* болды. Ауылшаруашылығы жұмыстары туралы кескіндеме (рельефтер) мен оған түсіндірме жазбалар бойынша егіншілерге тұқым бекзада шаруашылығының қоймаларынан, қара мал бекзада табындарынан әкелініп отырған, жиналған астық та бекзаданың қамбасына төгілген.

Жұмысшы отрядтары ауыр заттарды тасуда, кемелерге жүк тасуда және басқа да көптеген жұмыстарда пайдаланылған және оларды қажеттігіне қарай бір жұмыстан екіншісіне ауыстырып отырған.

Мазарлардағы рельефтерге сенсек, бекзада шаруашылығының жұмыскерлері азық-түлікті бекзада қоймаларынан және өндірістерінен – бау-бақшасынан, жайылымынан, азық-түлік басқармасынан алып отырған. Бұл рельефтерде егіншілерге киім-кешек – қысқа алжапқыш және денеге жағатын май беріп жатқаны кескінделген (жұмыскерлер ыстық күнде ашық аспан астында еңбек ететіндіктен денесіне май жағатын болған). Қожаның бергенінен өзге жұмыскерлердің басқа да қосымша күнкөріс көздері болған тәрізді.

Сол мазар рельефтерінен ұсақ айырбасқа негізделген рыноктың болғандығын байқауға болады. Базарда қызу сауда жүріп жатқандығы бейнеленген: астық, нан, көкөніс, балықты балық аулайтын ілмекке, аяқ киім, айна, моншаққа және басқа да

қолөнер бұйымдарына айырбастап отырғаны байқалады. Мұндай рыноктың болуы еңбекшілердің бір бөлігінде артық азық-түліктің болғанын көрсетеді, сондай-ақ қолөнер өндірісінде тұрақты міндеткерлік жүйесі болғандығынан хабар береді.

*Бак* немесе *баку* деген терминмен белгілі болған құлдар Ерте патшалық уақытынан бері қоғамда орын алды. Деректер құл базары болғандығын көрсетеді. Құлдардың арасында шетжерліктер де кездесті, бірақ құлдардың негізгі дені жергілікті египеттіктер болған. Ежелгі патшалықтың қоғамдық қатынастары жағдайында өз руластарын құлдыққа салудың жолдарын нақты көрсету қиын. Томаға-тұйық, ірі шаруашылық жағдайында қарыз құлдығының болуы мүмкін емес. Ұй малайларының көпшілігі номдар арасындағы өзара қырқыс-соғыс кезінде қолға түскен египеттіктердің ұрпақтары болуы мүмкін. Алайда құлдыққа түсірудің басқа да түрлері болғандығы анық. Жоғары шенді қызметкерлер өз өмірбаяндарында өздерінің жақсы қасиеттері мен игі істерін көрсетуге тырысып, әсіресе өз өмірлерінде бірде-бір египеттікті құлдыққа салмағандығын айтып мақтанады. Өйткені патша өз жарлықтарымен египеттіктерді құлдыққа салуға тиым салған. Мұның айғағы египеттіктерді құлдыққа салу, көп жағдайда патша билігі әлсіреген Ежелгі патшалықтың аяғына қарай көбейгендігін жанама деректер көрсетеді.

Египет мемлекетінің басында патша тұрды, әдебиетте ол *перғауын* деген атаумен белгілі. Жаңа патшалық дәуірінде патшаны *пер'о* – «үлкен үй» (сарай) деп атаған, ал патшаның есімі киелі деп есептеліп, оны атауға тиым салынған.

Египет патшасы экономикалық, саяси және сондай-ақ жоғарғы абыз биліктерін қамтыған шексіз билікке ие болды. Патшаға Құдай ретінде табыну орын алды, кейде, тіпті одан да жоғары қойылды. Мысалы, Ежелгі патшалықтың гүлдену дәуірінде пирамидалар – патша мазарлары Құдайлар құрметіне салынған храмдардан сән-салтанаты, ауқымы жағынан барынша асып түсті.

Патшаның маңызды көмекшісі ең жоғарғы мәртебелі қызметкер – *чати*(*уэзир*) болды. Ол патша атынан елдің бүкіл шаруашылық өміріне және жоғарғы сот ісіне жетекшілік етті. Чати көп жағдайда басқа да маңызды қызметтерді қатар атқарып отырды, алайда ол тек соғыс ісіне ғана басшылық жасамады, бұл саланы екінші ірі шенеунік – әскер бастығы басқарды.

Бір кездері тәуелсіз болған номдар, біртұтас мемлекеттің құрамына ене отырып, оның жергілікті әкімшілік-шаруашылық аймақтарына айналды. Ежелгі патшалықтың ең бір гүлденген дәуірінде, яғни IV әулет тұсында номдардың орталық билікке толықтай бағынғандығы белгілі. III және IV әулет дәуірінде астаналық жоғарғы шонжарлар патшамен қандық туыстықтағы тар ғана топтан тұрды. Орталықтанған басқару аса ірі, тармақталған және мамандандырылған бюрократиялық аппараттың көмегімен іске асырылды.

Египет әскерінің бірден-бір түрі жаяу әскер болды. Египет шекаралары дуалдармен қорғалды, онда әскери гарнизондар орналастырылды. Бір қызығы – полиция қызметін ежелгі дәуірлерден-ақ египеттіктер өздеріне бағындырған солтүстік нубиялықтар – маджайлар атқарды.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Ніл өзенінің табиғи ерекшеліктері немен байланысты?
2. Египет тарихының Манефондық дәстүрін қалай түсінесің?
3. Египет тарихының ғылыми тарихнамадағы дәуірлерге бөлінуі.
4. Біртұтас мемлекеттің құрылуы қандай тарихи жағдайларда іске асты?
5. Ерте және ежелгі патшалық дәуірлердегі Египеттің әлеуметтік құрылымы қандай?
6. Ежелгі патшалықтың саяси құрылымының ерекшеліктері.

*3-тарау*

**ЕГИПЕТТЕГІ ОРТА ПАТШАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ГИКСОСТАРДЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҒЫ**

**1. Өтпелі дәуір**

Ежелгі және Орта патшалықтың басталуының арасында ұзаққа созылған, шамамен 250 жылдай уақытты қамтыған I Өтпелі дәуір деп аталатын кезең жатыр. I Өтпелі кезең – ыдыраушылық пен үлкен әлеуметтік қайшылықтар кезеңі, елді біріктіру жолындағы кескілескен ішкі күрес жылдары болды.

Сондықтан да Орта Египет мемлекетінің өзінің алдындағы Ежелгі патшалық дәуірінен айтарлықтай ерешеліктерінің негізінде жатқан себептерін осы өтпелі дәуірден іздеу керек.

Біртұтас мемлекеттің ыдырауы, номдардың экономикалық және саяси дербестікке ұмтылуы, олардың бір-бірімен бәсекелестігі елдің бүкіл шаруашылық құрылымына, Египеттің экономикалық дамуының негізі болып табылатын біртұтас суғару жүйесіне кері ықпал етті. Ішкі өзара күрес Египеттің онсыз да ауыр жағдайын қиындатып жіберді, өзара жауласып отырған номдар арасындағы үздіксіз күрес қирау мен бүлінушілікке әкеліп отырды. VII-X әулеттер дәуірінің деректерінде аштық жылдары туралы, батпаққа және ит тұмсығы өте алмас ну қамысқа айналып кеткен егістік жерлер, жыртылмай қалған алқаптар туралы мәліметтер өте көп. Осындай жағдайда елдің ең төменгі топтары – ауыртпашылық пен қиындықтарды арқасымен көтеріп отырған еңбекші халық өз наразылықтарын көрсетіп, ереуіл-толқуларға шығып отырды. Египет қоғамының төменгі топтарының толқулары туралы мәліметтер сол дәуірдің көптеген материалдық және әдеби деректерінде көрініс тапқан.

Лейденде сақтаулы тұрған үлкен папируста Ипувер деген кісінің Египеттегі бұрынғы тәртіпті қалпына келтіруге, біртұтас Египет мемлекетін қайта құруға бар пейілімен үндеуі сақталған. Ипувер бытырап кеткен елдегі ауыртпашылықтар мен жоқшылықты үлкен бір толқумен, кейбір тұстарында бояуын әдейі қоюлата көрсеткен тәрізді. Ол қираған қалалар мен бұзылған номдар, құлаған сарайлар мен масқараланған зираттар жөнінде айтады. Шығыс Жерорта теңізі елдерімен дәстүрлі байланыстың үзілгендігін және ішкі қатынастардың да бұзылғандығын айтып қайғырады.

Санкт-Петербургте, Мемлекеттік Эрмитажда мазмұны лейдендік папируспен үндес келетін папирус сақтаулы тұр. Дерек қуатты IV әулеттің негізін салушы Снефру патша алдында айтылған ғұлама абыз Нефертидің сәуегейлік сөзі формасында сақталған. Бұл деректің де мәтіні Ипувер көрсеткен жағдайлар жөнінде хабарлайды.

## 2. Египеттегі орта патшалық дәуірі

Өтпелі дәуір уақытында ирригациялық жүйені бірыңғай басқарудың бұзылуы жағдайында жергілікті жерлердегі белсенділіктің айтарлықтай артуы байқалды. Дәл осы кезде жер жыртуды жеңілдетуге және топырақты өңдеу сапасын арттыруға мүмкіндік беретін анағұрлым ыңғайлы соқа пайда болады; егіншілікте де, қолөнерде де көптеген жаңа құрал-жабдықтар пайда болып жатты. Дәуірдің аяғына қарай египеттіктер алғаш рет қоланы (мыспен қалайының қосындысы) қолдана бастады; алайда, бұдан кейін де өндірістегі негізгі металл бұрынғысынша таза мыс болып қала берді. Малшаруашылығында ірі қара малдың жаңа, анағұрлым өнімді тұқымы пайда болып, бірте-бірте ол бұрынғы ұзын сирақты тұқымды біржолата ығыстырып шығарды.

I Өтпелі дәуірден Орта патшалыққа жергілікті номдық әкімшіліктің елдің экономикалық және саяси өміріндегі белсенділігінің өсуі де мұраға қалды. Номархтардың (ном билеушілері) дербестігінің айтарлықтай болғандығы соншалық олар дәуірдің ең ақырғы жылдарының өзінде жыл санауды өздерінің билік құрған жылдарымен санайтын еді және алдыңғы орынға жергілікті құдайларды жылжытып отырды, өз атақ-шендерінде өздерін, патшалар тәрізді осы құдайлардың ұлдары ретінде көрсетті. Номархтар жергілікті әскери күштерді басқарды. Орта патшалықтың ең құдіретті әулеті болған XII әулеттің ең алғашқы қуатты патшаларының тұсында да жергілікті билеушілердің жағдайлары әлсіреген жоқ.

Әрине осындай жағдайларда Орта патшалық патшаларының жағдайы Ежелгі патшалықпен салыстырғанда анағұрлым әлсіз әрі тұрақсыз болды. Орта патшалықтың әкімшілік аппаратында билеуші әулетпен туыстық байланыста болған астаналық әулеттік шонжарлармен және жергілікті номдық әкімшілік өкілдерімен қатар, көптеген мемлекеттік қызметтерді ақсүйек емес, қарапайым адамдар арасынан шыққандар ала бастады, олар өзінің қол жеткізген барлық жағдайы үшін тек перғауынға ғана міндетті болған еді. «Патша – біздің асыраушымыз» деген сөздерді XII әулет билік құрған дәуірдің орта шенінде өмір сүрген бір ірі шенеунік айтқан екен. Осы жағдайына байланысты

орталық өкіметтің күшеюіне мүдделі болған дәл осы топ Орта патшалық перғауындарының негізгі тірегі қызметін атқарған болуы керек.

Орта патшалық деректерін кешенді зерттеу негізгі өндірушілер тобының әлеуметтік жағдайын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл топты египеттіктер «*хемуу нисут*», яғни патша хемуулері деп атаған. Бұл термин елдің барлық дерлік еңбеккерлерін қамтыды. Негізгі міндеті белгілі бір кәсіп шеңберінде еңбек ету болған патша хемуулері патша және храм шаруашылығында ғана емес, жеке адамдардың шаруашылығында да, яғни орталықтанған, номдық және храмдық әкімшіліктің әртүрлі қызметкерлерінің шаруашылығында да негізгі өндірушілер болды. Әрбір патша хемууының белгілі бір кәсіп иеленуі осы әлеуметтік топтың негізгі сипатты белгісі болды. Егістікте тек ер адамдар ғана еңбек етсе, үй қолөнеріне ерлер де, әйелдер де тартылды.

Патша хемуулері жұмыс түрлеріне жасөспірім шағында белгіленді, олардың кәсіп таңдау құқығы болмады. Әр жылы патша әкімшілігі атынан номдарда арнайы байқау жүргізілді. Оның негізгі міндеті еңбекші халық арасындағы кәмілетке жеткен жастарды кәсіптерге бөлу болды. Кәсіптерге бөлуде ата-анасының шаруашылықтың қай түрінде еңбек еткендігі ескерілген жоқ. Байқауда ең бір мығым, төзімді жігіттер ең алдымен әскерге алынды; патша хемуулерінің балалары кіші абыз қызметтеріне де тартылды. Ал қолөнер кәсібіне алуда, әрине кәсіби дағдысы бар қолөнершінің балалары таңдалды. Жас жігіттердің негізгі көпшілігі егіншілікке бөлінді, өйткені Египеттің негізгі көпшілігі егіншілікке бөлінді, өйткені Египеттің негізгі шаруашылығы егіншілік болған еді. Осындай мәжбүрлікпен берілген кәсіп негізінен өмірлік болды, алайда кей жағдайда ол қайта қаралып та отырды, мысалы, қартайған, ауыр еңбекке жарамсыз болып қалған егінші үй қараушысы сияқты жеңілдеу жұмыстарға ауыстырылуы да мүмкін еді.

Патша хемуулерінің әлеуметтік жағдайына келсек, елдің негізгі еңбекші бұқарасын құраған патша хемуулерінің еңбек құрал-жабдықтары мен өндіріс қаражаттарына меншік құқығы болған жоқ. Олар өздеріне тиесілі емес шаруашылықта еңбек етті

және еңбек құрал-жабдықтарымен бірге жекелеген қызметкердің иелігіне немесе храмға, мемлекеттік мекемеге тиесілі болды. Патша, храм және жеке шаруашылықтағы әртүрлі кәсіп иелерін қанау тәсілі мен материалдық қамтамасыз етуде айтарлықтай айырмашылық болған жоқ, сондықтан да еңбекшілер бұл шаруашылықтың қайсысында жұмыс ісетесе де жағдайы бірдей болды.

Тәуелді адамдардың келесі категориясы Ежелгі патшалық дәуірінен белгілі баку – толық мағынадағы құлдар болды. Құлдар патша хемуулеріне қарағанда сан жағынан өте аз болды. Олар тек жеке адамдар шаруашылығында ғана қаналды. Сондықтан олар жалпы мемлекеттік есептен тыс болды, байқауға қатыспады. Олардың қатаң белгіленген кәсібі болған жоқ.

Негізгі еңбек салаларында патша хемуулері еңбек ететін жеке шаруашылықтарда баку қожаның сарайында, оның жеке қызметінде әртүрлі, көбіне кездейсоқ жұмыстарда пайдаланылды. Бір қызығы, шаруашылықтарда жүздеген патша хемуулері ететін бекзада өзінің бір бакуды сатып алғанын әдейі көрсетіп отыратын болған.

Шетжерлік тұтқындарды қанау Орта патшалықтың, әсіресе XII әулеті кезінде кең құлаш жайды. Патша хемуулері тәрзіді, шетжерліктер орталық әкімшілікке есепте тұрды, соның ішінде азиаттар патша, храм және жеке шаруашылықта еңбек етті. Бірақ шетжерліктер көбіне үйде, жеке қызмет саласында, сарай және бекзаданың тамақ өндірісінде (шнау), қолөнерде, тоқыма шеберханасында еңбекке тартылды.

Сонымен, Орта патшалық дәуірінің негізгі еңбекші бұқарасы патша хемуулері болды. Олардың еңбегін ұйымдастыруда бірқатар өзгерістер орын алған болатын. Орта патшалық дәуірінде егінші, Ежелгі патшалық дәуіріндегідей еңбек құрал-жабдықтарының иесі болған жоқ, сондай-ақ жиналған астықты да иеленген жоқ. Ол шаруашылық қоймасынан азықтанды, алайда тұқым себу мен жиын кезінде жұмыс отрядтары болып еңбек еткен Ежелгі патшалықтан ерекше, енді әрбір егіншіге жеке жер телімі белгіленіп берілді, сол жер үшін ол жеке жауапкершілікте болды. Өндірістің «отрядтық» ұйымдастырылуы басқа да салаларда жойылды.

Орта патшалықтың саяси тарихына қысқаша түрде тоқталып кетейік. XI әулеттің Ментухетеп деген атпен белгілі соңғы үш патшасы біріккен елді басқарды. Олардың тұсында оңтүстікте Элефантинадан бастап солтүстікте Атырауға дейінгі ауқымда белгілі дәрежеде ішкі біртұтастыққа қол жеткізілді, үзіліп қалған ішкі байланыстар да қалпына келтірілді. I Ментухетеп тұсында египеттіктер Синай түбегінде мыс өндіруді қайта бастайды, Египет әскері солтүстік-шығыс шекарада азиялықтармен табысты шайқастар жүргізеді. I Ментухетеп сондай-ақ Египетпен шекаралас Солтүстік Нубияның бөлігі – Вават ауданына жорық ұйымдастырады.

Алайда, Орта патшалық патшалары өз қуатының шыңына келесі, XII әулет билігі тұсында қол жеткізеді. Шамамен б.з.д. 2000 жылдан бастап 200 жыл бойы Египетте тек сегіз ғана патша билік құрды. I Аменемхеттің жаңа әулетті негіздеуі ел астанасын XI әулеттің тұрағы болған Фивадан солтүстікке ауыстырумен басталды. Ит-Тауи аталған («Қос жерді де иеленген», яғни бүкіл Египетті) Египеттің жаңа астанасы Нилдің батыс жағалауында, Файюм оазисінде, Жоғарғы және Төменгі Египеттің түйіскен жерінде орналасты. Египет тарихының бастапқы кезіндегідей ел астанасын солтүстікке көшіру тегі бойынша оңтүстіктен шыққан патшалардың өз билігін Атырауда да нығайтып, мұнысымен елдің бірлігін күшейту ниетінен туған еді.

XII әулет патшалары өз билігін Египеттің бүкіл территориясында бекітуде айтарлықтай жетістікке қол жеткізе отырып, Атыраудан батысқа және шығысқа қарай жатқан жерлерде ливиялық және алдыңғы азиялық тайпалармен табысты шайқастар жүргізді. Олар бытыраңқылық дәуірінде Төменгі Египетке үнемі басып кіріп отырған еді. I Аменемхет тұсында елдің батыс шекарасында қорғаныстық бекініс салынды. Алайда бұл дәуірде ерекше назар Нубияға аударылды. Нубияның алтыны мен мысы, піл сүйегі мен ағашының сирек кездесетін тұқымдары Египет билеушілерінің тыныштығын алды. XII әулеттің ең бір басқыншы билеушісі III Сенусерт болды. Ол Нилдің бірінші шоңғалынан оңтүстікке бірнеше ірі жорық жасап, Солтүстік нилдік Эфиопияны ұзақ уақытқа Египетке қосып берген еді.



Алайда Орта патшалық патшалары номдық билеушілердің сепаратистік ұмтылыстарын аяғына дейін тұншықтыра алмады. Олардың сарайда да мықты байланыстары болды. XII әулет тұсында да кескілескен ішкі күрес толастамады. III Аменхет қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай оның қарындасы Нефрусектің қысқа уақыт билігінен кейін XII әулет өз билігін тоқтатады. XII әулетпен туыстық байланыста болған XIII әулеттің алғашқы патшалары Ніл аңғарында, оның екінші шоңғалына дейінгі аралықта өз билігін сақтай алады. Алайда көп ұзамай ел екі бөлікке (XIII және XIV әулеттер) бөлініп кетеді. Египет өз тарихының жаңа кезеңіне аяқ басты. Бұл дәуір II Өтпелі дәуір деп аталған еді.

### **3. II Өтпелі дәуір және гиксостар жаулаушылығы**

Екі жүз жылдан аса уақытқа созылған II Өтпелі дәуір – ішкі тұрақсыздық пен қиын-қыстау жылдары болды. Бізге дейін жеткен патша тізімдері екі жүзден аса перғауындарды атайды. Патшалардың осыншама көп болуы патша тағының бір-бірімен жауласқан сарай шонжарларының қолындағы ойыншыққа айналғандығының айқын айғағы.

Осы бір, ел үшін ауыр жағдайларда, б.з.д. XVIII және XVII ғғ. межесінде шығыстан, Синай түбегі арқылы Египетке басқыншы-гиксостар баса-көктеп кірді. Олар өз этникалық құрамы бойынша біртекті емес, Оңтүстік Сирия мен Солтүстік Аравияны мекендеген тайпалар одағы еді. Ішкі қырқыс-соғыстардан әлсіреп қалған Египет басқыншыларға айтарлықтай қарсылық көрсете алмады. Египеттіктерге бұрын белгісіз болған гиксостардың атарбалары жаулаушылар басып алған Шығыс Атырауда толып кетті. Олар Нілдің шығыс жағалауында орналасқан Аварис қаласын өз орталығына айналдырып, сол жерден елдің оңтүстік аудандарына шапқыншылық жорықтарын жасап отырды.

Гиксостар Египетте 110 жылдай билік құрды. Дәстүр бойынша XV, немесе XVI Манефон әулеттеріне жататын гиксос патшалары елді толықтай бағындыра алған жоқ. Тек соңғы екі патша – Хиан мен Апепи тұсында ғана гиксостар билігі бұған дейін өз тәуелсіздігін сақтаған Египеттің оңтүстігіне айтарлықтай

тереңдеп ене алды. Батыс Атырау да гиксостарға бағынбаған тәрізді. Египеттіктердің гиксостарға қарсы азаттық күресін бастаушы Атыраудан 800 км оңтүстікке қарай жатқан Фива номы болды. Бастапқыда әлсіз болған, бірақ тәуелсіз Фивалық XVII әулет патшалары бірте-бірте өз айналасына Жоғарғы Египеттің көпшілік номдарын топтастыра бастайды. Олар айтарлықтай материалдық және әскери күшке ие бола отырып, гиксос басқыншыларын елден қуып шығу жолындағы күресті бастайды.

Гиксостармен күресте соңғы жеңіс XVIII әулеттің негізін қалаушы Яхместің (I Амасис) үлесіне тиді. Ол Египет тағына б.з.д. 1600 ж. отырды. Осы уақыттан бастап Жаңа патшалықтың тарихы басталады.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. I Өтпелі дәуірдің мәні.
2. Орта патшалық дәуіріндегі техникалық және технологиялық өзгерістер.
3. Орта патшалық дәуіріндегі Египеттің әлеуметтік-саяси құрылымы.
4. II Өтпелі дәуірдің ерекшелігі.
5. Гиксостар Египетке қандай жаңалық алып келді.

*4-тарау*

**ЕГИПЕТТЕГІ ЖАҢА ПАТШАЛЫҚ ЖӘНЕ  
КЕЙІНГІ ЕГИПЕТ**

**1. Дәуірдің жалпы белгілері**

Деректер өте көп жеткен жаңа патшалық дәуірі үш манефон әулеттері – ХҮІІІ, ХІХ және ХХ әулеттер билігімен (б.з.д. ХVІ-ХІ ғғ.) сәйкес келеді.

Патшалықтың ең алғашқы кезеңінен бастап-ақ Египет шаруашылығының барлық салаларында айтарлықтай алға басулар орын алды. ХVІІІ әулеттен бастап, бұрыннан-ақ қолданыста болған таза мыстан, тас пен ағаштан жасалған құралдармен бірге қоланы кеңінен пайдалану барлық аймақтарда

байқалды. Су көтергіш құрал – шадуфты (құдық суын көтеретін көтергішке ұқсас) пайдалану бау-бақша шаруашылығының еңбек өнімділігінің күрт өсуіне алып келді.

Металлургияда металл балқытудың жаңа тәсілі ойлап табылды және бұрынғы үрлеудің орнына аяқпен қозғалысқа түсірілетін құрылым шығарылды. Сондай-ақ анағұрлым қолайлы және өнімділігі жоғары тоқу станогі, Орта патшалықтың кезінде сирек кездескен жетілген соқа пайда болды.

Ел шаруашылығы үшін жаңа сала – шыны жасау пайда болып, қарқынды дамыды. Оның пайда болуы қолданбалы химияның айтарлықтай дамығандығын көрсетеді, мұны сондай-ақ мумия жасаудан да байқауға болады, жаңа патшалық дәуірінің көптеген перғауындарының мумиялары анағұрлым жақсы сақталған.

Жаңа патшалықта мал шаруашылығында да сапалық және сандық алға басулар байқалды, бұған Египетке ол жаулап алған елдерден ірі қара малдың, ұсақ мал – қой, ешкінің және басқа да мал түрлерінің ағылып келуі ықпал етті. Гиксос билігі дәуірінен бастап Египетте жылқы шаруашылығы жолға қойылды, бұл Египет әскерінің жаңа түрі – жауынгерлік ат-арбаларды қамтамасыз еткен еді.

Жаңа патшалықтың бүкіл экономикасы XVIII-XIX әулеттер перғауындарының жаулаушылық саясаты мен жауланып алынған территориялар мен елдерді тонаумен тығыз байланысты болды: енді Египетке мысты жеткізудің негізгі көздері Синай кендері емес, Палестина мен Сириядан жеткізілетін Кипр кендері болды, ал Египет сарайы мен храмы барынша мол пайдаланатын алтын Эфиопиядан және Алдыңғы Азиядан алым ретінде келіп тұрды. Құрылыс үшін қажет ағашты бұрынғысынша Ливан тауларынан және Нубия ормандарынан кесті. Египеттің құдіретті патшаларына Төменгі Месопотамияның тәуелсіз билеушілері де сыйсияпаттар жіберіп тұрды. Бір сөзбен айтқанда жаңа патшалық дәуірінде Египеттің экономикалық қуаты барынша өсті.

Жаңа патшалық дәуіріндегі Египетке шикізат, астық және малмен бірге адам ресурстары да көптеп келе бастады. Шет жерлерді жаулау жорықтарынан қайтқанда египеттіктер өздерімен бірге сан мыңдаған соғыс тұтқындарын ала келді – адамдарды аулау Египет әскерінің жорықтардағы негізгі ісіне айналды. Тұтқындарды

көптеп түсіруге ұмтылушылық Египет шаруашылығының қосымша жұмыс күшіне деген өсіп отырған сұранысына байланысты туындаған еді.

Бізге дейін жеткен көптеген мәліметтер бойынша патшалар әскери жорықтардан кейін храмдарға мыңдаған тұтқындарды сыйға тартып отырған, әсіресе ең көп олжа елдің бас құдайына айналған Фивадағы Амон құдайына беріліп отырды. Бұл тұтқындар храм шаруашылығында еңбек етті – олар қолөнер және тоқыма шеберханаларында, құрылыста, малшаруашылығында қолданылды. Орта патшалықтан ерекше көптеген шетжерліктер егіншілікпен де айналысты.

Қосымша жұмыс күші ретінде барлық тұтқындар емес, тек азиаттар ғана пайдаланылды. Тұтқынға түскен қарақшылар – шердандар, яғни Сардиния аралының тұрғындары көбіне патшаны қорғаушылар қызметін атқарды. Ливиялықтар мен эфиоптар Египет әскеріне қосымша отрядтар ретінде тартылды.

Негізгі өндірушілер бұрынғысынша Египет еңбекшілері, яғни жоғарыдан күштеп мамандықтарға бөлінетін – патша хемуулері еді оларды *семдет* деп атайтын болды (бұл сөз мамандық деген мағына береді).

## 2. XVIII әулет кезіндегі Египет әскери державасы

Ел өмірінің барлық салаларына үлкен ықпал еткен Жаңа патшалық дәуірі патшаларының жаулаушылық саясатының алғы шарттары қандай еді? Мұны түсіну үшін египеттіктердің шет жерлік басқыншыларға, яғни гиксостарға қарсы азаттық күресіне тоқталуымыз қажет. Күшті жаумен күрес әскердің саны мен қуатын барынша арттыруды қажет етті. Жаңа патшалық дәуірінде кәмілет жасына толған 100 жас жігіттің 10-ы жауынгерлер қатарына алынды, ал Орта патшалық дәуірінде 100-дің бірі ғана жауынгер болған еді. Египет әскері санының күрт өсуі азаттық күресі кезінде іске асты. Жағдай сондай-ақ елдің бірлігін нығайтуды, орталық өкіметті барынша күшейтуді, елдің барлық материалдық және адам ресурстарын жаумен күресуге жұмылдыруды қажет етті. XVII әулеттің соңғы перғауыны Камес

тұсында осы бағытта айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Алайда Фива патшасының гиксостармен күресінің ең бір шешуші сәтінде Египет шонжарларының ең ықпалды бөліктері патшаның шетжерліктерді елден қуып шығып, елді біріктіру жолындағы күресіне қолдау көрсетуден бас тартты. Мемлекеттің ең жоғарғы билеушілері патшаға оның “азиаттарды жазалау” туралы тілегін қолдамайтындығын айтты, олардың жағдайы онсыз да жақсы екендігін, олардың меншігінде ең жақсы егістік жерлер мен жайылымдар бар екендігін жеткізген еді, олардың пікірі бойынша гиксос билігі тек сөз жүзінде ғана, іс жүзінде Египетті өздері, яғни ақсүйектер билеп отырды. Бекзадалар гиксостарға тек егер олар өздерінің мүдделерін орындамаған жағдайда ғана қарсы шығатындығын айтты. Ашуға булыққан перғауын бекзадалардың көмегінсіз-ақ гиксостарға қарсы күрес бастады. Енді ғана қалыптасып жатқан жаңа Египет мемлекетінің шенеуніктері мен бекзадалары әлі де болса өз номдарымен тығыз байланысты болды, олардың көпшілігі жаңа, Фивалық патшаларға жақында ғана бағынған еді. Орта патшалықтың аса қуатты номархтарының ұрпақтары орталық өкіметтің шектен тыс күшеюін қаламады. XVII әулеттің аяғы мен XVIII әулеттің басындағы дәуірден жеткен деректер жергілікті шонжарлар Фива патшаларының гиксостарды қуып шығып, елді біріктіру жолындағы күресіне көмектеспегені былай тұрсын, бірде Оңтүстікте, бірде Солтүстікте бүліктер шығара отырып оған көптеген кедергілер жасағандығын да көрсетеді. Осындай жағдайда Египет патшаларының басты тірегі шайқастарда нығая бастаған әскер болды. Әскердің негізгі бөлігін Египет қоғамының еңбекші халқының арасынан шыққандар құрады. Сондай-ақ жаңа Египет патшаларының елдегі өз билігін мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларына оппозициялық көңіл күйдегі ескі шонжарлардың орнына төменгі топтардан шыққан адамдарды тарту жолымен нығайтуға тырысуы байқалады.

Сөйтіп, XVII әулеттің аяғы мен XVIII әулеттің басындағы патшалар орталықтандыру саясатын іске асыруда жаңа топтарға – жауынгерлер мен әкімшілік ісін жүргізушілерге сүйенді, әрине бұл кісілер өздерінің жаңа жағдайына сәйкес, тек қызметіне байланысты әлеуметтік және мүліктік жағынан қамтамасыз етіліп

отырды. Бірте-бірте патшалар елдің материалдық ресурстарын ескі шонжарлардың қолынан алып, осы жаңа қызмет адамдарына үлестіріп бере бастады. Алайда жаңа патшалық жағдайында елдің өз ішіндегі жерді, жұмыс күштері мен дүние-мүлікті қайта бөліске салу жеткіліксіз болды, сондықтан да Египет материалдық және адам ресурстарын үнемі сырттан алып тұруы қажет болды. Өзінің ішкі жағдайын нығайтып алған Египет патшаларының мүдделері олардың тірегіне айналған қызмет адамдарының жаңа тобының мүдделерімен сәйкес келді. XVIII әулет билігінің ең басынан басталған Фивалық патшалардың гиксостарға қарсы азаттық күресі, гиксостарды елден қуып шыққаннан кейін жаулап алу соғысына ұласты. Ондаған жылдар бойы бұл соғыс Алдыңғы Азия территориясында, сондай-ақ, қиыр оңтүстікте, Нубияда жүреді. Бұл жорықтардың мақсаты – жауланып алынған елдерді тонау болды.

Б.з.д. XVI ғ. басы жаңа Фивалық әулет басқарған Египеттің ең бір өрлеп тұрған шағы болды. Жаңа патшалықтың ең алғашқы патшасы – I Яхмес (Амасис) өзінің ізашарлары бастаған гиксостарға қарсы күресті табысты түрде аяқтап, гиксостардың астанасы – Аваристі алды. Шегініп бара жатқан жауды қуа отырып египеттіктер Оңтүстік Палестинаға басып кірді, үш жылға созылған қоршаудан кейін, гиксостардың соңғы тірегі – Шарухен қаласы алынды. Бұдан кейін бүкіл елді басып өте отырып, Яхмес оңтүстікке қарай, Солтүстік Эфиопияға (Нубия) жүзіп кетті, сол жерде өзіне әлі бағынбаған куш тайпаларын бағындырды.

Жаулап алу жорықтарының әсіресе кеңінен жүргізілуі I Тутмосис патша есімімен байланысты болды. Өзінің алдындағы патшалар сияқты I Тутмосис әлі де толық бағынбаған Эфиопияға аттанды. Жеңіске жеткен патша ары қарай, оңтүстікке жүре отырып, III Ніл шоңғалына жетеді, Египет әскерлері бұл жерге ең алғаш рет жеткен еді. Осы жердегі Томбос аралында бекініс салынып, күшті әскери горнизон орналастырылады. Оңтүстік бағындырылғаннан кейін Египет әскерлері солтүстікке, Алдыңғы Азияға ұмтылып, Палестина мен Сирияның ұсақ князьдіктерін тонайды. Тутмосис әскерлері Евфраттағы Нахрайна қаласына жетеді. Нілден өзгеше, солтүстіктен оңтүстікке қарай ағатын

өзенді бірінші рет көрген египеттіктер таң-тамаша қалады, бұл жағдай өзеннің Египет тіліндегі атауының, яғни Евфрат – “Кері ағатын өзен” атауының қалыптасуына алып келді.

Жаңа патшалықтың белсенді жаугершілік саясатымен аты шыққан келесі патшасы III Тутмосис болды. Оның әскери жорықтары үзіліссіз 20 жылға созылған екен.

Таққа отырған алғашқы күні-ақ ол өз әскерімен жорыққа аттанады. 10 күннен кейін Оңтүстік Палестинадағы Газа қаласына келіп кіреді, ертеңіне Алдыңғы Азияға тереңдеп ену үшін жорығын жалғастырады. Египеттіктердің бұл жерден түсірген олжасын жылнамашы былайша тәктіштеп көрсетеді: 340 тұтқын, 2041 жылқы, 191 құлын, мыңдаған қой, үлкен көлемде астық және т.т.

Осылайша жыл сайын, 20 жыл бойы көршілерінің егіні піскенде III Тутмосис Алдыңғы Азияға жорыққа аттанып, Сирияның жаңа қалаларын басып алып отырды. III Тутмосистің Азияға жорықтарының ең солтүстік шекарасы Месопотияның, Кіші Азия мен Сирияның түйіскен жеріндегі – Каркемиш қаласы стратегиялық жағынан маңызды аудан болды.

Оңтүстікте, Нубияда III Тутмосистің иеліктері IV Ніл шоңғалына дейін созылды. Египет қуатты әлемдік державаға айналды, оның территориясы солтүстіктен оңтүстікке 3500 км созылды. III Тутмосис патшалық құруының 54 жылында қайтыс болды. Таққа оның ұлы II Аменхетеп отырды. Ол да әкесі сияқты өз билік құру жылдарын жорықтарда өткізді. Ол Алдыңғы Азияға жасаған бір жазалаушы жорығынан кейін жүз мыңнан аса тұтқындар айдап әкеледі. Оның ұлы IV Тутмосис те бірнеше рет Азияға жорық ұйымдастырып, Эфиопияда орын алған бүлікті басады. II Аменхетеп пен IV Тутмосистің жазалаушы жорықтары Алдыңғы Азия князьдерінің қарсылығын біржолата тыйды. Египеттің күдіреттілігін оған тәуелсіз елдер де: касситтік Вавилония, Хетт патшалығы мен Ашшур қаласы да мойындады.

III Аменхетептің патшалық құру кезеңі кең көлемде жүргізілген алып құрылыстарымен белгілі болды. Фивада Амон-Ра құдайының құрметіне алып храм салынды, Нілдің батыс жағалауына патшаның қала сыртындағы тұрағы – сәулетті де кең сарай, ал одан солтүстікке қарай – патшаның о дүниелік

храмы, оның алдына перғауынның екі алып мүсіндері қойылды. III Аменхетептің осылайша ауқымды құрылыс ісін жүргізуіне мүмкіндік берген Египетке басып алынған елдерден түсіп жатқан өлшеусіз байлық еді. Осы кезде Египет өз күш-қуатының ең шарықтау шегіне жетіп тұрды. Алайда мемлекеттің ішкі тұрақтылығы, орнықтылығы билеуші тап ішіндегі екі қуатты топтың өзара күресімен бірте-бірте шайқала бастады. Бір жағынан астаналық және жергілікті, номдық шонжарлардың мүддесі және екінші жағынан жаңа әлеуметтік топтың және оның ортасынан шыққан жаңа қызмет шонжарларының мүддесі барған сайын қайшылықты бола түсті. Ашық түрдегі күрес пісіп-жетіліп, ақырында Эхнатонның діни реформасына ұласты.

### **3. IV Аменхетептің діни реформасы және XVIII әулеттің соңы**

Жасөспірім шағынан-ақ атақты реформатор IV Аменхетеп, өз билігінің соңғы жылдарында ауыр науқасқа ұшыраған әкесімен билік жүргізуге қатыса бастаған еді. Осы уақыттан бастап және оның дербес билік құруының алғашқы жылдарында мемлекеттік істерді жүргізуге IV Аменхетептің анасы, ақсүйек емес топтардан шыққан ақылды да жігерлі әйел-патша Тиі үлкен ықпал етіп отырды. IV Аменхетеп б.з.д. 1400 және 1375 ж. шамасында Египет тағына отырды. Ол билік құрған 17 жыл бойы билеуші таптың екі қуатты бөліктері арасындағы қақтығыс барынша қиян-кескі түрде жүрді.

Кескілескен күресті бастаушы патшаның отбасымен тікелей байланысты қызметші шонжарлар өкілдері болды, олар деректерде *немху* деп беріледі. Қызмет бабымен аса үлкен дәрежелерге жеткен оның өкілдері Египеттің әкімшілік аппаратының барлық салаларында: әскерде, патша сарайында өз жағдайын барынша нығайтып алды, олардың негізгі мақсаты ескі ақсүйек шонжарларды билік пен байлық көздерінен аластату болды. Осы, өзіне берілген қуатты топты басқара отырып, патша солардың көмегімен өзінің жеке шексіз билігін барынша нығайтуға тырысты.

Жаңа қызметші шонжарлардың бұл міндетті іске асыруы қарсыластарының саяси және экономикалық күш-қуатының әлі



де болса орнықты болуына байланысты жеңілге соқпады. Ескі ақсүйек шонжарлармен тығыз байланыста болған Фиваның құдіретті абыздары да елдегі аса ықпалды күш болып саналды. XVIII әулеттен бастап Египеттің бас құдайы – Амон-Ра жаңа қызметші шонжарлардың және IV Аменхетептің өзінің де нағыз жауына айналды. Сондықтан да елде өріс алған соғыс діни сипатқа ие болып, патша жариялаған жалпыегипеттік жаңа құдай – Атон мен фивалық құдай Амон-Ра және елдегі басқа да ескі құдайлар арасындағы өзара қарсы тұру түрінде көрініс тапты.

Фива абыздарының позициясы осы кезде қалыптасқан храмдық шаруашылықтың патша әкімшілігімен өзара қарым-қатынасын мұқият қарастырсақ анағұрлым түсінікті болады. Орталық өкімет храмдық шаруашылықтардың барлық салаларына қатаң бақылау орнатуға тырысты және храм жерлерінен патша әкімшілігінің пайдасына белгілі мөлшерде астық бөлініп отыруға тиіс болды. Мұндай алымдар храмдық шаруашылықтың басқа салаларынан да алынып отырған болуы керек. Сөйтіп IV Аменхетептің таққа отыруы уақытына қарай бір-біріне қарсы жақтың жаулық қатынасы шегіне жетіп тұрды, олардың арасындағы ашық күрестің болуы сөзсіз еді.

Бастапқыда оқиғалар барысы баяу қарқынмен жүрді. Ел өмірінің барлық салаларына орасан зор ықпал еткен жаңалықтар бірте-бірте енгізілді. Ұштары адам қолы түрінде көрініс тапқан, сәулелерін жан-жаққа шашқан күн бейнесіндегі Атонға, яғни елге молшылық сыйлаушы жалпыемлекеттік құдайға сыйынуды енгізу ежелгі Египеттегі көп құдайға табынуға ешбір шек қойған жоқ.

Алайда патшаның ерекше қамқорлығында болған жалпы-египеттік Атон құдайына табыну оның құрметіне жаңа храмдар тұрғызуды және бұл храмдарға Египеттің әртүрлі бөліктерінен егістік жер мен жайылымдарды көптеп беруді, жаңадан қалыптасып жатқан храмдық шаруашылықты жұмыс күшімен қамтамасыз етуді, сондай-ақ жаңа діннің қызметкерлерін – жоғарғы және қатардағы абыздар тағайындау қажет болды. Олар негізінен жаңа қызметші шонжарлар арасынан тандап алынды. Іс жүзінде мұның бәрі материалдық және адам ресурстарын Египеттің ескі, дәстүрлі құдайларына қызмет етушілерден алып, жаңа құдайдың пайдасына қайта бөлуді білдірді.

IV Аменхетептің патшалық құруының 6-шы жылында бұл күрес күрт шиеленісіп, өзінің шарықтау шегіне жетеді. Патша өз сарай қызметкерлерімен бірге өзіне жау Фиваны тастап шығып, қаланың солтүстігіндегі 300 км жерден жаңа астананың негізін салуды бұйырады. Ол Ахет-Атон (Атон көкжиегі) деп аталды. Бұдан біраз бұрын патша Амон есімінің өзімен күресе отырып, өз атын Эхнатон деп өзгерткен еді (Аменхетеп – Амон разы, Эхнатон – Атон үшін пайдалы дегенді білдіреді).

Египет патшасы өз қызметкерлерімен бірге он жылдан аса уақыт жаңа астанада тұрды.

Патшаның өзінің басқаруымен жүрген өзгерістерді жақтаушылар өз қарсыластарын толықтай жеңгендей болды. Алайда Атон құдайына сыйыну тек шонжарлардың ғана емес, бүкіл Египет халқының дәстүрлері мен түсініктеріне қайшы келді. Барынша қайшылықты ескі құдайлардың орнына жаңа, логикалық жағынан көңілге қонымды, бір ғана құдайға табыну, алайда перғауын қызметшілерінен басқа ешкімге жеңілдіктер уәде етпеді, ол осы өмірде де, ең болмағанда о дүниеде де жақсылықтар беруді қарастырмады. Ал бұрынғы құдай – Амонға қызмет етуші абыздар тек материалдық байлықтары бойынша ғана емес, сонымен бірге халықтың бұл дінді ежелден ақ ұстануымен де күшті болды, өйткені халықтың ең кедей, төменгі топтары да осы Амонды өз қамқоршылары, қиналған сәтте өздеріне көмекке келетін бірден-бір күш деп білген еді. Оның үстіне, ескі дін мен жаңа дінді қолдаушы үстем таптың екі бөлігінің арасында бітіспес шын мәніндегі таптық қайшылықтар да жоқ еді. Сондықтан да жастайынан аурушаң болған IV Аменхетеп патшаның қайтыс болуы елдегі оқиғалар барысын күрт өзгертіп жіберді. Реформатор-патшаның тікелей мұрагерлері болмады, ал таққа отырған жас кездерінде, ерте қайтыс болып кеткен күйеу балалары – Семнехка-Ра мен Тутанхамонның бойында Эхнатонға тән бедел де, фанатизм мен күш-қайрат та және ол бастаған істі ары қарай жалғастыруға деген ұмтылыс та болған жоқ. Осы екі патша тұсында Атон құдайына табыну мүлдем жойылып, қайтадан Амон құдайының үстемдігі қалпына келтірілді. Тутанхамон басқаруының ең басында-ақ сарай Ахет-Атоннан Фиваға қайта көшірілді.

Тутанхамон өзінің артынан мұрагер қалдырмай, ерте қайтыс болып кетуіне байланысты XVIII әулет аяқталып, таққа бастапқыда IV Аменхотептің әйелі – Нефертитидің туысы, кәрі Эйе отырады, ол қайтыс болғаннан кейін тақты Египет әскерінің қолбасшысы – билеуші әулетпен ешқандай туыстығы жоқ Харем-хеб басып алады. Оны абыздар Амон құрметіне арналған бір мерекеде патша етіп жариялайды.

Б.з.д. 1345 ж. билік жаңа XIX әулеттің қолына өтеді. Жаңа әулет Египеттің шайқалып қалған қуатын қалпына келтіруге бар күшін салады. Бұл әулеттің негізгі өкілдері – I Сети мен II Рамсес хеттермен батыл түрде күрес жүргізді. Әсіресе II Рамсестің б.з.д. 1296 ж. жасаған жорығы қуатты болды. Алайда перғауын бірқатар стратегиялық қателіктер жібереді, ол жау күшін жеткілікті бағаламай, өз әскерін үлкен территорияда бытыраңқы орналастырды. Осындай жағдайда екі жақ күші өзара тең болуына байланысты соғыс ұзаққа созылып кетті.

Б.з.д. 1280 ж. бітім шарты жасалды. Египет перғауыны I Рамсес пен хетт патшасы III Хаттусили өзара бейбітшілік сақтап, достық қатынастарда боламыз деп ант берісті. Палестина, Финикия жағалауы мен Оңтүстік Сирия Египет жағында қалды, ал Солтүстік Сирия хеттерге өтті.

Бұдан кейінгі жылдары, XIX және XX әулеттің соңғы патшалары тұсында Египет енді қорғаныс соғыстарын жүргізуге мәжбүр болды. I Рамсес қайтыс болғаннан кейін Ніл аңғарына батыстағы шөл даладан ливиялықтар басып кіріп, Мемфисті қоршауға алады. Солтүстіктен өз кемелерімен “теңіз халықтарының” жауынгерлері төніп келіп, Атырау жағалауына орналаса бастайды, олардың арасында гректердің ахей тайпасы да болған еді. II Рамсестің мұрагерлері бұл шапқыншылықтарға тойтарыс бере алғанымен Египеттің сыртқы саясаттағы күш-қуаты барған сайын кеми береді.

Финикия қалаларының патшалары перғауындардың жоғарғы билігімен санасуды тіпті қояды. Бұған қарамастан XX әулеттің негізін қалаушы III Рамсес (б.з.д. XII ғ. ортасы) Алдыңғы Азияда Египеттің шайқалып қалған жағдайын нығайту үшін күрес жүргізді. Оның әскерінің құрамына бұрынғыдан бірнеше есе көп мөлшерде шетжерліктер: шердандар, ливиялықтар, филис-

тимляндықтар тартыла бастайды, өйткені елдің ауыр жағдайында мемлекеттік биліктің қолдауына аса зәру болып отырған абыздардың қысымымен патша храмдардың жұмыскерлерін әскерге шақырудан босатқан еді.

Өзін барған сайын орталық өкіметке қарсы қойып отырған храмдарға үлкен сыйлықтар мен артықшылықтар беру, айтарлықтай қысқарғанына қарамастан әлі де үлкен, көп санды әскерді асырау, ұзаққа созылған соғыстар, жергілікті әкімшіліктің өз бетінше дербес билік құруға ұмтылушылығы – осының бәрі елдің ішкі жағдайының күрт нашарлауына, мемлекеттік қазынаның сарқылуына алып келді. Қазынаның кемігені соншалық қолөнершілер мен патша некрополи қызметкерлерін азық-түлікпен қамтамасыз ету қиындап кетті. Бұл жағдай некрополь қызметкерлерінің ереуілге шығуына алып келді. Оның үстіне әртүрлі сарай маңы қызметкерлері арасындағы қырқыстар да тоlassыз жүрді, осындай қырқыстар кезінде III Рамсес қаза табады. III Рамсестен кейін таққа отырған XX әулеттің соңғы 8 патшасы тұсында (бұл патшалардың бәрі Рамсес деген есіммен белгілі болды) Египеттің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы саяси жағдайы барынша нашарлап кетті. IV Рамсес тұсында-ақ Египет Эфиопиядан басқа өзінің шет жерлік иеліктерінен толықтай айырылды. Орталық өкімет билікті өз қолында берік ұстап тұра алмай қалды. IV Аменхетеп реформасынан кейін байқала бастаған Төменгі және Жоғарғы Египеттің саяси және экономикалық жағынан бір-бірінен алыстауы одан сайын күшейе түседі. Жоғарғы Египетте билікті толықтай өз қолдарына шоғырландырып алған Фивалық абыздар барынша күшейіп алады. IX Рамсестің жоғарғы Амон абызының билігін әлсіретуге тырысқан әрекетінен ештеңе шықпады, XI Рамсес тұсында амондық жоғарғы абыз Херихор мемлекеттің барлық жоғарғы қызметтерін өз қолына шоғырландырады. XX әулеттің соңғы патшасы қайтыс болғаннан кейін елдің оңтүстігіндегі билік Херихорға өтеді, алайда Төменгі Египет Фива билеушісінің жоғарғы билігін мойындамайды. Атырауда астанасы Танис қаласы болған дербес әулет қалыптасады (б.з.д. XI ғ. ортасы). Осы уақыттан бастап Жаңа патшалық тұсындағы Египет мемлекеті өз өмір сүруін тоқтатады.

#### 4. Кейінгі Египет

Б.з.д. XI-VIII ғғ. Египет қоғамы өз экономикалық және әлеуметтік құрылымы бойынша көбіне Жаңа патшалықтың жалғасы іспетті бола берген еді. Алайда VII-VI ғғ. елдің барлық салаларында өзгерістер байқалады. Египет темір ғасырына өтеді. Осы дәуірден темірден жасалған құралдар (кескіштер, аралар, тесу құралдары) көптеп сақталып жеткен.

Жаңа патшалық дәуірінен кейін жүз жыл уақыт өткенде саяси аренаға, бұрыннан-ақ батыстан келіп Атырауда орналасып алған ливиялықтар шықты. Жаңа патшалықтың екінші жартысынан бастап-ақ перғауындар тұтқынға түскен ливиялықтарды жалдамалы әскер ретінде пайдалана бастайды. Кейіннен ливиялықтар Атырауға бүтіндей тайпаларымен келіп қоныстанады. XXI әулеттің соңғы патшасы тұсында X ғасырдың ортасында Шешонк деген ливиялық көсем әрі қолбасшы өзін патша деп жариялайды; XXII ливиялық әулет бастаған Шешонк өзінің Атыраудағы билігін нығайтып, өз ұлын Фивадағы жоғарғы Амон-Ра абызы деп жариялайды: ел қайтадан біріктіріледі. Көп ұзамай Шешонк әскерлері Палестинаға басып кіріп, б.з.д. 930 жылы Иерусалимді алады. Алайда ливиялық әулеттің билігі әлсіз, оның табыстары алдамшы болды. Ливиялық жоғарғы топтардың арасында ішкі талас-тартыс жанданды. Атырау бірқатар тәуелсіз аудандарға бөлініп кетті. Жоғарғы Египеттің солтүстігінде Гераклеопольдің құдіретті номархы биледі, оңтүстікте билік Амон-Ра абыздарының қолында болды. Ел шаруашылығы тоқырап, ирригациялық жүйелер құлдырады, сауда байланыстары бұзылды, елдің шаруашылығын көтеру үшін елді қайта біріктіру қажеттігі туды. Біріктіру жолындағы күресті бастаушы Фива абыздары болды, олар Египеттен бөлініп қалған, Египетте үстемдік жүргізуге ұмтылып отырған Эфиопияның әскери күшіне сүйенді.

Египеттің Эфиопияға жүргізіп отырған билігінің әлсіреуі және жергілікті тайпалардың өз күштерін жұмылдыруы нәтижесінде б.з.д. VIII ғасырында Египеттің оңтүстік шекарасында астанасы Нилдің IV шоңғалындағы Напата қаласы болған Эфиопия мемлекетінің құрылуына алып келді. VIII ғ. ортасында Эфиоп патшасы Пианхи Амон абыздарының қолдауымен Фиваға басып

кіреді, содан кейін солтүстікке жорығын бастайды. Төменгі Египет эфиоптарға қатты қарсылық көрсетеді. Эфиоптарға ерлікпен қарсылық көрсеткен Мемфис құлағаннан кейін Пианхи Атырауға кіріп, XXIII ливиялық әулеттің соңғы патшасы III Осорконды тұтқынға алады.

Эфиоп әулеті (XXV әулет) патшалары ішіндегі ең айтулылары Шабака мен Тахарка болды, олар Алдыңғы Азияда саяси рөл атқаруға тырысты. Алайда елдің өз ішіндегі бытыранқылықты жоюға шамалары жетпеді, бүкіл ел, әсіресе Атырау іс жүзінде ұсақ-ұсақ ливиялық және египеттік князьдіктерге бөлініп кетті. Сондықтан да б.з.д. 674-665 жж. болған Ассирия жаулаушылығына төтеп бере алмады.

Жаулаушыларға қарсы күресте елді Атыраудағы Саистің билеушісі, шығу тегі бойынша ливиялықтар болып табылатын I Псамметих және оның ұлы I Нехо біріктіре алды (XXVI әулет). Нехо б.з.д. VIII ғ. Ассирияның құлауына байланысты қысқа уақытқа болса да Палестина мен Сирияны жаулап алды, алайда II Навуходоносордың басқаруындағы Вавилон әскерінен жеңіліс тапты. Нехо өз территориясына шегінуге мәжбүр болды. Нехоның тұсында Египет экономикасы жаңа өрлеуді бастан кешіріп, Египеттің саяси беделі айтарлықтай артты. Бірақ мұның пайдасы болмады, өйткені Египеттің парсылар соққысынан құлауы жақындап қалған еді. Б.з.д. 525 жылы Египетті парсылар жаулап алды.

#### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Жаңа патшалық дәуіріндегі техникалық және технологиялық жаңалықтар.
2. Жаңа патшалықтың жаулаушылық саясатының алғышарттары.
3. Эхнотонның діни реформасының мәні.
4. Кейінгі Египет дәуіріндегі саяси-әлеуметтік үдерістер.

## ШУМЕР ҚАЛА-МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### 1. Евфраттың төменгі ағысында реттелген суғару жүйесінің қалыптасуы

Алдыңғы Азияның басқа бөліктерінен адам мүлдем дерлік тіршілік етпейтін шөл даламен бөлініп жатқан аймақты адамдар б.з.д. VI мыңжылдықта-ақ мекендей бастаған. VI-IV мыңжылдықтарда бұл жерде қоныстанған тайпалар өте кедейшілікте өмір сүрді: батпақтар мен күйіп кеткен шөл дала арасын алып жатқан жіңішке жерде өсірілетін сұлыдан көп өнім түспеді. Тек б.з.д. IV мыңжылдық ортасында ғана кейбір жекелеген қауымдар Евфрат өзені бассейнінде рационалды құрғатқыш-суландыру жүйелерін жасауға қол жеткізеді.

Төменгі Евфрат бассейні – шығыстан Тигр өзенімен шектелетін, ал батыстан Сирия-Аравия шөлейтімен шектесетін кең жазық дала болып табылады. Ирригациялық және мелиорациялық жұмыстарсыз бұл жазық егіншілікпен айналысуға қолайсыз, оның кейбір жерлері шөлді дала болып келсе, ал басқа жерлері шыбын-шіркейге толы ну қамыс құрақтар өсетін сазды, батпақты жерлер болып келеді.

Төменгі Месопотамия шегінде Евфрат бірнеше арнаға бөлінген, олардың ішінде ең маңыздылары – батыс немесе Евфраттың өз арнасы және шығыс – Итурунгаль арнасы болды.

Басты арналардың әрқайсысынан б.з.д. IV мыңжылдықта бірнеше кіші каналдар жүргізілді. Оның үстіне бөгеттер мен су қоймалары жүйесінің көмегімен олардың әрқайсысында су жинақталып, керек уақытысында алқаптарға жіберіліп отырылды. Осының арқасында астықтың шығымдылығы артып, өнімді жинау, қорға қалдыру мүмкіндігі туды. Бұның өзі өз кезегінде еңбектің екінші ұлы бөлінісіне, яғни мамандандырылған қол-өнердің пайда болуына, сонымен бірге таптық жіктелуге, атап айтқанда бір жағынан, құл иеленушілер табының қалыптасуына, ал екінші жағынан, олардың әртүрлі категориядағы тәуелді адамдарды кеңінен қанау мүмкіндігіне жол ашты. Бұл тұста

айта кететін жағдай, каналдарды қазу және оларды тазалауға байланысты ең ауыр жұмыстарды негізінен құлдар емес, міндеткерлік ретінде қауымдастар атқарды: әрбір ересек ерікті адам бұл жұмыстарға орта есеппен жылына 1-2 ай уақытын жұмсады. Негізгі ауылшаруашылық жұмыстарында, яғни жер жырту және егін егумен де ерікті қауымдастар айналысты. Тек мемлекеттік қызметтегі, билік басындағы шонжарлар ғана бұл міндеткерліктерді атқаруға тікелей қатыспады.

Археологтардың Төменгі Месопотамиядағы жүргізген жаппай зерттеулері жергілікті мелиоративті – ирригациялық жүйелердің жетілдірілуімен қатар үлкен отбасылық қауымдардың ұсақ-ұсақ бытырап жатқан қоныстарының тұрғындары номның орталығына қарай жинақталып қоныстануы процесі жүргенін көрсетеді. Мұнда бастапқыда орталықтарда астық сақталатын бай қоймалары мен шеберханалары бар басты храмдар орналасатын еді. Храмдар номдағы артық қорды жинау орталықтары болды, осы жерден храм басқармасының тапсырмасымен алыс елдерге сауда қызметкерлері – тамкарлар жіберіліп отырылды, олар Төменгі Месопотамияның астығы мен матасын ағашқа, металға, құлдар мен күндерге айырбастап отырды. Б.з.д. III мыңжылдықтың екінші ширегінде басты храм айналасындағы халық тығыз қоныстанған аймақ дуалдармен қоршала бастайды. Б.з.д. 3000-2900 жж. храм шаруашылықтары барынша күрделі әрі ауқымды болып кетуіне байланысты, олардың шаруашылық қызметін есепке алып отыру қажеттігі туындайды. Осыған байланысты жазу пайда болды.

## **2. Жазудың ойлап табылуы.**

### **Ерте жазба дәуірі**

Төменгі Месопотамияда алғашқы жазу ауқымды фишкалар (дөңгелек белгілер) немесе суреттер жүйесі түрінде пайда болды. Суреттер саздан жасалған жұмсақ кесектерге (плиталарға) салынатын. Әрбір белгі-сурет не бейнеленген заттың өзін немесе онымен байланысты басқа сөзді білдіретін. Алайда көп кешікпей ребуска негізделген жазу енгізіле бастайды: мыс.: гена (жүруші) сөзі: тасты білдіретін На сөзінің алдына аяқтың суретін салу



арқылы гена сөзі жазылды. Осыдан тек 400 жыл өткеннен кейін ғана, яғни б.з.д. 2400 жылы белгілер арқылы ымдау (ишаралау) түріндегі жүйеден хабарды уақыт пен арақашықтықта берудің реттелген жүйесіне өту іске асты.

Осы уақытта балшыққа фигураларды бейнелеу өте қиын болғандықтан белгілер бірте-бірте түзу сызықшаларға айнала бастады. Оның үстіне, әрбір сызық балшыққа түзу таяқтың ұшымен түсірілгендіктен, қысымның әсерінен сына түріне ие болды. Сына жазуында әрбір белгі бірнеше сөз мағынасын беруі мүмкін еді.

Енді Төменгі Месопотамия өркениетін қандай халық жасады деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Бұл халық қай тілде сөйледі? Анағұрлым кейінірек дәуірге жататын сына жазулы жазбалардың тілін зерттегенде бұл жазбаларда аталған кісі аттарына қарап Төменгі Месопотамия тұрғындары сол кездердің өзінде бір-бірінен мүлдем бөлек екі тілде – шумер және шығыс семит тілдерінде сөйлегендігін көрсетті. Шумер тілі қазіргі тілдердің бірде-біріне туыс болып есептелмейді. Ал шығыс семит тілі афроазиялық тіл тобының семиттік бұтағына жатады.

Ал ең ежелгі Месопотамия жазба мәтіндеріне (б.з.д. 2900-2500 жж. аралығы) келсек, олар шумер тілінде жазылғандығы даусыз. Алайда, бұл шығыс семиттер Төменгі Месопотамияда шумерлермен қатар немесе одан да бұрын өмір сүргенін жоққа шығару деген сөз емес. Оңтүстікте шумерлер, орталық пен солтүстікте семиттер мекендеген деп көрсетуге болады.

Қолда бар деректерге қарағанда, осыншама бір-бірінен алшак тілдерде сөйлеген адамдар арасында этникалық қайшылықтар мен дұшпандық көзқарастар болмаған. Ол кездерде адамдар ұлттық ерекшеліктеріне қарап оқшаулану дегенді білмеген болуы керек. Тек ұсақ бірліктер – тайпалар, номдар, территориялық қауымдар арасында текетірестер орын алып отырған. Төменгі Месопотамияның барлық тұрғындары өздерін “қара бастылар” (шумерше “санг-нгига”, аккадша цальмат-каккади) деп атады.

Месопотамия тарихын археологтар бірнеше дәуірлерге бөледі: 1) Ерте жазба дәуірі – б.з.д. 2900-2750 жж.; 2) Ерте әулеттік дәуір – б.з.д. 2750-2310 жж.

Ерте жазба дәуірінен бізге дейін 3 мұрағат жеткен: оның екеуі Төменгі Месопотамияның оңтүстігіндегі Урук қаласынан, ал үшіншісі солтүстігіндегі Джемдет-Наср қаласынан табылды. Айта кететін жағдай, бұл кезеңде қолданылған жазу жүйесі өзінің ауқымдылығына, қолайсыздығына қарамастан Төменгі Месопотамияның оңтүстігінде де, солтүстігінде де бірдей таралды. Мұның өзі бұл жазу бір орталықта жасалғандығын көрсетеді. Осы орталықта жасалған жаңалық Төменгі Месопотамияның барлық номдық қауымдарына, олардың арасында экономикалық та, саяси да біртұтастықтың болмауына қарамастан таралуы бұл орталықтың аса беделді болғандығын айғақтайды. Бұл орталық – Төменгі Евфрат жазығының оңтүстігі мен солтүстігі аралығында орналасқан Ниппур қаласы болуы керек. Осы жерде барлық “қара бастылар” табынатын Энлиль құдайының храмы орналасты, әрбір номның өз мифологиясы мен құдайлары болуына қарамастан, олардың бәрі де осы ортақ құдайға табынатын еді. Ниппур ешқашан саяси орталық болмаған, бірақ маңызды діни орталық қызметін ұзақ уақыт атқарды. Деректерге қарағанда храм шаруашылығында көптеген маманданған қолөнершілер, тұтқын құлдар мен күндер жұмыс істеген. Сонымен бірге қауым өз жерінің үлкен бөлігін негізгі храм қызметшілеріне – абыз-сәуегейге, сотқа, жоғарғы абыз-әйелге, сауда агенттерінің бастығына бөліп отырған. Алайда ең көп жер эн деп аталатын бас абызға берілді.

Эн жоғарғы құдай ретінде әйел-құдайға табыну орын алған қауымдарда жоғарғы абыз қызметін атқарды, ол қауымның кеңесін басқарды. Ал жоғарғы құдай ер-құдай болған қауымдарда эн-абыз әйелі болды, өйткені бұл қауымдарда жоғарғы абыз өз жерінің құнарлылығын арттыру үшін қажетті құдаймен қасиетті некеге тұру рәсімін атқаратын болған.

### 3. Ерте әулеттік дәуір

Б.з.д. III мыңжылдық аяғында шумерлер қарапайым тарихтың түрін – «Патшалар тізімін» жасады. Онда дүние жаратылғаннан бері Месопотамияның әртүрлі қалаларында билік құрған патшалар рет-ретімен аталған.

Бір қалада бірінен кейін бірі билік құрған патшалар шартты түрде бір әулетті құрған. Іс жүзінде бұл тізімге тарихи тұлғалармен бірге мифтік персонаждар да енген, оның үстіне аталған билеушілердің көпшілігі әлі де патша дәрежесінде болмаған: олар жоғары абыз (эн) немесе “үлкен адамдар” (яғни лугаль – көсем-қолбасшылар) немесе абыз-құрылысшы (энси) болды. Тізімде көрсетілген жекелеген әулеттің билік құрған уақыты шындыққа өте сирек сәйкес келеді.

Патшалар тізімі мен археологиялық дәуірлеу бойынша ерте әулеттің өзі үш кезеңге бөлінеді.

I-кезеңде (б.з.д. 28-27 ғғ.) билік құрған Киш әулетінің патшасы – Эн-Менбарагеси Шумердің алғашқы мемлекеттік қайраткері болған. Ол туралы бізге тек патша тізімі ғана емес, оның өз жазбалары да көрсетеді. Ол Эламмен, яғни Шумердің көршісі, Карун және Керхе өзендері аңғарындағы қалалармен соғысады. Сонымен бірге оның ұлы – Агганың да шын мәнінде өмір сүрген тарихи тұлға болғандығы күмәнсіз. Ол өзіне оңтүстік Урукты бағындыруға тырысқан. Уруктың ақсақалдар кеңесі бұған келісуге дайын болған еді, алайда қауымның халық жиналысы көсем-абыз (эн) Гильгамешті көсем-қолбасшы (лугаль) етіп жариялай отырып, қарсылық көрсету туралы шешім қабылдады. Агганың Урукты қоршауға алуы сәтсіз болды да, нәтижеде Киш Гильгамешке бағынуға мәжбүр болды.

Кейіннен Гильгамеш шумер эпикалық әндерінің, ал одан кейін аккад тілінде құрастырылған «Гильгамеш туралы жыр» деп аталатын ұлы эпикалық дастанның қаһарманына айналды. Эпос оның маңызды ерлік үлгілері ретінде Урук қаласының дуалын тұрғызуын және бал қарағай ағашы үшін биік тауға сапарын көрсетеді.

Гильгамештен Ерте әулеттік дәуірдің екінші кезеңі (б.з.д. 27-26 ғғ.) басталады. Бұл дәуірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары жөнінде Шуруппак қаласынан табылған мұрағат көп мәліметтер береді.

Бұл құжаттардан көретініміздей Шуруппак территориялық қауымы (ном) Урук басқарған қауымдардың әскери одағына кірген. Шуруппак жауынгерлерінің бір бөлігі одақтың әртүрлі қалаларына орналастырылды, бірақ Урук лугальдары

қауымдардың ішкі ісіне араласпаған. Храмның шаруашылығы территориялық қауым жерінен және ондағы үлкен отбасылардың жеке шаруашылықтарынан толықтай бөлектенді, алайда храмның қауыммен байланысы әлі де болса айтарлықтай болды. Мысалы, территориялық қауым әртүрлі қиындықтар болып қалғанда, ауыр күндері храмға жүк тасымалдауда (есектермен) көмектесіп отырған, мүмкін өз мүшелерінің еңбегі арқылы да көмектесіп отырған болуы мүмкін, ал храм шаруашылығы халық жиналысы кезінде болатын дәстүрлі тойды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған. Шуруппак номының билеушісі – энси болған, ол аса маңызды қызмет болып есептелмеген, оған салыстырмалы түрде кішкентай ғана жер үлесі берілген. Ақсақалдар кеңесі мен кейбір абыздар одан маңыздырақ болған тәрізді. Жыл санау энсидің билік құрған жылдарымен есептелген жоқ.

Храм шаруашылығында әртүрлі әлеуметтік жағдайдағы қол-өнершілер, малшылар мен егіншілер еңбек еткен. Олардың қолында өндіріс құрал-жабдықтары болмады және экономикадан тыс жолдармен қаналды. Олардың бірқатары басқа қауымдардан қашып келгендер, кейбіреулері – тұтқындардың ұрпақтары болды.

Б.з.д. III мыңжылдықтың ортасына қарай өз номдарының ақсақалдар кеңесіне толық саяси тәуелді болған әскери және діни көсемдермен (лугаль, эн және энси) қатар жаңа бір тұлға – лугаль-гегемон бой көтере бастады. Мұндай лугаль өзіне шын берілген адамдарға және жасаққа сүйенді, оларды лугаль-гегемон ақсақалдар кеңесімен ақылдаспай-ақ өзі асырай алды, осындай жасақтың көмегімен ол басқа номдарды жаулап алып отырды және осылайша таза номдық ұйым болған жекелеген кеңестерден жоғары тұрды. Лугаль-гегемон елдің солтүстігінде Киштің лугали атағын, ал елдің оңтүстігінде бүкіл елдің лугали атағын алды. Бұл атаққа ие болу үшін Ниппур құдайының храмы мойындауы тиіс болды.

Номдық қауымдық өзін-өзі басқару органдарынан тәуелсіздік алу үшін лугальдарға дербес қаражат көздері, ең алдымен жер қажет болды, өйткені өз жақтастарына жер үлестерінен беру азық-түліктен немесе басқа да заттай паек түрлеріне қарағанда анағұрлым ыңғайлы болды. Қаражат та, жер де храмдарда еді, сондықтан да лугальдар храмдарды өз қолына алуға тырысты.

Бұл жоғарғы абыз әйелдерге үйлену арқылы немесе кеңесті өзін бірден-ақ қолбасшы және жоғарғы абыз етіп сайлауға көндіру арқылы іске асты, бұған қоса, храмдағы әкімшілік басқаруды қауымдық ақсақалдардың қолынан алып, өзіне тікелей тәуелді адамдарға тапсырды.

Уруктың I әулетін ауыстырған Урдың I әулетінің билеушілері – Месанепад пен оның мұрагерлері анағұрлым бай лугальдар болды. Олардың байлығы храм жерін басып алуға ғана негізделген жоқ, сонымен бірге саудаға да негізделді.

Урдың I әулетінен бастап Ерте әулеттік дәуірдің соңғы кезеңі (б.з.д. 25-24 ғғ.) басталады. Төменгі Месопотамияда Ур қаласынан басқа да тәуелсіз номдық қауымдар болды. Олардың кейбіреуін Ур лугалінен кем емес гегемондыққа ұмтылған лугальдар басқарды. Олардың бәрі бір-бірімен үнемі қақтығысып отырды – бұл жағдай дәуірдің сипатты белгісі болды. Олар құнарлы жер бөліктері, каналдар, және байлық үшін күресті. Мемлекеттің ішінде Төменгі Месопотамияның солтүстігінде Киш, ал оңтүстігінде Лагаш номының билеушілері гегемонияға ұмтылды. Лагаш Евфраттың И-Нина-гене тармағында орналасты. Астанасы – Гирсу қаласы болды.

Лагаштан Төменгі Месопотамияның басқа қалаларына қарағанда көбірек құжаттар мен жазбалар сақталып жеткен. Әйел құдайы – Бабаның храмдық шаруашылығының мұрағаты әсіресе маңызды. Бұл мұрағаттан білетініміз храм жері 3 категорияға бөлінген: 1) храмның өз жері – ниг-эна, оны храм егіншілері өңдеді, ал одан түскен табыстың бір бөлігі шаруашылық қызметкерлеріне (персоналына) бөлініп берілді, алайда ол негізінен құрбандыққа шалу, резервтік және айырбастау қорын құрды; 2) учаскелерден тұратын үлестік жер, бұл учаскелер храм қызметкерлерінің бір бөлігіне – ұсақ әкімшілік жүргізушілерге, қолөнершілер мен егіншілерге берілді, кейде үлестік жер бір топ адамға берілді, мұндай жағдайда жұмыскерлердің бір бөлігі өз бастығының тәуелді адамы болды, үлестік жер оны ұстаушылардың жекеменшігі болған жоқ, ол тек қызметкерлердің күн көрістік көзі ғана болды, егер әкімшілікке қажет болса, ол үлесті алып қоя алды, храмдағы тоқымашылықпен, жіп иірумен және малға қараумен айналысатын күндерге, сондай-ақ барлық

қара жұмыспен айналысушы ер адамдарға натуралды түрдегі паек қана берілді, олар іс жүзінде құлдық жағдайда өмір сүрді, алайда күндердің балалары кейіннен жұмыскерлердің басқа категорияларына өте алды; 3) сыбағаластық жер, бұл жерді храмдар айтарлықтай жеңіл шарттармен жерге зәру барлық адамдарға беріп отырды, мұндай жерден түскен пайданың белгілі-бір бөлігін оны ұстаушы кісі храмға беріп отыруға тиіс болды.

Бұдан басқа, храмнан тыс үлкен отбасылық қауым жерлері болды, бұл жерлерде құл еңбегі өте сирек қаналды.

Номдық мемлекеттің ірі қызмет адамдары, соның ішінде абыздар мен билеушінің өзі де өз қызметіне орай айтарлықтай жер иеліктеріне ие болып отырды. Бұл жерлерде дәл храм жерлеріндегідей тәуелді адамдар жұмыс істеді. Мұндай жерлер мемлекеттік қорға жататын, бұл қызмет адамдары уақытша пайдаланылатын жер болды ма, әлде олардың жекеменшігі болды ма, ол жағы анық емес. Бұл лагаштықтардың өзіне де белгісіз болған тәрізді. Жекеменшік жер уақытша иеліктегі жерден ең алдымен, оны өз қалауынша пайдалану, яғни сату, сыйға тарату, мұраға қалдыру құқығымен ерекшеленеді. Алайда жерді толықтай сату ұғымы ежелгі месопотамдықтардың түсініктеріне мүлдем жат болған, ауқатты, шонжар адамдарда өз жерін сатуға деген мұқтаждық болмаған, керісінше мұндай мұқтаждық кейде кедей қауымдастарда болып қалатын (өз қарыздарынан құтылу үшін). Бірақ мұндай сату-сатып алу келісімдері толық сипатқа ие бола қоймаған. Кейде билеуші біреудің жерін өзіне беруге мәжбүр етіп отырды. Қоғамның таптық антогонистік құрылымын толықтай көрсететін меншік қатынастары б.з.д. III мыңжылдықта Төменгі Месопотамияда әлі де болса жеткілікті дәрежеде анық формаларға ие болмаған болуы керек. Қоғам басқаның еңбегін қанауға мүмкіндігі бар ауқатты топқа, әлі де болса қанауға ұшырамаған, бірақ өзі де басқаның еңбегін қанамайтын еңбекшілер тобына және еңбек құралдарына меншік құқығынан айырылған және экономикадан тыс қанауға ұшырап отырған адамдар табына ажыратылды. Соңғылардың қатарына үлкен шаруашылықтарға бекітілген қаналушы тәуелді жұмыскерлер және патриархалды құлдар кірді.

Бұл мәліметтердің бәрі бізге негізінен Лагаштан жеткен, бірақ осыған ұқсас жағдай Төменгі Месопотамияның басқа да номдарында да болды деуге негіз бар.

Лагаш билеушілері Төменгі Месопотамиядағы гегемонияға жетуді армандады, алайда елдің орталығында үстемдік ету жолында оған көршісі Умма қаласы кедергі жасады, оның үстіне Уммамен бірнеше ұрпақтардан бері екі қаланың орталығындағы құнарлы аудандар үшін қанды қақтығыстар жүріп келе жатқан болатын. Лагаш билеушілері энси титулына ие болды, ал лугаль атағын ақсақалдар кеңесі мен халық жиналысынан уақытша ғана – маңызды әскери жорық кезінде немесе басқа да маңызды шаралар кезінде ерекше құқықтарымен бірге алып отырды.

Лагаштың осындай уақытша лугаль атағын алған билеушісі Эанатум б.з.д. 2400 ж. шамасында Уммань толықтай өзіне қаратады. Бұдан кейін ол басқа да номдармен табысты соғыстар жүргізе отырып, ақырында Киш лугальі атағына ие болды. Алайда оның мұрагерлері басқа номдарға гегемониясын ұстап тұра алмады. Біраз уақыт өткеннен кейін Лагаштағы билікті Энентарзи деген біреу қолына алады. Ол Нингирсу атты жергілікті номдық құдайдың жоғарғы абызының ұлы еді, сондықтан да ол жоғарғы абыз қызметін де өз қолына алды. Лагаштың энсиі болып алғаннан кейін ол мемлекеттік жерлерді Нингирсу құдайы храмының жерімен, сондай-ақ оның әйелі – Баба әйел-құдайыны храмының жерлерімен біріктірді. Сөйтіп билеушінің қолында Лагаштың барлық жерінің жартысынан көбі шоғырланды. Көптеген абыздар қызметінен алынды, ал храм жерлерін басқару билеушінің қызметшілеріне өтті. Билеушінің адамдары ұсақ абыздар мен храмға тәуелді топтардан әртүрлі алым-салықтар жинай бастады. Сонымен бір уақытта қауымдастардың да жағдайы нашарлап кеткен тәрізді, олар шонжарларға қарызға түсіп, өз балаларын сатып отырғандығы жөнінде деректерде мәліметтер кездеседі. Бұл жағдайлардың себептері бұлдыр: мүмкін мемлекеттік аппараттың өсуімен байланысты алым-салықтардың артуы, қоғамның әлеуметтік және экономикалық жіктелуі нәтижесінде жер және басқа да ресурстарды бөлудегі бұрынғы салыстырмалы түрдегі теңдіктің жойылуы және осыған байланысты тұқым мен құрал-жабдықтар сатып алу үшін несиеге деген мұқтаждық т.б. – өйткені айналымдағы металл (күміс, мыс) өте аз болды.

Осының бәрі Лагаш халқының әртүрлі топтарының наразылығын туғызды. Энтеарзидің мұрагері Лугальанда биліктен қуылып, оның орнына халық жиналысы Урунимгинаны (Урукагина, б.з.д. 2318-2310 жж.) сайлады. Билік құруының екінші жылы ол лугаль құзыретіне ие болып, реформа жүргізді. Реформа жөнінде Урунимгинаның бұйрығымен жазбаға түсірілді. Ол Шумердегі алғашқы реформа жасаушы болмаған тәрізді. Мұндай реформалар бұдан бұрын да аракидік жүргізіліп отырылған. Реформаның мәні, Нингирсу, Баба және т.б. құдайлардың жерлері билеуші отбасының меншігінен қайта алынып, дәстүрге қайшы келіп отырған алым-салықтарға тиым салынды және билеушінің басқа да шектен тыс әрекеттері тоқтатылды, төменгі абыздардың және храм шаруашылығындағы тәуелді адамдардың жоғарғы бөліктерінің жағдайы түзетілді, қарыз келісімдері жойылды. Алайда реформа айтарлықтай нәтижелер бере қоймаған тәрізді, көп жағдайда ол тек сөз жүзінде ғана қалып қойды. Оның үстіне, Урунимгина көршілес Уммамен соғыс бастап кетті. Бұл соғыс Лагаш үшін ауыр салдарларға алып келді, ұзаққа созылған соғыс Лагаштың құлауымен аяқталды. Умма мен Лагаш арасындағы б.з.д. 2312 жылғы соғыста Умmanın билеушісі Лугальзагеси Лагашты талқандайды. Бұдан кейін Лугальзагеси Кишти жеңіп, Киш лугали атағын алады.

Жеңіске жеткен Умmanın да ғұмыры ұзақ болмады. Бұл Ежелгі Месопотамия тарихының шумерлік кезеңінің аяғы еді. Бұдан кейін аймақта территориялық мемлекеттер тарихы басталады.

#### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Қосөзеннің табиғи жағдайының ерекшеліктері қандай?
2. Ирригациялық жүйенің қалыптасуы қай кезеңге жатады?
3. Ерте жазба дәуірінде орын алған жағдайлар.
4. Ерте әулеттік дәуірдің кезеңдерін көрсетіңіз.



## МЕСОПОТАМИЯДАҒЫ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ ӨТУ

### 1. Саргон мемлекеті

Төменгі Месопотамияның бүкіл оңтүстік бөлігін (Шумер) дерлік өзіне бағындырған Лугальзагеси алайда біртұтас мемлекет құруға тырысқан жоқ. Шумер номдарының храмдық және қауымдық шонжарларының дәстүрлі жоғарғы топтарына сүйене отырып, ол жергілікті ақсақалдар қолынан жергілікті абыз немесе билеуші титулын алумен ғана шектелді. Өз жауларымен күресті де ол аяғына дейін жеткізген жоқ. Мысалы, Кишти жеңгенімен, ол Киш лугалінің көзін жойған жоқ, Лагашты талқандағанмен, Уру-инимгинаны биліктен аластата алмады. Лугальзагеси тұсындағы Шумер Гильгамеш пен Агга тұсындағы номдардың әскери одағына ұқсас жағдайда болды.

Алайда Лугальзагесиге жаңа, мүлдем күтпеген қарсыласпен қақтығысуға тура келді. Тарих ғылымында шартты түрде Саргон Ежелгі деген атқа ие болған кісі еді. Ол Төменгі Месопотамияның солтүстік бөлігінің шығыс семит тілінде сөйлейтін халқынан шыққан, осы тілде ол өзін Шаррум-кен деп атады, яғни “нағыз патша” деген ұғымды білдіреді. Ғалымдардың тұжырымы бойынша Шаррум-кен оның өз есімі болмаған, осы атты өзін патша деп жариялағаннан кейін алған. Кейінірекке жататын ерте шығыс аңыздары Саргон Ежелгінің шығу тегі ақсүйек болмағанын көрсетеді. Ол бағбан әрі су тасушының асырап алған баласы болған, кейінірек Киш лугалінің жеке малайы болады, ал Кишти Лугальзагеси талқандағаннан кейін өзінің кішігірім патшалығын құрады.

Саргон өз тағдырын қандай да болмасын қауымдық және номдық дәстүрлермен байланыстырмайды, ол бұрын мүлде белгісіз болған кішкентай ғана қала Аккадты көтереді. Өлі күнге дейін археологтар қаланың орнын тапқан жоқ, алайда ол Месопотамия тарихында үлкен рөл атқарды. Саргоннан кейін көп уақыт өте келе Төменгі Месопотамияның бүкіл солтүстік бөлігі Аккад

деп атала бастады, ал сол уақыттан бастап шығыс семит тілі аккад тілі деп аталып кетті.

Дәстүрлі номдарда тірегі жоқ, храмдармен және шонжарлармен байланысты болмаған Саргон ерікті халық жасағына сүйенген болса керек.

Лагашта Уруинимгина төңкерісіне алып келген оқиғалар көрсеткеніндей қоғамда әлеуметтік қайшылықтар шиеленісіп тұрған болатын, сондықтан да Саргонды төмендегілер қолдаған болуы керек. Қауымдастардың ең кедей бөліктері барған сайын күшейіп отырған номдық шонжарларды әлсіретуге мүдделі болды, ал Саргон әскерінде қызмет ету төменгі топтардың әлеуметтік және мүліктік жағдайының жақсаруына жағдай туғызды. Осындай төменгі топтарға сүйене отырып, Саргон елді біріктіру жолындағы күресін бастап кетті. Бұл бағыттағы әрекетін өз билігін бүкіл Жоғарғы Месопотамияға орнатудан бастайды, бұл арада ол Жерорта теңізіне дейінгі жерлерді өзіне қаратады, бұдан кейін Лугальзагесиге дипломатиялық неке арқылы жақындасуды ұсынады, алайда бұған Лугальзагеси келіспейді. Осыдан кейін Саргон әскери қимылдарға көшіп, өз қарсыласын тез арада-ақ талқандайды. Саргон аз уақыт ішінде Төменгі Месопотамияның барлық маңызды қалаларын басып алады. Сонымен Саргонға Жерорта теңізінен Парсы шығанағына дейінгі бүкіл Месопотамия территориясы қарайды. Кейінірек оның әскерлері Кіші Азия мен Эламға да жорықтар жасайды.

Саргон тұсында (Саргонның билік құрған жылдары – б.з.д. 2316-2261 жж.) номдардың әрқайсысы өз ішкі құрылымын сақтайды. Бірақ жекелеген энсилер енді іс жүзінде патша алдында жауапты шенеуніктерге айналып қалды. Олардың қолында патшаға тәуелді храм шаруашылығын басқару шоғырланды. Әлі де болса сақталып қалған ном ақсүйектерін Саргон және оның мұрагерлері өз сарайында бекзадалар ретінде іс жүзінде кепілдікте ұстады.

Саргон тұрақты әскер ұстады, сонымен бірге өзінің жеке жасағына да сүйенді. Сондықтан да храм жерінен үлес ұстап отырған жасақты қажет етпегендіктен, таратып жіберді. Жалпы алғанда Саргон әулетінің патшалары жұмыскерлерді натуралды паекпен (азық-түлікпен) қамтамасыз етумен шектеліп,

мемлекеттік шаруашылық қызметкерлеріне үлес берудің көлемін қысқартты. Бұл жұмыскерлерді қанау мөлшерін өсірді.

Саргон бүкіл ел көлемінде бірыңғай аудан, салмақ және т.б. бірліктерді енгізді, ол құрғақтағы жолдар мен су жолдарының жағдайына көңіл бөліп, олардың қалыпты жұмысына қамқорлық жасап отырды, аңызға сенсек, Саргонның тұсында Мелаха (Үндістан) кемелері өзен бойымен Аккадқа дейін келіп отырған. Алайда сауданың гүлденуі ұзаққа созылмады.

Бастапқыда Саргонға қолдау көрсеткен қатардағы қауымдастар оның саясатынан көп пайда көрген жоқ. Жергілікті жерде халық жиналыстары өтіп тұрды, бірақ іс жүзінде ықпалынан айрыла бастады. Жалпы мемлекет істерімен орталықтандырылған бюрократиялық аппарат айналысты.

Сондықтан да Саргонның өзі тұсында және оның мұрагерлері тұсында халық көтерілістері жиі болып тұрды, алайда олар қатыгездікпен басып-жаншылды. Осы жерде айта кететін жағдай, бұл кезде де ерте әулеттік дәуірдегідей этникалық негіздегі қақтығыстар болған жоқ. Негізінен алғанда, Аккад әулетін оған дейін және одан кейінгі шумер әулеттеріне қарама-қарсы семиттік әулет деп атайды. Алайда Саргон тұсында және оның мұрагерлері тұсында да шумер тілі жазу мен ресми іс жүргізу тілі болып қала берді, ал аккад тілі екінші дәрежелі тіл ретінде шумер тілімен қатар қолданылды.

Аккад патшалығы Саргонның немересі Нарам-Суэн тұсында (б.з.д. 2236-2200 жж.) қуатының ең бір шарықтау шегіне жетті. Ол Киште орын алған халық көтерілісін қатыгездікпен баса отырып, жаңа жаулап алу жорықтарына аттанады. Нарам-Суэн ірі сауда орталығы – Эбланы талқандап, Жерорта теңізіне тіке шығатын жолды өз қолына алады. Оның тұсында Иранның батыс тау жоталарына жорықтар жалғасты. Нарам-Суэн тұсында Месопотамияда алғаш рет патшаны құдайға айналдыруға талпыныс жасалады. Алайда Саргонидтер қалыптастырған деспотиялық билік орнықты болмады. Ескі ақсүйек шонжарлар әлсіретіліп, жартылай қырылғанына қарамастан құдайға айналдырылған деспоттың билігіне наразы абыздар сақталып қалған еді. Сондай-ақ өз үлестерінен айырылып қалған қауымдастардың қарсылығы күшейе түсті.

Б.з.д. XXII ғ. басында ішкі қайшылықтармен әлсіреп қалған Аккад патшалығын шығыстан, Иран қыраттарынан келген кутийлер талқандады. Жаулаушылардың саны аз болды және әлі де айтарлықтай дәрежеде ру-тайпалық ұйымын сақтаған еді. Сондықтан да, әлеуметтік-экономикалық жағынан өзінен анағұрлым дамыған елді өз билігінде ұстап тұру үшін олар елдің кейбір қалаларымен одақ іздей бастайды.

Кутийлердің басты тірегі – шумерлік Лагаш болды, ол Уруинимгинаның талқандалуынан кейін қайта көтеріліп, оңтүстік Қосөзенде басымдыққа жеткен еді.

Б.з.д. XXII ғ. екінші жартысында Лагашта кутийлердің жоғарғы билігін мойындаған Гудеа атты энси билік құрды. Гудеаның саясатына дәстүрлі номдық энси саясаты белгілерін Аккад әулеті тұсында үстем болған принциптермен ұштастыру тән болды. Ол мемлекет билеушісінің храм жеріне меншік құқығынан толық түрде бас тартты, бұнысымен ол Саргон әулеті емес, Уруинимгинаның дәстүрін жалғастырды. Алайда ол жекелеген құдайлардың көптеген храмдық шаруашылық жүйесіне оралмады, олардың бәрін бір жалпы мемлекеттік Нингирсу құдайының храмдық шаруашылығына топтастырды. Бұл шаруашылықтың жұмыскерлерін Гудеа Саргонидтер тұсындағыдай пәскпен асырады. Гудеа белсенді түрде құрылыс жүргізуімен белгілі болды, ол жаңа, алып Нингирсу храмын тұрғызуға қаражатты аямай төкті және бұл үшін халыққа жаңа салық енгізіп, міндеткерліктердің жаңа түрлерін жүктеді. Сонымен бірге Гудеа тұсында бүкіл Лагаштық ақсақалдар кеңесі айрықша зор рөл атқарғаны туралы мәліметтер сақталған, атап айтқанда, ақсақалдар кеңесі іс жүзінде билеушіні сайлап отырған.

Кутийлерден Гудеа үлкен мөлшерде алым беру арқылы құтылып, іс жүзінде бүкіл Төменгі Месопотамияны өз билігінде ұстады. Алайда Гудеаның мұрагерлері әулеттің бұл саяси жағдайын ұстап қала алмады, Лагаштың қуаты күн санап кеми берді.

## 2. Урдың III әулеті

Гудеа қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай, аңыз бойынша балық кептіргіштің ұлы – Утухенгаль кутийлерге қарсы жаппай халық көтерілісін бастап, кутийлер елден біржолата қуылды, алайда Утухенгальдің өте сәтті басталған патшалық құруы ұзаққа созылмады: жаңадан соғылып жатқан каналды бақылап жүрген кезінде оның астындағы топырақ құлап суға батып қайтыс болады. Билік оның қызметтес серігі Ур-Наммуға өтті, ол өз астанасы ретінде Ур қаласын таңдады. Жаңа мемлекет ресми түрде Шумер мен Аккад патшалығы деп аталатын болды, барлық жазбалар мен кеңсе мәтіндері шумер тілінде жазылғанымен, шумер ауызекі тілі бұл кезде бірте-бірте қолданыстан шыға бастады, оның орнын аккад тілі басты. Ур-Намму негізін қалаған әулет ғылымда III Ур әулеті деп аталады.

Ур-Намму (2111-2094) және әсіресе оның ұлы Шульги (2093-2046) нағыз ежелгі шығыстық бюрократиялық мемлекет құрды. Көп ұзамай бүкіл Төменгі және Жоғарғы Месопотамияның айтарлықтай бөлігін және сондай-ақ Тигрдің шығысындағы жерлерді біріктірген “Шумер мен Аккад патшалығындағы” барлық храмдық және патшалық шаруашылықтар біртұтас ортақ мемлекеттік шаруашылыққа біріктірілді. Ондағы барлық жұмыскер ер (илоттар) адамдар – гуруштар (жігіттер), ал жұмыскер әйелдер – нгеме, яғни күндер деп аталды. Олардың барлығы – егіншілер, жүк тасушылар, малшылар, балықшылар отрядтарына біріктіріліп, таңның атысынан күннің батысына дейін демалыссыз жұмыс істеді. Бұлардың барлығы стандартты паекпен күн көрді, әрбір ер адам күніне 1,5 л, әйел адам 0,75 л сұлы, сондай-ақ біраз өсімдік майы және жүн алып отырды. Кез келген отряд немесе оның бір бөлігі басқа жұмысқа немесе басқа қалаға еркінен тыс ауыстырыла беретін. Жасөспірімдер де жұмысқа тартылды. Алайда оларға тұрақты түрде берілетін паектар еш жерде көрсетілмеген, әйелдер өзіне берілген паектің бір бөлігін бөліп беріп отырған болуы керек.

Кәсіби қолөнершілер, әкімшіліктегі қызметкерлер мен жауынгерлер де көп жағдайда паекпен өмір сүрген тәрізді. Әрине, олардың паек көлемі әлдеқайда жоғары боп, мемлекеттік

шаруашылық әкімшілігі қызмет үлестерін беруге ынталы болмады. Еңбекті ұйымдастырудың мұндай жүйесі бақылау мен есеп жүргізуге көп күш жұмсауды талап етті. Есеп барынша қатал түрде жүргізілді, барлығы жазбаша түрде есепке алынды, әрбір құжатта жұмысқа жауаптының және бақылаушының мөрі тұруы тиіс болды.

Астық пен қолөнер бұйымдары сарай мен әскерді асырауға, храмдағы құрбан шалуларға, қызметкерлерді асырауға және сонымен бірге мемлекеттік сауда агенттері – тамкарлар арқылы жүргізілетін халықаралық саудаға жіберіліп отырды. Алайда бұл дәуірде сауда гүлденді деп айта алмаймыз. Түскен пайданың аса көп бөлігін тамкарлар әкімшілікке беріп отыруға тиіс болғандықтан, өз ісіне мүдделі бола қойған жоқ.

Тек мемлекеттік егіншілік қана емес, мал шаруашылығы да орталықтандырылды. Мал шаруашылығы, негізінен құдайларға құрбан шалу үшін, ал кейде тері илеу және ірімшік өндірісі үшін өнім берді. Храмдарды құрбандық малдарымен қамтамасыз ету округтар бойынша салғырт түрінде жүргізілді. Әрбір округ кезекпен белгілі бір мерзім ішінде храмды қамтамасыз етуге тиіс болды. Мемлекеттің орталығына оның барлық түкпірлерінен мыңдаған мал бастары Ниппурдағы Энлиль храмы үшін айдап әкелініп тұрды. Бұл салықтың өзіндік бір түрі болды.

Бүкіл ел округтарға бөлінді, олар бұрынғы номдарға сәйкес келуі де, оған сәйкес келмеуі де мүмкін еді. Олардың басында энсилер отырды, бірақ ендігі жағдайда олар жай ғана шенеуніктер болды, оларды патша әкімшілігі өз қалауынша бір округтен екінші округке ауыстыра салатын еді. Соған қарамастан энсидің жағдайы аса табысты болды, олар өз шаруашылығында құлдарды көптеп ұстады, алайда егін ору кезінде немесе ирригациялық жұмыстар кезінде бұл құлдар мемлекеттік шаруашылыққа көмектесуге тиіс болды.

Деспотиялық мемлекет қандай әлеуметтік топқа сүйенді? Бүкіл ел көлемінде біртұтас патшалық шаруашылықты ұйымдастыру, жоғарыда айтылып кеткендей, әкімшілік қызметкерлердің үлкен мөлшерін талап етті. Атап айтқанда бақылаушылар, есепшілер, отряд бастықтары, шеберхана бастықтары, басқарушылар, сондай-ақ көптеген маман қолөнершілер еді. Аккад және Кутий

кезеңдерінде кедейленіп кеткен қауымдастар бұндай қызметтерге ие болуға тырысып отырды, өйткені бұл қызмет оларды өмірлікке азық-түлікпен және басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етті. Бізге дейін жеткен III Ур әулетінің сот істері құжаты көрсететіндей, ең төменгі персоналдардың шаруашылығының өзінде патриархалды құлдар болған, яғни бұл адамдардың гуруштар мен нгемамалардың еңбегімен жасалған қосымша өнімнен алатын табысының айтарлықтай көлемде болғанын көрсетеді, бұл олардың мүліктік жағдайын едәуір көтерді. Сондықтан да үстем таптың құрамына ұсақ бақылаушылар, шенеуніктер, кәсіби қолөнершілер де кіріп, олар әскер, абыздар және әкімшілікпен бірге әулеттің саяси тірегің құрды.

Айта кететін жағдай жеке құлдардың, яғни құл иеленуші отбасының толық құқылы емес мүшелерінің жағдайы илот-гуруштердің жағдайынан жеңіл болды. Олардың әлі де болса бірқатар құқықтары болды (мыс.: сотта сөз алу құқығы – олар құл иелеріне қарсы да сөйлей алатын еді, құлдардың өздерінің құлдық жағдайынан құтылуға тырысқан сот істерінің көптеген хаттамалары сақталған. Алайда бізге белгілі барлық жағдайларда да бұл істер сәтсіз аяқталып отырған.

III Ур әулеті Аккад әулеті тәрізді жүз жылдан аса өмір сүрді. Б.з.д. II мыңжылдықтың ең басында ол бір уақытта батыс пен шығыстан жаулаушылықпен келген батыс семиттік аморей тайпалары және эламдық басқыншылардың тегеурінімен ыдырады.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Саргон мемлекетінің әлеуметтік тірегі қандай?
2. Уруинимгина реформасының мәні неде?
3. III Ур әулеті мемлекетінің сипаты қандай?

## МЕСОПОТАМИЯ ТАРИХЫНЫҢ КӨНЕ ВАВИЛОНДЫҚ ДӘУІРІ

### 1. Көне Вавилон қоғамы

Урдың III әулетінің құлауымен Қосөзен аймағы қайтадан бірқатар ұсақ мемлекеттік құрылымдарға ыдырайды. Оңтүстікте орталығы – Ларса болған элам әулетінің патшалығы, солтүстікте амарей әулеттерінің билігіндегі бірнеше патшалықтар – Исин, Эшнунна, Ашшур және Мари т.б. қалыптасты.

III Ур әулетінің құлауынан Месопотамияны касситтер жаулап алғанға дейінгі (XX-XVII ғғ.) дәуір тарихнамада Көне Вавилон дәуірі деп аталады. Осы кезде Вавилон алғаш рет Қосөзеннің басқа қалаларынан көтеріліп, бүкіл Төменгі және Жоғарғы Месопотамияның бір бөлігін біріктірген мемлекеттің астанасына айналды. Бұл бірігу тек бір ұрпақтың өміріндей ғана уақытқа созылғанына қарамастан ол халық жадында ұзақ уақыт сақталып қалды. Вавилон аккад тілі мен сына жазулы мәдениеттің өмір сүру дәуірінің өн бойында елдің дәстүрлі орталығы болып қалды.

Бұл дәуірде де, бұған дейінгі дәуірдегідей Месопотамия «қалалар елі» деп аталды. Бұл қалалар Тигр мен Евфраттың жағалауларында, ірі каналдардың қиылысқан жерлерінде шашырап орналасты. Бұл қалалардың ауданы – 2,4 шаршы шақырым болды, оларда бірнеше ондаған мың халық тұрды. Қаланың орталығында патшаның және билеушінің сарайы және мемлекеттік, әдетте храмдық кешен орналасты. Қаланың басқа бөлігінде қалалықтар үйлері және басқа да құрылыстар орналас-ты, ал олардың арасында ұсақ құдайлардың кішігірім храмдары болды. Үйлер бір-біріне тығыз орналасып, ені 1,5-3 м болатын көшелерді құрады. Қалалықтардың көпшілігінің мүліктік жағдайы мен өмір сүру деңгейі бірдей дерлік болды.

Қалалықтардың үй шаруашылығы, әдетте, тұрғын үйден және ешқандай құрылыс салынбаған, бос жер учаскесінен тұрды. Жекелеген үйлердің көлемі 35-70 шаршы шақырым аралығында болды. Көршілерді бір-бірінен дуалдар бөліп тұрды, бұл дуалдың



бұзылмай сақталуына көршілердің өздері жауапты болып отырды. Көптеген қалалықтардың тағы бір мүлкінің түрі – құрма баулары болды. Мұндай баулар қалалардың шетінде немесе манайдағы ауылдарда болды. Баудың көлемі көбіне 1 га-дан аспады. Негізгі жұмысы мемлекетке қызмет ету немесе қолөнер болған қалалықтар көбіне бау өсірумен өздері айналысқан жоқ, олар өз жер телімдерін жалға беріп отырды. Олар түскен өнімнің бір бөлігін аренда ақысы ретінде алып отырды.

Қалалықтардың да, ауыл тұрғындарының да негізгі азығы сұлы болды. Бүкіл ел халқының әл-ауқаты сұлының шығымдылығына тәуелді болды. Мемлекеттік шаруашылықпен байланысты қалалықтар өз қызметі үшін алған үлесінен басқа, село қауымының мүшесі ретінде қауымнан да жер үлесін ұстай алатын еді. Осы екі типтегі жер үлестерінен басқа кейбір қалалықтарда ірі жер иеліктері де болды, алайда олардың қайдан шыққаны жөнінде жеткілікті деректер жоқ. Мүмкін ірі шенеуніктерге немесе патшаға жақын кейбір жеке тұлғаларға берілетін патша сыйлықтары шығар. Бау-бақшалар сияқты алқаптарды да қалалықтар көбіне өздері өндеген жоқ, олар бұл жерлерді село тұрғындарына жалға беріп отырды. Жертелімдері жалға тұрақты ақыға немесе өнімнің бір бөлігі, көбіне 3/1 бөлігі үшін берілді.

Қалалықтардың көпшілігі мал ұстамады, сондықтан құлдары да аз болды. Құлдардың көпшілігі шетжерліктер еді, олар жергілікті жауынгерлерге тұтқынға түскендер немесе саудагерлер басқа елдерден сатып алып әкеліп отырды, соңғылардың да шығу тегі сол соғыс тұтқындары еді. Көпшілік жағдайда құлдар отбасының басқа да мүшелерімен тең дәрежеде, олар атқарған жұмыстарды атқарды және құқықтық жағдайы бойынша отағасының патриархалды билігіне бағынған отбасының кіші балаларына жақын жағдайда болды.

Осылайша, қалалықтың өзін және өзінің отбасын асырауға мүмкіндік беретін дүниесі – шағын тұрғын үйі және оған қызметі үшін берілетін кішігірім жер учаскесі, кейде оған азғантай ғана құрма алқабы қосылып отырды.

Қалалықтар табысының тағы бір көзі қызметі үшін натуралды түрде берілетін паяздар еді: храм мен сарай кейбір өз қызметкерлеріне жер үлесін берген жоқ, оларға азық-түлік, басқа

да өнімдер – астық, жүн, өсімдік майы, кейде аз мөлшерде күміс беріп отырды. Бұдан басқа храм мерекесі кезінде айтарлықтай мөлшерде азық-түлік таратылды.

Ірі және ұсақ қалалардан басқа, Месопотамия территориясында, көне Вавилон дәуірінде көптеген кішігірім ауыл қоныстары болды, олар әдетте өзендер мен каналдар жағалауында орналасып, қалаларды бір-бірімен қосып жатты. Мұндай қоныстардағы құрылыстар бірнеше гектар жерді алып жатты, онда күйдірілмеген кірпіштен немесе қамыстан өріліп, батпақпен сыланған тұрғын үйлер орналасты. Олардың халқы 50-ден бірнеше жүз адамға дейін болуы мүмкін еді, халықтың негізгі жұмысы – егіншілік болды. Тұрғындар бір немесе бірнеше қоныстарды біріктірген территориялық қауымдар құрып отырды. Басты ауыл шаруашылық дақылы – сұлы болды. Одан басқа құрма, пияз, бұршақ тұқымдастар егілді. Мұндай қоныстардың барлық өмірін тұрғындардың өзі неғұрлым сыйлы, бай отбасыларының қатарынан сайлап отыратын ақсақалдар кеңесі басқарды, кеңестің басында әдетте, патшаның өзі тағайындап отыратын қауым басшысы тұрды. Кейбір қауымдар мемлекетке салықты натуралды түрде өтеді, ал кейбіреулерінде суғармалы жердің бір бөлігі мемлекеттік шаруашылыққа беріліп отырылды. Бұл жерлерді патша өз шенеуніктеріне қызметі үшін таратып берді немесе бұл жерлерге оның қамқорлығына қашып келген кедей-кепшіктерді отырғызып, олардан түскен өнімнің бір бөлігі алынды.

Ұсақ шаруашылықтардың көпшілігінің басты міндеті ұдайы өндіріс болды, олардың тауарлылығы өте төмен болды, соған карамастан әрбір шаруашылық өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуы қажет болды. Мұндай жағдайда негізгі төлем құралы ретінде күміс жүрді. Барлық заттың күміспен өлшенетін бағасы бар еді. Алайда қалалықтардың көпшілігінде, сондай-ақ селолықтардың ешбірінде дерлік күміс тіпті болған жоқ, күміс негізінен саудамен айналысатын адамдарда ғана болды. Ал күмістің басым бөлігі мемлекеттің қолында (сарайлар мен храмдарда) жинақталды, мемлекет оны қызметкерлеріне ақы ретінде бөліп беріп отырды.

Күмістің өте аз мөлшерде болуы және оның тек аз ғана топтың, яғни саудагерлер мен храм және сарай шаруашылығындағы қызметкерлердің қолында шоғырлануы жағдайында күміске де-

ген сұраныстың табиғи салдары – *несиенің* дамуы болды. Алған қарызды күміспен өтеу тағы да ауқаттылардың ғана қолынан келетін болғандықтан, көпшілік отбасылар қарыз алу үшін өзі мен өз отбасының мүшелерін немесе өзінің жылжымайтын мүлкін кепілдікке өткізді. Мұндай сипаттағы келісімшарттар уақытша ғана болды және белгіленген уақыт өткеннен кейін шарттың күші жойылып отырды.

Месопотамияның көпшілік тұрғындарының мүліктік жағдайы осындай еді, яғни олардың табыстары шектеулі болды, бірақ азды-көпті болса да, тұрақты түрде табыс тауып отырды. Осы бұқараның үстінен мемлекеттік және феодалдық шаруашылықтар немесе қауымда ең жоғарғы қызметтерде болған отбасылар тұрды. Бұл отбасылардың көптеген жер иеліктері болды, олардан түсіп тұрған табыс ондаған мың литр астық және айтарлықтай қой отарларымен өлшенді. Мұндай имениелердегі барлық жұмыс арендаторлардың, жалдамалы жұмысшылардың және құлдардың еңбегімен атқарылды.

Қоғамның ең төменгі бөлігін кедейлер құрады, олардың қатарына белгілі бір табиғи немесе әлеуметтік апаттардың салдарынан кедейленіп кеткен қала және село тұрғындары, шет жерлерден келіп қоныстанушылар жатты. Сандық жағынан алғанда, бейбіт кезеңде орта топпен салыстырғанда байлар мен кедейлер өте аз болды, бірақ олар қоғамның дамуына және әлеуметтік өмірге айтарлықтай ықпал етіп отырды.

Халықтың басым бөлігінің қарапайым мүліктік жағдайы мен табыстары олардың тұтынуының да қарапайым болуын анықтады. Көне Вавилон дәуірінде Месопотамияда мемлекеттік және жеке шаруашылықта да адамның өмір сүруі үшін қажет тұтыну деңгейінің анықталған мөлшері болды. Ересек ер адамның күнкөріс мөлшері – күніне 1,5 л сұлы (немесе жылына 550 л) жеткілікті деп саналды, одан басқа жыл бойы ол 1,5, – 3 л өсімдік майын, 1,5 кг жүн тұтынылды, яғни бұл бір көйлекке кететін шикізат. Ал әйел адамның күн көрісіне сұлының жарты мөлшері жеткілікті деп есептелді, ал май мен жүн ер адаммен бірдей мөлшерде тұтынылды. Етті халықтың көпшілігі пайдаланған жоқ, ол тек храм мерекелерінде, құрбандыққа шалынған малдың еті түрінде ғана қолданылды.

Сословиелік жағынан қоғам қандай да бір қауымға мүше болуы негізінде толық құқылы азаматтарға (авилиум), ешқандай жылжымайтын меншігі жоқ, бірақ мемлекеттен қызметі үшін шартты түрде жер үлесін алып отырған, шектеулі заңдық және саяси құқықтарға ие адамдарға (мушкенум) және өз қожаларының меншігі болған құлдарға (вардум) бөлінді. Сарай мен храм шон-жарлары авилиумдарға жатты.

Қалалар мен селолық қоныстар өздерінің өңдейтін жерлерімен Месопотамия жазығының тар ғана территорияларын алып жатты, оны екі жағынан жайылымдар қоршайтын, бұл жерлерде үнемі бір-бірімен жауласып отырған батыс семит-аморей көшпелі малшылары мекендеді. Жыл сайын белгілі бір маусымда малшылар отырықшы ауданға баса-көктеп кіріп отырған. Далалы аймақта жазда шөп күйіп кетіп және бастаулар кеуіп қалғанда, немесе қыста малдың азығы таусылып қалғанда, суық желден ықтайтын жер таппағанда малшылар отырықшы аудандарға келіп отырған. Отырықшы халық пен малшылар көптеген әртүрлі экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлар арқылы бір-бірімен байланысып жатты. Экономикалық өмірде қой шаруашылығы өнімдері мен егіншілік өнімдері арасындағы айырбас маңызды рөл атқарды.

Көшпелі мал шаруашылығы Месопотамия қоғамының әлеуметтік дамуына да айтарлықтай ықпал етіп отырды. Тұрақты факторлардың бірі малшы тайпалардың бір бөлігінің отырықшылыққа бірте-бірте өтіп отыруы болды. Малшы тайпалардың ең байлары өздерінің малдарының басы жайылымдардың мүмкіндігінен асып кеткен кезде отырықшылыққа өтіп, жер иелерінің, әскери қолбасшылардың және қала элитасының құрамын толықтырып отырған. Ал олардың ең кедей бөліктері мал басының мөлшері отбасын асырау үшін жеткіліксіз болып қалған кезде отырықшылыққа өтіп, храм немесе мемлекеттік шаруашылыққа кіріп өз отбасыларын асыраған, сөйтіп Месопотамияның ең кедей, тәуелді топтарының қатарын толықтырып отырған. Мұның өзі әлеуметтік жіктелісті одан әрі күшейтті.

Малшы тайпалардың Месопотамияның саяси өміріне ықпалы одан да гөрі маңызды болды. Оның тарихының өн бойында малшылардың жыл сайынғы бейбіт миграциялары,

орталықтандырылған мемлекет біраз әлсіреп қалған кездерде, үнемі жаулаушылықтарға ұласып отырған. Мұндай процесс біз қарастырып отырған дәуірде де орын алып отырды.

## 2. Саяси тарихы

III Ур әулеті құлағаннан кейін бүкіл дерлік Қосөзенді біріктірген алып орталықтандырылған мемлекет ыдырап, оның әкімшілік аппараты талқандалды. Ур елінің орталығы рөлінен айырылып қалды, бұл орынға бірқатар ежелгі және жаңа қалалар таласа бастады.

Көне Вавилон дәуіріндегі Месопотамияның саяси дамуының басты сипатты белгісі тайпалар мен тайпа бірлестіктері арасындағы күрес болды. Батыс семит тайпалары Қосөзенге ежелден-ақ ене бастаған болатын. Олар Месопотамияда шумерлермен қатар қоныстанып, бірте-бірте жергілікті халықты ассимиляциялап, жұтып қойып отырды. Бұл процесс баяу, көп жағдайда бейбіт жолмен жүрген болуы керек. Сонымен бірге келімсектер өте күшті шумер мәдениетінің ықпалына түсіп қана қойған жоқ, бұған қоса, олар бірте-бірте бұл мәдениетті өз дәстүрлері ретінде қабылдап, оны ары қарай дамытып, жалғастыруға тырысып отырды. Көне Вавилон дәуіріне қарай Месопотамиядағы тікелей шумер халқының үлес салмағы (этникалық жағынан) көп болмаған тәрізді, бірақ шумер тілі, шумерлік шаруашылық, саяси және мәдени дәстүрлер айтарлықтай дәрежеде саналы түрде қорғалып, қолдау көрсетіліп отырылды. Шумер тілі бұл уақытта күнделікті өмірде іс жүзінде қолданылған жоқ, оны толықтай шартты түрде аккад тілі деп аталатын шығыс семит тілінің бірі ауыстырған болатын. Алайда іскерлік жазбалардың айтарлықтай бөлігі, әсіресе елдің оңтүстігінде әлі де шумер тілінде жазылды немесе шумер және аккад тілдері аралас қолданылды.

Месопотамия халқының негізгі бұқарасын әртүрлі семит тілді тайпалардың өкілдері құрды. Көне Вавилон дәуіріне тән саяси құрылым орталығы қала болған тайпа немесе тайпа бірлестігі болды. Осындай саяси құрылым қала-мемлекетке ұқсас болды. Тайпа орталықтары, әдетте, саяси өмірде бұрыннан қалыптасқан дәстүрі жоқ кішігірім қалалар болған. Осындай қалалардың

бірқатары жергілікті әулеттердің орталығына айнала отырып, дәл осы Көневавилон дәуірінде Месопотамияның саяси арена-сына шыққан еді. Керісінше кезінде шумер қала мемлекеттерінің орталығы болған ескі қалалар бұл кезде ешқандай саяси рөл атқармады.

Б.з.д. 1900-1850 жж. Месопотамияда аморей әулеттері бас-қарған бірқатар мемлекеттер қалыптасты. Бұл әулеттердің саяси мұраты III Ур әулеті мемлекеті болды және олар өздерін оның заңды мұрагері ретінде көрсетуге тырысып, Ур патшаларының титулдарын қабылдап отырды. Іс жүзінде мұндай билеушілердің билігі әлсіз болды және олар тәуелсіздігін күшейіп шыққан көршісі басып алғанға дейін ғана сақтап отырды. Осындай өзара қырқыс соғыстардың барысында кейбір аморей әулеттері құлдырап, олардың патшалары қайтадан тайпа көсемі дәрежесіне түсіп қалып отырды, ал кейбіреуі керісінше, көтеріліп, Месопотамия территориясының көп бөлігін өз билігіне қаратты. Көне Вавилон дәуіріндегі Месопотамияның айтарлықтай маңызды мемлекеттік құрылымдарының орталықтары – Иссин, Урук, Эш-нунна, Мари, Ларса, Вавилон болды. Солтүстік Месопотамияда аморей көсемі Илахкабабухудың ұлы I Шамши-Адад (1813-1781) солтүстікте Ашшурды, оңтүстікте орта Евфратта орналасқан Мариді біріктірген мемлекет құрады. Ол өз ұлдарының көмегімен ескі номдық мекемелерді жойып, олардың орнына өзіндік бір әскери округтар құру арқылы орталықтандырылған мемлекет қалыптастыруға тырысты. I Шамши-Адад өз билігінде тек дөрекі күшке ғана сүйеніп, елшілік пен үгіт-насихатты билік тәсілдері ретінде мойындамады. Мұның өзі оның негізгі қателігі болған еді, сондықтан да Шамши-Ададтың державасы оның негізін қалаушының өмір сүру уақытымен ғана шектелді.

### **3. Вавилонның әлеуметтік-экономикалық дамуы**

I Вавилон әулетінің патшалары Ларса мен Уруктың алғашқы билеушілері тәрізді аморейлердің құдіретті Амнанум тайпасының көсемдерінен шықты. Иссиннің ерте жазба деректерінің бірінде Хаммурапидің арғы атасы Дадбанаяның

қайтыс болғаны маңызды бір оқиға ретінде көрсетілген. Бұл уақытта Хаммурапидің ата-бабалары Вавилонда патшалық құрмаған еді, бірақ сол кездің өзінде-ақ бұл әулет Месопотамияда үлкен саяси рөл атқарған болуы керек. I Вавилон әулетінің негізін қалаушы Дадбанайяның ұлы Сумуабум (1894-1881) болды. Хаммурапи осы әулеттің алтыншы, ең атақты патшасы болды (1792-1750). Ол таққа өте жас кезінде, өзінің әкесі – Синмубаллит қайтыс болғаннан кейін отырды. Тақтың мұрагері болған кезінің өзінде-ақ Хаммурапи мемлекеттік істерге белсене араласып, маңызды әкімшілік міндеттерді атқарған. Хаммурапи мұраланған мемлекеттің ауқымы, орналасқан жері мен оның әскери қуаты оны Вавилониядағы ең қуатты патшалардың біріне айналдырды.

Хаммурапидің өз ата-бабаларынан мұраланған саяси қызметінің маңызды бағыты Евфрат суын бөлуге бақылау орнатуды қолға алу болды. Мұндай саясат міндетті түрде Евфрат өзенінің қолайсыздау төменгі жерінде орналасқан Ларса патшалығымен қақтығысуына алып келді. Осы бағыттағы алғашқы қадамдарын Хаммурапи өз билігінің ең алғашқы жылында-ақ жасаған еді. Дәл сол жылы Ларса патшасы – Рим-Син Ларса мен Вавилония арасындағы буферлік қызмет атқарып тұрған Иссинді жаулап алады. Хаммурапи бірден-ақ Ур мен Иссинді тартып алғысы келді, бірақ ол жерде тұрақтай алмағандықтан өз әскери әрекетін солтүстікке және шығысқа бағыттады. Мұнан кейінгі 20 жыл ішінде Месопотамияның аса маңызды қалалары – Мари, Ашшур, Эшнунна, Вавилон және Ларса арасында тікелей әскери қақтығыстар болған жоқ, алайда жанама түрде одақтас іздеу, коалиция құру, шекаралық бекіністерді нығайту бағытында белсенді саясат жүргізіліп жатты. Оның есесіне Хаммурапи билігінің кейінгі 14 жылы үздіксіз соғыстарға толы болды. 1764 жылы Хаммурапи Тигрден шығысқа қарай жатқан, аса маңызды металл өндірісі бар Иран территориясына өзін өткізбеуге тырысқан басты күштер – Ашшур, Эшнунна мен Элам одағын талқандады. 1763 ж. Хаммурапи Ларсаға қарсы әскери қимылдарын бастады, бұл жорыққа көптен бері астыртын түрде дайындық жүріп жатқан болатын. Бұл жорықта ол, кезінде әкесі қолданған стратегияны ұтымды пайдаланды. Хаммурапи Ларсаны сумен қамтамасыз етіп тұрған басты канал суын плотинамен бөгеп, оны кейін тосыннан

ашып жіберу арқылы Ларсаны топан сумен басып тастағысы келді немесе жай ғана өмір сүрудің негізгі көзі болған суды жібермей қоюды ойластырған болуы керек. Рим-Синнің соңғы тірегі – Ларса қаласын қоршау бірнеше айға созылып, ақыры Хаммурапидің жеңісімен аяқталды. Ларсаны талқандағаннан кейін Хаммурапи өз мемлекетінің шығыс шектеріндегі соғыс қимылдарына тартылды. Вавилоннан 500 шақырым жерде орналасқан, Вавилонның адал одақтасы – Мари қаласына қарсы соғыстың себебі бізге беймәлім. Бұл тағы да сол баяғы су көзіне бақылау орнату жолындағы соғыс, немесе Маридің қолынан маңызды сауда жолдарының қиылысына бақылауды тартып алу жолындағы соғыс болуы мүмкін. Екі жыл өткеннен кейін Хаммурапи тағы да өз әскерін шығысқа аттандырды, осы әскери жорық кезінде Эшнуннаны толықтай талқандады. Бұл жеңіс те ескі әдіспен, яғни су көздерін жауып тастау жолымен іске асқан болуы керек. Алайда осы жеңістің нәтижесінде Хаммурапи Вавилониядан шығыс халықтарын бөліп тұрған соңғы бөгетті жойған еді. Бұл халықтардың ішінде 160 жыл өткеннен кейін Вавилонияны жаулап алған касситтер де бар еді.

#### **4. Қоғамдық дамудың жаңа белгілері. Көне Вавилон дәуірінің аяғы**

Ондаған жылдар бойы жүргізілген соғыстар елдің шаруашылық өмірін барынша қиратты. Месопотамия өркениетінің негізі – барынша қырағылықпен көңіл бөлуді және оның қалыпты жұмысын ұстап тұру үшін үздіксіз еңбекті талап ететін суғармалы жүйе құлдырауға ұшырады. Бір кездері жақсы өнім берген жер тұз басып, құнарсызданып кетті. Осының бәрі мемлекеттік шаруашылыққа да, жеке шаруашылықтарға да кері ықпалын тигізді. Алайда соңғылары қарапайым түрде ұйымдастырылған бола отырып, жеңіл түрде қайта жанданып жатты, ал енді III Ур әулеті құлағаннан кейін ыдырап кеткен мемлекеттік шаруашылық басқаруын жаңа билеушілер қайта қалпына келтіргісі келмеді және оны қалпына келтіруге мүмкіндіктері де болмады. Оларға бұған дейін толықтай мемлекет қолында болған жерлерді, колөнер шеберханалары мен сауда мекемелерін жеке адамдарға



бөліп беру оңайға түсті. Олар бұл жерлердің толық иесі болмаса да, онда жеке шаруашылық жүргізе бастады. Сауда мен қолөнердің айтарлықтай бөлігі жеке адамдардың бақылауына өтті, керек болса абыз қызметтерін бөлудің өзі мемлекеттік билік функциясынан сауданың, жеке келісімдер мен мұраға қалдырудың объектісіне айналды. Алым-салықтардың көпшілік түрлері де жекелеген кісілерге откупқа берілген болуы керек. Халықаралық сауда елдегі тынышсыз жағдайға қарамастан бұл кезде бұрынғыға қарағанда табысты түрде дамыды, өйткені жеке саудагерге жергілікті патшаға немесе көсемге төлем беру арқылы құтылу жеңілге түсті. Ал III Ур әулеті кезінде бүкіл Месопотамия территориясында сауданы қатаң түрде реттеу мен шектеу орын алып, мұның өзі жекелеген саудагерлердің баюына еш мүмкіндік қалдырмаған еді.

Тауарлы өндіріс дамуының мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі болып, айналымдағы қолма-қол ақша (күміс) өте аз кезде, халықтың көпшілігінің өмір сүруінің негізін құрған ауыл шаруашылығының өнімділігі мардымсыз болған кезде жеке шаруашылық секторының өсуі ұсақ шаруашылықтардың тез-ақ несие берушіге тәуелділікке түсіп қалуына алып келді. Сондықтан да қарастырып отырған уақытта өсімқорлық кең етек алды, несие келісімдері қаржы салудың ең тиімді түрлерінің біріне айналды, ал өсім, берілген қарыз сомасының 5/1-і немесе тіпті 3/1-іне дейін жетті. Несие берудің ауыр формалары ұсақ шаруашылықтардың кедейленіп кетуіне алып келді. Барлық жерлерде құрма плантацияларын сату сатушының қауымдағы азаматтық құқығынан бас тартуымен барабар еді, сондықтан да мұндай келісімшарттар ең бір тығырыққа тірелген жағдайда ғана өте сирек жасалып отырды, есесіне, қажеттілік алқымнан алғанда өз отбасы мүшелерін уақытша құлдыққа сатты немесе оны несие берушіге кепілге берді. Осы уақытта Месопотамияда алғаш рет жалдамалы еңбек жаппай сипатқа ие болды.

Алайда күшті орталықтандырылған билік жекелеген адамдардың дербестігінің айрықша өсуіне мүдделі емес еді, оның үстіне ол мемлекеттік салықтарды төлеп отырған халықтың айтарлықтай бөлігінің жерінен айырылып, кедейленіп кетуіне де жол бергісі келмеді, өйткені мұның өзі мемлекеттің әскери қуатын

кемітетін еді. Сондықтан да бірігуге және тұрақты мемлекетті құруға деген ұмтылыс іс жүзіне аса бастаған кезден бастап-ақ мемлекет жекелеген азаматтардың дербестігін шектеп, арнайы заңдары мен қаулылары арқылы жерді сатуға және халықтың кедей бөліктерінің құлдыққа түсуіне кедергі жасай бастайды. Патша жарлықтары деген атауға ие болған осындай қаулылар құлдық туралы келісімшарттарды жойып, уақытша құлдықтан босатып, сатылған жерді өз иесіне қайтарды. Алайда несие берушілер бұл қаулыларды орындамаудың барлық жолдарын іздестіріп отырды, егер несие алушы борышкер сот процесін ашуға қаражат таппаса, борышкер өз жерін қайтарып ала алмай да қалатын жағдайлар болып отырды.

Мұндай «жеке секторды» шектеу саясаты Ларсада, б.з.д. XIX ғ. аяғында, Қудурмабуг мемлекеті бүкіл Төменгі Қосөзенді біріктірген күшті мемлекетке айналған кезде жүргізілген еді. Қудурмабугтің екінші ұлы Рим-Син Ларса тағына отырғаннан кейін, жекеменшіктің және тауар-ақша қатынасының дамуын шектеуге бағытталған бірқатар реформалар жүргізіп, мұның өзі Ларсада жеке сауда мен өсімқорлықтың күрт құлдырауына алып келген болатын.

Елдің шаруашылық өмірін мемлекеттік басқарудың одан да бетер күшеюі және жеке шаруашылық қызметін шектеуге беталыс Вавилон патшасы Хаммурапи жүргізген реформаларда көрініс тапты.

Мемлекеттің әкімшілік жүйесі реттеліп, қатаң орталықтандырылғаны соншалық, шаруашылық өмірдің барлық салаларын басқару тізгіні, барлық мәселелерге тікелей араласып отырған патшаның қолында болды. Шаруашылық істеріне тікелей араласуға үлкен мән бере отырып, Хаммурапи жергілікті жерлердегі шенеуніктермен үнемі хат алысып тұрды, көп жағдайда жеке тұлғалар арыз-шағымдарын тікелей патшаның өзіне айтып отырды. Жалпыға бірдей сот ісін енгізген маңызды сот реформасы жүргізілді, ондағы патшаның рөлі күшейді. Барлық деңгейлердегі соттарға, тікелей патшаға бағынатын шенеуніктер қатарынан патша қазылары тағайындалды. Ауқымды шаруашылықтары Месопотамия территорияның айтарлықтай бөлігін алып жатқан III Ур әулеті құлағаннан кейін үлкен дербестікке жеткен храмдар

қайтадан әкімшілік және шаруашылық қатынастарда толықтай патшаға бағындырылды. Қалалық учаскелерден басқа жерді сатуға тиым салынды. Осындай шаралары арқылы мемлекет халықтың кедейленуі мен жерсіз қалуын болдырмауға тырысты. Жекелеген реформалар жүргізуден басқа Хаммурапидің тағы бір маңызды қызметі заңдар жинағын құрастыруы болды.

Хаммурапидің ауқымды әрі аса маңызды реформаторлық және заң шығарушылық қызметі замандастарына үлкен дәрежеде ықпал етіп, ұрпақтарының жадында мәңгі сақталып қалды. Алайда, формасы мен жүргізу тәсілі бойынша жаңашыл болып көрінген бұл шаралардың бәрі де өз мәні бойынша қоғамды жаңартуға емес, натуралды шаруашылық, жерге қауымдық меншік сияқты ескі, дәстүрлі қоғамдық институттарды қолдауға бағытталды, ол қоғамның экономикалық негізін өзгерткен жоқ. Көне Вавилондық Месопотамиядағы өндірістің сипаты мен өндіргіш күштердің даму деңгейі, іс жүзінде, Шумердегідей болып қала берді.

Көне Вавилон дәуіріндегі Месопотамия экономикасына ерте ежелгі дәуір экономикасының көптеген белгілері тән болды. Мұндай сипаттағы қоғамның негізгі әлеуметтік-экономикалық міндеті өндірісті ұлғайту емес, бүкіл жүйені өзгеріссіз, үнемі қайта өндіріп отыру болды. Барлық қоғамдық күштердің, атап айтқанда экономикалық, әлеуметтік, діни күштердің өзара ықпалдастығы осы басты міндетке қол жеткізуге бағытталды. Мұндай қоғамдардың типологиялық жағынан ұқсастығы әрбір жекелеген нұсқаның өзіндік ерекшеліктерінің болуын жоққа шығармайды. Шумерден мұраға қалған көневавилондық Месопотамия экономикасының сипатты белгісі дамыған бөлу жүйесінің болуы еді, бұл – өнімдер мен тауарларының жекелеген түрлерін халықтың жекелеген топтары арасында бөлумен ғана шектелмеді. Ол сонымен бірге қоғамда бар барлық материалдық игіліктерді, соның ішінде қызмет орындары мен жылжымайтын мүлікті де сол қоғамның мүшелері арасында, әрбір жеке тұлғаның мемлекеттің жалпы иерархиялық құрылымында алып отырған жағдайына байланысты бөлуді де қамтыды. Мұндай қоғамда тауар-ақша қатынастары әлсіз дамыды және негізінен сыртқа бағытталды.

Хаммурапи, сөзсіз, Месопотамияның ерте тарихындағы көрнекті қайраткерлердің бірі болды. Оның жеке қасиеттері Вавилонның өрлеуі мен ұзақ уақыт бойы Қосөзеннің үлкен бөлігіне билігін сақтауында аз рөл атқарған жоқ. Алайда III Ур әулетін әлсіреткен күштер Месопотамияда Вавилон мемлекеті құрылғаннан кейін де сақталып қалған еді. Вавилонияның әр түрлі бөліктерінің экономикалық мүдделері түрліше болды, тек үлкен күш-жігердің арқасында ғана Хаммурапи мен оның мұрагерлері біраз уақыт жаулап алынған территорияны өз қолында ұстап тұра алды. Тарихи тұрғыдан Хаммурапи билігінің басты нәтижесі – б.з.д. III мыңжылдықтан бастап оңтүстікте орналасқан Месопотамия тарихының негізгі сахнасы енді солтүстікке ауыстырылды, бұл жағдай кейінгі 1000 жылдан аса уақыт сақталды.

Хаммурапи қайтыс болғаннан кейін ол негізін қалаған мемлекет, өзінің мұрагерлерінің тұсында тағы да 150 жылдан аса уақыт өмір сүруін жалғастырды. Алайда ол бірте-бірте ішкі және сыртқы күштердің соққысымен әлсірей берді. Амореялардың орнын Месопотамияға XVII ғ. бастап-ақ шығыстан, Загросың тау жоталарының орталық ауданынан үнемі шапқыншылық жасап отырған кассит малшы тайпалары басады. Касситтер соққысы, ұзыннан-ұзақ шекараларды күзетудегі қиындықтар, мемлекеттің өсімқорлықты бөгең, қауымдастардың өз жерінен айырылуын тоқтата алмауынан туындаған экономикалық қиындықтар – осының бәрі Вавилонды әлсіретіп, оған бағынған аудандардың бөлінушілік (сепаратистік) ұмтылыстарын күшейтті.

Вавилоннан бірінші болып ханей тайпалары көшіп-қонып жүретін Хабур өзені аңғарындағы Терка қаласы бөлінді, касситтердің үлкен тобы да осы жерге тұрақтаған еді. Бұдан кейін Идамарац пен Ямутбала тайпаларының қолдауымен елдің оңтүстігіндегі қалалар көтерілді. Көтеріліс б.з.д. 1739 ж. басылып тасталды, елдің оңтүстігіндегі көптеген қалалар – Ларса, шумер өркениетінің ежелгі орталықтары, мыңжылдық сына жазулы дәстүр мен мәдениетті сақтаушы – Ур мен Урук қалалары толықтай қиратылып, ұзақ уақытқа қаңырап, бос қалды. Алайда Вавилон оңтүстікті біржолата өзіне қайтара алмады. Парсы шығанағы жағалауында «Теңіз жағалауы әулеті» құрылып, ол 300 жыл дерлік өмір сүрді.

XVII ғ. ортасына қарай Месопотамия территориясындағы ең ірі мемлекет болып қалған Вавилон мемлекетінің жаңа, бұрынғыдан да күшті жаулары пайда болып, оның көлемі айтарлықтай қысқарып қалды. Оңтүстікте Лагаш пен Ур Теңіз жағалауы патшалығының құрамына енді. Жоғарғы Месопотамияда орталығы Терке болған Ханей патшалығы біржолата орнықты, ондағы аккад-аморей әулетін кассит әулеті алмастырды. Мұнда билікке Каштилиаш есімді кассит келді. Осы жерден касситтер кіші-гірім топтармен Месопотамияның барлық аудандарына ене бастады. Олардың көпшілігі маусымдық жұмыстарға жалданды, әскердегі қызметке кірді. Б.з.д. 1595 ж. I Мурсули бастаған хеттер Месопотамияға баса-көктеп кіріп, Вавилон әулетінің соңғы патшасы – Самсудитананы құлатқаннан кейін, касситтер Вавилониядағы патшалық билікті басып алды. Олардың билігі 400 жылдан аса уақытқа созылды.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Месопотамияның саяси-әлеуметтік өміріндегі малшы тайпалардың рөлі қандай?
2. Көне Вавилон дәуіріндегі Месопотамияның әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері?
3. Хаммурапи реформаларының әлеуметтік мәні неде?

*8-тарау*

**Б.з.д. XVI-XI ғғ. МЕСОПОТАМИЯ**

**1. Төменгі Месопотамиядағы Ортававилон дәуірі.  
Касситтік патшалық және Элам**

Месопотамия тарихының Көневавилондық дәуірі б.з.д. 1600 жылдан кейін көп ұзамай касситтер жаулап алуымен аяқталған еді. Кассит тайпаларының бастапқы мекендері Батыс Иранның таулы аудандары – Диялы өзенінің солтүстік-батыс Элам шегіндегі сағалары болды. Олар осы жердің жергілікті, автохтонды халқы болды ма немесе келімсек халық болды ма, ол жағы белгісіз. Және де олардың басқа ежелгі халықтардың қайсысымен

туыстық байланысы бар екендігі де беймәлім. Диялы аңғары бойында касситтер Месопотамияға I Вавилон әулетінің аяғында-ақ шапқыншылықтар жасап тұрған. Кассит тайпаларының бір тобы б.з.д. XVIII ғасырда Солтүстік Месопотамияға дейін еніп, сол жердегі Ханей патшалығында тұрақтап орналасты. Кассит тайпа көсемдері алғашқыда жергілікті билеушілерге қызмет етіп, кейін билікті өздері басып алған болуы керек. Осы тұрғыда олар Вавилонияның касситтік патшалары тізіміне енді, алайда Вавилонияда толықтай патшалық құрудың ауылы алыс еді. Тек б.з.д. 1595 ж. Вавилонды хеттер талқандағаннан кейін ғана ол касситтердің қолына тиді. Вавилонның бізге белгілі алғашқы касситтік патшасы II Агум болды (б.з.д. XVI ғ.). Ол билік құрған территорияға оңтүстік Месопотамия және Тигрдің арғы бетіндегі таулы аудандар кірді.

Шамамен осы уақытта жоғарғы Месопотамия территориясында Хуррит халқы жаңа патшалық – Митанниді құрды. Б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысынан жеткен дерек – «Синхронды тарихтан» көретініміздей II Агумның мұрагері I Бурна-Бурариаш 1510 жыл шамасында Ашшур билеушісімен бейбіт келісімге қол қойған. Демек, касситтік Вавилонияның бұл қала-мемлекетпен ортақ шекарасы болған. Тағы екі ұрпақ өткеннен кейін 1450 жыл шамасында кассит патшасының бауыры Улам-Бурариаш Теңіз жағалауын жаулап алады. Ағасы қайтыс болғаннан кейін ол Вавилония тағына отырып, бүкіл Төменгі Месопотамияны біртұтас мемлекетке қайта біріктіреді. Осы уақыттан бастап кассит патшалары өздерін Вавилон патшасы, Шумер мен Аккад патшасы, касситтер патшасы және Кар-Дуниаш патшасы (Кар-Дуниаш – Төменгі Месопотамияның касситтік атауы) деп атай бастады. Олар Египетпен достық қатынастар орнатты. Ашшурмен қарымқатынас аса күрделі болды. Ашшур билеушілері бірде касситтерге алым төлеушілер, бірде оның жаулары, бірде одақтастары, кейде тіпті туыстары да болып отырды.

Кассит патшасы Аға Куригальзу (б.з.д. XIV ғ. басы) Вавилоннан бөлек патша резиденциясын – Дур-Куригальзу қаласын (Куригальзу қамалы) тұрғызды. Вавилон жалпы мемлекеттік салықтан босатылып, артықшылықтармен иеленетін, өзін-өзі басқаратын қалаға айналды.

Б.з.д. XIV ғ. ортасынан бастап Вавилонияда экономика жандана бастайды. Алайда, бұдан кейін Ашшур билеушісі Вавилониядағы әулеттік алауыздықтарға араласып, екі рет Вавилон тағына өз адамын отырғызады. Вавилонияның одан әрі Ассирияға қарсы күресі сәтсіздікке ұшырап, кассит патшалары Вавилон-Митанни арасындағы саудаға Ассирияның бақылау орнатуымен келісуге мәжбүр болады. Оның есесіне Ассириямен тұрақты бітім жасаған Вавилон патшасы Кіші Куригальзу (1333-1312) Эламмен сәтті соғыс жүргізіп, Сузаны және басқа да қалаларды басып алды. Алайда, бұл тек уақытша табыс болды, көп ұзамай Эламда қайтадан тәуелсіз, қуатты мемлекет құрылады. Бұдан ары қарай саяси жағдай Вавилония пайдасына орай қалыптасқан жоқ. Солтүстікте енді қуатты Ассирия патшалығы өмір сүрді, ол күннен күнге территориясын кеңейте отырып, Вавилонияны сауда жолдарынан кесіп тастау қаупін туғызды. Шығыстан Элам қауіп төндірді. Ең ақырында, батыстан, далалы аймақтан көшпелі тайпалар – арамейлер төніп келді. Осы соңғы жау әсіресе қауіпті болды. Сондықтан да дәстүрлі үш ұлы держава – Египет, Кіші Азиядағы Хетт патшалығы және Вавилония арасында Ассирия мен көшпенділерге қарсы одақ құруға бағытталған талпыныстар жасалды. Алайда мұндай одақ жасалмай қалды. 1225 ж. шамасында Элам патшасы Вавилонияға қарсы ойранды шапқыншылық жасады, көп ұзамай, елге Ассирия патшасы Тукульти-Нинурта басып кірді. Ассириялықтар кассит-вавилон әскерін күл-талқан етіп жеңіп, патша Каштилиашты тұтқындап, Ашшурға алып кетеді. Бұдан кейін Вавилон қиратылып, оның храмдары мен сарайлары тоналады, Мардук құдайының мүсіні Ассирияға әкетіледі.

7 жыл өткеннен кейін вавилондықтар тәуелсіздігін қалпына келтіріп, касситтердің жаңа патшасы – Адад-шум-уцур (1187 ж.) өз кезегінде Ассирияның ішкі істеріне араласуға қол жеткізіп, оның тағына өз адамын отырғызады. XII ғ. ортасында Вавилонияға енді керісінше, бастапқыда ассириялықтар, ал кейін эламиттер жаңа шапқыншылық жасайды. Екіншісінің соққысы әсіресе ауыр болды. 1158 жыл шамасында элам патшасы Шутрук-Наххунте Диялы аңғарына баса-көктеп енеді. Бұдан кейін ол Тигрден өтіп, бірқатар қалаларды басып алып, Төменгі Месопотамияны екіге бөледі.

Кассит патшасы тақтан түсірілді, Вавилония элам наместнигінің билігіне берілді. Месопотамия қалалары қиратылып, тоналды, оған қоса алым-салық салынды. Вавилондықтар қарсылық көрсетуге тырысқанымен, бірақ аяусыз басып тасталды. Тек кейінірек қана, эламдағы ішкі өзара қырқысты пайдаланған, вавилондықтардың жаңа қолбасшысы өзін патша деп жариялайды, алайда ол Иссинді өз астанасы етті (Иссиннің II әулеті). Ең көрнекті өкілі I Новуходоносор болған (1126-1105) бұл әулет тұсында Вавилонияның жаңа қысқа уақытқа ғана созылған көтерілуі басталды. Ол тіпті Ассирияны өзіне қаратып, Эламды талқандады. Алайда бұл жеңістер ұзаққа созылмай, бастапқыда ассириялықтар, ал одан кейін оңтүстік арамей көшпелі тайпалары – халдейлер жаулап алды. Осымен ежелгі дәуірдің алғашқы кезеңі аяқталады.

Касситтік кезеңнен бізге дейін жеткен сол дәуірдегі қоғамдық қатынастарды толық ашып бере алатын құжат – бұл кудурру болып табылды. Ол белгілі бір тұлғаға патша қорынан белгілі бір көлемдегі жер учаскесін сыйға тарту және кейде кейбір алым-салық түрлерінен босату туралы акт. Мұндай жер мәңгілікке сыйға тартылған жоқ, тек уақытша ғана пайдалануға берілді. Оны өз қызметімен қоса мұраға қалдыру патша бекіткен жағдайда ғана іске асты. Алайда бірте-бірте мұндай жер жекеменшік ретінде қарастырыла бастады, оның үстіне патшаның өзі де үнемі болып отыратын мұрагерлік туралы дау-дамайлардан шаршап, жерді “мәңгілікке” бере бастады. Сөйтіп қауымдық жермен қатар, жекеменшік жерлер пайда болды. Алайда, дербес ұсақ шаруашылық жүргізу әлі мүмкін болмағандықтан, меншік иелері жаңа қауымдық құрылымдарға – “үйлер” немесе “бауырластықтарға” бірігуге тырысты. Айтарлықтай жер, сондай-ақ бүтіндей бір селолардан жиналатын салықтар мен міндеткерліктерді өз пайдасына жинау құқығы храмдарға да берілді. Осы жаңа құбылыстардың бәрі өте қымбатқа түсіп отырған әкімшілік аппараты бар аса ауқымды мемлекеттік шаруашылықтың ыдырауымен байланысты болды. Оның орнына салықтар мен міндеткерліктерді бүкіл халықтан жинау үрдісі орнықты. Қауымдастар мен патша жерлерін ұстаушылар арасындағы айырмашылық бірте-бірте жойылып кетті, олардың



екеуі де іс жүзінде бірдей дәрежеде салық салынатын және міндеткерліктер өтейтін жеке қожаларға айналды. Бұл процесс ескі суғармалы жерлерді тұз басып кетуіне байланысты тездетілді, енді бұл жерлерді тастап, патшаның жері деп есептелген жаңа жерлерді игеруге тура келді, жаңа каналдар салу патша салықтары мен міндеткерліктерінің арқасында іске асты. Сонымен бір уақытта қалалар бірінен соң бірі артықшылықтар алып, автономиялы құрылымдарға айналып жатты. Енді қоғамның жаңа бөлінісі пайда болады: бір жағынан артықшылыққа ие, жалпы мемлекеттік салықтар мен міндеткерліктерден босатылған қалалық қауымдардың азаматтары және сондай-ақ осындай құқықтарға ие ірі жер иелері және екінші жағынан, толық құқылы емес, салықтар мен міндеткерліктер өтеуге міндетті, көп жағдайда патша жерінде отырған ауыл халқы. Қоғамның бұл жаңа құрылымының қалыптасуы енді ғана басталған еді, оның толық аяқталып бітуі б.з.д. I мыңжылдыққа жатады.

Ортававилон дәуірінде, жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты патша шаруашылығы іс жүзінде өмір сүруін тоқтатады. Бізге жеткен храм шаруашылығы жөніндегі құжаттардан көретініміздей храмдар да өз жеке шаруашылығын жүргізбеген. Храм мұрағаттары кіріс және шығыс тізімдерінен тұрады. Біріншісінде храмдарға бекітіліп берілген еріксіз “халықтан” (амелуту) түсіп тұрған табыстар жазылған. Храм жұмыскерлері жердің меншік иелері болмағанымен, өз дербес шаруашылығын жүргізіп отырған.

Қарастырылып отырған дәуірдің аяғына қарай тауар-ақша қатынастары қайта жандана бастайды және бір қызығы, бұл кезде бағалардың жалпыға ортақ өлшемі ретінде енді күміс емес, алтын қызмет етті. Мұндай өзгерістің себептері әзірге белгісіз. Іс жүзінде алтынмен ешқашан төлемеген, көбіне астықпен және басқа да тауарлармен, кейде күміспен, мыспен төлейтін, бірақ тауарлардың құны алтынмен есептелді.

Қайтадан өсімқорлық дами бастады, оның салдары ретіндегі қарыз құлдығына енді еш кедергі жасалған жоқ. Осылайша, халықтың ең кедей топтарының жағдайы күрт нашарлап кетті. Сондықтан да тек құлдар мен храмдық илоттар ғана емес, сонымен бірге толық құқылы қауымдастар да өз мекендерінен

қашып, қашқындарға – хапируға айналып отырды. Әр тайпадан жинақталған бұл топтар Загрос тауы етегінде және далалы аймақта қаңғырып жүріп ұсақ малшылықпен, кездейсоқ жалдамалы жұмыспен, тіпті қарақшылықпен де айналысты.

## 2. Митанни және Аррапха

Б.з.д. XVII-XVI ғғ. Жоғарғы Месопотамияда қуатты Митанни мемлекеті құрылады. Бұл мемлекетті құрушы хуррит тайпаларының бірі – маитанналар болуы керек. Хурриттер Армян қыраттарынан (қазіргі Шығыс Түркия), мүмкін бастапқыда Закавказьеден шыққан, алайда б.з.д. III мыңжылдықта-ақ Тигр өзенінің шығысына қарай және солтүстік Месопотамияда, Евфраттан батысқа қарай орналасқан аудандарда, атап айтқанда Солтүстік Сирияда тарала бастады. Бұл жерлерге олар ежелден бейбіт жолмен таралған болатын. Митанни патшалығының негізін салушы кім болғаны әлі күнге белгісіз. I Шуттарна – тек деректерде кездесетін алғашқы патша ғана (XVII ғ. аяғы). Митанни астанасының дәл қай жерде орналасқаны да белгісіз. Митанни патшасы Парратарна Митанни үстемдігін Солтүстік Сирияда Оронт өзеніне дейін орнатса, ал Сауесадатар (б.з.д. XVI ғ. ортасы) Ашшурды бағындырып, ол жерден алтынмен құйылған қақпаны алып кетеді. Ашшурда ол тұрақты елші – іс жүзінде наместник ұстайды. Митаннидің ықпалы Палестинаға дейін тарайды. Сирияға бола Египетпен бірнеше рет қақтығысып қалғаннан кейін, Митанни патшалары Египетпен әулеттік неке-лер арқылы достық қатынастар орнатты. Алайда Душраттаның қайтыс болуынан кейін басталған тақ үшін күрес кезінде Митанни патшалығына Хетт патшасы I Суппилиума аяусыз соққы береді, осыдан кейін ол саяси ықпалынан айырылып қалады да, ал XIII ғ. ортасында оны Ассирия жаулап алады.

Митаннидің әлеуметтік-экономикалық тарихын сипаттайтын жазба деректер сақталмаған. Алайда мұндай құжаттар оның шеткері аймағында орналасқан хуриттік Аррапха патшалығынан өте көп көлемде жеткен. Бұл патшалық Тигрден шығысқа қарай, Ассирияның оңтүстігінде орналасқан. Бұл жерде Митаннидің көптеген жазбашылары (шенеуніктері) саяси қақтығыстар кезінде

қашып келіп, тығылатын болған, соның арқасында Аррапханың көне қоғамында құжаттар мұқият түрде жүргізіліп отырған және олардың көпшілігі бізге дейін жеткен.

Деректерге сүйенсек, Аррапхада, ауылшаруашылығы (қой шаруашылығы, егіншілік) әжептеуір дамыған. Елдің халқы *димту* – «мұнара» деп аталған үлкен отбасылық қауымға біріккен. Бұлай аталу себебі мұндай отбасы алғашында үлкен мұнара – камалда тұрған. Бірнеше димту бірігіп – *алу*, яғни «қонысты» құрған. Қауымдардың бірқатары өндірістің белгілі бір түріне маманданды (тоқымашылар, темір ұсталары, құмырашылар т.б.). Үй қауымы жерінің үштен бірі өзара бөліспеген жайылым мен жеке отбасылар арасында «күшіне қарай» бөлінген жер қорынан тұрды. Әрбір ірі үй қауымының басында патриарх – «қожа» (хурр. *эври*) тұрды. Ол үй құдайлары мен ата-бабалар культінің абызы болды. Бұған қоса ол мемлекет және несие берушілер алдында қауым міндеткерліктері үшін жауап берді, сондықтан да қосымша жер үлесіне құқылы болған сияқты. Айтарлықтай ірі үй қауымдарының бекіністері болған. Бұл бекіністерді патша әскери бөлімшелер ретінде қарастырған. Оларды қоршаған кішігірім қоныстар өз еріктерімен қауым басшысына ант беріп, оның басшылығымен әскери қызмет атқара алған. Үй қауымы басшылары немесе ең беделді өкілдері қоныс кеңесіне кірді. Аррапха патшаларының билігі айтарлықтай шектеулі болған, ол көбіне әскери басшылық жасаумен ғана шектелген. Сарай шаруашылығының өзі патшаның жеке шаруашылығы емес, жалпы мемлекеттік шаруашылық болған тәрізді. Аррапхада мүліктік жіктеліс өте тез жүріп, ең кедей қауымдастардың жерінен айрылып қалуына алып келген. Ресми түрде қауымдық және отбасылық жер бөгіделенбейді деп есептелгенімен, алайда бұл тиымды әртүрлі жолдармен бұзып отырған. Іс жүзінде қауым жерлерін бай несие берушілер жекеменшігіне айналдырып отырған. Аррапханың қарастырылып отырған дәуірдегі қоғамдық дамуын қысқаша осылай сипаттауға болады.

Митанни талқандалғаннан кейін Аррапха дербестігінен айрылып, б.з.д. XIV ғасырдың аяғында Ассирияның қоластына өтеді.

### 3. Ашшур қала-мемлекеті және Ассирия патшалығының пайда болуы

Ассирия мемлекетінің ядросын құрған қалаларда (Ниневия, Ашшур, Арбела және т.б.) XV ғасырға дейін біртұтас саяси, керек болса этникалық та бірлік болмаған сияқты. Бұған қоса, XV ғасырда «Ассирия» түсінігінің өзі болмаған.

Ниневия бастапқыда хуррит қаласы болған тәрізді. Ал Ашшур қаласы болса, оның атауы семит тілінен шыққан және бұл қаланың халқы негізінен аккадтықтар болды. Б.з.д. XVI-XV ғғ. бұл қала-мемлекеттер Митанни патшаларына және касситтік Вавилонияға тәуелді болған, алайда XV ғ. аяғынан бастап-ақ Ашшур билеушілері өздерін тәуелсіз санаған. Ашшур билеушілері мен қаланың жоғары топтары аса бай болды. Олардың байлығының көзі Месопотамияның оңтүстігі мен Загрос, Армян қыраты, Кіші Азия мен Сирия елдері арасындағы делдалдық сауда болды. Б.з.д. II мыңжылдықтағы делдалдық сауданың аса маңызды тауарларының бірі – маталар мен кен болды, ал оның орталықтары – Ашшур, Ниневия және Арбела болды. Осы жерде күміс, қорғасын кендерін тазалау іске асқан болуы мүмкін. Осы орталықтар арқылы Ауғанстаннан қалайы келді.

Ашшур салыстырмалы түрде кішігірім номдық мемлекеттің орталығы болған еді. Ашшур номының билеушісі – *ишшиаку*, яғни шуммерлік энси титулының аккадтық баламасына ие болды, оның билігі іс жүзінде мұралық болды. Ишшиаку абыз, әкімшілік басшысы және әскери көсем қызметтерін қамтыды. Әдетте ол *укуллу* қызметін де қоса атқарды, бұл жоғарғы жер бөлуші және қауымдық кеңестің басшысы дегенді білдіретін еді. Ашшурдағы халық жиналысы туралы мәлімет жоқ. Патша билігінің күшеюімен қауымдық өзін-өзі басқару органдарының маңызы түскен тәрізді.

Ашшур номының территориясы ұсақ қоныстардан – село қауымдарынан тұрды, оның әрқайсысын ақсақалдар кеңесі мен әкім-хазанну басқарды. Жер қауымның меншігі болды және әрдайым отбасылық қауымдар арасында қайта бөліске түсіп тұрды. Осындай семьялық қауымның орталығы бекініс-усадыба – *дунну* болды. Территориялық және отбасылық қауымның мүшелері өз үлесін сата алды, мұндай жер семьялық-қауымдық

жер құрамынан шығарылып, сатып алынған адамның жеке меншігіне айналып қалды. Бірақ селолық қауым мұндай келісім-шарттарға бақылау жасап, сатылған жерді басқа жер телімімен ауыстыра алды. Келісімді сондай-ақ патша бекітуге тиіс еді. Мұның бәрі Ашшурда көршілес Вавилониямен салыстырғанда тауар-ақша қатынастары қарқындырақ дамығандығын көрсетеді. Аз ғана бай отбасылар қолында барлық жер шоғырланып, қауымдық жер қоры барған сайын азая берді. Жаңа пайда болған иение иелері қалаларда тұрды, ал олар үшін қауымдық міндеткерліктерді селолардың тәуелді тұрғындары өтеді. Ашшур енді «қауымдар арасындағы қала» деп аталды, ал оның тұрғындарының артықшылық жағдайы, кейінірек салықтар мен міндеткерліктерден ресми түрде босатылуымен бекітіледі.

Сонымен Ашшур кішігірім, бірақ аса бай мемлекет болды. Байлық оған күшеюге мүмкіндік туғызды, бірақ бұл үшін басты жауларының әлсіреуі қажет еді. Ашшурдың билеуші топтары орталық өкіметті нығайта отырып, бірте-бірте сыртқы экспансияға дайындала бастады. Б.з.д. 1419 және 1411 жж. аралығында митанниліктер қиратқан Ашшурдағы «Жаңа қала» дуалы қалпына келтірілді. Бұған Митанни кедергі жасай алмады және алым төлеуші деп есептелгенімен XIV ғасырдың басынан бастап Ашшур билеушісі өзін патша деп атай бастады, атап айтқанда I Ашшур-Убалит (1365-1330) ең алғаш рет ресми құжаттарда өзін Ассирия патшасы деп көрсетті. Ол Митанниді талқандауға алып келген әскери-саяси оқиғаларға араласып, Митанни иеліктерін бөлісуге қатысты. Ассирия территориясы батысқа және шығысқа қарай үздіксіз кеңеюмен болды. Патша билігінің өсуі қала кеңесі ролінің түсуімен бір мезгілде жүрді. Патша іс жүзінде бірден-бір билеушіге – монархқа айналды. I Адад-Нерари (1307-1275) бұрынғы Ашшур билеушісі титулына қоса «алғаш рет әлем патшасы» титулын алады, яғни ол Ассирия державасының іс жүзіндегі негізін қалаушы болды. Өзінің күшті тұрақты армиясы болды, қажет болған жағдайда оған қауым жасақтары қосылды. I Адад-Нерари касситтік Вавилониямен табысты күрес жүргізіп, Ассирия шекарасын оңтүстікке қарай айтарлықтай жылжитты. I Адад-Нерари сондай-ақ Митанниға қарай екі рет жорық ұйымдастырды, оның екіншісі Митанни

патшасын құлатумен аяқталды, бүкіл Митанни территориясы Ассирияға қосылды. Оның мұрагері I Салманасар тұсында “уру-атри” атты тау халықтарына қарсы соғысты. Бұл кездегі Ассирия жаулаушылықтарының басты мақсаты – халықаралық сауда жолдарына ие болу және баж салығы арқылы байып отыру болды.

Бұдан кейінгі Ассирия патшасы I Тукульти-Нинурта тұсында (1244-1208) Ассирия енді бүкіл Жоғарғы Месопотамияны қамтыған ұлы державаға айналды. Жаңа патша Хетт патшалығы территориясына дейінгі жерлерге басқыншылық жорықтар жасады, бұл жерден ол «8 сарос», яғни 28000 тұтқын хетт әскерлерін әкетті. I Тукульти-Нинурта далалық көшпенділерге қарсы және солтүстік пен шығыстағы таулықтарға қарсы соғысты, атап айтқанда Армян қыратының «43 патшасымен» соғысты. Оның тұсында жыл сайын әскери жорықтар жасалып тұрды. Ол оңтүстікте – касситтік Вавилонияны (1223 ж. шамасы) жаулап алып, оған 7 жылдан аса билік жүргізді. Оның бұл ерлігі жөнінде эпикалық дастан шығарылды, ал Тикульти-Нинурта енді, «Құдіретті патша, Ассирия патшасы, Кар-Дуниаш (Вавилония) патшасы, Шумер мен Аккад патшасы, Дильмун мен Лилахи патшасы (яғни Бахрейн мен Индия), Жоғарғы және Төменгі Теңіз патшасы (Жерорта, Парсы), таулар мен далалар патшасы, шубарейлер патшасы (хурриттер), кутийлер (яғни шығыс таулықтар)» патшасы деген титулға ие болды.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Вавилонды касситтердің жаулап алуы және оның салдары қандай?
2. Миттанидің әлеуметтік-саяси дамуының ерекшеліктері.
3. Ассирия патшалығы қалыптасуының әлеуметтік-саяси жағдайларын көрсетіңіз.

*9-тарау*

## **ЖАҢА АССИРИЯ ДЕРЖАВАСЫ**

Б.з.д. II мыңжылдықтың аяғында Алдыңғы Азияда орын алған бірқатар оқиғалар барлық дерлік «ұлы державалардың» күйреуіне немесе әлсіреуіне алып келді. Ендігі жерде Ассирияға

ешбір дерлік қауіпті бақталас қалмады деуге болады. Сондықтан да ол өзінің ұлы держава құру туралы ежелгі арманын орындауға мүмкіндік туды деп есептеді. Алайда осы уақытта Аравия далаларынан батыс семит көшпелі тайпалары – арамейлер қозғалысқа түсе бастайды. Бұл үлкен және ұсақ тайпалардың, жекелеген отбасы топтарының баяу, бірақ үздіксіз көшуі еді, оны тоқтату мүмкін болмады. Бірте-бірте арамей көсемдері Сирия мен Жоғарғы Месопотамияның кішігірім мемлекеттерінде билікті өз қолдарына алады. Арамейлер жергілікті мәдениетті қабылдап, олардың көпшілігі отырықшылыққа өтеді, алайда олардың тілі барлық жергілікті тілдерді ығыстырып шығарады. Тек кейбір жерлерде ғана кейінгі хеттік және кейінгі хурриттік патшалықтар аралдар түрінде сақталады. Түбегейлі Ассирия бұл апаттан аман қалды, өйткені арамейлердің Месопотамиядағы негізгі қозғалысы Евфрат арқылы жүрді де, Тигрдің жоғарғы ағысында орналасқан Ассирияға ол жете қойған жоқ. Бірақ Ассирия Тигрдан батысқа қарай жатқан өзінің барлық иеліктерінен айрылып қалды. Сондықтан да аса маңызды шикізат көздеріне жол кесіліп тасталды. Алайда Ассирия бірқатар маңызды артықшылықтарын сақтап қала алды. Атап айтқанда ол Тигр өзені бойымен жүргізілетін сауда жолының негізгі буыны болып қала берді. Сауда жолдарына бақылау орнатуды барған сайын кеңейту аса ірі табыстар әкелді және бұл Ассирияның дәстүрлі саясаты болды.

Бұған оның тиімді стратегиялық жағдайы ықпал етті. Ассирияның ең күшті бәсекелесі – оңтүстіктегі Вавилония халдейлер шапқыншылығынан кейін әлсіреп қалған еді. Сондай-ақ Ассирияның қуатты әскери ұйымы сақталды. Сондықтан да Ассирия шабуылға шығатын мезгіл келді деп шешті.

Ассирия өзінің батысқа ең алғашқы айтарлықтай жорығын II Адад-Нерари (б.з.д. 912-891) патшалығы тұсында бастады. Бірнеше дүркін жасалған шабуылдар мен ұзаққа созылған қалаларды қоршау нәтижесінде Хабур өзені мен Евфрат арқылы ары қарай, яғни Сирияға қарай жылжуға жол ашылды. Адар-Нерари Вавилон патшасын бітімді бұзды деп айыптап, өз әскерін оңтүстікке жылжытты. Вавилония жеңіліп, нәтижесінде Ассирияға Аррапха қосылып, Ассирияның оңтүстік шекарасы Дур-Курригалзу мен Сиппарға жетті.

II Адад-Нераридің немересі – II Ашшур-нацир-апал (884-858 жж.) 200 жылдық үзілістен кейін алғаш рет Жерорта теңізіне сәтті жорық жасай алды. Ол көрнекті қолбасшы және ақылды саясаткер болды, өз мақсатына жетуде әр түрлі айла-тәсілдерді қолданып отырды, әрі аса қатыгез болды. Патшалық құруының алғашқы жылдарында ол солтүстікке және шығысқа бірнеше сәтті жорықтар жасап, үлкен олжамен оралды. Жоғары Месопатамияда орын алған Ассирияға қарсы бүліктерді басып, ал батыста Ассирияның шекарасын Каркемишке дейін кеңейтеді. 876 жылы Ашшур-нацир-апал осы қаланың түбінен Евфратты кешіп өтіп, өз әскерін Жерорта теңізіне шығарады. Оған ешкім қарсылық көрсетуге тырыспаған да тәрізді. Жол бойы жергілікті патшалардан сый-сияпаттар мен алым жинай отырып, ол Оронт жазығы мен Ливанды кесіп өтеді. Ол дәстүр бойынша Жерорта теңізінің суына өз қаруын жуады. Оронтта Ассирия колониясының негізін сала отырып, Ашшур-нацир-апал Ассирияға аса көп олжамен және Ливан тауларында кесілген балқарағай ағаштарымен оралады. Ол өзіне жаңа астана – Кальху қаласын салғызып, оған тұтқындарды орналастырды, өзі соңғы күндеріне дейін сонда тұрды.

Ашшур-нацир-апалдың мұрагерлері де осы бағытта әрекет етеді, алайда бірте-бірте олардың әрекеттері сәтсіз бола береді. Саяси жағдай да Ассирия үшін тиімсіз бола бастады: жаңадан қосылған провинциялардың айтарлықтай бөлігі босап қалды. Олар табыс әкелмеді, керісінше бұл провинцияларды ұстап тұру үшін шығын көп талап етілді. Армян қыратының ыдырап жатқан тайпаларының орнында қуатты Урарту мемлекеті құрылды. Сауда бірте-бірте Ассирия иеліктерін айналып өтетін жаңа, әскери қимылдардан тыс жолдармен жүре бастады. Экономиканың әлсіреуінің салдарынан ұсақ өндірушілердің айтарлықтай бөлігі борышкерлікке түсіп, жерінен айырылып жатты, мұның өзі Ассирияның әскери қуатын төмендетті. Провинция наместниктерінің қолында шектен тыс билік шоғырланды. Олар бірте-бірте күшейіп, патшалыққа таласа бастады. III Салманасар (858-824) өз әкесінің Жерорта теңізіне жорығын қайталайды, алайда оған екі Сирия одағы – Оңтүстік және Солтүстік Сирия одақтары қарсы тұрды. Сирияға жасалған бірнеше жорық сәтсіз



аяқталды. Тек 841 жылы ғана Оңтүстік Сирия одағының ыдырауын пайдалана отырып Салманасар табысқа қол жеткізді, бірақ коалицияның басында тұрған Дамаск қаласын ала алған жоқ. Финикия жағалауында Салманасар жартастағы I Тиглатпаласардың кескінінің қасына өз бейнесін кескіндеуге бұйрық береді. Алайда Сириядағы Ассирия билігін сақтап тұру үшін үнемі жаңа жорықтар ұйымдастырып отыру қажет болды. Урартуға және Киликияға (Оңтүстік-шығыс Кіші Азия) жасалған жорықтар анағұрлым сәтті болды. Вавилон патшасы таққа таласқан өз бәсекелесімен күресте Салманасардың қолдауына ие болды, алайда оның есесіне өз территориясының айтарлықтай бөлігін Ассирияға беріп, іс жүзінде Ассирияның вассалына айналып қалды. Алайда Салманасардың мұрагері тұсында Ассирияның жұлдызы бірте-бірте сөне бастады. Патшаның қоластында тек патша резиденциясы, Кальху және әскер ғана қалды. Бұған, негізінен алғанда, тақ үшін күрес және ішкі бүліктер ықпал етті.

V Шамши Ададтың мұрагері III Адад-Нерари (б.з.д. 811-781 жж.) таққа бала кезінде отырды. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша регенттік қызметті оның анасы – Шаммурамат (Семирамида) патшайым атқарады. III Адад-нерари тұсында шығысқа және солтүстік-шығысқа жорықтар ұйымдастырылды. Ассирия әскері Каспий теңізіне дейін жетті. Ассирияның территориясы шығыста Кіші Заб, Дияла мен Керхе өзенінің жоғары ағысына дейін кеңейтілді. 805 жылы Оңтүстік Сирия одағындағы алауыздықтарды пайдаланып, Адад-нерари Сирияға жылжыды. Ол Сирия патшалықтарынан алым жинады, бірақ бұл жерде бекініп қала алмады. Урартуға да қарсы әрекеттерінен ештеңе шықпады. Тек Вавилонияда ғана табысқа қол жеткізді. Ол Вавилониямен келісім жасайды, келісімнің негізінде Ассирия патшасы Вавилонияның қамқоршысына айналды. Вавилонияның басты храмдарына бай сыйлықтар жіберілді, ассириялықтар екі халықтың мәдени және діни бірлігін барынша қолдауға тырысты. Шынында да Ассирияда Вавилон мәдениеті барған сайын кеңінен тарала бастады.

III Адад-нерари билігінің ақырына қарай жаңа бүліктер орын алады. Сондай-ақ оның көршісі Урарту солтүстік-шығыс пен солтүстік-батыста қуатты шабуылдар бастайды. Жоғары Евфрат

пен Солтүстік Сирия мемлекеттері енді Урарту ықпалына түсті. III Адад-нераридің бірінен кейін бірі билік құрған үш ұлы 40 жыл бойы Урартумен сәтсіз соғыс жүргізіп, нәтижеде өз жерлерінің көп бөлігінен айырылып қалды.

Осындай жағдайда түбірлі өзгерістер жасау қажеттігі айқын болды. Көптеген міндеттерді шешу, атап айтқанда, бос жерлерді қоныстандыру, провинцияларды басқаруды қайта құру (бұл бөлінушілік әрекеттерін болдыртпау үшін қажет болған еді), Ассирия қоғамының жоғары бөлігінің экономикалық талаптарын қанағаттандыру, армияны қайта құру және күшейту қажет болды. Осының бәрін дұрыс түсініп, іске асырған Ассирияның жаңа патшасы – III Тиглатпаласар (745-727) болды. Ол таққа кезекті азамат соғысының нәтижесінде отырды. Дәл осы патша билік құрған уақыттан бастап Ассирияда бұрын-соңды болмаған тәртіптер енгізіледі.

Жауланып алынған территорияның халқы енді жаппай түбегейлі Ассирияға немесе басқа провинцияларға күштеп қоныс аударылады. Мұндай депортациялар ұйымдастырылған түрде, жоспар бойынша жүргізілді. Қоныс аударылғандар жергілікті халықпен аралас қоныстандырылды. Сондықтан да тез арада ассимиляцияға ұшырап, ортақ ауызекі сөйлесу тілі ретінде арамей тілін игеріп алды.

Бұрынғы ірі аудандар көптеген ұсақ аудандарға бөлшектелді, олардың басында енді наместниктер емес, «аудан басшысы» көбіне әтектерден қойылды, сондықтан да патша жаңа әулеттің пайда болуынан қорыққан жоқ.

Армия да қайта құрылды. Енді ол әскери қоныстар мен жасақтардан емес, тұрақты кәсіби әскерден тұрды. Оны асырауды патша толықтай өз мойнына алды. Бұл шара армияның жауынгерлік қабілетін арттырумен бірге, патшаның бұрын жасақтармен қамтамасыз етіп отырған қауымдардан тәуелсіздігін арттырды. Ассириялықтар алғаш рет темір қару-жарақты кеңінен қолдана бастады. Олар бірінші болып әскердің жаңа екі түрін – тұрақты атты әскер мен ор қазушыларды (сапер) енгізді. Дәстүрлі арбашылар әскерінің орнын ауыстырған атты әскер тұтқиылдан күшті соққы беруге және жауды толық жеңгенге дейін, алыс жерлерге дейін қуып баруға мүмкіндік туғызды. Қазушылар отрядта-

ры жолдар салып, өткелдер жасады. Олар қалаларды қоршауды дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік туғызды. Ең ақырында, жаңа Ассирия армиясында тыңшылық және байланыс қызметі жолға қойылды. Бұл мекеменің маңызды болғаны соншалық, оны әдетте тақ мұрагері басқарды.

III Тиглатпаласар тек көрнекті әкімшілік ұйымдастырушы ғана емес, ол сондай-ақ керемет қолбасшы, әрі нақты жағдайды дұрыс түсініп, дұрыс шешім қабылдай алатын дарынды саясаткер де болды. Вавилонияда ол халдей тайпаларын талқандап, Парсы шығанағына дейін жетті, Ассирияға көптеген тұтқындар жөнелтті. Алайда ол қалаларды талқандамай, оларға қамқорлық көрсететінін білдіріп отырды. Шығыста Загросың таулық тайпалары талқандалып екі жаңа аудан қалыптастырды. Бұдан кейін Сирия үшін Урартумен күрес басталып кетті. Жорық 743 жылы басталды. Ассириялықтарды Жоғары Евфратта Урарту әскері қарсы алды, кескілескен шайқаста урартулықтар жеңіліс тапты. Тиглатпаласар ары қарай батысқа жылжып, ұзаққа созылған қоршаудан кейін осы кездегі Солтүстік Сирия Одағының орталығы болған Арпадты алды. Жорық 738 жылы қайталанды. Сирияның көптеген елдері, сондай-ақ Кіші Азияның Оңтүстік-Шығысындағы елдер, Сирия шөлейтіндегі араб тайпалары Ассирияға бағынып, оған алым төлеуге мәжбүр болды. Сирияда жаңа провинциялар құрылып, халқының көп бөлігі тұтқынға айдалып әкетілді. Бұдан кейін алыс шығыста – қуатты мидяндықтар еліне жорық жасалды. Ассирия әскері Демавенд тауына дейін жетіп, 65 мың тұтқыннан тұратын орасан зор олжамен оралды. 735 жылы Ассирия әскері Урарту территориясына баса-көктеп кіріп, оның астанасы – Тушпаны қоршауға алды. Алайда оны бірден ала алмады, ал ұзаққа созылған қоршауды Тиглатпаласар қажетсіз деп тапты. Оның орнына Тиглатпаласардың әскері бүкіл елді от пен оққа орап, урартулықтарға орасан зор зиян әкелді. Бұдан кейінгі жылдарын III Тиглатпаласар Сирия мен Палестинада өткізіп, бұл жерде өз әскерімен Египеттің шекарасындағы Газаға дейін жетті. 732 жылы бүкіл Ассирияға қарсы күштердің басында тұрған Дамаск алынды. Сөйтіп Сириядағы Ассирия үстемдігі орнықтырылды.

Бұл уақытта ішкі қырқыстардың салдарынан Вавилонияда толықтай анархия орнайды. Ассирия патшалары көптен бері ұмтылып келген пиғылын іске асыруға қолайлы сәт туды. Тиглатпаласар Вавилонияға тәртіп пен тыныштықты қалпына келтіруші ретінде кірді. Халдей тайпалары қатыгездікпен ойрандалып, 120 мың адам тұтқынға айдалып әкетілді. Алайда жауланып алынған ел, әдеттегідей аудандарға бөлшектелген жоқ. Вавилонияның беделінің жоғары болғаны соншалық, Тиглатпаласар Вавилон патшасы ретінде таққа отырып (Пулу есімімен), бүкіл Месопотамияны жеке униясына біріктірді.

ІІІ Тиглатпаласардың ұлы V Салманасарға (726-722) Парсы шығанағынан Жерорта теңізіне дейін созылған империя мұраға қалды. Алайда империяның өз ішінде, абыздар мен әскерилер арасында қырқыс күрес үздіксіз жүріп жатқан еді.

Ассархаддон (681-669) патша тұсында, 674 жылы Египетке ұйымдастырылған алғашқы жорық сәтсіз аяқталғанымен, 671 жылы жаңа жорық ұйымдастырылып, перғауын Тахарканың әскерін талқандалып, Мемфисті жауланып алынады. Ассархаддон “Египет патшаларының патшасы” титулын қабылдады, яғни Ніл аңғарын жаулап алуды жалғастыратын ниетін көрсетті.

Ассархаддонның мұрагері Ашшурбанапал (669-631 немесе 629) өз жазбаларында өзін қамқор билеуші, көрнекті қолбасшы, ержүрек жауынгер, барлық ғылымдар мен өнер түрлерін меңгерген кеменгер данышпан ретінде көрсетеді. Шынында да Ашшурбанапал Ассирияның соңғы көрнекті патшасы болды. Оның тұсында Ассирияның басты жауы – Эламмен ұзаққа созылған күрес жүргізіліп, ақырында Ассирия жеңіске жетеді. Эламың астанасы – Сузы толық қиратылады. Ашшурбанапал Ниневияға сансыз көп байлық, құдайлардың мүсіндерін, элам патшаларының сүйектеріне дейін әкетеді. Осыдан кейін Элам «Ұлы держава» маңызынан біржолата айырылады.

Алайда Ассирияның жұлдызы сөне бастаған еді. 626 жылы халдейлік Набопаласар Вавилониядағы патша билігін басып алды. Одан бұрынырақ Ассириядан шығысқа қарай мидиялықтардың шашырап жатқан тайпалары бірігіп, Мидия патшалығын құрған еді. Мидия Ассирияның дәл жүрегіне соққы береді. 615 жылы мидиялықтар Ниневия дуалдарына жетіп, Набопаласар

Ашшурды қоршауға алады. Оларды бұл жолы ассириялықтар қуып жібере алды, алайда 614 жылы Ассирияға мидиялықтар қайта баса-көктеп кіріп, тағы да Ашшурға жақындап келді. Мидия мен Вавилон патшалары одақ құрып, ол әулеттік некемен бекітілді. 612 жылы одақтастар әскері Ниневияны қоршауға алып, оны небары 3 айдан кейін басып алды. Қала қиратылып, тоналды. Мидиялықтар көп олжамен еліне оралса, ал вавилондықтар Харранға қарай жылжыды. Харранда Ашшур-убалит есімді кісіні «Ассирия патшасы» деп жариялайды. Ол Египеттен көмек сұрайды, ал вавилондықтар тағы да мидиялықтарды көмекке шақырды. 610 жылы Египет әскері мен Ашшур-убалит әскерлері талқандалып, Евфраттың батыс жағалауына шегеріліп тасталды. 605 жылы Каркемиш түбінде Египеттің басты әскері мен Ашшур-убалит отрядының қалдықтары толық жеңіліске ұшырады.

Осылайша адамзат тарихындағы алғашқы «әлемдік держава» өмір сүруін тоқтатты. Бірақ айтарлықтай бір этникалық өзгерістер болған жоқ: Ассирия қоғамының тек жоғарғы бөлігі ғана жойылды. Негізгі халық өз орнында қалды, олардың ұрпақтары Солтүстік Иракта қазірге дейін өмір сүріп жатыр.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Ассирияның күшеюінің тарихи алғышарттары қандай?
2. III Тиглатпаласардың реформаларының мәнін ашыңыз.
3. Ассирия қандай тарихи жағдайларда құлады?

*10-тарау*

**ЕРТЕДЕГІ КІШІ АЗИЯ ЖӘНЕ  
ХЕТТ ПАТШАЛЫҒЫ**

**1. Кіші Азиядағы хеттерге дейінгі дәуір**

Қазіргі Түркияның азиялық бөлігі – Анатолия түбегі, ежелден Кіші Азия деп те аталатын осы түбек бағзы замандардан Таяу Шығысты Эгей әлемімен және Балқан түбегімен байланыстыратын, яғни Азияны Еуропамен байланыстырушы өзіндік бір көпір болды. Анатолияның экономикалық және мәдени дамуын-

да оның табиғи байлықтары маңызды орын алды. Анатолияның қойнауында аса бай металл қорлары жатты. Мұның өзі осы аймақта қола дәуірінің басынан қалыптасқан қоғамдардың саяси және экономикалық тарихында үлкен рөл атқарды.

Б.з.д. III мыңжылдыққа қарай-ақ Кіші Азияның шығыс бөлігінің төбелерінде орналасқан бекіністі мекендер Кіші Азия тайпаларының экономикалық, саяси және мәдени өмірінің орталықтары болып табылады. «Ерте қола дәуірі» деп аталатын осы уақытта Шығыс Анатолия қола дәуірінің экономикасы үшін қажет ресурстарға ие болып қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды пайдалану технологиясын да білді. Соның арқасында Шығыс Анатолия бүкіл Кіші Азияда маңызды орын алды.

Табиғат байлықтары Кіші Азияға ежелгі Шығыстың әртүрлі елдерінен көпестерді тартып отырды. Б.з.д. II мыңжылдық басына қарай Кіші Азияда жергілікті халық арасында әр елдің көпестері, негізінен Ашшур мен Солтүстік Сирия саудагерлері тұрып жатты. Мұны біз Күл-тепе қаласынан табылған «Капподокия» (Шығыс Кіші Азияның кейініректегі атауы) сына жазулы кесектерінен білеміз.

Месопотамия мен Египетте, кейбір уақыттарда әлсіреу мен ыдырау жағдайлары орын алғанына қарамастан, мыңжылдықтар бойы қуатты орталықтандырылған державалар өмір сүрген болса, ал Кіші Азияда мүлдем бөлек жағдай қалыптасты.

Кіші Азия түбегінің ең ірі мемлекеті – Хетт патшалығы бірнеше ғасыр өмір сүрді. Ол б.з.д. XVIII-XVII ғғ. бірнеше әртүрлі этникалық топтардың бірігуі нәтижесінде қалыптасты. Б.з.д. XII ғ. Ұлы Хетт державасы бірнеше ұсақ мемлекеттерге ыдырап, бұлар да бірнеше ғасыр ғана өмір сүріп, тарих сахнасынан біржолата кетті.

Сауда колонияларындағы көпестердің арасында Ашшур қаласының азаматтары әсіресе көп болды. Колониялардың міндеті Кіші Азиядан металдарды, яғни, алтын, күміс, қола, сондай-ақ мысты сыртқа шығаруды ұйымдастыру болды. Анатолияның өз ішінде де қызу сауда жүріп отырды. Ішкі саудада темір де белгілі болды, темірді сыртқа шығаруға жергілікті өкімет тиым салды, сондықтан да темірді шығарудың контрабандалық, яғни жасырын тәсілі орын алып отырды.

Мыс пен басқа да металдың орнына көпестер Кіші Азияға Месопотамияның жүн және кенеп маталарын, сондай-ақ үлкен мөлшерде қалайысын әкелді. Бұл сауда операцияларына жергілікті халық та тез-ақ тартылды. Жинақталған қаржыны олар жергілікті ерікті халыққа ауыр шарттармен қарыз беру үшін пайдаланды, мұның өзі егін шықпай қалған кездері немесе басқа да табиғи апаттар кезінде, халықтың төменгі топтарының жағдайын күрт нашарлатты.

Кіші Азияның шығыс бөлігінің шаруашылығы мен техникасында орын алған айтарлықтай алға жылжулар қоғамдық қатынастар саласында да тиісті өзгерістердің болуына ықпал етті. Жергілікті халық арасындағы әлеуметтік және мүліктік жіктеліс тереңге кетті. Б.з.д. II мыңжылдықта бірнеше саяси құрылымдар пайда болды, атап айтқанда, Каниш (Неса), Хаттуса, Бурушхатум, Куссар, Цальпа, Турхумит, Амкува, Валихания, Вахшущана, Шалахшува және т.б. қала-мемлекеттер қалыптасты. Қала-мемлекеттердің басында “патшалар” (аккадша рубая) немесе “эйел патшалар” (рубату) тұрды. Анатолия қала-мемлекеттерінде Ашшур көпестерінен үйренген жазба аккад тілі қолданылды.

Қала-мемлекеттер арасында саяси үстемдік жолында күрес жүрді. Алғашқы кезде Бурушхатум үстемдікке қол жеткізіп, оның билеушісі “ұлы патша” атанды. Кейінірек жағдай Каниш, Хаттуса және әсіресе Куссар қала-мемлекетінің пайдасына өзгерді. Куссардың алғашқы билеушілерінен бізге Питхана және оның ұлы Анитта (б.з.д. 1790-1750 жж.) белгілі. Анитта құрастырған және бізге дейін хетт тілінде жеткен мәтіннен білетініміз, Куссар патшасы Хесани (Каниш), Хатти елін, Пурусханданы (Бурушхатум), Цальпаны және басқа да Орталық Кіші Азия қала-мемлекеттерін жаулап алады. Анитта Несаны өз резиденциясына айналдырып, ол жерде қамалдар мен храмдар тұрғызды. Анитта тұсында қалыптасқан Куссар мемлекеті Анатолиядағы Хетт мемлекеті құрылғанға дейінгі ең қуатты саяси құрылым болды.

Аниттаның жаулаушылықтарымен бүкіл Анатолиядағы шетжерлік сауда колониялары жойылады. Бұл құбылыстың себебі анықталмаған. Ол тек Анатолия ғана емес, сондай-ақ Солтүстік Месопотамиядағы саяси және этникалық өзгерістермен байланысты болған деген болжам айтуға болады: хуриттердің

саяси қуаты күшейгеннен кейін, Ассирия өзінің Анатолиядағы сауда колонияларынан кесіліп тасталды. Қалайының келіп тұратын көзінен айырылу Анатолия үшін апатты болды: сауда колониялары тұсында гүлденіп тұрған қала-мемлекеттер құлдырауға түсіп, ұзақ уақыт өз-өзіне келе алмады. Алайда қалайысыз қола металлургиясының дамуы мүмкін емес еді, сондықтан да кейінірек шығысқа және оңтүстік-шығысқа апаратын жолдарға ие болу үшін күрес басталды.

«Каппадокия» кестелерінде үндіеуропалық жекелеген сөздер мен есімдер сақталған, алайда Кіші Азиядағы үндіеуропалық тайпаларды одан да бұрынғы дәуірге жатқызу керек. Әлі де болса үндіеуропалық тайпалардың Кіші Азияға қарай жылжуының жолдары және дәл уақыты туралы мәселе шешілмеген. Қазіргі таңда б.з.д. II мыңжылдық басына қарай Анатолияда тұрып жатқан үндіеуропалық тайпалар Каниш пен Куссар маңындағы территорияны мекендеген неситтерге, бұл жерден олар бірте-бірте хатталар (протохеттер, олар үндіеуропалықтар болмаған) мекендеген солтүстікке қарай тарады және Кіші Азияның солтүстік-шығысындағы Пала елінде өмір сүрген палайлықтарға (олар да хатталармен байланыста болған) және ең соңында лувийліктерге бөлінді, олардың елі – Лувия Кіші Азияның оңтүстігінде және оңтүстік-батысында созылып жатты. Лувиялықтар Анатолияның оңтүстік-шығысына да тарады, бұл жерде олардың ежелден-ақ семиттік және хурриттік тайпалармен байланыстары болған еді.

Аниттаның билік құруы уақытынан немесе одан да бұрынырақ уақыттан бастап үндіеуропалық несит тайпалары бұған дейін хатталар өмір сүріп жатқан Анатолияның бүкіл орталық бөлігіне таралды. Бірнеше ғасырларға созылған осы хетт-хатталық өзара жақындасу дәуірінде келімсек үндіеуропалықтар аборигендік халықпен бірігіп, хатта тілін хетт-несит тілі ығыстырып шығарды, ал бұл тілдің өзі белгілі бір өзгерістерге ұшырады. Үндіеуропалықтар мен жергілікті хатта тайпасының бірігуі нәтижесінде Орталық Кіші Азияда хетт этносы қалыптасты, бұл этнос б.з.д. XVII ғ. ортасына қарай қуатты Хетт мемлекетін құрды, бұл мемлекет хаттардың бай мәдени дәстүрлерін толықтай мұраланды.



## 2. Ежелгі Хетт патшалығы

Хеттердің тарихи дәстүрі хеттер тарихының ең ежелгі дәуірін Куссармен байланыстырады, ол Хетт мемлекеті өмір сүруінің бастапқы кезінде мемлекеттің астанасы болған еді. Алайда Аниттадан кейін орын алған қоғамдық және мәдени өзгерістер нәтижесінде, хеттердің ресми тілі көнеассириялық аккад диалектісі мен жазуынан, енді халық тіліне және сына жазуының солтүстік Сириядан қабылданған басқа нұсқасына ауыстырылады. Хетт мемлекетінің негізін қалаушы Куссардың бізге белгілі алғашқы билеушілері, яғни Питхана мен Анитта емес, кейінгі дәуірдегі Хетт патшасы Лабарна деп саналады. Патшалықтың алғашқы дәуірінде, «ел әлі де болса кішігірім» болған кезде, Лабарна қарудың күшімен көрші аудандарды жаулап алады. Одан кейін ол Кіші Азияның оңтүстігі мен солтүстігіне жылжып, хеттер билігін «теңізден теңізге дейінгі» территорияға (Жерорта – Қара теңіз) таратты.

Хеттердің келесі билеушісі – I Хаттусили (Лабарна II) де Куссарда таққа отырды. Оның Хаттусили деген есімді қабылдау себебі, ол стратегиялық мақсатпен өз патшалығының орталығын Куссардан солтүстікке, Хаттусуға ауыстырды. Осы уақыттан бастап Хаттуса Хетт мемлекеті құлағанға дейін мемлекеттің астанасы болып қалды. «Хатти» атауы жалпы Хетт мемлекетінің атауына айналды.

Кіші Азиядағы бірқатар аудандарды өзіне қарата отырып, Хаттусили Солтүстік Сирияға жорыққа аттанды. Бұл жерде Алалах қала-мемлекетін, Уршу және Хашшу қалаларын басып алып, Халепті жаулап алу бағытындағы ұзаққа созылған күресін бастады, алайда оны аяғына дейін жеткізе алмады, бұл оның мұрагері I Мурсилидің үлесіне тиді.

Халепті бағындырған Мурсили Вавилонға аттанды, оны Хаммурапи әулетінен шыққан Самсудитана билеп тұрған еді, қаланы Мурсили б.з.д. 1595 жылы алды. Осы жорығы кезінде Мурсили сондай-ақ Солтүстік Месопотамияда Евфраттың сол жағалауында мекендейтін хурриттерді де бағындырды.

Ежелгі патшалықтың аяғына қарай хеттер Киццуватнада – Жерорта теңізінің солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан

стратегиялық маңызды ауданда табыстарға қол жеткізді. Киццу-ватна патшасымен Ежелгі Хетт патшалығының соңғы билеушісі – Телепину достық қатынастар орнатты.

Ежелгі Хетт патшалығының өн бойында билеушілердің патша билігін күшейту жолындағы кескілескен күресі жүріп отырды. Патша билігін халық жиналысы – панку айтарлықтай шектеп отырған еді. Бастапқыда хетт жиналысы барлық қару ұстай алатын ер адамдарды біріктірді, ал кейінірек панкуға кіретін адамдардың қатары айтарлықтай азайды, оған енді шонжарлардың жоғарғы топтарының өкілдері ғана кіретін болды. Жиналыс тақ мұрагерлерін анықтауға, сот ісін жүргізуге құқылы болды. Шығу тегі бойынша хатталық – табарна жоғарғы титулын иеленген патша, елдің болашақ билеушісіне кандидатура ғана ұсына алды, оны панку таққа отырғызды немесе керісінше бұл ұсынысты қабылдамай тастады. Патша тағына үміткерлер көп болды, өйткені таққа тек патша ұлы ғана емес, егер ол болмаса патшаның немересі, патшаның әпкесі мен қарындасының ұлы немесе күйеуі отыра алатын еді.

Патша билігін мұралану туралы мәселені Телепину ғана толықтай шешіп берді, ол «Тақты мұралану туралы заң» шығарды, бұл заң бойынша таққа тек патшаның ұлдары үлкендігіне қарай отыратын болды. Ұлдары болмаған жағдайда патшаның күйеу баласы отыра алды. Басқалардың бәрі таққа үміткерлер қатарынан алып тасталды, ал панку осы заңның орындалуын бақылап отыруға тиіс болды. Патша билігін барынша күшейткен осы тақты мұралану тәртібі Хетт мемлекетінің аяғына дейін сақталды.

### **3. Жаңа Хетт патшалығы**

Б.з.д. 1500-1400 жж. дәуірін қамтыған Орта Хетт мемлекеті тарихының жеткіліксіз зерттелуіне байланысты ары қарай Жаңа патшалық дәуіріндегі хеттер тарихының басты мәселелеріне тоқталамыз. Бұл дәуірде Хатти Египетпен, Вавилониямен және Ассирия державасымен тең мемлекет ретінде қарастырылған еді.

Жаулаушылық саясат XV ғасырдың аяғында III Тутхалия тұсында басталып, б.з.д. XIII ғасырдың ортасына дейін жалғасты. Жаңа патшалықтың өн бойында дерлік хеттер Кіші

Азияның Арцава деп аталатын оңтүстік-батыс аудандарына жорық ұйымдастырып отырды. Бүкіл оңтүстікте хеттерге жақын, туыстас лувиялықтар мекендеп, ол жер Лувия деп аталатын еді.

Хеттер бұл уақытта Солтүстік Сирия үшін күресте ірі нәтижеге қол жеткізді. Хаттидің Ежелгі патшалық құлағаннан кейінгі уақытша әлсіреуін пайдалана отырып, митаннийліктер Евфраттан батысқа қарайғы территорияда, атап айтқанда Солтүстік Сирияда ірі табыстарға қол жеткізді. Халеп, Алалах, Каркемиш және басқа патшалықтар олардың саяси үстемдігі аумағында болды.

Тутхалияның ұлы I Суппилиум Митаннидің үстемдігін жойды. Жоғарғы Евфраттан өтіп, хетт әскерлері осы өзен аңғарындағы хурриттердің ұсақ патшалықтарына баса-көктеп кіріп, бұдан кейін солтүстіктен – Митанни астанасы Вашшуканнаға шықты. Хеттер астананы талқандап, таққа хетт патшасы өз адамын отырғызды. Осы уақыттан бастап хеттердің Солтүстік Сириядағы ұзаққа созылған үстемдігі басталады. Халеп пен Каркемишті жаулап алғаннан кейін Суппилиум бұл қалаларды өз ұлдары – Пияссили мен Телепинудің билігіне береді.

Суппилиум тұсында Хатти мен Египет арасындағы қатынастар бастапқыда достық негізде болды. Бұған Суппилиумның Эхнатонға оның таққа отыруына байланысты жіберген құттықтау хаты дәлел бола алады. Алайда хеттердің Сириядағы саясаты Египетпен қақтығысқа алып келмей қоймайтын еді.

#### **4. Хаттидегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар**

Географиялық және климаттық факторларға тікелей тәуелді болған Хаттидің ауылшаруашылық өндірісі суғару жүйесіне негізделмегені белгілі, алайда хеттер қолдан суғаруды мүлдем пайдаланбады деуге болмайды. Өзендер суының аздығы, өзен аңғарларының тарлығы және Орталық Кіші Азияның таулы рельефі кең суғару жүйесін дамытуға мүмкіндік бермеді.

Алайда Орталық Кіші Азияда мекендеген тайпалардың қоныстану территориясы егіншілік пен малшаруашылық және қолөнердің дамуы үшін жаман база болған жоқ. Негізгі ауылшаруашылық дақылы астық тұқымдастар – сұлы, бидай, эм-

мер болды. Бау-бақша дақылдарына – жеміс ағаштарына, зәйтүн ағашына көп көңіл бөлінді.

Жер иелену мен пайдаланудың формалары әртүрлі болды. Хетт мемлекетінде патша (сарай), храм және жеке (қауым) жерлері орын алды. Патша және храм жерлері тікелей жоғарғы мемлекеттік биліктің қолында болды, өйткені патша елдің тек жоғарғы билеушісі ғана емес, сонымен бірге жоғарғы абыз, яғни сарай және храм жерлерінің басты меншік иесі де болып табылды. Алайда ол елдегі барлық жердің меншік иесі болған жоқ. Жердің белгілі-бір бөлігі мемлекеттік шаруашылықтан тыс болды. Мұндай жерлер еркін түрде бөгілетін болды.

Мемлекеттік жерлер, әдетте бүтіндей қоныстар түрінде әртүрлі патша және храм шаруашылығына беріліп отырды. Патша шаруашылығы әртүрлі үйлерді – «шаруашылықтарды» қамтыды: «патша үйі» (кейде Күн үйі деп те аталды), «патшайым үйі», «сарай үйі», бұларда тікелей өндірушілердің әртүрлі категориялары еңбек етті. Олардың бір бөлігі «үйге» бекітіліп берілді.

Мемлекеттік сектордағы ірі «үйлер» соңғы нәтижеде ұсақ шаруашылықтарға – жеке «үйлерге» бөлінді, олар хетт қоғамындағы негізгі өндіріс ұясы болды. Мемлекеттік жерді иеленгені және пайдаланғаны үшін екі түрлі мемлекеттік міндеткерлік атқарды – саххан және луцци. Саххан – натуралды міндеткерлік, ол жекелеген тікелей өндірушілерді немесе ірі шаруашылықты дайын түріндегі әртүрлі өнімдер мен малды патша және ірі мемлекеттік қызметкерлер пайдасына өткізуді міндеттеді. Луцци – еңбек міндеткерлігі, ол егістік алқаптары мен жүзімдіктерде еңбек етуге, қамалдар тұрғызу немесе жөндеу және басқа да мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарды атқаруға міндеттеді.

Саххан мен луцциді орындаудан тек патшаның арнайы қаулысы арқылы ғана босатылды. Әдетте мемлекеттік міндеткерліктен храмдар ғана босатылды, ондағы тікелей өндірушілер тек абыздар пайдасына ғана еңбек етті.

Хетт заңдары хетт қоғамын ерікті адамдарға және оларға қарсы қойылған еріксіз адамдарға (құлдар) бөледі. “Ерікті адам” деп бастапқы дәуірде патшаның мемлекеттік саххан және луцци міндеткерліктерін тек патшаға ғана емес, сондай-ақ храм пай-

дасына да өтеуден босатқан адамды айтты. Ал кейінірек – Жаңа патшалық дәуірінен бастап “ерікті адам” тобына әлеуметтік жағынан ерікті барлық адамдар категориясы – қоғамның жоғары топтарынан төменгі топтарына дейін бәрі кірді.

«Еріксіз» адамдарға әлеуметтік еркіндіктен айырылған, белгілі бір тәуелділіктегі адамдар жатты. «Еріксіздердің» әртүрлі категориялары болды. Оларға құқықтардан мүлдем жұрдай құлдар да, сондай-ақ белгілі бір құқықтарға ие азаматтық қауымның мүшелері де жатуы мүмкін еді. Олардың өз «үйлері» (шаруашылықтары), отбасы, жер участогі, өз малы, жұмысшы персоналы – құлдары болды. Экономикалық жағынан тәуелсіз болған бұл тікелей өндірушілердің барлық категориялары құқықтық жағынан хетт қоғамының біртұтас қаналушы «тәуелді, еріксіз» адамдар тобын құрды.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Кіші Азияның ежелден «алтын көпір» аталуының себебі неде?
2. Ежелгі Хетт патшалығы қалыптасуының этникалық негізі қандай?
3. Жаңа Хетт патшалығының сыртқы саясатының сипатын ашып көрсетіңіз.

*11-тарау*

**Б.з.д. III-II МЫҢЖЫЛДЫҚТАРДАҒЫ СИРИЯ,  
ФИНИКИЯ ЖӘНЕ ПАЛЕСТИНА**

**1. Өркениеттің пайда болуы**

Тавр тауының етегі мен Евфраттың орта ағысынан Египетке дейін созылатын Шығыс Жерорта теңізі ауданына гректер Финикия деген атау берген теңіз жағалауындағы кішкентай жермен қоса Сирия және Палестина кірді. Ерте кезде бұл территорияның үлкен бөлігі Ханаана деп аталған.

Табиғат жағдайлары жағынан бұл аудан алуан түрлілігімен ерекшеленді. Египеттен ежелгі Палестина шөл дала арқылы бөлініп жатты; аймақта ірі өзендер жоқтың қасы, салыстырмалы түрде айтарлықтай болып есептелетін өзендерге Палестинадағы

Иордан, Сирия мен Финикиядағы Оронт өзендерін жатқызуға болады. Палестинада сондай-ақ құнарлы оазистер мен жазықтар, биік таулар да кездеседі.

Финикия Алдыңғы Азияның қалған бөліктерінен Ливан биік тау жоталарымен бөлініп жатыр, бұл жоталар балқарағайлы және басқа да аралас ормандарымен, тау етегіндегі көгалдарымен және қар басқан шыңдарымен ерекшеленеді.

Ливаннан шығысқа қарай Сирия орналасқан. Оны түскейден теріскейге қарай Ливан мен Антиливан арасындағы жазық қиып жатыр; оңтүстік бөлігінде ол Бека‘а немесе Келесирия деп аталады; бұл жерде оңтүстікке қарай Литани өзені, ал теріскейге қарай Оронт өзені ағады. Антиливанның арғы бетінде Сирия шөліне қарай Дамаск үлкен көгалы, ал одан әрі құнарсыз далалар басталады. Солтүстік Сирия Жерорта теңізінен Кіші Азиялық Тавр тауларына және Евфрат өткелдеріне дейін созылып жатты. Оронт өзенінің сағасы бұл елге Жерорта теңізінің жұмсақ желінің жетуіне жол ашып, мұның өзі елдің топырағының құнарлы болуына ықпал етеді.

Шығыс Жерорта теңізі (қарастырылып отырған барлық үш тарихи аймақты осы атаумен біріктіріп атауға болады) табиғат жағдайлары бойынша біртұтас болмағанын байқауға болады; бұл аймақта шөл далалар, құнарлы ойпаңдар, тау қыраттар, мәңгі жасыл көгалдар, батпақтар, қарлы шыңдар да кездесті. Алайда кең ирригациялық жүйе жасауға мүмкіндік беретін суы мол, кемерінен шығып жататын өзендер болмаған. Ел ежелгі кезеңде аймақ құнды орман жыныстарына бай болды, бірақ пайдалы қазба кендері ол кезде аз ашылған еді. Сирия мен Палестина арқылы өтіп отырған мыс оңтүстіктен, Синай түбегінен немесе солтүстіктен, Тигр өзенінің жоғарғы бөліктерінен немесе батыстан – Кипр аралынан келді. Оның есесіне бұл жер арқылы аса маңызды керуен жолдары – Египеттен Кіші Азия мен Месопотамияға және кері қарай сауда жолдары жүріп отырды.

Шығыс Жерорта теңізі үңгірлерінен «парасатты адамның» ең ежелгі түрлерінің қалдықтары табылған. Палестина, Сирия, Кіші Азия, Жоғарғы Месопотамияның таулары мен Тигрдің арғы бетіндегі аудандар малшаруашылығының және әсіресе егіншіліктің ең алғашқы отаны болды. Б.з.д. XI-X мың-

жылдықтарда, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша алғашқы афразиялық тіл тобына жататын адамдардың натуфийлік мәдениеті қалыптасты. Натуфийліктер балшықтан, құм мен тастан соғылған жартылай жертөлелерде тұрды, шақпақ тасты тістері бар арнайы ағаш орақтармен жабайы дәнді өсімдіктерді орып отырған, жабайы ұсақ малдарды қолға үйрете бастаған. Палестинада (Иерихон) және Сирияның бірқатар бөліктерінде Чатал-Хююктегі (Кіші Азия) тәрізді б.з.д. VIII мыңжылдықтың өзінде гүлденген, егіншілікпен айналысушы елді мекендер болған, олардың кейбірі ерте неолит дәуірінің өзінде қуатты тас дуалдармен қоршалды. Дәл осы Палестина мен Сирия афразиялық тілде сөйлейтін тайпалардың бір тобы – семиттердің таралу орталығы болды деп көрсетуге негіз бар, бұл жерден олар бүкіл Аравия түбегіне (арабтар), Шығыс Жерорта теңізіне (батыс семиттер) және Месопотамияға (аккадтықтар) таралған.

Алайда кейінірек – мүмкін, тайпалар мен әскерлердің үнемі Сирия-Палестина жолдарымен жүруіне байланысты ма немесе мыс-тас ғасырының, ал кейін қола ғасырының техникасы үшін қажет шикізаттың тапшылығынан ба екен, бұл жерде қоғамның дамуы Оңтүстік Месопотамия және Египетпен салыстырғанда баяулап кеткені анық болды; б.з.д. III мыңж. екінші жартысында шумер-аккад типіндегі қала-мемлекеттер бұл жерде тек Солтүстік Сирияда (бұл жерде бірқатар қалалардың қатарында Орта және Оңтүстік Месопотамиямен байланысты болған Эбла қаласы гүлдену дәрежесіне жеткен еді), сондай-ақ Финикия жағалауының бір бөлігінде аса қымбат балқарағай ағашын Египетке шығару орталығы болған – Библ қаласы пайда болды.

Б.з.д. III мыңжылдықтан бастап Ван және Урмия көлдерін қоршаған таулардан (қазіргі Түркия мен Иран территориясында), Закавказьеден лек-лек болып Жоғарғы Месопотамия мен Сирия арқылы хуррит тайпалары келіп жатты; бірінші толқыны б.з.д. III мыңжылдықта Солтүстік Палестинаға жетті. Аккад әулеті тұсында (б.з.д. XXIII ғ.) Солтүстік Сирияға Месопотамия әскерлері, ал кейінірек, III Ур әулеті кезінде (б.з.д. XXI ғ.) Солтүстік Сирия мен Библге Шумер мен Аккад патшалығы уақытша өз билігін орнатты.

Б.з.д. III мыңж. аяғына қарай бүкіл Шығыс Жерорта теңізі ерте таптық қала-мемлекеттер торабы алып жатты; қалалар дуалдармен қоршалды, олардың орталығында храм және жергілікті билеушілердің үйлері (резиденциясы) орналасты, оларды бір-біріне жапсарласа соғылған саз балшықтан немесе кірпіштен жасалған әдетте екі қабатты болып келетін үйлер қоршап жатты. Бұл үйлердің жоғарғы қабатында үй иелері, ал төменгі қабатында құлдар тұрды және онда қойма орналасты. Қалалар тек алқаптарда орналасты; таулы аймақтарда халық аз қоныстанды, ал шет аудандарда – Дамаск оазисінде, Иордан өзенінің арғы бетімен шөл даланың басқа да аудандарында адамдар шатырларда тұрды, ал көктем шығып, дала көкке оранған кезде олар малдарымен бірге егістік жерлерден басқа жаққа көшіп кетіп отырды. Бұл тайпалардың өмірі «Синухет туралы әңгіме» атты ежелгі Египет дерегінде, ал кейінірек еврей тайпа көсемдері (патриархтары) туралы Библия жазбаларында жақсы жазылған.

Бұл дәуірдегі малшы-аморей тайпалары қоғамының негізгі ұясы тайпаның, ал кейде тайпа одағының бір бөлігін құраған рулық қауым болды. Патриархалды үлкен отбасы басшысының билігі өзінің әйелдері мен балаларынан басқа, сондай-ақ ұлдарының отбасыларына, руға келіп қосылған кірмелердің отбасыларына, құлдар мен күндерге де тарады. Патриарх (көсем) бұл адамдардың өмірі мен барлық дүние-мүлкіне билік етті. Тайпаның қауымдық тобының істерін «ақсақалдар» кеңесі мен көсем басқарды, оны қауым жиылысында барлық ересек ер кісілер – жауынгерлер сайлайтын болған. Әркез белгілі бір көсемнің айналасында әскери топ қалыптасып отырды, ол ру-тайпалық жасақтың негізі болуы мүмкін еді. Кейде көршілер арасындағы дау-дамай екі жақтың батырлары арасындағы жекпе-жек арқылы шешіліп отырды.

Алайда егіншілікпен айналысатын отырықшы халық басым болды. Солтүстік Палестинаның аса ірі қаласы – Хацор бұл уақытта 50 га жерді алып жатты, бұл сол кез үшін өте үлкен болып есептеледі. Хацор алыс елдермен де, атап айтқанда Евфраттағы Маримен сауда байланыстарын орнатты. Финикия мен жағалаулық Сирияда тек Библияға ғана емес, сонымен бірге Угарит және басқа да бірқатар елді мекендер Хацордай болмаса да, бірақ гүлденген қалаларға айналды. Мұндай гүлденудің



себебі Финикияда сауданың ерте дамуы, ең алдымен Египетпен сауданың дамуы болды: финикиялықтар ол жаққа кемелерімен құрылыс ағашын апарып отырды, египеттіктер де Библиде өз патша шенеуніктерін ұстауға тырысты. Сонымен бір мезгілде, Кіші Азиядағы Каништен табылған саудаға байланысты хат алмасулар Сирия арқылы Египетпен, Месопотамия және Кіші Азиямен жүргізілетін құрғақтағы сауда да айтарлықтай маңызға ие болғанын көрсетеді. Бәрінен де делдалдық сауданың маңызы жоғары болды, алайда Сирияның өзі де ағаш, жүк таситын есектер және піл сүйегін (ол кезде Сирияда әлі де пілдер мекендеген) сатып отырғанын айтып кету керек. Сауда бағыттарына сәйкес, егер теңіз жағалауында Египет ықпалы байқалса, ал елдің ішкі бөліктерінде – бұған қоса аккадтық ықпал да байқалды: бұл жерде көптеген адамдар египетше сөйлеп қана қойған жоқ, сондай-ақ сына жазуымен жаза алатындар да кездесіп отырды.

Соңғы уақытқа дейін б.з.д. III мыңжылдықта ішкі Сирия өркениет деңгейіне жете алған жоқ деп есептелген еді; бұл көзқарас Италия ғалымдары экспедициясының Телль-Мадрих қалашығындағы ашылымдарынан кейін өзгерді. Бұл қалашықтың астында ежелгі Эбла қаласы орналасқан еді. Табылған деректердің негізінде Сирияда б.з.д. III мыңжылдықтың өзінде-ақ өзен ирригациясымен байланысы жоқ өркениеттің болғандығы дәлелденді.

Эбладан табылған мәтіндер II Ерте әулет уақытындағы көне ерекшеліктерін сақтаған шумер жазуымен жазылған. Мәтіндердің көпшілігі – шаруашылық құжаттары, сонымен бірге шумер-эбла сөздіктері және бірқатар діни мәтіндер кездеседі.

Эбла Евфрат бойындағы, Оронт өзені алқабына дейінгі: орта Евфраттағы Мариден Оңтүстік Сириядағы Катнаға дейінгі жерлер ауқымындағы ең қуатты қала-мемлекет болған тәрізді. Қалалар маңында сол кездің өзінде-ақ малшы аморей тайпалары мекен еткен.

Эбла қаласының территориясы орталық және шеткері (шумерше уру-бар) болып екіге бөлінді. Бұл екі бөлік те сарайға (немесе храм-сарайға) бағынды, алайда біріншісі сарай шаруашылығына кірсе, ал уру-бар жерлерінің адамдары сарайға азық-түлік әкеліп тұруға ғана міндетті болды; олардың көпшілігі отырықшы малшылар болды. Сарайға бағынбайтын жерлер болды ма, жоқ па,

ол жағы деректерде көрініс таппаған. Сарайға жұмыс істеуші адамдардың жағдайы илоттарға жақын болған сияқты, бірақ оны әлі нақтылау қажет.

Эбла билеушісі маликум титулына ие болды, дәлме-дәл «ақыл-кеңес тыңдаушы» деп аударылады, кейінгі семит тілдерінің көпшілігінде бұл термин «патша» дегенді білдіреді, шумер тілінде жазылған мәтін үзінділерінде ол эн деп беріледі. Эбла маликумының жанында екі кеңесші және бірқатар басшылар – шаррум (шумерше лугаль) болды. Эбла сарайының есігі кішігірім алаңға шықты, оның ортасында билеуші тағы орналасқан биік орын болды; осы жерде шет елден елшілер мен көпестерді, Элбаның өзінің иеліктерінен алым әкелушілерді қабылдаған.

Эбла халықаралық сауданың ірі орталығы болды; деректерде жиһангез саудагерлер, лу-кар – «айлақ адамдары» жиі аталады. Сарайдан өңделмеген Бадахшан көк тасының (лазурит) біраз қоры (Ауғанстаннан) және Египеттен әкелінген алебастрдан жасалған ыдыстар, соның ішінде Хефрен мен I Пиопи перғауындарының жазбаларымен ыдыстар табылған.

Алайда мұндай тауарларды Эбла көпестері емес, шет жерлік саудагерлер әкеліп тұрған болса керек: деректер Эбланың тек Солтүстік (сириялық) Месопотамия қалаларымен (Абарсаль, Мари) және Тигрдің арғы бетіндегі аймақпен және Солтүстік Шумермен (Киш) тығыз байланыстары болғандығын көрсетеді. Эбладан батысқа қарай небары жүз шақырымда орналасқан Угатиттің өзі іскерлік құжаттарда емес, тек жер атауларының сөздік тізімінде ғана көрсетілген. Египетті, Кіші Азия мен Иран қыратын қойғанда, көрші жатқан Палестина мен Сирияның қалалары да бір де бір рет аталмаған. Соған қарағанда бұл елдердің бұйымдары Эблаға көптеген делдалдар арқылы жеткен болуы керек.

Аккад әулеті патшаларының мәліметтерінен (Саргон мен Нарам-Суэн) олардың Эблаға қарсы жорық жасап тұрғанын және Эбланы, соңғы патшасы – Ибби-Зикирдің билігі тұсында б.з.д. XXIII ғ. аяғында Аккад патшасы Нарам-Суэннің қиратқанын көреміз. Осы оқиғадан кейін Эбла б.з.д. II мыңжылдықтың басында қайта жанданды, бірақ енді ешқашан бұрынғы маңызына ие болған жоқ. Оның халқы бұл уақытта өздерін қоршаған аморейлермен бірігіп кетті.

Б.з.д. II мыңжылдықтың басында Солтүстік Сирияда астанасы Халеб қаласы болған Ямхад аса қуатты мемлекеті айрықша рөл атқарды. Бұл мемлекет халқының құрамы бойынша аморейлік, ал мәдениеті бойынша аккадтық болған еді. Ал Оңтүстік Сирияға (Катна) және Финикия жағалауларына дейін жоғарғы месопотамиялық патша – I Шамши-Ададтың саяси ықпалы күшті болады.

Сирия қала-мемлекеттері туралы жазба деректер өте жұтан (тек б.з.д. XVIII ғ. Алалах қаласынан табылған әзірше аз зерттелген мұрағаттарды есептегенде). Бұл қала-мемлекеттердің әлеуметтік құрылысы Аррапханың хуррамиттік қоғамына өте ұқсас болған тәрізді. Бұл Алалахта хурамиттердің көп болуымен ғана түсіндірілмейді, ол ең алдымен экономика сипатының бірегейлігімен және оның дамуының деңгейімен түсіндіріледі. Бұл жерде қала патшасы кейде өзінің мүлік агенттеріне немесе жай ғана жақындарына бүтіндей қауымдарды сыйға тарқаны немесе сатып отырғаны өте қызғылықты жайт; құжаттар сыйға тарту немесе сату-сатып алу келісімі ретінде құрастырылған, алайда іс жүзінде бұл жерлерден тек салық жинау құқығы берілгендігі жөнінде айтылады деушілер де жоқ емес. Дегенмен жер иеліктері қайта қайырылатын немесе басы бүтін сатылатын етіп шарттар жасалып отырғаны айқын болып отыр, бұл шарттар кейде қарызы үшін мүлікті тартып алуды жасырып та отырған. Өсімқорлық ерекше дамыды. Қарызды жекелеген қожайындар да, бүтіндей қауымдар да беріп отырды. Қатардағы қауымдастардың кедейленуімен қоғамның мүліктік жікке бөлінуі қарқынды түрде жүрді, кедейленген қауымдастар хапируға айналып, Сирияның шөлді аудандарында жасырынып жүрді.

Б.з.д. XVIII ғ. аяғы мен XVI ғ. басы аралығында Нилдің атырауына Палестинадан немесе Синайдан жауынгер малшы тайпалық топтары – гиксостар өте бастайды. Келімсектердің жауынгер топтары бірте-бірте Египеттің солтүстік номдарындағы билікті басып алады және олардың көсемдері өздерін перғауын деп атай бастайды. Египетте гиксостар этникалық ерекшеліктерін жоғалтып, жергілікті халықпен сіңісіп кетеді. Алайда өздерінің алғашқы мекендеген жерлерінде олар қандай мөлшерде билігін сақтағаны туралы мәселе шешімін таппай отыр. Бірақ дәл осы

кезде Палестинаның қалалары мен ауылдарында әл-ауқаттың өскендігі байқалады; алайда шонжарлардың бай, үлкен әрі барлық жағдайлары бар үйлері кедейлердің бейшара, жұпынсыз лашықтарымен қатар тұрған болатын: терең мүліктік жіктеліс бұл жерде де жүрген еді. Палестина бұл кезде саяси жағынан біртұтас болмады. Тайпа аралық өзара қырқыс соғыстардың жиі болып тұрғанын қалалардың қуатты дуалдары және олардың жауларды әр кездерде талқандап отырғанын байқататын археологиялық іздері көрсетеді. Соған қарамастан Палестина қалалары номиналды түрде болса да Аварис қаласындағы гиксос патшасының жоғарғы билігін мойындауы, гиксостардың екінші орталығы Палестина жағалауының оңтүстік бөлігіндегі Газа болуы мүмкін.

## **2. Митанни және перғауындық Египет**

Б.з.д. XVII ғ. екінші жартысында Египеттегі гиксостар патшалығы (немесе патшалықтары) құлдырай бастайды. XVI ғ. Басынан Шығыс Жерорта теңізінде бір уақытта бірдей бірнеше жаңа маңызды саяси факторлар пайда болады.

Солтүстікте хурриттік Митанни державасы ұсақ-ұсақ акадтық, хурриттік және аморейлік патшалықтарды жұтып қояды. Алалахтың сол кездегі патшаларының бірі Идри-Ми өз жазбасында оның қаласында төңкеріс болғандығы жөнінде, өзінің арбаға мініп, таулық хапируларға қашқанын және сол жерде бірнеше жыл өмір сүріп, кейінірек өз қаласына оралғаны, бірақ енді Митаннидің патшасы Парраттарнаның жоғарғы билігін мойындағаны жөнінде әңгімелейді.

Евфраттан батысқа қарай орналасқан Митаннидің мемлекеттік билігі қай кезде болсын мықты болды деуге еш негіз жоқ, бірақ Митанни ықпалының тарауы айтарлықтай болды. Сирия мен Палестина халықтарының тілдері оңтүстікте ханаанейлік, ал солтүстікте аморейлік болғанына қарамастан әулеттердің үндірандық және хурриттік аттары б.з.д. XV ғ. аяғына дейін бұл екі елдің әртүрлі қалаларында кездеседі. Бұл жағдай әулеттер Митанни патшаларының туыстары болуымен түсіндірілсе керек, өйткені үндіран тілі Алдыңғы Азиядағы Иран қыратының шегінен ары аспаған еді.

Митаннидің өрлеуі Сирия мен Финикияны байытуға қабілетті екі түрлі жаңалықтың ойлап табылуымен тұстас келді. Б.з.д. XVIII-XVII ғғ. шамасында Жоғарғы Месопатамиядағы хурриттер түрлі-түсті шыныдан ыдыс жасауды ойлап тапты. Ыдыс жасаудың бұл тәсілі кейінірек Финикияда, Төменгі Месопатамия мен Египетке де тарады, бірақ бірқатар уақыт аралығында хурриттер мен финикиялықтар халықаралық саудада шыны ыдыстарды өткізуді монополиялады. Б.з.д. XVI ғ. аяғына қарай Финикияда жүнді теңіз құртынан (моллюск) жасалатын бояу – пурпурмен ашық қызыл және ақшыл көк түске бояу тәсілі ойлап табылды. Ханаанейлік Финикияның кішігірім қалаларында боялған жүнді айырбастау жолымен түскен астық пен металл бұйымдардың бай қоры жинақталып қалды. Финикиялықтардың Жерорта теңізінің алыс аудандарында да қызу саудасы басталып кетті. Шамамен б.з.д. 1400 ж. бастап осы сауданың куәсі ретінде Сирия мен Палестинада микендік және кипрлік керамика пайда болады; финикиялық тар теңіз арқылы сондай-ақ испан қалайысын әкеп тұрған да болуы керек, мұның өзі Алдыңғы Азияда қоланың жасалуын арзандатты.

Көпестер рөлінің өсуі Финикияда месопатамиялық және египеттік типтегі монархиялық құрылыстың дамуын тежеді: әрбір қалашықта өз патшасы болғанына қарамастан, жалпы алғанда олардағы билік алғашқы демократиясы сақталған олигархия сипатында болды.

Палестина мен Финикияның ханаанейлік қалалары мен Сирияның аморейлік және хурриттік қалаларының жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты гүлденуі көп ұзамай, дәлірек айтқанда, б.з.д. 1600 жылы кейін басталып кеткен Египет жаулаушылығының кесірінен тоқтап қалды. Египеттегі гиксоттар билігі жойылды, жаңа XVIII әулет перғауындары жекелеген шапқыншылықтардан Палестина-Финикия-Сирияға жоспарлы шабуылдарға өтті. Перғауын I Яхмес Оңтүстік Палестинадағы гиксоттардың соңғы тірегін алды; XVI ғасырдың соңғы ширегінде I Тутмос Евраттың өзіне дейін жорық жасады; әйел-перғауын Хатшепсут өз билігін бейбітшілікте өткізгеннен кейін билікке келген III Тутмос уақытысынан ханааней қалаларын жүйелі түрде ұзаққа созылған қанды қырғынға салу бастал-

ды. Египеттің әрбір жорығы жауланып алынған территорияны Египеттің құрамына қосумен емес, тек қалалар мен ауылдарды тонаумен, мал мен адамдарды айдап әкетумен аяқталып отырды. Перғауындардың әкімшілік шаралары өте-мөте қарапайым болды. Негізгі жолдар мен өткелдерді бақылап отыратын бірнеше египет қамалдары тұрғызылды. Гарнизондардың болуы жергілікті билеушілердің ұзақ уақыт бойы жаулаушыны сый-сияпаттар, тарту-таралғылар, алым беріп отыру арқылы тыныштандыруға итермеледі; кепіл ретінде Египет сарайына билеушілердің балаларын әкетіп отырған: ұлдарын перғауынға адал болу рухында тәрбиелеп, ал қыздарын әйелдікке алып отырған. Бірақ перғауындар Египет мемлекетінің ішкі әкімшілік жүйесін Палестина мен Сирияға таратуға ешқашан ұмтылмаған. Олардың жекелеген патшалардың сарайларында ұстаған кіші-гірім әскери топтары негізінен бақылаушылық функция атқарған болуы керек. Мысалы, Салық жинау олардың міндетіне кірмеген: құнды заттар да, жұмыс күштері де Палестинадан, Финикия мен Сириядан тұрақты салық салу арқылы емес, үнемі жасалып отыратын әскери жорықтар арқылы зорлық-зомбылықпен, күшпен тартып әкетіліп отырылды. Сирия-Палестина мемлекеттерінің Египет жаулаушылығы кезінде XV ғасырдың өзінде-ақ халықтың үлкен бөлігін жоғалтқаны белгілі болды.

Перғауындар Митанни күштерін Евфраттың арғы бетіне ығыстырып жібергеніне қарамастан Митанниді толықтай қиратуға олардың күші жетпеді. Митанни патшалары Сирия-Палестина жерлеріндегі перғауындарға қарсы ұйымдаспаған болса да, бірақ толастамай отырған қарсылық қозғалыстарымен тұрақты байланыс орнатып отырды. Басты мәселе мынада еді: перғауынның олжасы неғұрлым бай болған сайын Сирия-Палестина жолындағы сауда соғұрлым тоқырап отырды, ал саудасыз елдің байлығы кеміп кететін еді, мұның өзі Египетті әртүрлі бағалы заттармен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндікті шектеді. Ақыр аяғында перғауын IV Тутмос Митанни патшасы I Артамамен ықпал ету аймағын бөлісу туралы келісім жасауға мәжбүр болды. Жерорта теңізіне шығатын Солтүстік Сирия Митанни аймағында қалды, ал Египет перғауындары өз ықпал ету аймағында жыл сайынғы жорықтарсыз-ақ қаражаттың келіп тұру жолдарын іздестіре бастады.

### 3. Хапиру халықтық қозғалысы

Б.з.д. XIV ғасырдың Ең басында Финикия мен Сирия аралығындағы тауларда жаңа ерекше бір мемлекет пайда болды. Негізгі халқын хапирулар құрады, олардың белгілі бір тайпалық немесе территориялық шығу тегі бір болмағандықтан, жаңа мемлекеттің атауының да өзіндік ерекшелігі болды: мемлекеттің *Амурру* деген атауы XV ғ. аяғына дейін жай ғана батыс, малшы тайпалардың мекен еткен жері дегенді білдірді (олар сондықтан да аморейлер, яғни батыстық деп аталды, ал олардың өз атауы сутилер болса керек). Хапирулер бұрын да мүмкіндік туған кезде өзін-өзі басқаратын қауымдар құрып отырған; бір бөлігі жергілікті патшаларға әскери қызметке барып отырды, бірақ олардың бәрі жалпы патшалық билікке, соның ішінде әсіресе перғауын билігіне дұшпандық көзқараста болды.

Осы хапирулерді Амарру патшалығын құрған шенқұмар Абди-Аширта өз мақсатына жету жолындағы құрал ретінде пайдаланды. Перғауын III Аменхетепке жеткен мәлімет бойынша ол өз жақтастарының алдында сөйлеген сөзінде былай депті: «Жиналыңдар, Библға шабуыл жасаймыз. Егер ол жерде қаланы жаудан қорғайтын адам болмаса қала бастықтарын бүкіл ауданнан қуамыз, сонда барлық аудандар хапирулерге қосылады; сөйтіп барлық аудандар үшін «әділеттік орнайды» және жігіттер мен қыздар мәңгі қауіпсіздікте болсын. Ал егер перғауын бізге қарсы әскермен шықса, онда барлық аудандар оған жаулықта болады, сол кезде ол не істей алар екен?» «Әділеттік» деп алдыңғы Азияда ең алдымен қарыздардан босату мен кепілдегілерді қайтаруды және сондай-ақ мүмкіндігінше тартып алынған немесе сатып алынған жерлерді қайтарып алуды түсінген. Сонымен барлық ұсақ мемлекеттердің «қала басшыларын» (патшаларды) қуып шығып, еркін хапиру болуды ұсынды, қарыз құлдығы жойылуға тиіс болды, ал әскери күшке көтеріліске шыққандардың ауызбірлікте болуы қарсы қойылды. Перғауын үкіметі ерте кездерден-ақ хапирулерді қуғындап, іздеп тауып құлдық ауыр еңбекке жегіп отырғаны түсінікті.

Абди-Аширта және одан кейін оның ұлы Азиру өздерінің перғауынға жазған хаттарында оның адал құлы екендігін айтып

отырды, алайда сонымен бір мезгілде өз агенттері арқылы жүйелі түрде халықты өз «қала басшылары» өлтіруге шақырып отырды. Шынында да Финикия мен Палестинаның әр жерлерінде бұл үндеулер қолдау тауып, кейде құлдардың жекелеген қарулы топтарының көтерілістеріне дейін орын алып отырды.

Б.з.д. XIV ғасырдың 60-жылдары Хетт патшасы I Суппилиума перғауындардың одақтасы – Митанни патшалығын талқандауды бастады. Амурру Хетт және Египет державаларының арасындағы аралық жағдайда қалды, алайда оның патшасы Абди-Аширта хеттер жағын жақтады. Хеттердің Сирияға шабуылы басталғаннан-ақ Египет билігіне қарағанда Хетт билігі жеңілдеу екендігі белгілі болды. Хетт патшасы өз бағыныштыларына қатынасын екі жақтың барлық құдайларының аттарымен бекітілген жазба келісімшарттар арқылы анықтап отырды және бұл шарттарды орындап отырды. Хеттер жинап отырған алым да, олар талап еткен әскер құрамы да перғауын әскерлері мен шенеуніктерінің тонаушылығынан әлденеше есе жеңіл болды. Перғауын сарайлары мен зираттарының жоғары көркемдікпен жасалған бай әшекей безендірулері Шығыс Жерорта теңізі халықтары үшін шынында да аса қымбатқа түсті. Хеттер әзірге мұндай сән-салтанатқа үйрене қойған жоқ еді, ал олардың державасы бұған дейінгі Митанни державасы сияқты өзара тең емес болса да, бірақ одақтас мемлекеттердің конгломераты болды. Сол кездегі Сирияның ең ірі мемлекеті – Амурру патшасы Азиру Хетт патшасына жылына жүзге тарта құлдың бағасын, яғни 2,5 кг алтын төлеп тұрды, бұл үлкен ақша, алайда ол перғауынға бұдан әлденеше есе көп төлер еді. Сондықтан да Шығыс Жерорта теңізі халқының барлық топтары, перғауынды жақтаушы шонжарлардың бір бөлігін қоспағанда хеттер үстемдігін артық көруі түсінікті еді.

Өзінің діни реформасымен айналысып жатқан IV Аменхетеп Египеттің Азиялық иеліктерін ұстап қалу үшін жеткілікті әскер жібере алмады немесе жібергісі де келмеді. Алайда I Суппилиума бұл жерлерді әзірге жаулап алған жоқ, алдымен Митанниді талқандап алу керек болды. Перғауындардың Азиялық империясы Азирудың соққысынан және хаппиру топтарын айналасына жинаған Дамаск билеушісінің соққысынан құлады. Финикияда



хапирулар жағына Сидон патшасы өтті. Перғауын өкіметінің әрекетсіз отырғанына қарамастан, жаулаушылармен қызметтес болуымен өздерін халық алдында келеңсіз жағынан көрсетіп алған көпшілік патшалар Египетке адалдығын сақтады, бірақ олардың жерлері от-жалынға оранып жатты.

Хапирулердің ізімен жүре отырып, хетт әскерлері оңтүстікке шабуыл бастады. XIV ғ. Ортасына таман олар Солтүстік Палестинаға дейін жетті. Сол кезден бастап хапирулер туралы ештеңе айтылмайды: олар басқа да ханааней халықтарымен бірігіп кетсе керек; олар өз жағдайын біраз жақсартып алған болуы мүмкін немесе бір бөлігі өз үйлеріне оралған болуы да мүмкін, бірақ әрине қоғамдық құрылысының түбегейлі өзгеріске ұшырауы мүмкін емес еді. Амарру патшалығы басқа патшалықтардан еш айырмасы жоқ кішігірім сириялық мемлекетке айналып, б.з.д. XII ғ. дейін өмір сүрді.

#### **4. Хеттер мен перғауындық Египеттің Сирия , Финикия және Палестина жерлері үшін күресі**

Египеттің XVIII әулеті құлағаннан кейін келесі, XIX әулеттің перғауындары – I Сети және II Рамсес Палестина, Финикия мен Сирияны қайта жаулап алуды бастауға тиіс болды. Хеттердің Сириядағы жағдайы да жеңіл болған жоқ, хетт патшалары күрделі саяси ойын жүргізіп отыруға мәжбүр болды. Митанни жойылғаннан кейін Солтүстік Сирияға апаратын Евфрат өткелдеріне жаңа құрылған Ассирия державасы қауіп төндіре бастады және Сирия мемлекеттері Египет үстемдігіне қарағанда хетт үстемдігі жұмсағырақ болғанына қарамастан, бірақ ол Митанни үстемдігінен әлдеқайда ауыр екендігін түсінді: хетт державасымен жасалған барлық келісімшарттарда бағынышты мемлекетті дербес сыртқа саясат жүргізу құқығынан айырған шарттар болды, сондай-ақ оның дербестігін айтарлықтай шектеген басқа да бөліктер болды. Нәтижеде бірқатар Сирия патшалықтары хеттерден бөлініп кетті, оларды күшпен бағындырып отыруға тура келді; Амурру патшалығы Хетт және Египет державалары арасында бір де бірінің, келесіде екіншісі жағына шығып ауытқып отырды.

Хеттердің Сириядағы басты тірегі Евфраттағы Каркемиш қаласы болды; хеттер өздері үшін осындай екінші тірек ретінде теңіз жағалауындағы Угарит қаласын жасамақшы болды. Угариттің мемлекеттік мұрағаты бізге б.з.д. XIV-XIII ғғ. Сирия қоғамы туралы құнды мәліметтер береді.

Угариттің қоғамдық құрылысының жалпы белгілері хетт патшасы III Хаттусилидің Угарит патшасына жіберген елшілік жолдауынан жақсы көрінеді. Хетт патшасының Угаритке ұсынып отырған келісімшарттарынан оның көзқарасы бойынша угарит қоғамы мынадай әлеуметтік топтардан тұрған: 1) «патша құлдары (яғни қызметкерлері)»; 2) «Угарит ұлдары (яғни ерікті азаматтар)»; 3) «патша құлдарының құлдары» (яғни патша қызметкерлерінің құлдары; бұған жалпы патша қызметкерлерінің бақылауындағы патша шаруашылығы жұмыскерлерінің ең төменгі топтары кірген болуы да мүмкін); 4) сатып алынған жекеменшік құлдар. Аталған топтардың әрқайсысынан адамдар хетт патшасының қамқорлығындағы хапиру қауымдарына қашып отырғаны көрсетілген, алайда хетт патшасы қашқындарды қайтарып отырған көрінеді. Деректерден угарит қауымдарынан ұжымдық салықтар жиналып отырғаны және олардың мүшелері жалпы мемлекеттік міндеткерліктер өтеуге әкетіліп отырғаны жақсы белгілі (аккадша *ильку*, хурритше *унушише* «міндеткерлік өтеуге бару» дегенді білдіреді). Ең маңызды міндеткерліктер әскери, кеме ескекшісі болу және мемлекет жұмыстарын орындау болды, бұл міндеткерліктерді орындаушыларды мемлекет қазынасынан асырап отырды. Міндеткерліктерді орындауға жекелеген үлкен отбасылық қауым өкілдері (шамасы өз қалауымен болса керек) бөлініп отырды. Қауымдарды ақсақалдар және қауым мен патша өкіметі арасындағы ерекше байланыстырушы кісі – *сакину* басқарды; Угарит мемлекетінің басқаруы жалпы алғанда осындай болды, алайда сакинумен қатар патша да болды, бұл сыртқы қатынастар ісін кейде тікелей ақсақалдар кеңесі немесе сакинудің жүргізуіне кедергі келтірген жоқ.

Әскери міндеткерліктерді тек қауымдастар ғана емес, сондай-ақ «патша адамдары» да (ерекше артықшылықпен одан босатылғандарынан басқасы) атқарды. Каркемиштің күшеюінің нәтижесінде, оның үстемдік ету саласына Угарит те түсіп, бірте-бірте Угариттің ықпалы төмендей берді.

Египет перғауыны I Сети бастаған хеттерге қарсы шабуылдар II Рамсес тұсында одан ары дамытылды. Сөйтіп, Палестинаның ханаанейлі қалаларының жағдайы Сирияның аморейлік-хурриттік қалаларынан әлдеқайда нашар болды; перғауындардың тежеусіз тонаушылығы, адамдарды қыру мен айдап әкетуі қайта басталды. Патшалық құруының бесінші жылында (шамамен, б.з.д. 1312 жыл болуы мүмкін) II Рамсес көп әскер жинап, Чару шекаралық бекінісіне аттанады. 29 күндік жорықтан кейін патшаның өзі басқарған алдыңғы шептік әскер Кадештен бір асу қашықтықтағы жерге келіп орналасты. Бұған таяу жерге хетт армиясы және оған одақтас Сирия әскері орналасқан болатын.

Египет қосынына жіберілген тыңшылардың хеттер Египет әскерінен қорқып, солтүстікке шегініп кетті деген жалған ақпарына сенген II Рамсес бүкіл армияның келуін күтпестен, өзінің шағын ғана авангардтық әскерімен хеттерге қарсы шабуылға шығады. Нәтижеде египеттіктердің шағын отряды перғауынның өзімен бірге қырылып қала жаздайды, жағдайды дер кезінде келіп жеткен Египет әскері құтқарып қалады. Хеттердің арбалы әскерінің қарсы шабуылы олар тар өткелде шайқасқандықтан нәтиже бермейді. Қарсыластар бұл жолы бірін-бірі жеңе алмайды.

Кинзес-Кадеш түбіндегі шайқастан кейін, II Рамсес тағы да он бес жылдай уақыт бойы жыл сайынғы жорықтарымен тек Палестинаның ғана емес, сондай-ақ Сирияның да жергілікті халқын тонап отырды. Тек 15 жылға созылған ауыр күрестен кейін ғана II Рамсес хеттерді Оңтүстік Сириядан ығыстырып, Кадешті және басқа да бірқатар қалаларды басып алды. III Тутмосистің бұрынғы иеліктерінің солтүстік бөліктері хеттер жағында қала берді. Ақырында хетт патшасы II Хаттусили бір бүйірінен Ассирия қаупі төніп тұрғандықтан II Рамсеспен бейбіт бітімге (б.з.д. 1296 немесе 1270 ж.) қол қоюға мәжбүр болды.

## **5. «Өзеннің арғы беті тайпаларының» қоныс аударуы**

II Рамсес билігінен кейін көп ұзамай (б.з.д. XIV ғ. аяғы – XIII ғ. басы) Палестинаға Иорданның арғы бетіндегі далалардан малшы тайпалардың үлкен топтарының баса-көктеп кіруі басталады. Бұл

жөнінде археологиялық деректер де, оқиғадан кейін 400-500 жыл өткеннен кейін аңыздарды жазбаға түсіруі негізінде және бізге дейін Таурат құрамында сақтала отырып жеткен тарихи аңыздар да жеткілікті түрде толық мәлімет бере алады.

XIII ғасырдың екінші жартысында Иордан өзенінің арғы бетіне, содан кейін Палестина жеріне басып кірген тайпалардың шығу тегі Жоғарғы Месопотамияны мекендеген аморей-сутий тайпалары еді, оларды бұл жерден XVI-XIV ғғ. Меттани хурриттері мен касситтер ығыстырып шыққан болатын.

XIII-XII ғғ. Заиорданиде қоныстана бастаған сутий тайпалары ирби деген атаумен белгілі болған. Бұл «өзеннің арғы бетінен өтуші» дегенді білдірді. Ибрилер деп тек кейінгі еврей халқын ғана емес, атақты Авраамның (Ыбрахим пайғамбар) барлық ұрпақтары, соның ішінде аромейлер мен арабтарды да атаған болуы керек.

Барлық израильдіктердің мықты сеніміне айналған кейінгі аңыздар бойынша олардың ата-бабалары Египеттің қол астындағы Гошен немесе Гесем ауданына қоныстанбақшы болады, сол жерде олар Египет «құлдығына» түсіп қалып, «патша адамдары» ретінде міндеткерлік жұмыстар атқарып жүреді. Оларды бұл құлдықтан Египет патшайымының асырап алған баласы, израилдік Мұса пайғамбар Яхве құдайының көмегімен құтқарып, Египеттен алып шығады. Библия аңыздарына сәйкес Мұса Яхвемен «Өсиетке» (келісімге) отырады, келісім бойынша Яхве израильдіктерге Палестинаны беруге уәде етеді, ал олар өз кезегінде Яхведен басқа құдайларға табынбауға міндетті болады. Бұл әңгіме әрине, аңызға құрылған, алайда одан сол уақыттың оқиғаларына байланысты шынайы деректерді де сүзіп алуға болады.

Палестинада израильдіктер (аморей-сутий тайпаларының бір бөлігі) осы жерде бұрыннан өмір сүріп жатқан ханаана және аморей халқын кездестіреді. Аңыз бойынша израильдіктер Яхвенің әмірі бойынша барлық ханааней халқын қырып тастайды. Алайда іс жүзінде бүкіл ханааней халқы қырылып кетпеген, керек болса олардың кейбір қалалары өз тәуелсіздіктерін сақтап қалған. Атап айтқанда, биік алынбас қырдың басында орналасқан иевуситтер қаласы – Иерусалим израильдіктерден тәуелсіз болып қала берген.

Кейбір уақытша әскери көсемдерді есептегенде Израиль тайпаларының қандай да бір ортақ саяси билігі болмады. Оларды ақсақалдар мен пайғамбарлар (нәби) басқарды. Ерекше қиыншылық туған кезеңдерде жекелеген тайпалар немесе бүкіл тайпа одағы ерікті түрде құтқарушы-көсемге бағынды (қазы, ежелгі еврей тілінде *шофет*). Мемлекеттің бастамалары тек «қазылар» дәуірінің соңғы көсемдері тұсында ғана қалыптаса бастайды.

Дәстүр бойынша израиль тайпа одағы 12 тайпадан (буынан) тұрды деп есептеледі. Бұл ең алдымен діни бірлестік болды, оларды ортақ құдай – Яхве біріктірді. Дінді тайпааралық левиттер ұйымы жүргізіп отырды. Яхвеге кез келген жерде – көбінесе қыраттарда, таудың биік шыңдарында табынатын. Алайда жер бетінде ол «Өсиет кемесінде» орналасқан, бірақ көзге көрінбейді деп есептелді. Бұл кеме көшпелі өмір кезіндегідей шатырда сақталды. Яхве сол дәуірде де, одан кейінгі кезеңде де бірден-бір құдай болып есептелмеген; ол тек өз тайпасымен өзін басқа құдайлармен тең қоймауы жөнінде келісім жасасқан «қызғаншақ» құдай болды деуге болады; бұл келісімнің символы ер балаларды сүндетке отырғызу болды. Алайда, келісімге қарамастан Яхвемен қатар басқа да құдайларға табыну орын алып отырды.

Бірте-бірте отырықшылыққа өту, қолөнер мен сауданың дамуы мүлктік жіктелісті күшейте түсті. Ежелгі еврейлердің қоғамында ірі жер иелері мен құл иелері қалыптасып жатты, ал олар өздерінің мүдделері мен талаптарын қорғайтын мықты биліктің орнауына мүдделі болды. Сайланбалы көсемдерді өз билігін мұраға қалдыра алатын патшалардың ауыстыруын және жалпы мемлекеттің қалыптасуын сырттан төнген қауіп те тездеткен болатын. Ежелгі еврей тайпалары көршілес филистимдіктермен ұзаққа созылған соғыс жүргізіп жатты. Осы соғыстар барысында солтүстіктің Вениамин тайпасының өкілі, Киштің ұлы Саул патша болып сайланып, оның билігін барлық еврей тайпалары мойындады (б.з.д. XIғ.). Саул өз жақындарын мыңбасы, жүзбасылар етіп тағайындап, оларға егістік алқаптары мен жүзімдіктерді сыйға тартты. Мұның өзі қызметкер шонжарлардың пайда болуына алып келген болатын. Алайда Саулдың қолбасшылық қабілеті жеткіліксіз болып, ол филистимдіктерден ойсырата жеңіліс табады.

Еврейлердің патшасы болып Саулдың күйеу баласы, оңтүстіктегі иуда тайпасының көсемі Дәуіт (Давид) отырады (б.з.д. 1000-965 жж.). Оның тұсында ханаанейлерден Иерусалим тартып алынып (995 ж.), еврейлердің жаңа патшалығының астанасына айналды. Елді басқару мақсатында орталық мемлекеттік аппарат қалыптастырылып, оның басына жоғарғы қызметкер қойылды. Патшаның жанында тек өзіне ғана бағынатын, криттіктер мен филистимдіктерден жасақталған жеке гвардиясы тұрды. Дәуіттің салық жинау мақсатымен жаппай халық санағын жүргізу туралы бұйрығы халықтың қатты наразылығын туғызды. Дәуіттің сыртқы саясаты табысты болып, оның тұсында елдің оңтүстіктегі шекарасы Акаб бұғазына дейін кеңейтілді.

Дәуіттің мұрагері оның кіші ұлы Сүлеймен (Соломон – б.з.д. 965-935 жж.) болды. Дәстүр оны дана басшы, әділ де қайырымды қазы, Библияға кірген бірқатар әдеби шығармалардың авторы ретінде дәріптейді. Сүлейменнің тұсында құрылыс ісіне көп назар аударылды. Босап қалған ханааней қалалары қалпына келтіріліп, жаңа қалалар соғылды. Яхве құдайының құрметіне Сүлеймен патша Иерусалимде сән-салтанатты храм тұрғызды. Құрылыс қызметінің кең ауқым алуы мен сарайдың қажеттіліктері салық саясатының күшейтілуін талап етті. Израиль-иудей патшалығының территориясы 12 округқа бөлініп, оның әрқайсысы патшаға жылдың бір айында азық-түлік жеткізіп тұруға тиіс болды. Еңбек міндеткерлігі енгізілді, жылдың төрт айын израильдіктер патшаның құрылыс жұмыстарында өткізуге тиіс болды.

Сүлеймен билігінің соңына қарай мемлекеттің сыртқы саяси жағдайы қиындап кетеді. Солтүстік шекарада қуатты Дамаск патшалығы пайда болды. Көпшілік еврей тайпалары Иудеядан бөлініп кетіп, жаңа Израиль патшалығын құрды. Оның астанасы жаңа салынған Самария қаласы (б.з.д. IX ғ.) болды. Дәуіттің ұрпақтары тек елдің оңтүстігіндегі билігін сақтап қалды.

Әлсіреп, бөлшектеніп кеткен елге Египет патшасы Шешонк б.з.д. 930 жыл шамасында басып кіріп, еврейлердің екі бірдей патшалығын тонауға ұшыратты. Алайда Шешонктың мұрагерлері тұсында Египеттің әлсіреп кетуі оның Шығыс Жерорта теңізіндегі бұрынғы үстемдігінен айрылып қалуына алып келді.

### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Аймақтың табиғи жағдайының ерекшелігін көрсетіңіз.
2. Шығыс Жерорта теңізі елдерінің саяси дамуын Египет және Месопотамияның саяси дамуымен салыстырыңыз.
3. Сирия, Финикия және Палестина жерлері үшін Египет пен хеттердің күресі немен аяқталды?
4. Палестина жерінде еврейлердің мемлекеті қашан құрылды?

## *12-тарау*

# **МИДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АХЕМИНИДТІК ДӘУІРДЕГІ ИРАН**

## **1. Ежелгі ирандықтар. Мидия**

Б.з.д. II-I мыңжылдықтар межесі Иран территориясында алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болған уақыт болып табылады. Таптық қоғамның қалыптасып, алғашқы мемлекеттердің пайда болуы бұл аймақта да өндіргіш күштер дамуының жаңа кезеңінде, темірғасырының басталуымен қатар жүрді. Әлеуметтік, саяси және мәдени дамудағы алға басулар егіншіліктегі және шаруашылықтың басқа салаларындағы жетістіктермен байланысты болды. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында Иранның солтүстік-батысында территориялық жағынан кішігірім саяси бірлестіктер қалыптасады. Кейінірек бұл бірлестіктер өзара бірігіп, анағұрлым ірі мемлекеттер пайда болды. Осындай мемлекеттердің бірі VII ғасырдың екінші ширегінде қалыптасқан Мидия державасы еді. Бірте-бірте ол Иранның барлық аймақтарын дерлік өзіне бағындырып, алдыңғы Азияның солтүстігіндегі Урарту, Ассирия сияқты қуатты мемлекеттердің де территориясын басып алды.

Ежелгі шығыстағы мемлекеттілік тарихында маңызды орынды Мидия мен Ахеменид державалары дәуірі алды. Ирандағы мемлекеттік типтегі алғашқы құрылымдарды елдің жергілікті халқы негіздеген болатын. Сонымен бірге II-I мыңжылдықтың межесінде Батыс Иранда шығу тегі әлі де ғылымда дау туғызып отырған келімсек тайпалар тарай бастайды. Олардың қоныстануы мен автохтонды халықпен ықпалдастыққа түсіп, оларды біршама

ассимиляциялауы негізінде ирантілді халықтар қалыптасады. Дәл осы ирантілді халықтар пайда болған уақытынан бүгінгі күнге дейін, орта ғасырларда орын алған жаулаушылықтарға (арабтар, түріктер, монғолдар), әртүрлі этникалық араласуларға қарамастан өзінің этникалық ерекшеліктерін өзгеріссіз сақтап отыр. Ежелгі ирандықтар өздерін «арийлер» деп атаған. Иран атауының өзі осы сөзден шығады. Ирандағы арийлерге мидяндар, парсылар, т.б. жатса, Орта Азияда скифтер, сарматтар және басқалар жатқан болатын. Арийлер III-II мыңжылдықтың межесінде үндіеуропалықтар қоныстанған ареалдың шығысында мекендеді, ал солтүстікте арийлердің көршісі Солтүстік-Шығыс Еуропа мен Уралдың финн-угор тайпалары болған. Бірте-бірте бөлшектене тарала отырып, иран тайпалары б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларына қарай Солтүстік Қара теңіз жағалауынан Орта Азияға, Иран мен Ауғанстанға қарай таралады.

Жергілікті халықтар – хурритер және касситтермен өзара ықпалдастыққа түсе отырып ирандықтар б.з.д. VIII ғ. Бастап үстем этносқа айнала бастайды. Олар, өз кезегінде екі бөлікке – солтүстіктегі мидиялықтар мен оңтүстіктегі парсыларға бөлінеді. Ассирияның Урартумен соғыстары, киммериялықтар мен скифтердің шапқыншылықтары мидия тайпаларының топтасуы үшін қолайлы жағдай туғызды. Дәл осы тайпалар Мидия деп аталған мемлекет құрады. Мидия VII ғасырда Қуатты державаға айналып, Вавилониямен одақтаса отырып, Ассирияны талқандаған болатын.

Киаксар патша тұсында (624-585) Мидия өз қуат-күшінің шарықтау шегіне жетеді. Мидия державасына Урарту, Манней және Скиф патшалықтары кірді. 590 жылы Мидия Кіші Азияның батысындағы басты мемлекет – Лидиямен соғыс бастайды. Соғыстың нәтижесінде Мидияға Кіші Азияның солтүстік-шығыс бөлігі беріледі.

Мидияның шығыстағы иеліктері туралы нақты мәліметтер жоқ. Оның ықпал ету аймағына Орта Азия мен Ауғанстанның батысы кірген болуы мүмкін. Бірақ Маргиана (Мерв) мен одан шығысқа қарай жатқан жерлер Ахеменидтер тұсында ғана Иранға қарады.



Территориялық жағынан ауқымды мемлекеттің құрылуы мен жаулап алынған жерлерден түскен орасан зор байлық Мидия қоғамының экономикалық және әлеуметтік дамуына оң ықпал етті. Мидияда құлдар мен басқа да тәуелді адамдардың еңбегін қанаған ірі шаруашылықтың болғандығы жөнінде деректер бар. Патша билігінің күшеюі жергілікті шонжарлардың сепаратизмімен үздіксіз күрес негізінде іске асып отырды. VI ғасырдың басына дейін ішкі қайшылықтарды сыртқы саясаттағы табыстар бүркемелеп отырған еді. Алайда Мидияның өрлеу дәуірі Киаксардың билеуі уақытымен тұспа-тұс келген болса, ал оның ұлы Астиаг тұсында Мидия мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатады.

Астиаг ақсүйек шонжарлардың ең жоғарғы бөлігінің күшеюатын шектеуге тырысады. Сонымен бірге елде дінбасыларының ықпалы өсіп кетеді. Мидияда шиеленісті жағдай қалыптасады.

Осындай жағдайда патша әулетінен шыққан әскербасы Гарпаг бастаған шонжарлар парсы патшасы II Кирмен келісімге келіп, елде көтеріліс бастайды. Вавилон хроникасының көрсетуі бойынша, 550 жылы көтеріліс басталғаннан кейін, Астиагтың парсыларға жорығы кезінде әскері өзіне қарсы шығып, Астиагты тұтқындап, Кирге тапсырады. Кир жеңіске жетіп, Мидия патшалығын Ахеменид державасы ауыстырады.

## **2. Әлемдік Парсы державасының пайда болуы**

Парсылар туралы Ассирия деректерінде б.з.д. IX ғасырдан бастап айтыла бастайды. Б.з.д. 843 жыл шамасында құрастырылған Ассирия патшасы III Салманасар жазбасында Парсуа аймағы жөнінде айтылады. Бұл территория қазіргі Иранның Фарс провинциясымен сәйкес келеді.

VII ғасырдың 40-шы жылдарына дейін парсылар элам патшаларына тәуелді болды, ал бұдан кейін қысқа уақыт ассириялықтарға алым төлеп тұрады. Б.з.д. VII ғасырда Парсылар тайпа одағын құрып, оны ахеменилер руынан шыққан көсемдер басқарады. Дәстүр бойынша әулеттің негізін қалаған Ахемен болып табылады. Б.з.д. 646 жыл шамасында парсылар патшасы Ахеменидің ұрпағы I Кир болады. Бірте-бірте I Кирдің және одан

кейінгі патшалардың тұсында парсылар Иран қыратының үлкен бөлігін өздеріне қаратады. Парсылардың бір бөлігі отырықшы өмір кешсе, ал екінші бөлігі көшпелі малшаруашылығымен айналысты.

Шамамен б.з.д. 600-559 жж. Аралығында Персияда I Камбиз билік құрды, оның тұсында ел Мидия патшаларынан вассалды тәуелділікте болады. 558 жылы I Камбиздің ұлы II Кир Пасаргадта үстемдік еткен отырықшы парсы тайпаларының патшасына айналады. Парсы мемлекетінің орталығы Пасаргада қаласы болды. Бұл кезде Таяу Шығыста төрт ірі державалар қалған еді: Египет, Вавилония, Мидия және Лидия. 553 жылы Кир өздері вассалды тәуелділікте отырған Мидия патшасы Астиагқа қарсы көтеріліс бастайды. Соғыс үш жылға созылып, 550 жылы парсылардың толық жеңісімен аяқталады. Осы уақыттан бастап Персия әлемдік тарихтың кең аренасына шығып, екі ғасыр бойы саяси қатынаста жетекші рөл атқарады.

549 жылы парсылар Эламның бүкіл территориясын басып алады. 549-548 жж. Олар парсылар бұрынғы Мидия державасының құрамына кірген барлық елдерді, атап айтқанда, Парфияны, Гирканияны және Арменияны өз билігіне қаратады.

Осы уақытта Кіші Азиядағы қуатты Лидия патшалығының билеушісі Крез Кирдің қарқынды түрде қол жеткізіп жатқан табыстарына қарап өз болашағы үшін қам жей бастайды. Египет перғауыны Амасистің бастамасымен 549 жылы Египет пен Лидия арасында одақ жасалады. Көп ұзамай Крез Грекияның ең қуатты мемлекеті Спартамен келісім жасасады. Алайда, одақтастар батыл түрде әрі тез қимылдау керек екенін түсінбеді, өйткені Персияның қуаты күн санап өсіп жатқан болатын.

547 жылы қазанның ақырында Кіші Азиядағы Галис өзенінің маңында парсылар мен лидиялықтар арасында қанды шайқас болып, бірақ ол нәтижесіз аяқталады. Крез жаңа шайқасқа жақсылап дайындалу үшін өз астанасы – Сардыға шегініп кетеді. Бұл жолы ол Вавилония патшасы Набонидпен әскери одақ жасайды. Сонымен бір уақытта бұрынғы одақтастарынан әскери көмек сұратып хабаршылар жібереді. Ол шешуші шайқас көктемде болады деп жалдамалы әскерлерін таратып жібереді. Алайда Крездің бұл әрекеттерін көз жазбай бақылап отырған Кир қарсыласына

тұтқиылдан бас салуға бел буады. Кир әскерлері Лидия астанасы Сардты 14 күн қоршауда ұстағаннан кейін қалаға кіреді. Крез тұтқынға түседі.

Лидияны жаулап алғаннан кейін Кіші Азиядағы грек қалаларының кезегі келеді. Бұл қалалардың халқы Спартаға көмек сұрап хабаршы жібереді, алайда спарталықтар көмек беруден бас тартады. Кіші Азия халықтарын бағындыру ісін Кир өз қолбасшыларының біріне тапсырды. Лидияның наместнигі етіп парсылық Табал деген кісіні тағайындайды. Кирдің өзі Вавилонияға, Бактрияға, Египетке және сақтарға қарсы жорықтарын ұйымдастыру үшін Экбатанға қайтып кетеді.

Кирдің кетуін пайдаланып Сард тұрғындары көтеріліс бастайды. Көтерілісті басу үшін Кир мидиялық Мазар басқарған әскер жібереді. Мазар көтерілісті басып қана қоймай, Кіші Азиядағы грек қалаларын бірінен кейін бірін бағындыра бастайды. Көп ұзамай гректер Эгей теңізіндегі үстемдігінен айрылып қалады.

Б.з.д. 545-539 жж. Аралығында Кир Маргиананы, Хорезмді, Соғдиананы, Бактрияны, Гедросияны, ортаазиялық сақтарды, Саттагидияны, Арахосия мен Гандхараны бағындырды. Сөйтіп, парсы үстемдігі Үндістанның солтүстік-батыс шекарасына, Гиндукуштың оңтүстік қыраттарына және Яксарт (Сырдария) өзенінің аңғарына дейін жетеді. Тек өз жаулаушылықтарының ең қиыр солтүстік-шығыс шектеріне жеткеннен кейін ғана Кир Вавилонияға қарсы жорығын бастайды.

Б.з.д. 539 жылдың көктемінде парсы әскері Диялы өзенінің аңғарымен Вавилонияға қарсы жорыққа аттанады. 539 жылы тамызда Тигрге жақын жердегі Опис қаласының маңында парсылар Вавилон әскерін ойсырата женеді. Бұдан кейін олар Сиппар қаласын қоршауға алады. Сиппардың қорғанысын Набонидтің өзі басқарады. Қала гарнизоны әлсіз ғана қарсылық көрсеткеннен кейін қала беріледі. Набонид қашып үлгереді. Осыдан екі күн өткеннен кейін, яғни 539 жылы 12 қазанда парсылар әскері ұрыссыз Вавилонға келіп кіреді. Набонид патша тұтқынға түседі. 539 жылы 20 қазанда Вавилонға Кирдің өзі келіп кіреді.

Вавилонияны басып алғаннан кейін одан батысқа қарай жатқан, Египетке дейінгі елдер өз еріктерімен парсыларға беріледі.

530 жылы Кир Гирканиядан солтүстікке қарай және Каспий теңізінен шығысқа қарай жатқан көшпелі тайпалар – массагеттерге қарсы жорық ұйымдастырады. Массагеттермен болған шайқаста парсы әскерлері толықтай жеңіліс тауып, Кирдің өзі қаза табады. Геродоттың көрсетуі бойынша бастапқыда Кир айламен массагеттер қосынын басып алады, бірақ Томирис патшайым бастаған массагеттердің негізгі күші парсыларға ойсырата соққы беріп, Кирді тұтқындап, басын кеседі.

530 жылы Кир қаза тапқаннан кейін Парсы державасының тағына оның үлкен ұлы II Камбиз отырады. Таққа отырысымен ол Египетке жорыққа дайындала бастайды.

Ұзаққа созылған әскери және дипломатиялық дайындықтардан кейін, Египет толық оқшаулықта қалған кезде Камбиз жорыққа аттанды. 525 жылы көктемде жалғыз ғана ірі шайқас болып, парсылар жеңіске жетеді. Парсылар теңізбен де, құрлық арқылы да елге ішкерілеп енді. Камбиз Египеттің астанасы Мемфиске хабаршы жіберіп қаланың берілуін талап етті. Алайда египеттіктер хабаршы келе жатқан кемеге шабуыл жасап, оның бүкіл экипажын қырып салады. Осыдан кейін қала қоршауға алынады, бірақ көп ұзамай беріледі. Қаланың 2000 тұрғыны өлтіріледі. Ендігі жерде бүкіл Египет парсыларға бағынатын болды. Египеттен батысқа қарай жатқан Ливия тайпалары, және сондай-ақ Киренаика гректері де Камбизге өз еріктерімен беріліп, сый-сияпаттарын жібереді.

525 жылы тамыздың аяғында Камбиз ресми түрде Египет патшасы деп жарияланады. Ол жаңа XXVII ғасырда перғауындар әулетінің негізін қалайды. Кирдің саясатын жалғастыра отырып, Камбиз египеттіктерге діни және жеке өмірде еркіндік берді. Египеттіктер мемлекеттік аппараттағы бұрынғы қызметтерін сақтап қалды және оны мұрагерлікпен беріп отырды.

Египетті басып алғаннан кейін Камбиз эфиоптар еліне (Нубия) қарсы жорыққа дайындалды. Осы мақсатпен ол Жоғарғы Египетте бірнеше бекіністі қалалар салды. Геродоттың көрсетуі бойынша Камбиз Эфиопияға жеткілікті дайындықсыз, азық-түлік қорынсыз басып кіреді, оның армиясында адамның етін жеу жағдайлары орын алады, сондықтан да ол кетуге мәжбүр болады.

Камбиздің Нубияда жүргенін пайдаланып, оның сәтсіздіктерін біле отырып, египеттіктер парсы үстемдігіне қарсы көтеріліс жасайды. 524 жылы наурыздың аяғында Камбиз Египеттің астанасы Мемфиске оралып, көтеріліске шыққандарды аяусыз жазалауға кіріседі. Көтерілісті бастаған бұрынғы перғауын III Псамметих өлтіріліп, ел тыныштандырылады.

Камбиз үш жыл бойы ешқайда кетпей, Египетте болған кезінде оның отанында толқулар орын алады. 522 ж. наурызда Мемфистегі Камбизге кіші інісі Бардия Персияда көтеріліс бастап, таққа отырды деген хабар жетеді. Камбиз Персияға жол тартады, бірақ жолда жұмбақ жағдайларда қайтыс болады.

522 жылы 29 қыркүйекте жеті ай билік құрғаннан кейін Бардия Персияның атақты жеті руының өкілдерінің тұтқиылдан жасаған шабуылының нәтижесінде қаза табады. Осы бүлікшілердің бірі Дарий Ахеменид державасының тағына отырады.

I Дарий таққа отыра салысымен оған қарсы Вавилония көтеріледі. Бехистун жазбаларының көрсетуі бойынша Нидинту-Бел деген біреу өзін соңғы Вавилон патшасы Набонидтің ұлымын деп жариялап, III Навуходоносор деген атпен патшалық құра бастайды. Көтерілісшілерге қарсы жорықты Дарийдің өзі басқарады. 522 жылы 13 желтоқсанда Тигр өзенінің маңында вавилондықтар тізе бүгеді.

Дарий Вавилонияда көтерілісшілерді жазалау әрекеттерімен жүргенде оған қарсы Персия, Мидия, Элам, Маргиана, Парфия, Саттагидия, Орта Азиядағы сақ тайпалары мен Египет бас көтереді. Державаны қайта қалпына келтіру жолындағы ұзаққа созылған қатыгез қанды күрес басталады. Билікті басып алғаннан кейін бір жылдан сәл артық уақыт өткенде Дарий өз жағдайын нығайтып, Кир мен Камбиз уақытындағы державаның шекарасын қалпына келтірді.

Б.з.д. 519-512 жж. аралығында парсылар өз билігіне Фракияны, Македония мен Үндістанның солтүстік-батыс бөлігін бағындырды. Бұл Парсы державасының күш-қуатының ең бір асып-тасқан кезеңі болды. Оның шекаралары шығыста Инд өзенінен батыста Эгей теңізіне дейін, солтүстікте Армениядан оңтүстікте Эфиопияға дейін созылып жатты. Осылайша Парсы патшаларының қоластына ондаған елдер мен халықтарды біріктірген әлемдік держава қалыптасты.

### 3. Парсы державасының экономикасы мен әлеуметтік мекемелері

Әлеуметтік-экономикалық құрылымы бойынша Ахеменидтер державасы сан-алуандылықпен ерекшеленді. Оған Кіші Азия, Элам, Вавилония, Сирия, Финикия және Египет кірді, бұл елдердің Парсы империясы пайда болғанға дейін көп уақыт бұрын өз мемлекеттік мекемелері болған болатын. Экономикасы дамыған бұл елдермен қатар парсылар ру-тайпалық қоғамның ыдырау дәуірінде өмір сүріп жатқан көшпелі араб, скиф және т.б. тайпаларды бағындырды.

522-521 жж. көтерілістер Парсы державасының әлсіздігін, жауланып алынған елдерді басқарудың тиімсіздігін көрсетті. Сондықтан да 519 жыл шамасында I Дарий маңызды әкімшілік-қаржылық реформалар жүргізді. Бұл реформалар мемлекеттік басқарудың және бағындырылған халыққа бақылау орнатудың тұрақты жүйесін жасауға мүмкіндік туғызды, олардан алым-салық жинауды ретке келтірді және әскер санын көбейтіп берді. Осы реформаларды іске асырудың нәтижесінде Вавилонияда, Египетте және басқа да елдерде шын мәнінде жаңа әкімшілік жүйе қалыптасты, ол Ахеменидтер үстемдігінің ақырына дейін айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ.

I Дарий мемлекетті әкімшілік-міндеткерлік аймақтарға бөлді, ол сатрапиялар деп аталды. Әдетте, сатрапиялар өз көлемі бойынша ертеректегі империялардағы провинциялардан ауқымды болды, ал кей жағдайларда сатрапияның шектері Ахеменидтік державаның құрамына кірген елдердің мемлекеттік және этнографиялық шекараларымен сәйкес келді (мысалы, Египет).

Жаңа әкімшілік аймақтардың басында сатраптар тұрды. Сатрап қызметі Ахеменидтік державаның қалыптасқан уақытынан пайда болған болатын, бірақ Кир, Камбиз тұстарында және Дарийдің билігінің алғашқы жылдарында көптеген елдерде наместниктік қызметті жергілікті шенеуніктер атқарған еді. Дарий реформалары, басқару қызметтерін парсылардың қолына шоғырландыруға бағытталды, сондықтан да ендігі жерде сатрап қызметіне әдетте, парсылар тағайындалды.

Кир мен Камбиз тұсында азаматтық және әскери қызметтер бір адамның, атап айтқанда сатраптың қолында біріктірілген болатын. Дарий сатраптың билігін шектеп, сатрап пен әскери басшы функцияларын ажыратты. Енді сатраптар тек азаматтық наместниктер болып, өз ауданының әкімшілігін басқарды, елдің шаруашылық өмірін бақылады және салықтың түсуін қамтамасыз етті, сот билігін жүргізді, өз сатрапиясы аумағында қауіпсіздікті қадағалады, жергілікті шенеуніктерді бақылауында ұстады және күміс теңге шығаруға құқығы болды. Бейбіт уақытта сатраптың карамағында кішігірім жеке қорғаушылары болды. Ал армия әскери қолбасшыларға бағынды, олар сатраптарға емес, тікелей патшаның өзіне бағынды. Алайда I Дарий қайтыс болғаннан кейін әскери және азаматтық қызметтердің бұл ажыратылуы әркез сақтала бермеді.

Реформаларды іске асыруға байланысты патша кеңсесі басқарған үлкен орталық аппарат қалыптасты. Орталық мемлекеттік басқарма Ахеменидтік державаның әкімшілік астанасы – Сузыда болды. Тек Сузыда ғана емес, басқа да қалаларда көптеген хатшыларымен ірі мемлекеттік кеңселер орын алды. Сатраптық кеңселер патша кеңсесінің тура көшірмесі болды.

II Кир тұсында-ақ Ахеменидтік державаның батыс бөлігіндегі мемлекеттік кеңселер арамей тілін қолданды, ал кейінірек, Дарий өз реформаларын жүргізген кезде бұл тіл шығыс сатраптарда да ресми тілге айналып, бүкіл империяның мемлекеттік кеңселері арасындағы араласу тілі болды.

Державада парсы шонжарлары ерекше жағдайға ие болды. Олардың Египетте, Сирияда, Вавилонияда, Кіші Азияда және басқа да елдерде ірі жер иеліктері болды. Ірі имениелер иелерінің өз әскері және сот-әкімшілік аппараты болған тәрізді. Мұндай ірі жер иелері әдетте ірі қалаларда тұрды, ал жерлерінен түсетін табысқа бақылауды олардың басқармашылары жүргізіп отырды.

Жердің бір бөлігі патшаның іс жүзіндегі меншігінде болды. Мұның алдындағы кезеңмен салыстырғанда Ахеменидтер тұсында патша жерінің көлемі күрт өсіп кетті. Бұл жерлер әдетте, жалға берілді. Мысалы, 420 жылы Ниппур маңында жасалған келісім бойынша Мурашу үйінің өкілі патшаның егістік жерлерінің басқармашысына өзіне үш жылға бір алқапты жалға

беру туралы өтініш жасайды. Жалға алушы жыл сайын төлем ретінде 220 кур сұлы (1 кур – 180 л), 20 кур бидай, 10 кур эмер, сондай-ақ бір бұқа мен 10 қой беріп тұруға міндеттенеді. Бұдан басқа патшаға көптеген ірі каналдар тиесілі болған. Патша басқармашылары бұл каналдарды да жалға беріп отырған. Парсы патшаларына Орта Азиядағы Акес каналы, Сирия ормандары, Египеттегі Мерид көлінен ауланатын балықтан түскен пайда, мемлекеттің әртүрлі бөліктеріндегі кен орындары т.б. тиесілі болған. Патша шаруашылығының қаншалықты ауқымды болғанын Персопольде күн сайын патша есебінен 15000 адам тамақтануы айқын көрсетеді.

Ахеменидтер тұсында жерді пайдаланудың мынадай жүйесі кең қолданылды: патша жерге өз әскерлерін отырғызады, олар өздеріне бөлінген үлесті ұжым болып, үлкен топтармен өңдейді, әскери міндеткерліктерін атқарады және белгілі бір мөлшерде ақшалай және натуралды салық төлейді. Бұл үлестер садақ, ат, арба және т.б. үлестері деп аталды, яғни оларды ұстаушылар садақшы, салт атты, немесе ат арбақеші ретінде әскери қызмет атқаруға тиіс болды.

Парсы державасының ең бір дамығын елдерінде экономиканың негізгі салаларында құл еңбегі пайдаланылды. Сонымен бірге құлдардың үлкен бөлігі әртүрлі үй жұмыстарында пайдаланылды. Қожа құлын ауыл шаруашылығында пайдалана алмаған жағдайда, немесе құл еңбегін пайдалану тиімсіз деп тапқан жағдайда құлдарға пекулий беріп, еркіндікке жіберу орын алып отырған, бұл жер үлесінен олар белгілі бір мөлшерде оброк төлеп отыруға тиіс болған. Өз пекулийін құл өз еркімен пайдалана алған, кепілге беруге, жалға беруге құқығы болған. Қоғамдық өмірде құлдар толық құқылы адамдар тәрізді өзара немесе ерікті адамдармен соттасуға, куәгер болуға құқылы болды.

Ахеменидтік дәуірде қарыз құлдығы кең таралмады. Өзін-өзі құлдыққа сату тұрмақ, кепілдікке беру жағдайларының өзі өте сирек кездесті. Жалпы құлдың саны еріктілерге қарағанда барынша аз болды, және олардың еңбегі ерікті қауымдастардың еңбегін ығыстырып шығара алған жоқ.

Храмдар мен жеке шаруашылық иелері қолөнерде, ауыл шаруашылығында және әсіресе жұмыстың ауыр түрлерін



атқаруда маманданған ерікті жұмыскерлердің еңбегін кеңінен пайдаланды. Әсіресе Вавилонияда жалдамалы жұмыскерлер көп қолданылды, олар каналдар қазуда немесе егіс алқаптарында топ-топ болып еңбек етті.

Б.з.д. YІ ғасырдың аяғымен – Y ғасырдың бірінші жартысында құрастырылған элам тіліндегі құжаттарда Ирандағы патша шаруашылығындағы жұмыскерлер туралы көптеген мәліметтер бар. Олар *курташ* деп аталған. Курташтардың арасында ерлер де, әйелдер де, жасөспірімдер де кездеседі, кейде олар отбасымен жұмыс істеген. Бірақ олар көбіне үлкен топтармен еңбек еткен сияқты.

Курташ патша шаруашылығында жыл бойы жұмыс істейді. Олардың көпшілігі Персопольдағы құрылыс жұмыстарында еңбектенген. Құрылыс жұмыстарында бір мезгілде 4000-нан кем емес адам жұмыс істеді. Патша резиденциясының құрылысы 50 жыл бойы жүреді.

Курташтың заңдық жағдайына келер болсақ, олардың айтарлықтай бөлігі Иранға күштеп айдап әкелінген әскери тұтқындардан тұрды. Курташтардың арасында еңбек міндеткерліктерін жыл бойы атқаруға міндетті парсы патшасының азаматтары да кездесті. Курташты патша жеріне отырғызылған жарытпай еріктілер деп санауға болатын сияқты.

Мемлекеттік табыстың негізгі көзі салықтар болды. Кир мен Камбиз тұсында Парсы державасына кіретін елдердің экономикалық мүмкіндіктері есепке алынып жасалған реттелген, тұрақты салық жүйесі әлі де болмаған еді. Бағындырылған халықтар сый-сияпаттар әкеліп тұрды немесе алым-салықтар төледі, олардың бір бөлігі натуралды түрде өтелді.

519 ж. шамасында I Дарий мемлекеттік салық жүйесін орнықтырды. Барлық сатраптар әр аймақ үшін өңделетін жерінің көлемін, оның шығымдылығын есепке алу негізінде бекітілген ақшалай салық мөлшерін қатаң түрде өтеуге міндетті болды. Ал парсылар, үстем халық ретінде ақшалай салықтан босатылды, бірақ натуралды төлемдер жіберіп тұруға міндеттелді. Басқа халықтар жылына жалпы есеппен 7740 вавилон таланты (1 талант 30 кг тең) көлемінде күміс ақшамен салық төлеп отырды.

Б.з.д. 517 ж. кейін I Дарий бүкіл империя үшін бірыңғай теңге бірлігін енгізді, бұл салмағы 8,4 г алтын дарик еді, ол ахеменидтік ақша жүйесінің негізін құрды. Айырбас құралы ретінде дариктің 1/20 құрайтын күміс сикль қолданылды. Күміс теңгелер негізінен Кішіазиялық сатрапияларда соғылды. Теңгеге парсы патшасының суреті салынды.

Алайда парсы теңгелері Кіші Азиядан тыс жерлерде аз қолданылды. Мемлекетке тиесілі болған құнды металдан теңге соғу тек патшаның рұхсатымен ғана іске асты, бұл жағдай тауар-ақша қатынастарының дамуына зиянын тигізді, натуралды шаруашылықтың сақталуына ықпал етті және тікелей тауар айырбасына жүгінуге итермеледі.

Ахеменидтік державаның өмір сүруі айтарлықтай дәрежеде армияға тәуелді болды. Армияның негізін парсылар мен мидиялықтар құрады. Ересек жастағы парсылардың көпшілігі жауынгерлер болды. Олар 20 жасынан бастап әскери қызметке алынды. Ахеменидтер жүргізген соғыстарда шығыс ирандықтар да үлкен рөл атқарды. Атап айтқанда, сақ тайпалары Ахеменидтер үшін атты садақшылардың айтарлықтай мөлшерін беріп отырған.

Армия атты және жаяу әскерден тұрды. Атты әскер шонжарлардан, ал жаяу әскер – егіншілерден жасақталды. Атты әскер мен садақшылардың біріккен қимылы парсыларды көптеген соғыстарда жеңіске жеткізген болатын. Садақшылар алдымен жау әскерінің қатарларын бұзып, ал осыдан кейін атты әскер оны біржолата жоятын. Парсы армиясының басты қаруы садақ болды.

Б.з.д. V ғ бастап таптық жіктелістің негізінде егінші халықтың жағдайының нашарлауына байланысты парсы жаяу әскері әлсіреп кетеді, сондықтан оны бірте-бірте грек жалдамалары ауыстыра бастайды.

Ахеменидтер мемлекеттің шекараларына әскерлерді отырғызып, оларға жер үлестерін берді. Осындай типтегі әскери гарнизондардан бізге ең белгілісі Египет пен Нубияның шекарасында күзет және әскери қызмет атқару үшін жасалған Элефантин әскери колониясы. Бұл гарнизонда парсылар, мидиялықтар, хорезмдіктер және т.б. болды, алайда гарнизонның негізгі бөлігін бұл жерде Египет перғауындары тұсынан бері қызмет етіп келе жатқан иудейлік қонысшылар құрады.

Аса маңызды әскери жорықтар кезінде Ахеменид державасының барлық халықтары белгілі мөлшерде әскер шығаруға тиіс болды. I Дарий тұсында парсылар теңізде де үстем жағдайға жетеді. Теңіз соғыстарын Ахеменидтер финикиялықтардың, кипрліктердің, Эгей теңізі аралдарының халықтарының кемелерімен, сондай-ақ Египет флотының көмегімен жүргізді.

#### 4. Б.з.д. V ғ. Иран

Б.з.д. VI ғ. грек облыстарының ішінде экономикалық және мәдени қатынастарда алдыңғы орынды Балкан түбегі емес, Кіші Азия жағалауларындағы Парсы державасына кірген грек колониялары: Милет, Эфес және т.б. елдер алды. Бұл колониялардың жері құнарлы, сондай-ақ оларға кең-байтақ Парсы державасының рыноктарына шығуға мүмкіндік болды.

500 жылы Милетте парсы үстемдігіне қарсы көтеріліс бұрқетті. Кіші Азияның оңтүстігі мен солтүстігіндегі грек қалалары көтерілісшілерге қосылды. Көтерілістің жетекшісі Аристагор 499 жылы материктік гректерден көмек сұрайды. Спартандықтар арақашықтықтың ұзақтығын сылтау етіп көмек беруден бас тартты. Тек афиналықтар мен эретрийліктер ғана біраз кемелер жібере алды. Көтерілісшілер Лидия сатрапиясының астанасы Сардыға жорық ұйымдастырып, қаланы басып алып, өртеп жібереді. Парсы сатрапы Артафен өз гарнизонымен акропольге тығылады, оны гректер ала алмайды. Парсылар барлық әскерін жинақтап, 498 жылы жазда Эфес қаласының маңында гректерді талқандайды. Осыдан кейін афиналықтар мен эретрийліктер кішіазиялық гректерді жаудың қолында қалдырып, қаша жөнеледі. 494 жылы көктемінде парсылар теңізден және құрғақтан көтерілістің орталығы болған Милетті қоршауға алады. Қала басып алынып, түгі қалмай қиратылады, халқын құлдыққа айдап әкетеді. 493 жылы көтеріліс барлық жерлерде басып тасталады.

Көтерілісті басқаннан кейін Дарий материктік Грекияға қарсы жорыққа дайындала бастайды. Ол Балкан түбегіндегі гректер тәуелсіздігін сақтап тұрғанда Кіші Азиядағы парсы үстемдігі мықты болмайтындығын жақсы түсінді. Бұл кезде Грекия бір-бірімен үнемі жауласып, соғысып жүрген саяси құрылысы әртүрлі көптеген қала-мемлекеттерден тұрды.

492 жылы парсы армиясы жорыққа аттанып, бұдан 20 жыл бұрын бағындырылған Македония мен Фракия жеріне келді. Алайда Халхиде түбегіндегі Афон мүйісінің маңында парсы флотын қатты тұрған дауыл қиратып кетеді, 20 мың адам қаза тауып, 300 кеме жойылады. Осыдан кейін құрғақтағы әскерді кері қайтарып, жорыққа қайтадан дайындалуға тура келеді.

491 жылы материктік Грекия қалаларына парсы елшілері жіберіліп, Дарий билігіне бағынуы талап етіледі. Грек қалаларының көпшілігі елшілердің талабына келісті, тек Спарта мен Афина ғана бағынудан бас тартып, елшілерді өлтіріп жібереді. Парсылар Грекияға қарсы жаңа жорыққа дайындықты бастайды.

Тамыздың басында парсы армиясы тәжірибелі грек жол көрсетушілерінің көмегімен кемелермен Аттикаға аттанып, Афинадан 40 шақырым жердегі Марафон жазығына келіп түсті. Дәл осы уақытта Афинаның халық жиналысында парсылармен жүргізілетін соғыстың тактикасына қатысты қызу дау-талас жүріп жатқан болатын. Ұзаққа созылған кеңестен кейін Марафон жазығына 10 мың адамнан тұратын Афина әскерін жіберу ұйғарылды. Спартандықтар көмектесуге уәде бергенімен, алайда әскерін жіберуге асықпады.

Марафонда екі жақ та ұрысқа кірісуге дауаламай, бірнеше күн тұрып алды. Парсы армиясы атты әскер соғыса алатындай ашық алаңға орналасты. Атты әскері жоқ афиналықтар жазықтың тар қуысына орналасып, бұл жерде парсының атты әскері әрекет ете алмай қалды. Бұл жағдай парсы армиясының жағдайына ауыр тиді, өйткені олар спарталықтар келгенше шайқасты бітіруі тиіс болатын. Сондықтан да парсы әскери басшылығы әскердің бір бөлігін Афинаны басып алуға жіберуге ұйғарды. 490 ж. 12 тамызда Афина әскері басты шайқасқа шығу үшін шапшаң жүріспен жауға қарсы аттанды.

Парсы жауынгерлері ерлікпен шайқасты, орталықтағы Афина қатарларын жайпап, оларды шегінуге мәжбүр етті. Бірақ парсылардың күші қаннаттарда әлсіз болып, бұл жерде олар жеңіліске ұшырайды. Нәтижеде парсылар көп шығынға ұшырап, шегінуге мәжбүр болады.

Ауыр жеңіліске қарамастан Дарий Грекияға қарсы жаңа жорық жасау туралы ойынан қайтпайды. Алайда оның бұл ойы іске аспайды, 485 жылы ол 64 жасында көз жұмады.

Дарийдің мұрагері, оның ұлы Ксеркс таққа отырды. 480 жылы Ксеркс алып армияны басқарып, Грекияға жорыққа аттанды. Үндістаннан Египетке дейінгі барлық сатрапиялар өз әскерлерін жіберді.

Гректер Фермопил деп аталатын тар тау өткелінде шайқасуға ұйғарым жасады, өйткені бұл жерде парсылардың атты әскері айнала да алмайтын еді. Алайда Спарта бұл жерге патша Леонид басқарған 300 ғана жауынгерден тұратын әскер жіберді. Фермопилді қорғаған гректердің жалпы саны 6500 адам болды. Олар үш күн бойы жаудың қуатты шабуылына ерлікпен қарсы тұра алды. Бірақ грек әскерлерін басқарған Леонид басты күштерге шегінуге бұйрық беріп, өзі 300 спартандық жауынгерлерімен шегініп бара жатқан әскерді қорғап, бірі қалмай қаза тапқанға дейін парсылармен шайқасты.

Гректер теңізде шабуылға шығып, ал құрлықта қорғану тактикасын ұстанды. Біріккен грек флоты Саламин аралы мен Атика жағалауы аралығындағы кішкентай суда тұрды, бұл жерде парсылардың үлкен флоты айла-тәсілдер жасау мүмкіндігінен айрылған еді. Ксеркс бір соққымен-ақ бүкіл жау флотын күйретемін деп үміттенген еді. Алайда ұрыстың алдында үш күн бойы дауыл соғып, парсы флоты көп шығынға ұшырайды. Осыдан кейін 480 жылы 28 қыркүйекте Саламин түбінде басталған ұрыс 12 сағатқа созылады. Парсы флоты тар шығанаққа тықсырылып, оның кемелері біріне-бірі кедергі жасады. Гректер бұл шайқаста толық жеңіске жетті, парсы флотының үлкен бөлігі жойылды. Ксеркс өз қолбасшысы Мардонийді әскерімен Грекияда қалдырып, армиясының бір бөлігімен Кіші Азияға оралды.

Бұдан кейінгі шешуші шайқас 479 жылы 26 қыркүйекте Платея қаласының маңында өтті. Парсы атты садақшылары грек қатарларын атқылап, жауды шегіндірді. Іріктеліп алынған мың жауынгерді басқарған Мардоний спарталық әскерлерінің орталығына баса-көктеп кіріп, оларды ойсыратып тастады. Алайда гректерден ерекше, парсыларда ауыр қару-жарақтар болмады және соғыс өнерінде де олар қарсыластарынан әлсіз еді. Парсылардың атты әскері мықты болды, бірақ Грекия жерінің жағдайларында ұрысқа қатыса алмады. Көп ұзамай Мардоний өз қорғаушыларымен бірге қаза тапты. Парсы әскері жекелеген

топтарға ыдырап кетті, олар өзара келісімсіз әрекет етті. Парсы әскері талқандалып, оның қалған аз бөлігі кемемен Кіші Азияға кетуге мәжбүр болды.

479 жылы күзде Кіші Азия жағалауларындағы Микале мүйісінде ірі теңіз шайқасы болды. Шайқас кезінде кішіазиялық гректер парсыларды сатып, материктік гректер жағына шығып кетеді; парсылар толықтай жеңіліске ұшырайды.

Гректердің Саламин, Платея, Микале түбіндегі жеңістері парсылардың Грекияны асы палу ойынан бас тартуына мәжбүр етті. Енді, керісінше, Спарта мен Афина соғыс қимылдарын Кіші Азия жеріне ауыстырды. Бірте-бірте гректер парсы гарнизондарын Фракиядан және Македониядан қуып шықты. Гректер мен парсылар арасындағы соғыс 449 жылға дейін жалғасты.

465 жылы жазда патшаға қарсы ұйымдастырылған бүліктің нәтижесінде Ксеркс өлтіріліп, таққа оның ұлы I Артаксеркс отырды. 460 жылы Египетте Инар бастаған көтеріліс бұрқ етті. Афиналықтар көтерілісшілерге көмекке флот жібереді. Парсылар жеңіліс тауып, Мемфистен кетуге мәжбүр болады.

455 жылы I Артаксеркс Египеттегі көтерілісшілерге және олардың одақтастарына қарсы Сирияның сатрапы Мегабисті қуатты әскермен жібереді. Көтерілісшілер афиналықтармен бірге жеңіліс тапты. Келесі жылы көтеріліс толықтай тұншықтырылып, Египет қайтадан парсы сатрапиясына айналып қалды.

Бұл уақытта Персияның грек мемлекеттерімен соғысы жалғаса берді. Алайда, көп ұзамай, 449 ж. Сузыда бітім жасалып, оның шарттары бойынша кішіазиялық грек қалалары формалды түрде парсы патшасының жоғарғы билігіне бағынады, бірақ іс жүзіндегі басқару афиналықтарға өтеді. Бұған қоса, Персия осы келісім бойынша шекараға айналған Галис өзенінен батысқа қарай өз әскерін жібермеуге міндеттеме алды. Өз тарапынан Афина Кипрден кетуге және болашақта египеттіктерге олардың парсыларға қарсы күресінде көмек бермеуге міндеттенді.

424 жылы I Артаксеркс қайтыс болады. Ұзаққа созылған сарай іші кикілжіңдерінен кейін 423 жылы ақпанда Артаксеркстің ұлы Артаксеркс Ох II Дарий деген есіммен таққа отырды. Оның билігі мемлекеттің одан арғы құлдырауымен, сарай шонжарларының ықпалының күшеюімен және бағындырылған халықтардың көтерілістерімен сипатталды.

## 5. Парсы державасының құлауы

360 жылы шамасында парсылардан Кипр бөлініп кетеді. Дәл сол уақытта Финикия қалаларында көтеріліс басталып, Кіші Азия сатрапияларында абыржулар орын алады. Көп ұзамай Парсы державасынан Кария мен Үндістан бөлініп қалды. 358 ж. II Артаксеркстің билігі аяқталып, таққа оның ұлы Ох III Артаксеркс деген атпен отырады. Жаңа патша болаттай жігерлі адам болып шығады, билікті өз қолында мықтап ұстайды. Ол Парсы державасын бұрынғы шектерінде қайта қалпына келтіруге бар болмысымен кірісуге бел буады.

349 жылы Персияға қарсы Финикияның Сидон қаласы көтеріледі. Сидон патшасы Теннес грек жауынгерлерін жалдап, парсыларды екі ірі шайқаста жеңіп шықты. Осыдан кейін III Артаксеркс әскери қолбасшылықты өз қолына алып, 345 жылы Сидонға қарсы үлкен күшпен аттанды. Ұзаққа созылған қоршаудан кейін қала беріліп, аяусыз қырғынға ұшырады.

Енді Египеттегі көтерілісті басу қажет болды. 343 жылы қыста Артаксеркс перғауын II Нектанеб билік құрып тұрған Египетке жорыққа аттанады. Парсыларға қарсы 60 мың египеттік жауынгерлер мен 20 мың грек жалдамалыларын басқарып перғауынның өзі шықты. Египеттіктердің сондай-ақ мықты флоты да болды. Алайда, соған қарамастан соғысты жүргізу тактикасындағы кемшіліктердің және грек жалдамалыларының қысылтаяң кезеңде парсылар жағына шығып кетуі салдарынан египеттіктер жеңіліс табады. 342 жылы парсылар бүкіл Египетті басып алып, оның қалаларын ойрандайды.

337 жылы III Артаксерксті сарай қызметкерлерінің бірінің тапсырысымен өз жеке дәрігері у беріп өлтіреді. 336 ж. тақты Армения сатрапы Кодоман басып алып, III Дарий деген атпен билік құруға кіріседі.

Парсы шонжарларының жоғарғы бөлігі сарай жанжалдарынан қолдары тимей жатқанда саяси көкжиекте қауіпті жау пайда болады. Македония патшасы Филипп Фракияны жаулап алып, 338 жылы Беотиядағы Херонеяда грек мемлекеттерінің біріккен күшіне соққы беріп, тас-талқан етіп жеңеді. Македондықтар Грекиядағы негізгі күшке айналып, Филиптің өзі біріккен грек армиясының басқарушысына айналды.

336 жылы Филипп Кіші Азияға 10 мыңдық македон әскерін Кіші Азияның батыс жағалауын басып алуға жібереді. Алайда 336 жылы шілдеде Филипп бүлікшілер қолынан қаза табады. Таққа оның 20 жастағы ұлы Александр отырады. Балқан түбегіндегі гректер жас патшаға қарсы көтеріліс жасауға дайын тұрған еді. Александр батыл қадамдармен өз билігін нығайта бастайды. Ол Персиямен болатын шайқасқа үлкен дайындық қажет екендігін түсінді, сөйтіп Кіші Азиядан македон әскерін кері шақырып алады, бұл бір жағынан парсылардың қырағылығын әлсіретуге ықпал етеді.

Сөйтіп, Персия екі жылға демалыс алды. Алайда парсылар македон қаупіне қарсы еш дайындық жүргізбейді. Македон жауынгерлері өз уақыты үшін ең озық қару-жарақпен жабдыкталады және оларды тәжірибелі қолбасшылар басқарды.

334 жылы көктемде македон армиясы жорыққа аттанды. Ол 30 мыңдық жаяу әскерден және 5000 атты әскерден тұрды. Армияның ядросы ауыр жарақтанған македондық жаяу және атты әскер болды. Әскерді 160 әскери кеме қолдап отырды.

ІІІ Дарийдің әскері бұдан бірнеше есе көп болғанына қарамастан, өзінің жауынгерлік сапасы бойынша ол македон әскерінен әлсіз еді. Алғашқы қақтығыс 334 жылы жазда Граник өзенінің маңындағы Геллеспонт түбінде болып, Александр әскері жеңіске жетті. Бұдан кейін ол Кіші Азиядағы грек қалаларын басып алып, елдің ішкі аудандарына қарай қозғалды. Кіші Азияны толықтай өзіне қаратқаннан кейін Дарийдің бітім туралы жасаған өтінішіне қарамастан, Александр соғысты жалғастыра береді.

332 жылы Египетті басып алғаннан кейін Александр Сирияға оралып, өз әскерімен парсы патшасы тұрған Гавгамела жеріне келеді. Шайқас 331 жылы 1 қазанда басталды. ІІІ Дарий әскерінің орталығында грек жалдамалылары орналасты, ал оларға қарсы Македон жаяу әскері тұрды. Парсылар сан жағынан басым болды және ұрысқа пілдерді қатыстырды. Алайда ІІІ Дарий шайқастың ұзаққа созылуын жеңіліс деп ойлап, уақытынан бұрын ұрыс алаңын тастап қашады. Александр толықтай жеңіске жетіп, Вавилонияны басып алады, ал ақпанда македондықтар Сузыға басып кіреді. Бұдан кейін македондықтардың қолына



парсы патшаларының басты байлықтары сақталған Персополь мен Пасаргады өтеді.

Өз жақындарымен Экбатаннан Шығыс Иранға қашып келген Дарий осы жерде Бактрия сатрапы Бесстің қолынан өлім құшады. Осылайша Парсы державасы өмір сүруін тоқтатады.

### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Ежелгі ирандықтардың қалыптасуының тарихи-этникалық негіздері қандай?
2. Мидия қай патшаның тұсында өз дамуының шарықтау шегіне жетті?
3. Әлемдік Парсы державасының негізін кім қалады?
4. I Дарий реформаларының әлеуметтік мәні неде?
5. Парсы державасы қандай жағдайларда құлады?

### *13-тарау*

## **ПАРФИЯ ЖӘНЕ БАКТРИЯ**

### **1. Парфия державасы**

Александр Македонскийдің шығыстағы иеліктерінің мұрагері болған Селевкилер патшалығы пайда болған уақыттан көп ұзамай-ақ бірте-бірте кішірейе бастады. Селевкилер үшін ең ауыры олардың ең Қиыр Шығысында орналасқан екі аймақтан айрылуы болды, бұл Бактрия (қазіргі Солтүстік Ауғанстан мен Өмудария өзенінің оң жағалауы) мен Парфия (Капетдаг тауы және соған жапсарлас жатқан Оңтүстік-Батыс Түркменстан, Солтүстік-Шығыс Иран жазықтары) еді. Бұл аймақтар б.з.д. III ғасырдың ортасында екі селевкилік тақ мұрагерлері – Селевк пен Антиохтың өзара билік үшін күресі кезінде бөлініп кеткен болатын.

Парфия патшалығының негізін қалаушы, шығу тегі белгісіз, бірақ (атағы жер жарған рим тарихшысы Юстиннің көрсетуі бойынша) Аршак деген кісі болды. Аршактың Бактриядан шыққандығын көрсететін мәліметтер кездеседі; алайда оған сүйеу болған негізгі күш Парфияның солтүстіктегі көршілері

– көшпелі парна тайпалары болды (немесе дахтар – парналар кірген ірі тайпа одағы)

Бактрия мен Парфияның Селевкилерден бөлінуі III ғасырдың ортасына жатса, Аршактың таққа отыруы бұдан сәл кейінірек, дәлірек айтқанда, б.з.д. 238 жылға жатады. Парфия патшалығының өмір сүруінің алғашқы онжылдықтары өз иеліктерін кеңейту және Селевкилердің бүлікшіл аймақтағы өз билігін қалпына келтіруге ұмтылыстарын тойтару бағытындағы күреспен өтті.

Аршактың таққа отыруы кезінде Аршакидтердің қол астына бай Каспий маңы аймағы, яғни Гиркания және Мидияның бір бөлігі қарады. Алайда Аршакидтердің қуатты әлемдік держава «Ұлы Парфияның» билеушілеріне айналуы тек I Митридат тұсында, б.з.д. 171 – 138 жылдары іске асты. Бұл уақытта Аршакид иеліктері Гиндукуш тауынан Евфратқа дейін созылып жатты. Селевкилер парфиялықтардың тегеурініне төтеп бере алмады. I Митридат II Деметрий Никаторды тұтқындап, оған Гиркания жерінен иелік берсе, оның мұрагері II Фраат (138–128 жж.) б.з.д. 129 жылы VII Антиохты ойсырата жеңіп, Парфияның шекараларын нығайтты. Парфияның батысқа экспансиясын тек империяға шығыстан, Орталық Азияның көшпелі тайпалары баса-көктеп кіре бастауы ғана уақытша тоқтатты (қытай жылнамаларында құрамына кушандар кірген бұл тайпа бірлестігі де юэчжи деп атады; антика авторлары оларды тохарлар деп атады). Дәл осы тайпалармен күресте II Фраат және одан кейін билік құрған I Артабан да (128-123 жж.) қаза тапты. Бұл тайпалардың одан арғы жылжуын тек II Митридат (123-88 жж. шамасы) қана тоқтата алды. Өз патшалығының шекарасын нығайта отырып, II Митридат Парфия патшалығына көптеген елдерді қосты. Әсіресе, Закавказьеде (атап айтқанда Арменияда) белсенді сыртқы саясат жүргізді.

Б.з.д. 92 жылы рим императоры Суллаға елшілік жіберген II Митридат Парфия державасының сыртқы саясатында жаңа бір жолды бастап берген болатын: Парфия тарихында алғаш рет Риммен байланыс орнатылды. Бұдан кейінгі кезеңдерде екі ел арасындағы қатынастар әрқилы болып қалыптасты. Парфия Римнің Шығысқа енуіндегі басты кедергіге айналды.

Екі ел арасындағы күресте бірде бір ел, келесіде екіншісі жеңіске жете отырып, үш ғасыр бойына жалғасты. Бұл күресте Парфиялықтарға ерекше жеңісті б.з.д. 53 ж. Карра түбіндегі шайқас әкелді (Жоғарғы Месопатамиядағы Харран). Бұл шайқаста Рим әскері ойсырата жеңілген болатын (римдіктер 20 мың әскерінен айырылды).

Б.з.д. 52-50 жж. Парфия бүкіл Сирияны, б.з.д. 40 жылы Иерусалимді алды. Ал келесі шайқастарда, яғни б.з.д. 39 ж. және 38 жылы жеңіс римдіктер жағында болды, алайда б.з.д. 36 жылы Рим әскерінің парфиялықтарға қарсы жорығы толығымен сәтсіздікпен аяқталды. Бұл жолы римдіктерді Марк Антоний басқарды. Парфияны IV Фраат билеп тұрған болатын (б.з.д. 38/37 – 312 жж.). IV Фраат өз жеңісін Риммен ұзаққа созылған бейбіт қатынастарды орнықтыру үшін пайдаланды.

Б.з.д. 20 жылы IV Фраат маңызды дипломатиялық қадам жасады, ол Красс пен Антоний армияларын жеңген кезде түсірген тұтқындар мен рим легиондарының белгілерін Римге қайтарды. Осыдан кейін рим мен Парфия арасында 100 жылдан аса ірі қақтығыстар болған жоқ.

Алайда б.з. 115 жылы Рим императоры Траян тұсында екі империя арасында соғыс қайта жалғасып, бұл соғыс аршакидтердің Ирандағы билігін құлатқан сасанидтерге де мұраға қалған болатын.

## **2. Парфия мемлекетінің ішкі құрылысы**

Соңғы уақытқа дейін бірқатар зерттеушілер Аршакид державасының әлеуметтік құрылысын феодалдық қоғам деп анық түрде көрсетіп келген болатын. Парфиялық атақты ақсүйек рулар өкілдері, патша бекзадалары (уәзірлер), ұсақ жер иелері мен жергілікті билеушілер, аймақ басқарушылары мен басқа қызмет иелері жоғарғы сюзерен болып табылатын патшалардың патшасының, иерархиялық сатының әртүрлі баспалдақтарында тұрған вассалдары ретінде қарастырылды. Парфия қоғамының феодалдануының көріністерінің қатарына жауынгерлердің бірдей киім киюі, сарай салт-жоралғыларының күрделі дәстүрі, күрделі титулдар жүйесі және басқа да таза сыртқы белгілер

жатқызылды. Парфия қоғамының сипатын нақты анықтау үшін әлі де болса зерттеулерді жетілдіре түсу қажет. Қазіргі таңда тек Парфия қоғамының жекелеген элементтері және оның әлеуметтік өміріндегі негізгі үрдістер жөнінде ғана айтуға болады.

Біріншіден, Парфия қоғамының әлеуметтік құрылымы, оның бес ғасырға созылған өмірінің өн бойында өзгеріссіз қалды деуге еш негіз жоқ. Екіншіден, өзінің қоғамдық және экономикалық құрылысы бойынша әр текті әлеуметтік организмдер «Ұлы Парфияның» саяси аумағында біріктірілгенін ескеру қажет. Бұл жерде өзін-өзі басқаруын сақтаған эллинистік қалалар да, өте күшті патриархалды-рулық құрылымдары бар ұсақ араб әмірліктері, бір жерлерде шахан-шахтың туыстары басқаратын, ал басқа жерлерде жергілікті әулеттер басқаратын жартылай тәуелсіз патшалықтар да болды. Бұл жерде экономикалық жағынан қуатты храмдық поместьелер де, жерге бекітілген құлдар еңбегімен өңделетін жеке меншік поместье – дастакерттер де, сондай-ақ дәстүрлі қауымдық уклад нормаларымен өмір сүретін ерікті жер иелері де болды.

Плинийдің көрсетуі бойынша парфиялықтардың 18 патшалығы болған. Кейінірек оларды «тайпалардың патшалары» деп атады және Парфия мемлекетінің ішкі құрылымын түсінуге осы жағдай көмектесетін тәрізді. Өз уақытысының ең қуатты әлемдік державасының бірін қалыптастырған көшпелі халық парналар көп уақыт бойы өздерінің көшпелі рулық дәстүрлерін сақтаған болуы керек. Парфия державасы тарихының бүкіл өн бойында парфиялық қуатты ақсүйек рулар – әрқайсысы өз әскерін ұстаған карен, сурен, михран және т.б. рулардың ерекше рөл атқаруын «феодалданумен» емес, көшпелі өмір салтының сақталуымен түсіндіру керек. Ру-тайпалық ұйымының қалдықтары қатарына ру шонжарларының жалпы мемлекеттік кеңесінің сақталуын да жатқызуға болады.

Аршакидтердің өздері жаулап алған елдерді қолдарында ұстап тұру үшін құрған әскери-саяси ұйымы өте бейімделгіш, әр аймақтың дәстүрлері мен ерешеліктеріне икемделгіш болды. Мысалы, державаның батыс бөлігінде селевкидтерге тән болған грек шенеуліктерінің номенклатурасы (мысалы, «Месопотамия мен Паропотамияның стратегі») «арабтардың архосы (басшысы)»,

немесе одан да ежелгі дәуірге жататын ахеменидтік терминдер (аркапат – «қамал бастығы») кездеседі. Шығу тегі ирандық яғни жергілікті титулдар мен шен-дәрежелер Закавказьеде де, Шығыс Иранда да кездесті. Аршакид державасының Шығыс шегінің яғни тікелей Парфияның өзінің әкімшілік бөлінісі өте жақсы зерттелген. (Нисадан табылған шаруашылық құжаттарының арқасында). Бұл жерде әкімшілік бөлініс үш сатыда болған: дизпат (кішігірім ауылдың немесе қамалдың билеушісі) сатрапка (шахрап), яғни ахеменидтік дәуірге қарағанда салыстырмалы түрде кішірек ауданның билеушісіне бағынды, ал сатраптардың үстінен марзбандар (шекараларды қорғаушылар) ең ірі әкімшілік территориялық бірліктің билеушілері тұрды. Салық салу жүйесі де аймақтарға қарай ерекшеленіп отырған тәрізді.

Әкімшілік құрылымның мұндай, яғни ауданның ерекшеліктеріне бейімделген жүйесі мықты патша билігі болған жағдайда ғана алып державаны билеуді қамтамасыз ете алды, алайда ол әлсіреген кезеңдерде бірден-ақ бөлінуге деген ұмтылыстар күшейіп кетіп отырды. Парфияның ақсүйек рулары арасындағы бәсекелестік бұл үрдісті одан бетер күшейтіп жіберді.

Б.з. I ғасырдың соңғы ширегінде басталған орталыққа бағынбау бағытындағы үрдіс күшейе келе, аршакидтер әулетінің бірнеше өкілдері арасындағы билік үшін күрес формасына ие болды. Б.з. I ғасырдың аяғы – III ғасырдың басында бір уақытта екі бір-біріне жау билеушінің отыруы жиі кездесіп отырды. Олардың екеуі де патша титулын иеленіп, өз теңгесін шығарды және т.б. Алайда, бұл өзара қырқыс күресте күштердің арасалмағы тұрақты болмаған тәрізді, сондықтан да Парфия патшалығы бөлшектеніп, әр билеушіге тиісті территориялар бөлініп кете қойған жоқ, билікке таласушылардың әрқайсысы бүкіл патшалыққа билік жүргізуге ұмтылды. Орталық биліктің әлсіреуі елдің сыртқы саяси жағдайының нашарлауына (дәл осы өзара қырқыс күрес б.з. II ғ. Римнің Месопатамиядағы жаулап алуларын жеңілдеткен болатын) және Парфия державасының құрамындағы патшалықтар мен аудандарының бөлінушілік ұмтылыстарының күшеюіне ықпал етіп отырды. Б.з. 58 жылы көтерілістен кейін Гиркания тәуелсіздігін алды, Аршакид патшалары б.з. II ғасырда көптеген иеліктерінен айырылып қалды, ал

III ғасырдың басына қарай олардың қоластынан Парс толықтай бөлініп шығады. Бұл жердегі жергілікті билеушілер мен абыздар өздерін ахеменидтердің мұрагерлеріміз деп есептеді. Кейінірек олар сасанидтер әулетін құрып, бүкіл Иранды өздеріне қаратқаны жөнінде орта ғасырлар тарихынан білетін боламыз.

Парфияның мәдениетін Аршакидтер державасының құрамына кірген елдер мен халықтардың мәдениетінің қарапайым жиынтығы ретінде қарастыруға болмайды. Бағындырылған халықтарға иран мәдениетін таңу немесе әрбір жеке мәдениеттің өз келбетін жоғалтып, ортақ мәдениетке бірігуі де орын алған жоқ. Тигрдегі, Селевкиядағы гректер өз құдайларына табына берді; Парста Армуз бен Анахитаға табынды, яғни ежелгі зороастризм дәстүрлері сақталды. Тікелей Парфияның өзінде Заратуштра ілімімен бастау алатын, бірақ көп өзгерістерге ұшыраған діни дәстүрлер таралды.

Арабтардың Хатра әмірлігінде ежелгі семиттік құдайларға: ал-Лат, Шамсқа табынды. Рим-Парфиялық шекаралық Дуро-Европас қаласында Зевс-Теос храмы синагогамен «Пальмира құдайларының» храмы римдік «Митреуммен» қатар орналасты.

### **3. Грек-Бактрия патшалығы**

Б.з.д. III ғасырдың ортасында ( б.з.д. 256 жыл мен 245 жыл аралығында) Парфиямен бір уақытта Селевкидтерден «Бактрияның мың қаласының әкімі Диодат та бөлініп шықты және өзін патша деп атауға әмір етті; осының артынан бүкіл шығыстың халықтары македондықтардан бөлініп кетті» деп жазды рим тарихшысы Юстин.

Диодоттың және оның ізбасарларының иеліктерінің ядросы солтүстік Ауғанстан территориясында (Бактрияның астанасы қазіргі Балх қаласының маңында орналасты ) орналасты, алайда патшалықтың нақты шекараларын дәл анықтау қиындау болып отыр.

Грек-Бактрия патшаларының өз билігін солтүстікке қарай кеңейтуге ұмтылыстары онда мекендейтін көшпелі халықтар тарапынан мықты қарсылыққа кездесті. Оңтүстікке экспансия жеңілдеу болған тәрізді. Б.з.д. II ғасырдың бірінші ширегінде

Грек-Бактрия патшасы Деметрий Гиндукуштен өтіп, «Үндістанды жаулап алды». Оның теңгелерінде алғаш рет грек жазуларымен қатар үнді жазулары да пайда болды.

Грек-Бактрия патшалығында гректердің (гректік өмір салты мен грек мәдениетін сақтаған адамдар, олардың гректердің ұрпағы болуы міндетті емес) жергілікті халықтан ерекшелігі өте айқын болды, атап айтқанда әлеуметтік өмірдегі барлық эллинистік институттар мен дәстүрлер, грек тілі және мәдениетінің басқа да көп элементтері сақталды. Француз археологтары Солтүстік Ауғанстан жерінде қазба жұмыстарын жүргізген Грек-Бактрия қалаларының бірі (Айханум қалашығы) акрополи мен агорасы бар, реттелген көшелері мен қоғамдық үйлері, пропилейлері, портиктері, колонадалары бар нағыз эллинистік қала болғандығы анықталды.

Жазба деректерде тек жеті ғана Грек-Бактрия патшалары көрсетіледі. Грек-Бактрия патшалығының негізін қалаушы I Диодоттың мұрагері оның ұлы II Диодот б.з.д. III ғ. 30 жылы билік құрды. III ғасырдың 20 жылы Евтидем патша тақты иеленді, ол 208-206 жылдары III Антиохтың 2 жылға созылған қоршауына төтеп бере алды.

Б.з.д. III ғасырдың ең ақыры мен II ғасырдың басында оның ұлы Деметрий патшалық құрды, ол Үндістанды жаулаушы ретінде даңқы шықты. II ғ. 70-50 жж. өзін теңгелерінде «Ұлы» деп көрсеткен Евкратид билік құрды. Шығыста ерекше аты шыққан Бактрия патшасы Менандр болды. Эллинистік Александрия қаласының (қазіргі Кабул қаласына жақын) маңында дүниеге келген ол өз иеліктерін Үндістанның ішкері аудандарына дейін, атап айтқанда Ганг алқабына дейін кеңейтті. Үнді дәстүріне сенсек, Менандр буддизм дінін қабылданған.

#### **4. Тохарлар (Да-юэчжи)**

Б.з.д. II ғасырдың 20 жылдары шығыстан Орталық Азияның түкпірлерінен келген көшпелілер Грек-Бактрия иеліктеріне қауіп төндірді. Б.з.д. I ғасырдың 70 жылдары да-юэчжи сюнну (ғұн) тайпаларынан жеңіліп қалғаннан кейін батысқа қарай жылжиды. Бұл Орталық Азияның далаларындағы үстемдік үшін күрестің

кезекті бір кезеңі болса керек. Ғұндар бұл жеңіс туралы естерінен шығармай, оны мақтаныш еткені деректер арқылы жеткен: ғұн көсемдері тохарлар қолбасшысының бас сүйегінен ыдыс жасап, оны ерекше бір салтанатты мерекелерде пайдаланған екен (мысалы, б.з.д. 47 жылы ғұн көсемі қытай императорының елшілерімен бітімге қол қойған кезінде осы ыдыстан шарап ішкен көрінеді).

Да-юэчжи Давань (Ферғана) арқылы өте отырып, Орта Азияға баса-көктеп кіріп, оның үлкен бөлігін өзіне қаратты. Қытай тарихшысының айтуы бойынша Бактриямен қақтығыста олар жеңіске жетеді және өздерінің қоныс орны ретінде Гуйшуй өзенінің (Амудария) солтүстік жағасын бекітті. Орта Азия мен Бактрия жөнінде деректер қалдырған Чжан Цянь дәл осы жерде оларды б.з.д. 128 ж. көргендігін жазады. Чжан Цянның көрсетуі бойынша да-юэчжилердің батыстағы көршілері – Парфия, оңтүстіктегі көршілері – Бактрия, ал олардың арасындағы шекара Амудария болған.

Чжан Цянның көрсетуі бойынша Бактрияда «халық саны миллионға жуық», «отырықшы өмір сүреді; қалалары мен үйлері бар; әдет-ғұрыптары даваньдықтарға ұқсас. Жоғарғы билеушілері жоқ, әрбір қаланың өз басшысы бар. Олардың әскері әлсіз, шайқаста қорқақ. Тұрғындары саудада шебер. Астанасы Ланьгай деп аталады. Бұл қалада әртүрлі тауарлары бар базар көп, оның көпестері Үндістанға саудамен барып тұрады. Онда күн ыстық, адамдар пілдің үстінде шайқасады».

Чжан Цянның мәліметтері «Аға Хань әулеті тарихы» атты қытай хроникасында да келтіріледі. Сонымен бірге онда да-юэчжилердің бес үйге бөлінетіндігі және солардың ішінде «кушандар үйі» (гуйшуан) де бар екендігі айтылады.

#### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Парфия мемлекеті қандай тарихи жағдайларда қалыптасты?
2. Парфия мен Рим арасындағы қарым-қатынастар қалай өрбіді?
3. Парфияның қоғамдық дамуының ерекшеліктерін көрсетіңіз.
4. Грек-Бактрия патшалығының саяси және мәдени дамуының ерекшеліктері қандай?



## ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН

Үнді субконтинентінің кең ауқымды территориясы климаттық жағдайлары, рельефі мен топырағының сипаты бойынша бірнеше зоналарға бөлінеді. Қазіргі солтүстік-батыстағы шөлейтті аудандарды ежелгі дәуірлерде ормандар басып жатқан болуы мүмкін. Инд өзені мен оның сағаларының аңғарлары ерекше құнарлы болған. Осы жерде егіншілердің ең алғашқы қоныстары пайда болып, б.з.д. III мыңжылдықта Оңтүстік Азиядағы ең ежелгі қалалық өркениет қалыптасады. Солтүстіктен және солтүстік-шығыстан Үндістанды Азияның басқа бөліктерінен Гималай тау жоталары бөліп жатыр, сондықтан да солтүстік-батыс арқылы ғана қоныс аударушылар мен жаулаушылар келіп, сауда керуендері жүрді, шетелдік мәдени ықпал таралып отырды. Б.з.д. II мыңжылдықта үнді-еуропалық арий тайпалары дәл осы жолмен келіп, б.з.д. I мыңжылдықта жекелеген аудандар бірде парсы патшаларына, келесі кезеңде Македонскийдің наместниктеріне, енді бірде грек немесе скиф (сак) билеушілеріне бағынып отырды. Ақырында, біздің заманымыздың басында бүкіл осы территория Кушан державасының құрамына енді.

Инд-Ганг жазығының орталық бөлігі ежелгі дәуірде-ақ «арийлердің қасиетті жері» (Арьяварта) деп есептелді. Ұлы өзендер аңғары аралығында және Ганг өзенінің жоғарғы ағысында б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында ежелгі үнді өркениеті пайда болды. Осы кең жазықтың әртүрлі аудандарымен атақты Махабхарата дастанында сақталған эпикалық аңыздар байланысты.

Солтүстік-шығыс – Ганг алқабының орта және төменгі бөлігі ылғалдылығы жоғары, тропикалық шалғындар мен өсімдіктерге бай аймақ. Жаңбырлы маусымдарда Ганг аңғарында су тасқындары жиі болып, атыруы ертеде батбақты болған. Ең алғашқы қоныстанушылар негізінен, балық аулаумен, аңшылықпен және тұрпайы егіншілікпен айналысқан; тек б.з.д. I мыңж. ортасына қарай ғана ну ормандармен (джунгли) болған

табанды күрес нәтижесінде бұл ауданның кеңінен игерілуі іске асты.

Инд-Ганг жазығын Декан түбегінен (ежелгіүнді тілінде дакшина –«оңтүстік») аласа Виндхья таулары бөліп тұрады. Декан күрделі рельефі жекелеген аудандарын бір-бірінен оқшаулап жатқан қыраттардан тұрады. Сондықтан да оңтүстікте өркениетке өту солтүстікке қарағанда кейінірек іске асты.

Шри-Ланка (Цейлон) аралының орталық бөлігін алып жатқан орманды жоталар солтүстіктегі жазықтарды оңтүстіктегі ну орманды ойпаттардан бөліп тұр. Осы негізгі аудандар арасындағы бәсекелестік елдің саяси тарихын сипаттайды. Аралдың географиялық жағдайы Оңтүстік Үндістан жағалауларымен тығыз байланыстарын анықтап, ал біздің заманымыздың басында теңізде жүзу ісінің дамуына байланысты Оңтүстік-Шығыс Азия, Араб елдерімен және Египетпен байланыстарына жағдай жасады.

Қазіргі Оңтүстік Азияның негізгі халқы үндіеуропалық нәсілге жатады, алайда Үндістан түбегінің оңтүстігі мен Шри-Ланка аралының халықтары кейбір нәсілдің белгілері бойынша австралоидтарға жақын. Солтүстік-шығыстағы бірқатар тайпалар оңтүстік монғолоид нәсіліне жатады.

Солтүстікте қазір үндіеуропалық тілдер (хинди, бенгал тілі және т.б.), оңтүстікте дравид (мысалы, тамиль тілі) басым, Декан мен Солтүстік-Шығыс Үндістанның бірқатар тілдері Оңтүстік-Шығыс Азия, Тибет пен Қытай тілдеріне туыстас болып келеді.

Оңтүстік Азияның ежелгі этникалық тарихын тек жалпылама түрде ғана қалпына келтіруге болады. Үндіеуропалық тілде сөйлейтін арийлер Үндістанға б.з.д. II мыңжылдықта келгені белгілі. Ежелгі дәуірде дравид тілді тайпалар Үндістанның орталық және солтүстік-батыс, ал тибет-бирма және мунд тайпалары солтүстік-шығыс бөлігінің анағұрлым ауқымды аумақтарын алып жатқан болуы мүмкін. Оңтүстік Азияда, бүкіл ежелгі Шығыстағыдай ежелгі дәуірлерден халықтар мен нәсілдердің араласу үдерісі қарқынды жүрді, нәсілдік айырмашылықтар тілдік айырмашылықтармен сәйкес келмейді.

Оңтүстік Азияның ежелгі тарихын келесі дәуірлерге бөліп қарастыруға болады:

I. Ең ежелгі өркениет (Инд) – б.з.д. XXIII – XVIII ғғ. (алғашқы қалалардың пайда болуы, ерте мемлекеттердің қалыптасуы).

II. Б.з.д. II мыңж. екінші жартысына қарай үндіеуропалық тайпалар – келе бастайды. Б.з.д. II мыңж. аяғынан I мыңж. ортасына дейінгі дәуір осы кезде қалыптасқан діни шығармалардың атауымен – «ведалық» деп аталады. Оның негізгі екі кезеңін бөліп көрсетуге болады: ерте кезең (б.з.д. XIII-X ғғ.) арий тайпаларының Солтүстік Үндістанда қоныстануымен сипатталса, кейінгі кезең (б.з.д. IX-VI ғғ.) Ганг аңғарында алғашқы мемлекеттердің құрылуына алып келген әлеуметтік және саяси үдерістермен сипатталады.

III. «Буддалық дәуір» (б.з.д. V-III ғғ.) – буддизм дінінің пайда болып, таралған уақыты. Буддизммен байланысты ескерткіштер дәуірдің ең маңызды тарихи деректері болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық және саяси тарих тұрғысынан алғанда бұл дәуір урбанизацияның басталуы және ірі мемлекеттердің пайда болуы – тіпті жалпыүндістандық Маурийлер державасының қалыптасу уақыты болды.

IV. Б.з.д. II ғ. – б.з. V ғ. ежелгі үнді өркениетінің «классикалық дәуірі» деп қарастыруға болады, Оңтүстік Азия мәдениеті мен әлеуметтік ұйымының ең бір сипатты ерекшеліктері қалыптасқан уақыт.

## **1. Инд өркениеті (б.з.д. XXIII-XVIII ғғ.)**

Оңтүстік Азияның ең ежелгі өркениеті Солтүстік-Батыс Үндістандағы Инд өзені ауданында (негізінен алғанда, қазіргі Пакистан территориясы) пайда болғандықтан Инд өркениеті деп аталады. Ол пайда болған уақыты бойынша үшінші ежелгі Шығыс өркениеті болып табылады. Алғашқы екі өркениет – Месопотамия және Египет сияқты ол да ұлы өзен аңғарында орналасты және оның да қалыптасуы жоғары өнімді суғармалы егіншілікті ұйымдастырумен байланысты болған болуы керек.

Инд аңғары мәдениетінің ашылуы салыстырмалы түрде кейінгі уақытқа жатады (XX ғ. 20-жылдары), және әртүрлі себептерге байланысты онымен қатар өмір сүрген Египет және Ақкад мемлекеттеріне қарағанда аз зерттелген. Алайда оған қоланы пай-

далану, қалалар салу, және сондай-ақ жазудың ойлап табылуы тән болғанын сенімді түрде көрсетуге болады. Осы негізгі белгілер өркениеттің, яғни ежелгі азаматтық қоғам мен мемлекеттіліктің пайда болғандығы жөнінде айтуға мүмкіндік береді.

Ең алғаш болып неғұрлым ірі екі қала орталықтары – Мохенджо-Даро және Хараппа зерттелді (соңғысының атымен бүкіл археологиялық мәдениет Хараппа деп аталады). Кейінірек кішірек қалалар – Чанху-Даро, Калибанган ашылды. Хронологиялық жағынан Хараппа мәдениеті б.з.д. 2300-1700 жж. шегімен анықталады, алайда әртүрлі аймақтар мен жекелеген орталықтар үшін бұл хронология дәл сәйкес келмеуі мүмкін.

Махенджо-Даро, Хараппа және Калибанган сияқты қалаларға екі бөліктен тұратын құрылым тән. Қаланың бір бөлігі жасанды төбеге тұрғызылып, қалған қоныстардан айырлы дуалдармен бөлінген. Бұл өзіндік қорған (цитадель) қоғамдық құрылыстарға – әкімшілік және діни мекемелерге арналды. Қала қоныстары Махенджо-Дарода екі шаршы шақырым аланды алып жатты, бұл жерде бірнеше мың адам тұра алар еді. Ені он метрге дейін созылатын тік көшелер арбаларға, және діни шерулерге арналған болуы керек. Қала құрылыстарының көпшілігі бірдей көлемдегі күйдірілген кірпіштен соғылған. Зерттеушілерді қаланың тұрмыстық жағдайының жоғарғы дәрежесі таңқалдырады. Көптеген үйлерде жуынуға арналған арнайы бөлмелер бар. Кір су кірпіштен қаланған каналдар арқылы арнайы орға барып төгілетін болған. Инд аңғары қалаларындағы канализация жүйесі ежелгі дүниенің басқа елдеріндегіден анағұрлым жетілдірілген болды.

Қала орталықтарындағы қазбалар ауылшаруашылығы туралы толық мәлімет бере алмайды. Алайда табылған дақылдардың қалдықтары бидай, сұлы, арпа өсірілгендігін көрсетеді. Маталардың қалдықтары Үндістанда, Азияның басқа елдеріне қарағанда мақта әлдеқайда ерте өсіріле бастағанын дәлелдейді. Жүк тасушы малдар қатарында өгіздер мен бұқалар, сондай-ақ үй құстары көптеп өсірілді.

Қалаларда қолөнер жақсы дамыды. Құрылыста күйдірілген кірпіш кеңінен қолданылды. Хараппа керамикасы формасы жағынан алуан түрлі болды. Ыдыстардың сыртындағы кескіндер өсімдік нақыштары түрінде орын алды. Тоқыма ісі кеңінен

дамығандығын ұршықтың табылуы айғақтайды. Египет пен Месопотамиядан ерекше, Инд өркениетіне монументалды мүсін өнері тіпті де тән болмады. Барлық сақталған бейнелер кішігірім ғана көлемде. Тастан және қоладан жасалған мүсіншелерге қимыл-қозғалыстың жақсы бейнеленуі, пластикалылық тән.

Ірі қалалардың көркем қолөнерінің ерекше көзге түсетін туындылары кішігірім тас мөрлер болып табылады. Мұндай мөрлердің мақсаты мүлік иесінің меншіктік құқықтарын көрсетуі болған тәрізді, алайда оларды басқа да мақсаттарға пайдаланған да болуы мүмкін. Бір ауданнан шыққан мөрлерде ұқсас суреттер таңбаланған, олар жергілікті культтер мен қасиетті орындармен байланысты немесе мифологиялық сюжеттер болды.

Инд өркениеті қалаларының кең сыртқы байланыстары туралы Хараппа мәдениетінің бұйымдарының (негізінен, мөрлер) Месопотамия (Ур, Киш, Телль-Асмар), Иран (Тепе-Яхья) және Оңтүстік Түркмения (Алтын-Тепе) жерлерінен табылуы айғақ бола алады. Махенджо-Даро және Хараппа өзінің гүлдену дәуірінде ежелгі Шығыстың ерте өркениеттері жүйесіне кіргенін байқауға болады. Әсіресе байланыстар Месопотамиямен Аккад патшалығы мен иссин әулеті тұсында, яғни б.з.д. III мыңж. соңғы үштігі және II мыңж. басында кеңінен орын алғанын деректер дәлелдейді.

Б.з.д. XVIII ғ. аяғына қарай Хараппа мәдениеті өмір сүруін тоқтатады. Ол тосын болған соққының нәтижесінде қирамағанын толық сеніммен айтуға болады. Археологтар жинақтаған материалдарға қарағанда, бір кездері гүлденіп тұрған қалалар, ғасырлар бойы, бірте-бірте құлдырай бастаған. Тамаша, сән-салтанатты қамалдар тозып, кең көшелер тарылып, үйлер бей-берекет, ретсіз салынып кеткен, қала құрылымы бұзылған. Сырттан келген заттар азайып, әдемі қолөнер бұйымдары мен мөрлер кеміп кеткен. Қалаларды ауылдар ауыстырып, мәдениеттің тұрпайылануы орын алған.

Хараппа мәдениеті Үндістан тарихында ешқандай із қалдырмады дей алмаймыз. Б.з.д. II мыңж. Орталық Үндістанның да, Ганг алқабы тайпаларының да энеолиттік мәдениеттерінде Хараппаның тікелей ықпалы байқалады. Инд өркениетінің мәдени ықпалы кейінгі индуизмнің наным-сенімдері мен культінде сақталған.

## 2. «Ведалық дәуір»

Б.з.д. II мыңж. аяғы – I мыңж. бірінші жартысы әдетте «ведалық дәуір» деп аталады, өйткені оны зерттеудің негізгі деректері Үндістанның діни әдебиетінің ежелгі ескерткіштері – ведалар болып табылады. Веда сөзі «қасиетті білім» деген мағына береді. «Веда» ұғымына әдетте негізгі төрт жинақты – самхиттер (Ригведа, Яджурведа, Самаведа және Атхарваведа), сондай-ақ оған қосылатын кейінгі ведалық шығармаларды жатқызады.

Самхиттер діни әндер (гимндер), әуендер, құрбандық сөздері мен дұғалардан тұрады. Олардың ең көнесі – Ригведалар («гимндер Ведасы»). Ригведа гимндері діни шабыттың ашылуы тұсында ерекше киелі тілде жазылған өлеңдер болып табылады. Ригведамен қатар Атхарваведа ерекше маңызға ие. Оның негізгі бөлігін зұлым рухтар мен ауруларға қарсы дұғалар, ұзақ өмір, бала сүю, билік пен байлық сұрау дұғалары құрайды. Атхарваведа дінінде оның салыстырмалы түрде кейінгі уақытта қалыптасқандығын көрсететін белгілер бар. Оның құрамында абыздар емес, қарапайым халық құрастырған мәтіндердің кездесуі, үнділіктердің тұрмысы, әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері жөнінде құнды мәлімет береді.

Кейінгі ведалық әдебиет құрамына брахмандық проза ескерткіштері де, атап айтқанда, брахмандар, араньяктар мен упанишадалар кіреді. Брахмандар абыз-брахмандар үшін арнайы жазылған, онда құрбандыққа шалу рәсімдері тәкпіштеп жазылған. Одан кейін араньяк мәтіні (сөзбе-сөз аударғанда – орман) орын алады. Бұл өз өмір жолының кезекті сатысында орманға оңашалыққа кеткен анохореттерге арналған шығарма. Ведалар корпусын упанишادا аяқтайды (санскрит тілінен аударғанда – «отырып, ұстаздың өсиеттерін тыңдау» деген мағына береді). Ведалардың ең терең ойлы бөлімі, онда ведалық діннің бүкіл діни-философиялық ойларының негіздері баяндалады.

Кейінгі ведалық әдебиетпен қатар қарастырылып отырған дәуір бойынша үнді дәстүрінде итихаса («өткен оқиғалар») деп аталатын шығармалар негізгі дерек болып табылады. Бұл жанрға жататын Махабхарата мен Рамаянаны әдетте эпикалық дастандар деп атайды, алайда олардың формасы мен мазмұны басқа

халықтардың эпосынан айтарлықтай ерекше. Екі дастанның да қалыптасқан уақыты шартты түрде б.з.д. I мыңж. ортасы – б.з. I мыңж. ортасы шектері деп анықталады. Мазмұны мен формасы бойынша алуан түрлі элементтердің қоспасы болып табылатын бұл шығармалар архаикалық мифтер мен әскери баяндар, аңыздар мен мысалдар, трактаттар, құдай есімдерінің, халықтардың, шежірелердің, тәуеп ету орындарының орасан көп тізімі және т.б. тұрады. Олар тек әртүрлі уақытта және әртүрлі халықтар туындысы болуымен ғана емес, сонымен бірге әртүрлі әлеуметтік ортада жасалуымен де ерекшеленеді.

Ригведада көрсетілетін географиялық атаулар осы тарихи ескерткішті құрастырған тайпалар – арийлердің орналасқан аймағы Солтүстік-Батыс Үндістан болғандығын бұлжытпай дәлелдейді. Пенджабтан шығысқа қарай жатқан жерлер жөнінде деректе көп айтылмайды. Ганг өзені бір-ақ рет аталады, оның өзінде де Ригведаның кейінгі бөлігінде. Ведалық әдебиетте арийлердің шығыс және оңтүстік-шығыс бағытта қоныс аударуы жөнінде мәліметтер кездеседі. Бұл миграциялардың нәтижесі үнді-арий тілдерінің тарауы, Ганг аңғарының игерілуі және ежелгі үнді мәдениетінің қалыптасу орталықтарының өзгеруі болды.

Үнді-арий тайпаларының қоныстану үдерісі тарихнамада, кейде жергілікті халықты құлдыққа айналдыруға алып келген жойқын жаулаушылық жорықтары түрінде көрсетіледі. Мұндай тұжырымдама жасаудың негіздері өте әлсіз. Үндіеуропалықтардың Оңтүстік Азияда пайда болуы бір мезгілде іске асқан шара емес, ол өзіндік бір арийлер жаулаушылығы түрінде болмаған. Бұл ұзаққа созылған үдеріс болды. Ригведаны құрастырушылар бұл этникалық қоныс аударулардың бір толқыны ғана болған тәрізді және үндіеуропалықтардың әртүрлі топтарының арасындағы қарым-қатынастар, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынастарынан да күрделі болмағанына ешкімнің кепілі жоқ.

Ригведа гимндерімен үстірт танысқанның өзінде арийлердің өмірінде және олардың дүние туралы түсініктерінде мал шаруашылығының орнына қаншалықты зор маңыз берілгені айқын көрінеді. Құдайларға бағышталған дұғалар көбіне мал санын арттыруын сұраумен аяқталып отырған. Ірі қара мал байлықтың басты өлшемі болды. Қасиетті кітаптардың құрамына

үй жануарларының ауруларына қарсы дұғалар кірді. Құдайларға арналған құрбандықтар сүт, май, және басқа да мал өнімдері түрінде болды. Көсемді – «сиыр бағушы», бай кісіні – «сиыр иесі», соғысты – «сиыр іздеу», руды – «сиыр табыны» деп атаған. Жүк малы ретінде өгіз бен есекті пайдаланды. Әскери арбаны атқа жеккен. Аттың соғыс ісіндегі маңызды ролі ведалық діннің сипаты белгісі болып табылатын жылқы культімен байланысты болды.

Алайда арийлерді тек көшпелі малшы тайпалар ретінде қарастыруға болмайды. Деректің ең ерте бөліктерінің өзінде бос жатқан жерге қарама-қарсы, өңделетін жердің маңызы көрсетілген. Құдықтар, жасанды арықтар мен көлшіктер түріндегі тұрпайы суғару жүйесі қолданылғандығы байқалады. Жер жыртуда қарапайым кетпен ғана емес, соқа да пайдаланылды. Кейінгі арийлік дәуірде шаруашылықтың негізгі саласы егіншілік болғаны айқын. Әртүрлі егіншілік дақылдары туралы мәліметтер өте көп. Сұлы, бидаймен қатар күріш те молынан өсірілді.

Кейінгі ведалық әдебиетте әртүрлі қолөнер түрлерін білдіретін арнайы терминдер кездеседі. Мысалы құмырашы кәсібінің мұраға қалдырылатыны байқалады. Ригведада сауда жөніндегі мәліметтер өте мардымсыз. Сауда айырбас сипатында болған тәрізді, өлшем құралы ретінде сиыр пайдаланылды. Алайда табысты сауда нәтижесінде жиналған байлық өте сирек кездесті. Шынайы байлық билік иелері мен өз тайпаластарының мүлкімен және еңбегімен иелену құқығына ие болғандардың қолында болды.

Кейінгі ведалық дәуірде үнділіктер деревня типіндегі қоныстарда тұрды. Олардың қалалық өмірмен таныстығын көрсететін деректер кездеспейді. Деревня басшысы болу өте беделді қызмет болған тәрізді, алайда оның қызметке келу жолы беймәлім. Деревня халқының арасында терең мүліктік жіктеліс байқалмайды. Тек дәуірдің соңына қарай ғана әлеуметтік-саяси статусына тәуелсіз мүліктік айырмашылық маңызға ие бола бастайды. Кейінгі ведалық әдебиетте негізгі қоғамдық жіктеліс шреяс және папияс терминдері арқылы анықталады. Алғашқысы шри – «игілік» сөзінен, ал екіншісі – папа – «күнә» сөзінен шығады. Шреяс әдетте брахмандар (абыздар) мен «патшаларға» қатысты қолданылды. Олардың игілігі мүлкінде емес, материалдық байлықтың өзі әлеуметтік беделі мен басқалардың үстінен билік



жүргізуімен байланысты болды. Игі-жақсылардың (шреяс) алдында басқалар құрақ ұрып қызмет етті.

Шонжарлардың өкілдері, ведалық «патшалар» бали алуға құқылы болды. Бали – адамдардың рухтар мен құдайларға шалатын құрбандықтары. Балиді нақты анықталған салық деп қарастыруға болмағанмен, алайда жазылмаған заңдар арқылы раджаларға өтелуге тиіс әртүрлі сый-сияпат түрлері реттеліп отырған тәрізді.

Кейінгі ведалық дәуірдің әскери аристократиясы, «патшалар», олардың туыстары мен жақындары ерекше сословиелік топ – кшатрийлер варнасын құрады. Осындай варнаның бірі абыз-брахмандар болды. Халықтың негізгі еңбекші бұқарасы «халық» варнасын – вайшьяларды құрды. Кейінгі ведалық мәтіндерде соңғыларды арья деп те атайды. Брахмен мен кшатрийге олардың магиялық субстанциялар – «рухпен» (брахма) немесе «билікпен» (кшатра) спецификалық байланысы маңызды болса, «арья» термині вайшьяларға тиесілі болып қалды. Алайда арийлер деп ведалық дінді ұстанып, оған тән өмір салтын сақтаушы, өз үйі мен шаруашылығы бар адамдардың барлығы аталды. Сан жағынан алғанда олардың көпшілік бұқарасын егінші қауымдастар, яғни вайшьялар құрды.

Брахмандар, кшатрийлер мен вайшьялар «екі рет туылғандар» болып есептелді, өйткені бала кезінде қасиетті бауды иығына байлау арқылы жасалатын діни рәсімнен өткен. Осы рәсім екінші рет туылу деп аталып, оның өзі ведалық діни рәсімдерге қатысуға құқық берді. «Екі рет туылғандар» ведаларды тындауға тиым салынған шудраларға қарсы тұрды. Шудраны сипаттайтын басты белгі – рәсімдік таза еместік. Әрине, бұл шудраның «арийлер» қоғамынан тыс қойылғандығының айғағы.

«Екі рет туылғандар» тұрғысынан алғанда шудралар бөтендер варнасы болып есептелді, алайда олардың қоғамдағы шынайы жағдайы, этникалық шығу тегі сияқты, әртүрлі болуы мүмкін еді. Шудраның міндеті қожайынның аяғын жуу болды. Сонымен бірге кез келген шудраны үй малайы деп қарастыруға болмайтын тәрізді. Жеке шаруашылық жүргізген шудралар да болғанын деректер көрсетеді. Шудраларға жататын категориялардың қатарында қолөнершілер де болған. Қолөнер әдетте, шудралардың сословиелік-касталық міндеті деп саналды.

Ежелгі үнді өркениетінің негізі ретіндегі варналық құрылыс ведалық дәуірде, Солтүстік Үндістанды жаулау барысында қалыптасты. Ол кезде шудралар ең төменгі категорияны құрған болатын. Алайда егіншілер мен малшылар қоғамынан тыс ну орман (джунгли) тайпалары жатты. Осы «жабайылардың» өркениет ықпалына бірте-бірте тартылуы олардың әлеуметтік иерархиядағы орнын анықтауды талап етті. Артта қалған тайпалар әдеттегі деревня шудраларынан да төмен статусқа ие болды. Олар рәсімдік жағынан лас, яғни кесапаттар деп қарастырылды. Олар варналық жүйеден тыс қойылды. Егер варнаға кіретін шудралар деревняларда тұрып, ондағы негізгі шаруашылық түрлерімен айналысқан болса, варнадан тыс қойылған кесапаттар өз лашықтарын елді мекендердің шегінен тыс жерлерде соғып, деревняға ең төменгі, лас жұмыстарды орындау үшін ғана келіп тұрған.

Әр варнаның құқықтары мен міндеттері кейінірек «Ману заңдары» жинағында көрсетілді. Мұнда бірінші орынға брахмандар қойылды. Олардың шығу тегінің тазалығына ерекше мән берілді, сондықтан да брахмандар өздерінің касталық томағатұйықтығын сақтауға күш салып отырды. Брахман өзінің арғы ата-бабасы – ришиді, ведалық гимндерді шығарушы данағейлерді мақтанышпан айтатын болған. Әскери шонжарлар (кшатрий) оларды құрметтеуге тиісті болды. Алайда іс жүзінде жоғарғы екі варна билік пен дәрежені бөлісіп отырған және кейде тайталасып та қалған, дегенмен халықтың қарсылығын басу қажеттігі туған кезде бірлесіп қимыл жасаған.

Бірдей қылмысы үшін түрлі варналардың өкілдері әртүрлі жаза алатын болған. Шудраны өлтіргені үшін брахманға, біреудің малын өлтіргені сияқты, қатесін мойындап, айып төлеудің өзі жеткілікті болған. Ал егер шудра брахманмен дауласып ерегіссе, ол үшін оның аузына отқа қыздырылған бір кесек темір тығатын болған.

Адамдардың осылай тұйықталған варналарға бөлінуі және әртүрлі варна өкілдеріне некелесуге рұхсат етілмеуі мәңгілік, бұлжымайтын және дінмен реттелген тәртіп болып саналды.

Ведалық қоғамда билік өзіндік патша – раджалардың қолында болды. Ригведада арбада тұрып өз жауларын тықсырып бара жатқан жауынгер бейнесіндегі Индра құдайы – раджа деп атала-

ды. Ол дәуірде билеушілерді жауынгерлік ерліктермен – ең алдымен, жауынгерлік ат арбалардағы жеңістермен байланыстырған. Ат арбалармен өткізілетін жарыстар тек шонжарлардың сүйікті ойын-сауығы ғана емес, ведалық әдебиетте маңызды орын алатын рәсім де болған. Жеңімпаздар құдайлардың сүйіктілері ретінде ерекше құрметке ие болып отырған. «Патшалар» мен «халық» арасындағы айырмашылық дәл осы соғыс ісінде ерекше айқын көрініс тапты: көсемдер мен қолбасшылар ат арбамен соғысса, ал халық жаяу әскерді құраған. Арба мен доңғалақ биліктің символы болғаны белгілі. Ведалық дәуірде ат арбалар аса маңызды әлеуметтік-саяси мәнге ие болды.

Мемлекет бастапқыда тайпалық негізде қалыптасты. Басында «жоғарғы» немесе «ұлы патша» тұрған кең-ауқымды одақтар да құрылып отырды. Алайда мұндай құрылымдар жекелеген патшалықтың ішкі құрылымын айталықтай өзгерте алған жоқ, сондықтан да ұзаққа бармай ыдырап кетіп отырды. Шеткері жерлерде, негізінен Гималай тауының етегінде басқа да саяси құрылымдар қалыптасып жатты. Деректерде оларды сангха – «бірлестік» деп атайды. Сангхаларда шонжарлардың (раджалар) бүтіндей топтары, жүздеген, мыңдаған адамдар өмір сүрді. Өз жиналыстарында олар орындаушы билік өкілдерін сайлап, ең маңызды мәселелерді дауыс беру арқылы шешіп отырды. Әрбір осындай одақ үстемдік етіп отырған шонжарлар руының атымен аталды. Осындай конфедерациялардың кейбіреуі б.з.д. I мыңж. ортасындағы саяси күресте маңызды рөл атқарды.

### **3. «Буддалық дәуір». Жалпыүнділік державаның қалыптасуы**

Б.з.д I мыңжылдықтың ортасы Солтүстік Үндістанның экономикасы мен әлеуметтік қатынастарындағы, саяси құрылысы мен мәдениетіндегі ірі өзгерістерімен ерекшеленді. Бұл дәуірдің сипаты белгілерінің бірі жаңа дін – буддизмнің пайда болып, таралуы болды. Буддистік әдебиет ескерткіштері осы дәуірдегі Үндістан тарихының құнды деректері болып табылады, сондықтан да бұл дәуірді (б.з.д. V-III ғғ.) шартты түрде «буддалық дәуір» деп атауға болады.

Пали тіліндегі “Типитака”(“Үш қоржын”) деп аталатын кең ауқымды буддалық канон Шри-Ланкада б.з.д. 80 жж. шамасында жазбаға түсірілген. Ол буддизмнің тхеравада мектебіне (немесе хинаяна – “құтылудың тар жолы”) тән.

«Буддалық» дәуір – Солтүстік Үндістандағы урбандалу кезеңі болып табылады. Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында Ганг аңғарында материалдық мәдениеттің бірегейленуі орын ала бастады. Темір өңдеу таралады. Б.з.д. V-IV ғғ. ежелгі Үндістандағы маңызды қалалық орталықтың негізі қаланады. Ең белгілі өнер ескерткіштері Ашока патша есімімен байланысты. Әртүрлі үнді тілдеріндегі, сондай-ақ арамей және грек тілдерінде жазылған. Ашока жазбалары жалпыүнділік Маурья мемлекетінің тарихы бойынша тамаша деректер болып табылады. Бұл деректер аталмыш мемлекеттің шекараларын, халықтың құрамын, әкімшілік құрылысын және басқару сипатын, ішкі саясаты мен сыртқы байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл дәуір бойынша шетелдік деректер, ең алдымен антика деректері маңызды болып табылады. Жерорта теңізі елдері Оңтүстік Азия елдерімен Ахамен державасы қалыптасқаннан кейін азды-көпті тұрақты байланысқа түсе бастайды. Гректердің Үндістанды толық мағынадағы ашуы Александр Македонский жорықтары тұсында іске асты. Ал, державаның ыдырауынан кейін оның мұрагерлерінің арасында, әулеттік патшалар Маурья державасының арасында әжептеуір тығыз тұрақты байланыстар орнады. Маурьялар державасының негізін қалаушы Чандрагуптаның сарайында Селевкид елшісі Мегасфен болып, Үндістанның суреттемесін қалдырды.

Б.з.д. I мың жылдықтың ортасында 200-дей ірі мемлекеттер өмір сүрді, алайда жекеленген аймақтар әлі де бөлшектеліп, ыдырап жатты. Әсіресе Пенджаб аймағы ерекше ала-құла болды.

Б.з.д. VI ғ. аяғында Инд өзені бойындағы Пенджаб аймағында А. Македонский әскерлері келіп кіреді. Бірқатар жергілікті тайпалар мен мемлекеттік бірлестіктер I Дарийге бағынды, парсы патшаларының Солтүстік Үндістан жерінде 2 сатрапиясы – Гандхара мен Хинду сатраптары болды. Алайда Үндістанның анағұрлым маңызды мемлекеттері Ахеменидтер державасынан әлдеқайда шығысқа қарай орналасты. Бұл Ганганың орта және

төменгі ағысындағы Магадха мен Кошала, Ганга мен Ямуна өзені аралығындағы Ватса, сондай-ақ астанасы Уджаянада болған Аванти мемлекеттері еді. Осы аса ірі төрт мемлекет арасындағы гегемония жолындағы күрес б.з.д. YI-Y ғғ. Солтүстік Үндістанның саяси тарихының басты мазмұнын құрады.

Б.з.д. VI ғ. қарай Магадханың ықпалы күшейеді, оның билеушілері бірнеше ғасырлардан кейін алғашқы жалпыүнділік державаның негізін қалайды. Б.з.д. IV ғ. аяғында Пенджаб аймағына А. Македонский әскерлері келіп кіреді. Бірқатар жергілікті тайпалар мен мемлекеттер Македонскийге өз еркімен беріледі (мысалы, Таксила), ал басқалары қарсылық көрсетеді. Грек – македондықтар Биас өзеніне дейін ғана жетіп, жергілікті халықтың күшті қарсылығынан кейін кері қайтуға мәжбүр болды.

Жергілікті ақсүйек рулардың бірінен шыққан Сандракотт антимакедондық күресті басқара отырып, А.Македонскийдің Солтүстік Үндістанда қалдырған гарнизондарын талқандағаннан кейін, Магадханың патшасымен күрес бастайды. Грек авторлары көрсетіп отырған Сандракотт есімі үнді әдебиетінен белгілі Чандрагуптамен толық сәйкес келеді. Дәл осы Чандрагупта, Магадха мемлекетін билеп отырған Нандалар әулетін талқандап, Маурьялар әулетінің негізін қалады (б.з.д. 317 – 180 жж.). Бұл әулет Ежелгі Үндістан тарихында маңызды рөл атқарды. Чандрагупта Солтүстік Үндістанды толықтай Пенджабтан Белгалияға дейінгі аралықта жаулап алды, ал оның мұрагерлері өз билігін Деканға да орнатты. Маурьялар державасы өз дамуының шарықтау шегіне б.з.д. III ғасырдың ортасында, Чандрагуптаның немересі Ашока Тусында жетті. Бұл дәуірдің негізгі дерегі Ашоканың тасқа қашап жазылған жазбалары – «Ашока эдиктілері» болып табылады. Осы жазбалардың табылған жерлері арқылы Ашока мемлекеттің шекараларын анықтауға болады. Ашока тұсында Маурьялар державасы Гангтың бастаулары мен Кабулдан Деканның оңтүстік шегіне дейін жетті (Оңтүстік Үндістанның ең қиыр аудандары ғана кірмеді). Маурьялар державасына кірген елдер бірқатар кең ауқымды провинциялар құрды. Олардың ең бастылары бұрынғы тәуелсіз мемлекеттерге сәйкес келеді. Жалпыүнділік державаның билеушісі өзін тек Магадханың билеушісімін деп атап, өзінің түбегейлі иеліктерін провинциялардан – аса ауқымды

перифериядан бөлек қарастырды. Жаулаушылықтар, әдетте саяси элитаның толық биліктен аластатылуына алып келген жоқ. Тек 3-5 жылда бір рет Магадха патшасы немесе провинцияларды басқарушы «патшазадалар» жергілікті жерлердегі жағдайда бақылау және бұл территорияларға өз құқықтарын көрсету үшін өздерінің өкілдерін жіберіп отырды. Держава құрылымы, жалпы алғанда бос (аморфты), орталықтандыру деңгейі төмен болды. Жекелеген аудандарда жергілікті әулеттер немесе олигархиялық бірлестіктер билік құруын жалғастыра берді. Кең-байтақ территорияда (әсіресе Деканда) халық тайпалық құрылыста өмір сүріп жатты, сондықтан да мемлекеттік билік өкілдері тайпа көсемдерімен тығыз байланысқа түсіп, оларды мемлекеттік қызметке тартып отырды. Держава ауқымындағы саяси бірігу әртүрлі аймақтардың материалдық және рухани мәдениетінің айтарлықтай бірегейленуіне ықпал етті, бұл бірігу әсіресе бұрынғы артта қалған аудандардың (негізінен Орталық және Оңтүстік Үндістан) экономикалық дамуы мен әлеуметтік жіктелу процесінің жеделдеуінде маңызды рөл атқарды.

Билеушінің билігін патша кеңесі шектеді, кеңес патша туыстары мен ең жақсы қызметтерді иеленіп отырған ақсүйек отбасы өкілдерінен тұрды.

Маурийлердің саясатының ерекшеліктерінің бірі (басқа да бірқатар Ежелгі Үндістанның ірі мемлекеттерінің) дәстүрлі емес діндерге, негізінен буддизмге қамқорлық көрсетуі болды. Өз жазбаларында Ашока халықты тек абыз-брахмандарды ғана емес, сондай-ақ жаңа ілімдердің кезбе уағыздаушыларын да құрметтеуге шақырады. Эдиктілердің өзі буддизмнің ықпалымен қалыптасқан уағыздар еді. Патша халықты діни төзімділікке шақырып былай дейді: «Кімде-кім өз дініне бола басқаның дінін балағаттаса, онда ол тек өз дініне зиян келтіреді». Өзін халықтың әкесімін деп жариялай отырып, патша барлық діни қауымдарға қолдау көрсетуге уәде береді. Жоғарғы билік иесі нағыз діншілдіктің не екенін түсіндіреді. Буддистік діни ілімі туралы пікірлерін халыққа жеткізіп отырды және монахтық қауым өміріне қызу араласып отырды. Патша тек әкімшілік жетекшісі ғана емес, держава халықтарының қайырымды рухани да басшысы екенін көрсетуге тырысты.

Жалпыүнділік билеуші «өз қайырымдылығымен» бүкіл әлемді өз билігіне қаратуға да тырысты. Осы мақсатпен Ашока әртүрлі елдерге өзінің арнайы миссияларын да жіберіп отырды. Эдиктілерде Ашоканың алыс жатқан батыс елдеріне де – Египет, Македония, Коринф, Кирен мемлекеттерінің гректік билеушілеріне шабармандар жіберілгендігі айтылған. Алайда антика деректерінде бұл үнді елшіліктері туралы ештеңе айтылмаған.

Үндістанмен тығыз байланысты елдерде, әсіресе, Шри-Ланкада миссионерлік қызмет әсіресе табысты болды. Цейлон бұрыннан-ақ үнді өркениетінің ықпалында болған ел. Шри-Ланка Ашока дәуірінен бастап қазірге дейін буддизм дінін ұстанады. Буддизм бұл жерде тұрпайы қауымдық наным-сенімдерін ауыстыра отырып, прогрессивті рөл атқарды. Бұл әлемдік діннің қабылдануы, кейінірек, Азияның басқа да көптеген елдерінде прогрессивті рөл атқарды.

#### **4. «Классикалық дәуір» (б.з.д. III ғ. – б.з. V ғ.)**

Б.з.д II ғ. басында Маурьялар әулетінің соңғы өкілін өз қолбасшысы өлтіреді. Осы уақыттан бастап ұзаққа созылған саяси тұрақсыздық кезеңі басталады. Б.з.д I ғ. Магадха билеушілерінің билігі оның межелерінің шегінен шықпай қалады.

Осы уақытта Солтүстік-Батыс Үндістан сырттан келген жаулаушылардың қуатты тегеуіріне ұшырайды. Алғаш болып грек-бактриялықтар келіп, Гандхарада орнығады. Грек-Бактрия мемлекеті тарихының деректері өте жұтаң – тек билеушілердің шығарған теңгелері бойынша, яғни нумизматикалық деректер бойынша патшалардың билік жүргізген уақытын ғана анықтауға болады.

Грек-бактриялықтардың артынша б.з.д. I ғ. Үндістанға Шығыс-иран тайпалары – сақтар енеді. Солтүстік-Шығыста бірнеше ұсақ үнді-сақ мемлекеттері құрылды. Сақ билеушілері көрші патшалықтарға гегемониясын орната отырып, өздерін «Ұлы патша», «патшалардың патшасы» деп атай бастаған. Анағұрлым ірі мемлекетік құрылымдарда наместниктік жүйесі – сатрапиялар енгізілді. Сатраптар (кшатраптар) айтарлықтай дербестікпен иеленіп, көп ұзамай толық тәуелсіздікке де қол жеткізіп отырды.

Біздің заманымыздың межесінде Солтүстік-Батыс Үндістанның бірқатар аудандары парфиялықтарға бағынды. Үнді-парфия патшаларының ішінде әсіресе, Таксилде билік құрған Гондофар деген патшаның есімі белгілі.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырлары Орталық Азияда Кушан державасының саяси үстемдігімен сипатталады. Кушандар Үндістанның солтүстік-батысында ғана орнықты, алайда біраз уақыт өз билігін Ганг алқабының айтарлықтай территориясына таратқан болуы мүмкін. Кушан теңгелерінің Ориссаға дейінгі аумақтан табылуы Кушан дәуіріндегі кең экономикалық байланыстардың болғандығынан хабар береді. Бұл алып империяның өмір сүруі Үндістанның Шығыс Иран және эллинистік-римдік әлеммен, сондай-ақ Хань империясымен мәдени байланыстарына ықпал етті. Кушан державасының территориясымен Ұлы Жібек жолы өтті.

Кушан мемлекетінің мәдениетіне әртүрлі тілдердің, мәдениеттер мен діндердің араласуы, яғни мәдени синкретизм тән болады. Билеушілердің теңгелерінен, өнер туындыларынан гректік құдайлар мен қаһармандардың (Гелиос, Геракл), иран құдайларының (Ахурамазда, Анахита), үнді құдайлары әсіресе, Шива құдайын, сондай-ақ Будда мен оның символдарының бейнелерін көре аламыз.

Кушан билеушілерінің ең белгілісі – Канишканың буддистердің IV жиынын өткізгендігі, көптеген монастырлар мен буддалық ескерткіштер (ступ) тұрғызғандығын деректер жеткізеді. Канишка, Ашокадан кейінгі үнді аңыздарының сүйікті қаһарманы болып табылады. Шынында да Кушандар тұсында буддизм Орталық және Шығыс Азияға тарап, толық мағынада әлемдік дінге айналды.

Маурийлерден кейінгі дәуірде Инд-Ганг жазығынан оңтүстікке қарай жатқан аудандарда тәуелсіз мемлекеттер қалыптаса бастады. Олар кейде тіпті Солтүстіктен әлеуметтік және саяси дамуы жағынан басып озып та отырды. Калинга патшасының орасан зор армиясы жөнінде дақпырт сөздер Римге дейін жетті, бұл жөнінде Аға Плинийдің «Табиғат тарихында» (б.з. I ғ.) айтылады. Алайда мемлекеттің кейінгі дәуірлердегі тағдыры мүлде белгісіз. Ол бірнеше ұсақ князьдіктерге бөлініп кеткен



тәрізді. Декан елдері тарихында негізгі саяси құрылым Сатавахан әулетінің мемлекеті болды. Бұл мемлекет те Маурийлер державасы ыдырағаннан кейін көп ұзамай қалыптасқан тәрізді. Мемлекеттің орталығы – Батыс Декан аймағы болды. Держава б.з. III ғ. ыдырап кетті, аймақтағы үстемдік енді Вакатака және Паллав мемлекеттеріне өтті.

Қарастырылып отырған дәуір ежелгі үнді экономикасының гүлденген дәуірі болды. Үнділіктер жоғары сапалы болат қорытуды игерді. Үнді болаты жақын елдерде ғана емес, Жерорта теңізі елдерінде де үлкен сұранысқа ие болды. Қамалдар енді ағаштан емес, кірпіш пен тастан соғылатын болды, ал оларды алу үшін қамал бұзушы машиналар мен басқа да әскери механизмдер пайдаланылатын болды. Маурийлерден кейінгі дәуірге буддалық үңгір монастырлары мен храмдары және басқа да монументалды құрылыстар тән болды. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырындағы мүсін өнерінің көптеген ескерткіштері тек діни сенімдер мен халықтың көркемдік талғамы жөнінде ғана емес, сондай-ақ колөнершілердің жұмыс техникасы, жоғарғы шеберлігі жөнінде де хабар береді.

Алтын, күміс және мыс теңгелердің өте көптігі, ақша айналымының айтарлықтай жоғарғы деңгейін көрсетеді. Қызу сауда жолдары Таксила, Матхура, Уджаяни, Варанаси сияқты ірі қалаларды өзара байланыстырды. Аудандардың азды-көпті мамандануы орын алды, мысалы, Варанаси мен Матхура мақта маталарымен даңқы шықты, солтүстік-батыс аудандар жүн маталарымен, шарап және жылқысымен белгілі болса, Уджаяни – асыл тастарымен, піл сүйегімен, Оңтүстік Үндістан дәмдеуіштерімен атағы шықты.

Б.з.д. II-I ғғ. Батыс және Оңтүстік Үндістанды эллинистік Египет көпестері пайда бола бастады. Үндістанның ең қиыр оңтүстігінде Рим факториясы – Арикамедудың негізі қаланды. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында үнділіктер теңіз жолы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азиямен және Индонезия аралдарымен тығыз байланыстар орнатып қана қойған жоқ, сондай-ақ осы бағытта кең отарлаушылық та жүргізді.

Үндістанның әлеуметтік құрылымы өте күрделі болады. Ежелгі үнді деревнясының әлеуметтік ұйымының негізін

көршілік қауым құрды. Егістік жер жекелеген отбасылар арасында бөліске түсті. Тек жайылымдар мен бос жатқан жерлер қауымның меншігінде болды. Отбасы иесі өз жер телімін сатамын десе, оны сатып алуға туыстары мен көршілерінің басым құқығы болды. Қауымның толық құқылы мүшелері қауым жиындарына қатысты. Деревняны староста басқарды, ол мемлекеттік билік алдындағы қауымның өкілі болды. Деревня ішінде мүліктік жағдайы бойынша да, сословиелік-касталық статусы жағынан да теңдік болған жоқ. Жетекші, томаға-тұйық топ – қауымдас егіншілер болды. Олар барлық кезде бірдей ауылшаруашылық еңбегімен айналысқан жоқ. Жерді жалға берудің, батрактар еңбегін қанаудың көптеген түрлері кең тарады, жерсіз жұмыскерлер деревня халқының ең төменгі тобын құрады. Қызмет көрсетуші персоналдар – кір жуғыштар, көше тазалаушылар, күзетшілер, сондай-ақ, деревня қолөнершілері – ағаш ұсталары, құмырашылар және т.б. деревня халқының айтарлықтай тобын құрады. Әр категорияларға жататын адамдардың статусы мұраға қалдырылды және әр категория адамдарының әлеуметтік қарым-қатынасы өз шеңберімен ғана шектелді. Әрбір жергілікті жердің белгілі бір қоғамдық статустағы отбасылары томаға-тұйық қауымдастық – касталарға бірікті. Әрбір каста эндогамиялы болады, сондықтан да оның барлық мүшелері бір-бірімен туыстық байланыста болды. Каста мүшелерін олардың экономикалық мүдделері және діни дәстүрлері мен рәсімдері біріктірді.

Деревня тұрғындарының арасындағы дәстүрлі қатынастар касталық иерархия түрінде қалыптасты. Мысалы, деревня қолөнершілері, егіншілер кастасына қызмет көрсетуге тиіс болды, сонымен бірге, өз кезегінде жиналған астықтың бір бөлігін иеленуге құқылы болды. Еңбек бөлінісінің, өзара құқықтар мен міндеттердің осындай жүйесі үнді деревнясының ерекше тұрақтылығын қалыптастырумен бірге, жоғарғы касталардың үстемдігін де қамтамасыз етті. Экономикалық қатынаста әрбір деревня қауымы өзін-өзі қамтамасыз етіп отырды, сондықтан да кең сыртқы байланыстарға зәру бола қойған жоқ.

Ежелгі дүниенің ақырына қарай пайда болған көптеген жергілікті касталарды, көп жағдайда ежелден белгілі төрт варнамен байланыстыру туралы түсінік қалыптасты. Ең жоғарғы

егіншілер кастасы, әдетте өздерін брахмандарға немесе кшатрийлерге жатқызды. Қаланың сауда-өсімқор касталарын вайшийлер деп есептеді. Еңбекшілердің негізгі бұқарасы, тек қолөнершілер емес, сондай-ақ шаруалар да шудра варнасы ретінде қарастырылды. Шудралардан да ең ауыр, рәсімдік жағынан ең лас жұмыспен айналысатын кесапаттар кастасы тұрды. Олар деревняның сыртында немесе қалалардың шегінде тұрды, өйткені олар жоғарғы каста өкілдеріне өз зиянын тигізбеуге тиіс болды.

Қаланың ерікті қолөнершілері корпорацияларға бірікті. Қызмет түрі мен әлеуметтік жағдайының мұраға қалдырылуы бұл жерде де томаға-тұйық кәсіби касталардың пайда болуына алып келді. Қолөнер бірлестіктері өз мүшелерінің еңбегіне ғана емес, өмір салтына да бақылау орнатты. Әртүрлі кәсіптің әлеуметтік беделі, сондай-ақ әр кастаның қоғамдағы орны бірдей болған жоқ, мысалы алтын бұйымдар шебері және қару-жарақ шығарушылар, дәмдеуіш жасаушылар тас қашаушылар, темір ұсталары мен тігіншілерден анағұрлым артық жағдайда болды.

Қолөнершілер, әдетте рынокқа емес, тапсырысқа жұмыс істеді. Деревняда да, қалада да жалдамалы, еріксіз еңбек кенінен қолданылды. Білікті қолөнершілер шебер көмекшілері мен шәкірттерінің еңбегін пайдаланды. Ал ауыр және лас жұмыстарды құлдар атқарды. Бай көпестер бұйрық берушілер мен бөлшек саудагерлерді жалдап отырды, ал үй шаруашылығында құлдардың еңбегін қанады.

Құлдар қожаларының жекеменшігі ретінде қарастырылды, сондықтан да оларды мұраға қалдыру, сыйға тарту, кепілдікке қалдыру т.б. орын алды. Толық құлдықпен қоса, тәуелділіктің басқа да формалары орын алды. Құлдарға белгілі-бір уақытта қарызын өтеп жүрген адамдар да жатқызылды. Қарыз құлдығы уақытында, борышкер қожаның пайдасына, оның құлдарының қатарында жұмыс істеді, алайда олардың заңдық жағдайы толық мағынадағы құлдардан бөлектеу болды. Қожа оларды сата алмады, кепілдікке бере алмады, өз қалауы бойынша жазалай алмады, т.б. Мұндай борышкердің отбасы тәуелсіз болып қала берді және ол өз кастасына жату құқығынан айрылып қалмады.

Басқа да барлық ежелгі қоғамдардағы сияқты халықтың ба-сым бөлігін салық төлеуші егіншілер құрады. Салықтың дәстүрлі

мөлшері астықтың 1/6 бөлігі болды, алайда әртүрлі қосымша және төтенше жиындар бұл мөлшерді айтарлықтай арттырып отырды. Брахмандардың, храмдар мен монастырлардың жерлері, әдетте салық төлеуден босатылды.

Дәуірдің аяғы ірі жер иеленушіліктің өсуімен сипатталады. Деревнялар сатып алу мен сыйға тарту жолдарымен монастырлардың, храмдар мен жекелеген брахмандардың меншігіне өтіп отырды. Байып алған көпестер де деревнялардың иесіне айналып отырды. Өз қолдарына жер иеліктерін шоғырландырған деревня старосталары биліктің жергілікті өкілінен помещикке айналды. Ірі жер иеленушіліктің осылайша өсуі мен тәуелді шаруалардың көбею процесі тарихнамада орта ғасырларға өтудің басты белгілері ретінде қарастырылады.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Үндістан жеріне арийлер қашан және қандай жолмен келді?
2. Ежелгі Үндістан тарихы қандай кезеңдерге бөлінді?
3. Арийлерге дейінгі Үндістан жерінде қандай өркениеттер болды?
4. Ежелгі Үндістанның әлеуметтік жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіңіз.

*15-тарау*

**ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ**

Қытай тарихы дамыған неолит дәуірінен басталып, кем дегенде жеті мың жылды қамтиды. Оның үштен бірін Ежелгі Қытай өркениеті дәуірі алып жатыр. Ежелгі Қытай өркениетінің басталуы б.з.д. 220 жылына жатады. Хуанхэ өзенінің бассейні ежелгі қытайлықтардың этникалық бірлігі қалыптасқан негізгі территория болып табылады. Солтүстік Қытайдағы ең ерте қола мәдениеті Эрлитоу мәдениеті болды. Ол б.з.д. XXIV-XV ғғ. уақытын қамтиды. Эрлитоу дәуірінде протоқалалық қоғамдарда мүліктік жіктеліс айтарлықтай тереңге кетті, алайда таптық жіктелістің болғандығын көрсететін мәліметтер жоқ.

Соңғы уақыттардағы археологиялық ашылымдарға байланысты ғалымдар ежелгі Қытай тарихындағы Ся мәдениеті мен

әулетінің шынында да өмір сүргендігі жөніндегі мәселені қайта көтеріп отыр. Қытайдың ресми тарихнамасында б.з.д. 2205 жылдан 1766 жылға дейін билік құрған бұл әулет қытайлық 25 әулеттің төрт мың жылдық циклын бастап берген әулет деп есептеледі.

## 1. Шань-Инь дәуірі

Б.з.д II мыңжылдықтың екінші жартысында Ганьсудан Шаньдунға және Хэбейден Хунань мен Цзянсиға дейінгі ұлан-ғайыр территорияда өзендердің жағалауларында бытырап жатқан ерте қалалық қоныстар пайда бола бастады. Бұл қоныстардың тұрғындары протомемлекеттік құрылымдарды қалыптастырған қола индустриясын жасаушылар болды. Дуалдармен қоршалған мұндай «қалалар» (көлемі шамамен 6 шаршы шақырым) белгілі бір жоспармен соғылды, оларда сарайлар типіндегі монументалды құрылыстар, қолөнер кварталдары, қола құю шеберханалары болды. Жерлеу заттарындағы айырмашылықтар бұл қоғамдардағы мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктің дәлелі бола алады. Соғыс тұтқындарын жаппай өлтіру және құрбандыққа шалу бұл қоғамдардың сипатты ерекшелігі болып табылады. Бір немесе бірнеше территориялық қауымдардың (қалалардың) аумағында өркениеттің алғашқы ошақтары пайда бола бастады. Қауымдардың бірігуін шаруашылық қажеттіліктері де (мыс., су тасқынымен күрес үлкен ұжымның күшін қажет етті), және соғыс жағдайлары да (көрші тайпалармен соғыс, протомемлекеттердің өзара қырқыс соғыстары) талап етті. Алайда бұл алғашқы ерте таптық бірлестіктердің пайда болуының ең маңызды себебі барған сайын күшейіп бара жатқан мүліктік жіктеліс болды. Бұл территориялық қауымдар мемлекеттік құрылымның пайда болуының алаңына айналып, оны айналасында қоршап жатқан көптеген ру-тайпалық ұйымдардан принципті түрде ажыратты. Солтүстік Қытайда Инь тайпа одағынан бөлініп шыққан Шань «қалалық қоғамы», б.з.д. II мыңжылдықтың соңғы ғасырларында айтарлықтай ірі, этникалық жағынан біртекті емес, тұрақсыздау бірлестікті басқарды. Оның билеушісі «ван» деп аталды, ол ең жоғарғы әскери билікті қолында ұстады, сонымен бірге жоғарғы абыз қызметін атқарды.

«Шан» қаласы мен қауымы жөнінде біз, Аньян қаласы маңынан табылған Қытай территориясындағы ең ежелгі жазба эпиграфикалық ескерткіштерден білеміз. Бұл құрбандық малдарының сүйектері мен тасбақа қабығына жазылған архаикалық пиктографиялық жазбалар. Бұл жазуды ғалымдар Қытай иероглифтерінің ең ежелгі түрі деп есептейді. Бұл рәсімдік-діни мәтіндерден қоғамдық қатынастар жөнінде көп мәлімет ала алмаймыз, оның мәліметтері өте күрделі әрі қарама-қайшылықты, тілі өте ежелгі болғандықтан тарихшылар арасында үлкен айтыстар туғызып отыр.

Бал ашу жазбалардың уақыты – б.з.д. XIII–XI ғғ. болып табылады, шамамен осы уақытта Аньян қаласы маңынан ашылған үлкен қалалық қоныс та жатады. Осы қоныстар кешені ауқымынан камал-бекіністер, қолөнер кварталдары табылды. Аньян түбінен көлемі мен жерлеу заттары бойынша бір-бірінен қатты ерекшеленетін қабірлер танылды. Олардың ең кішілері – қару-жарақ пен қола ыдыстарсыз таяз ғана шұңқырлар түрінде болса, ең ірілері – он метрден де тереңге кеткен айшық тәрізді жер асты қабірлері түрінде кездеседі. Соңғылары – кесінді пирамидаларға ұқсас монументалды алып құрылыстар (олардың саны оннан астам, олардың ішіндегі ең ірісінің ауданы 380 шаршы шақырым) болып табылады.

Шан қоғамы дамып келе жатқан қола ғасырында өмір сүрді. Оған орнықты отырықшылық, қалалар, қолөнердің егіншіліктен бөлінуі тән болды. Шандықтар мекендеген Орта Қытай жазығы б.з.д. III–II мыңжылдықтарда егіншілік үшін аса қолайлы болды, оған өзен аңғарларының құнарлы топырағы, тұрақты жаңбыр сулары мен субтропикалық климат ықпал етті. Астық дақылдарынан шандықтар сұлы, бидайдың әртүрлі түрлерін, тарының екі түрін (қара және сары), жеуге жарамды дәндері бар сора өсірді. Астықтан бөлек, шандықтар бау-бақша дақылдарын, жібек шаруашылығы үшін қажет тұт ағаштарын өсірді. Өнім бүтіндей жаңбыр суына тәуелді болды, бұл жөнінде бал ашу жазбаларында тікелей дәлелдер бар. Шандықтар күріш дақылын игерген-игермегендігі толық анық емес, егер игерген күннің өзінде, ол да жаңбыр суымен өсірілген, өйткені шандықтар ирригацияны білмеді.

Археологиялық қазбалар да, балу ашу жазбалары да шандықтарда қолдан суарудың іздерін көрсете алмайды. Сондықтан да қытай өркениетінің қолдан суғару жүйесіне негізделген егіншілер өркениеті ретінде пайда болуы туралы теорияны деректер жоққа шығарып отыр. Оған қоса, бірқатар ғалымдар шан қоғамының негізін егіншілік емес, малшаруашылығы құрағаны жөнінде пікір айтады. Малшаруашылығы, «бал ашушылар қоғамының» шаруашылық өмірінде шынында да, маңызды рөл атқарған. Бір мезгілде құрбандыққа шалынған ірі қара мал саны бірнеше жүз басқа дейін жетіп отырған. Жайылым үшін текетірестер шандықтардың көршілерімен соғыстарының себептерінің бірі болды.

Шан-Инь қоғамының сипаты жөнінде ғалымдар әртүрлі пікірлер айтады. Бірқатар тарихшылар оның протомемлекет болғандығын, басқалары қала-мемлекет типіндегі алғашқы мемлекеттік организм болғандығын айтты. Ал ғалымдардың бір бөлігі құлиеленушілік қоғамдық құрылымының маңызды факторы болған дамыған мемлекеттік ұйым болды деп есептейді. Соңғы мәліметтерге қарағанда, Қытай территориясында Шан-Инь дәуірінде әр түрлі этностарға жататын ерте таптық қалалық өркениеттер ошақтары қалыптасты, соның ішінде өз жазуы бар Шан өркениеті ең дамығаны болды деген қорытынды жасауға болады. «Шан қаласы» «қала қоғамдары» коалициясын басқарған. Олардан алым алып отырды, бағынудан бас тартқан жағдайда, оларға қарсы жорық жасап отырған, алайда көрші «қалалар» шандықтарға өздері де шабуыл жасап отырған тәрізді.

## 2. Батыс Чжоу дәуірі

Шан қалаларының одағы өздерін қоршап жатқан жау тайпалармен үздіксіз соғыс жүргізді. Осы ұзаққа созылған соғыстар шандықтарды әлсіретіп, олардың құлауына алып келді. Қытайдың дәстүрлі тарихнамасына сәйкес б.з.д. XII ғ. аяғында (1122 ж.) шандықтарды батыстан келген чжоулықтар бағындырды.

Чжоулықтардың ерте тарихы Вэйхе (Хуанхэнің бір сағасы) өзені аңғарындағы жерлермен байланысты. Б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысында малшаруашылығы

және егіншіліктің ерте түрлерімен айналысты. Чжоулықтар шандықтармен, бірде достық, бірде жаулық қатынастарда болып отырды. Шандарға қарсы әскери одақты басқарған чжоулықтар Муе түбіндегі (Хэнаньда) атақты шайқаста Инь коалициясының әскерін тас-талқан етіп жеңіп, көп ұзамай өз билігіне Хуанхэ өзенінің жоғарғы және орта ағысы бассейніндегі кең-байтақ территорияны қаратты.

Б.з.д. 1122-770 жж. аралығындағы дәуірді тарихи дәстүр Батыс Чжоу мемлекетінің уақыты деп есептейді. Шан-Инь дәуіріндегі олжа үшін болған қарулы шапқыншылықтар түріндегі соғыстардан ерекше, чжоулықтардың жорықтарының мақсаты басынан бастап-ақ жаңа жерлерді басып алу, олардан жұмыс күші ретінде тұтқындар әкету болды. Шань-Инь бірлестігін талқандағаннан кейін чжоулықтар бағынудан бас тартқан Иньдіктердің бір бөлігін өздерінің екінші астанасы – Чэнчжоудың құрылысына жіберді. Қала құрылысы біткеннен кейін олар еріксіз жұмысшылар ретінде патша шаруашылығында жұмыс істеді. Ең атақты он үш Инь руы құлдыққа салынып, Чжоу мемлекетінің алғашқы билеушісі У-ванның туыстарына сыйға тартылды.

Батыс Чжоу құрылымы бойынша өте бос (аморфты) және этникалық жағынан әртекті мемлекеттік құрылым болды. Онда жергілікті билеушілер Чжоудың жоғарғы билеушісіне алым төлеп, әскери көмек көрсетіп отырғанымен, өздеріне тиесілі аймақтарға автономды билік жүргізді. Чжоулықтар жаулап алған территориялар Чжоу үйінің мүшелерінің билігіне берілді немесе бұрынғы билеушісінің қолында қалдырылды.

Чжоу ваны патшалық жер қорынан басқару аппаратында қызмет ететін жекелеген адамдарға қызметтік жер үлесін беріп отырды. Бұл сыйға тартылған жерлер қызмет адамдарының жекеменшігіне айналған жоқ. Іс жүзінде олар жерден түсетін өнімге ғана иелік етті. Сонымен бірге «патша адамдары» сыйға да тартылды. Бұл еріксіз адамдар ван үйінің жеке меншігінде болды және олардың өз меншік құралдары болмады. Алайда «патша адамдарының» бәрі бірдей құлдар болған жоқ. Аtp айтқанда, олардың қатарында жоғарғы лауазымды қызмет адамдары да болды, алайда олардың бәрі ванға қатысты бірдей бағынышты жағдайда болды.



Мемлекеттік-патшалық қор ауқымында (тіккелей қауымынан бөлек) ірі патшалық кешенді шаруашылық-егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнер кең тарады. Патшалық – храмдық шаруашылық орын алды.

Бұл кезде Солтүстік Қытайдың климаты айтарлықтай суытып, ылғал азайып кетеді. Батпақтарды құрғату жұмыстарынан гөрі егістік алқабын кеңейтуде қолдан суару талап етіле бастады. Малшаруашылығының маңызы төмендеді. Қалалық типтегі қоныстар Шығыс Қытайдың ауқымды территориясында – солтүстігіндегі далалардан Янцзы бассейніне дейін тарады. Өзен жағаларындағы қалалар тапталған топырақтан тұрғызылған дуалдармен қоршалды.

«Әндер кітабының» мәліметтеріне қарағанда территориялық үлкен отбасылық қауым сақталды, ал кейінгі дәуірлерге жататын мәліметтерге қарағанда ұжымның өзін-өзі басқару органдары бар қауым болды, оның жері мемлекет пайдасына өңделетін (гуньян) және жеке жерлер (сынтянь), яғни қауымның өз пайдасы үшін өңдейтін жері болып бөлінеді. Сытянь терминін жеке иеліктегі жер деп түсінбеу керек. Территориялық қауымның ерікті мүшелері халықтың негізгі бұқарасын құрады, олар мемлекетке натуралды салықтар төлеп, еңбегімен қызмет етіп отырды. Тікелей чжоулықтардың өзі байсин деп аталып (жүз ру), басқа еріктілерге қарағанда артықшылық жағдайда болды, атап айтқанда оларға мемлекет тарапынан азық-түлік сыйға беріліп отырылды. Мысалы шошқа еті тұрақты түрде берілді және олардың міндеткерліктері мен салықтарының мөлшері төмен болды.

Дәуірдің аяғына қарай, қауымға кірмейтін жер шаруашылықтары пайда бола бастаған тәрізді. Мұндай шаруашылықтарда негізгі жұмыс күшін құлдық жағдайдағы немесе құлға жақын жағдайдағы, әртүрлі категориядағы жұмыскерлер құрады.

Батыс Чжоуда өзінің алдындағы Шан дәуіріне тән құлдарды жаппай түрде тұрақты құрбандыққа шалу және рәсімдік жерлеулер тоқтайды. Адамды құрбандыққа шалуға қарсы күрес ежелгі Қытайда әлі де ұзақ уақыт жүреді. Алайда бұл қанды әдет-ғұрыпқа қарсы алғашқы наразылықты Чжоу мемлекетінің негізін қалаушы Чжоугун бастап берген болатын.

### 3. ШЫҒЫС ЧЖОУ ДӘУІРІ

Батыс Чжоу мемлекеті өз өмірінің алғашқы уақытынан бастап-ақ айналасындағы тайпалардың, әсіресе солтүстік батыстағы және оңтүстік-шығыстағы тайпалардың шапқыншылықтарын үнемі қайтарып отыруға мәжбүр болған болатын, белгілі бір уақытқа дейін ол бұл міндетті табысты түрде атқарып келді. Чжоулардың сепаратизмінің өсуімен вандардың әскери қуаты кеми берді, патша билігінің беделі түсті. Б.з.д. VIII ғ. Орталық Азияның түкпірлерінен келген батыс көшпелі тайпаларының үздіксіз шапқыншылықтарының тегеурінімен Чжоулықтар Вэй-хэ өзенінің аңғарындағы өзінің атамекенін тастап кете бастады. 771 жылы Ю-ванның әскерін көшпелілер тас-талқан етіп жеңіп, ванның өзін тұтқындап әкетті, осыдан кейін Ұлы Пин-ван астананы Шығысқа көшірді.

Дәстүрлі қытай тарихнамасы осы оқиғамен Шығыс Чжоу дәуірін бастайды (б.з.д. 770-256 жж.). Шығыста бекініп алған Пин-ван астанасы Лои қаласы болған кішігірім мемлекет құрады. Бұл уақытта Қытай территориясында 200-дей патшалық өмір сүрді. Ұлы Қытай жазығында орналасқан патшалықтардың кейбірі өзін чжоулықтардың ұрпақтарымыз десе, ал біреулері өздерін шандықтармен байланыстырды. Бұл патшалықтардың бәрі өздерін «орта патшалықтар» деп атады. Бірақ олардың бәрі Чжоу ванының жоғарғы билігін мойындады. Чжоу ваны өзін Көк ұлы деп атады. Осы кезде тарай бастаған Чжоу ванын Көк ұлы ретінде қарастырған концепция, алғаш рет Чжоу дәуірінде пайда болған Көк тәңірі культімен байланысты. Шандықтарға тән ата-баба және табиғат культінен ерекше, Көк және оның жердегі өкілі ретіндегі Көк ұлы культі тайпаның үстінен қарайтын, этносаралық дін болған. Көк еркі ілімі (Тяньмин – Құдай сыйы) ван билігінің қасиеттілігімен бірге Чжоу әулетінің Аспан асты еліндегі (Тяньси-Аспан асты елі) үстемдігін заңдастыру идеясына қызмет етті. Шығыс Чжоу патшалығы осы уақытта ең ірі де, әскери жағынан ең қуатты да мемлекет болған жоқ, алайда оның билеушілері билігінің сакралдығы туралы түсініктің қалыптасуына байланысты «Чжоу әлеміндегі» байланыстырушы біртұтастық ретінде қарастырылады. Ол «орта патшалықтар» арасында елшілік байланыстардың орнауында маңызды рөл атқарды.

«Орта патшалықтардан» бөлек Чжоу әлемінің территориясында олардан көлемі бойынша да, мәдени даму деңгейі бойынша да кем емес басқа да мемлекеттер де өмір сүрді. Олардың ішінде оңтүстіктегі Чу (Янцзының орта ағысындағы), У (Янцзы атырауында) және олардан да оңтүстікке қарай

Юэ патшалықтары болды. Бұл мемлекеттердің халқы Оңтүстік-Шығыс Азияның чжуан, мяо, яо, таи және басқа да вьетнамдықтарға туыстас халықтар болды. Чжоу өркениеті Шаньинь мәдениетінің маңызды жетістіктерін қабылдап, ары қарай дамытты (ең алдымен, иероглифтік жазу, қола өндірісі техникасы). Шығыс Чжоу дәуірінде қоладан құйылған еңбек құрал-жабдықтары кең тарады. Шабуыл қаруларының жаңа түрлері пайда болды. Мысалы, Чу мемлекетінде қола атқыш тетігі бар қуатты арбалет пайда болды. Қарастырылып отырған дәуірде жауынгерлік ат арбалардың маңызы барынша артты.

«Орта патшалықтар» территориясында хуася этно-мәдени бірлестігінің қалыптасу процесі жүрді, оның барысында хуасяның басқа әлемдік перифериядан – «әлемнің төрт бөлігіндегі» варварлардан мәдени артықшылығы туралы түсінік пайда болды. Чжунго жәнның (орта патшалық адамдары) абсолютті мәдени артықшылығы туралы идея осы уақыттан бастап ежелгі қытайлықтардың этникалық келбетінің аса маңызды компонентіне айналды. Айта кететін жағдай, бұл Шығыс Чжоу этноцентристік үлгісінде этникалық ерекшеліктерден гөрі, мәдени ерекшеліктер маңыздырақ болды.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, «орта патшалықтармен» бірге Қытай территориясында басқа да ірі мемлекеттер болды және мемлекеттердің бірқатары қоғамдық дамуы бойынша «орта патшалықтардан» алда болды. Хуасялық емес Чу, У және Юэ патшалықтарының жоғары мәдениеті болғаны соңғы кезеңде ашылған археологиялық деректермен дәлелденді. Орта патшалықтар ғасырлар бойы көрші халықтар мен тайпа топтарымен тұрақты түрдегі қарқынды байланыстар орнатып отырды, осы байланыстардың барысында ассимиляция мен өзара ықпалдастықтың күрделі процесі жүрді. Хуася бірлестігінің қалыптасуына б.з.д. VII-VI ғғ. Орта Қытай жазығына «скифтер әлеміне» жататын солтүстіктің ди тайпасының қоныстануы

айтарлықтай ықпал етті. «Бөтен» этностардың жетістіктерін игеру «орта патшалықтардың» әлеуметтік-саяси, экономикалық-шаруашылық және идеологиялық дамуында маңызды рөл атқарды.

Б.з.д. I мыңжылдық ортасында ежелгі Қытайдың саяси картасы дәуірдің басындағы жағдаймен салыстырғанда түбегейлі түрде өзгерді: екі жүз мемлекеттік бірлестіктен небары отызға жуығы ғана қалды, солардың ішінен ең ірі жетеуі ерекшелене бастады. Атап айтқанда, перифериялық мемлекеттердің ішінен Цинь, Янь, Чу және «орта патшалықтардың» ішіндегі ең ірілері Вэй, Чжао, Хань және Ци. Осы мемлекеттер арасындағы үстемдік үшін күрес ежелгі Қытай тарихының кейінгі кезеңінің, яғни б.з.д. V-III ғғ. саяси тарихының анықтаушы факторы болды. Бұл дәуір Қытай дәстүрінде «Чжанго», яғни «Өзара жауласушы патшалықтар» деп аталып, ол б.з.д. 221 жылға дейін жалғасты.

#### **4. Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысы – б.з. алғашқы ғасырларындағы Қытай**

Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан бастап ежелгі Қытай тарихында экономика мен мәдениетте терең өзгерістермен сипатталған ерекше дәуір басталды. Өндіргіш күштердің дамуындағы бұл түбегейлі өзгерістер б.з.д. VI-V ғғ. темір мен болат өндірісінің пайда болуымен байланысты болды, және ең бастысы темірді балқыту техникасы игерілді, мұның өзі темір бұйымдарды жаппай өндіруді жолға қою негізінде қолөнер мен егіншіліктің тез қарқынмен дамуына мүмкіндік туғызды. Темір құрал-жабдықтардың тарауы өзен аңғарларының шегінен шығып, өңделетін жердің көлемінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті. Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысының басында Хуанхэ, Хуайхэ және Янцзының жоғарғы ағысы бассейндерінде жүйелі гидротехникалық құрылымдар жасалды. Ирригацияның жолға қойылуымен бірге барлық жерде бірдей интенсивті егіншілікке өту орын алды.

Ауыл шаруашылығындағы негізгі тұлға бұрынғыдай толық құқылы қауымдас-егінші болып қала берді. Мемлекет енді әрбір қауым ауласынан тұрақты түрде жиналатын салықпен күн көретін

болды, қауымдастар сондай-ақ әскери міндеткерлік атқарып, мемлекет пайдасына қара жұмыспен де міндеткерлік айналысты.

«Чжаньго» дәуірінде қолөнер өндірісінің жекелеген аудандар бойынша мамандануы байқалып, қолөнердің жаңа салалары пайда болады. Тауар-ақша қатынастары тез қарқынмен дамыды. Жарты миллион халқы бар, сауда-қолөнердің орталықтары ретіндегі қалалар пайда болды. Патшалықтардың кеден саясатынан туындаған ішкі және сыртқы сауданың қиындықтарына карамастан, тауар нарқы барлық жерлерде бірдей өсті.

«Чжаньго» дәуірінде рынокқа бағдар ұстаған ірі жеке шаруашылықтар қалыптасты. Жекеменшік құлдың өріс алуы құл саудасының ерекше дамуына ықпал етті. Соғыс тұтқындары құлдарға айналдырылып отырды.

Патриархалды – құл иеленушілік қанау қауымға еніп, оны іштей ыдырата бастады. Қауым ішіндегі жер қатынастары түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Қарызын өтей алмаған борышкер отбасының алқаптары несие берушінің, яғни қауымның жоғарғы ауқатты бөлігінің қолына өтіп жатты. Бірқатар патшалықтарда ресми түрде жерді сатуға, сатып алуға рұқсат берілді, жекеменшік және тауар-ақша қатынастарының дамуына жол ашатын басқа да шаралар іске асып жатты. Бірге-бірте қауым сол қауымның мүшесі ретінде алқаптарды иеленуші жер иелерінің өзін-өзі басқарушы қауымдастығына айнала бастады.

«Чжаньго» дәуірі аса күрделі әскери-саяси оқиғаларға толы болды және түбегейлі қоғамдық өзгерістер орын алды. Қытайдың ежелгі және ортағасырлық тарихында, бұрын-соңды дәл осы дәуірдегідей ерікті халықтың барлық топтарын қамтыған интеллектуалды жарылыс болмаған. Тарихи кезеңде моральдық, этникалық, идеялық-саяси және философиялық ілімдер жасалып, қоғамдық пікір белсенді түрде көрініс тауып отырды. Дәл осы дәуірде ежелгі Қытай қоғамында дәстүрлі, архаикалық қауымдық-діни түсініктердің шеңгелінен босап шыққан жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік-психологиялық типі қалыптасты. Онымен бірге сыни философия мен теориялық ғылыми ой пайда болды.

«Өзара жауласушы патшалықтар» дәуірі белгілі дәрежеде, ежелгі және ортағасырлық Қытайдың рухани тарихында өзіндік бір қайталанбас дәуірі болды – идеялардың, дүниетанымдардың,

философиялық бағыттардың кең және еркін күресі орын алды, оны ешқандай идеологиялық догма шектемеді. Бұған қарама-қарсы, б.з.д. III ғ. аяғында қалыптасқан Цинь империясының мемлекеттік іс-шараларының бірі 213 жылы қабылданған эдикт болды. Эдикт бойынша кез келген айтыс, пікірталастарға өлім жазасы арқылы тиым салынып, сол қоғамды жаман жағынан көрсетуге бағытталған ой-пікірлер мен өткен заман туралы оң пікірлердің айтылуын болдырмау мақсатымен, ән-жырлар мен аңыздарды, даналардың айтқан сөздерін «халықтан тартып алу» жарлық етілді. Мемлекеттік идеология деп жарияланған фацзя мектебінен басқа барлық жеке мектептер заңнан тыс қойылды.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Ежелгі Қытай жерінде ең алғашқы өркениет қашан қалыптасты?
2. Шан-инь өркениетінің сипатты ерекшеліктерін көрсетіңіз.
3. Батыс және Шығыс Чжоу дәуірлеріндегі Қытайдың саяси дамуын салыстыра талдаңыз.

*16-тарау*

## **ЦИНЬ ЖӘНЕ ХАНЬ ИМПЕРИЯЛАРЫ**

*(б.з.д. III ғ. аяғы – б.з. III ғ. басы)*

### **1. Цинь әулетінің билігі**

Б.з.д IV ғ. ортасынан бастап ең күшті патшалықтардың арасынан, шеткері жатқан солтүстік-батыстағы Цинь патшалығы алдыңғы қатарға шыға бастайды. Ежелгі Қытай патшалықтарының Орталық және Орта Азия елдерімен саудасында делдал-байланыстырушылар болған солтүстік тайпаларымен қызу сауда Цинь патшалығының баюының басты көзі болды.

Б.з.д. V ғ. Цинь патшалығының күшеюіне Шан Янның саяси-әкімшілік, қаржы-экономикалық және әскери реформалары ықпал етті. Шан Ян заңдары қауымнан бөлініп шыққан ауқатты қожалықтардың мүддесін қорғады. Оның тұсында біртекті әкімшілік бөліністің қалыптасуы ақсүйек рулардың

куатын әлсіретті. Ұсақ территориялық бірліктер – бес және он аулалар өзара көмек негізінде бір-бірімен байланды; бір кісінің кінәсі үшін бүкіл топ жауап берді және бәрі бірдей мемлекет құлдарына айналды. Шан Янның салмақ, ұзындық және көлем бірліктерін бірегейлендіруі рыноктық қатынастардың дамуына ықпал етті. Өнімнен жиналатын салықтың орнына Шан Ян өңделетін жер көлемінен салық жинауды енгізді, яғни табиғаттың қолайсыздықтарынан болған шығынды қазынадан алып, егіншінің мойнына артты. Шан Ян рулық тегімен байланысы жоқ жаңа шонжарларға және қауымның ауқатты бөліктеріне сүйенді. Мемлекеттің өзі де ірі жер және құл иесіне айналды. Шан Ян заңның күшіне бағынудың сенімді жақтаушысы болады. Алайда ол құқық пен биліктің өзара қатынасы мәселесінде биліктің монархиялық формасын қолдады. «Көкте екі күн болмайтыны сияқты, халықтың да екі билеушісі бола алмайды» – дейді Шан Ян, Конфуцийге сүйене отырып. Шан Янның жүргізген іс-шаралары Цинь патшалығында орталықтандырылған әскери – бюрократиялық мемлекеттің белгілерінің қалыптасуына ықпал етті.

Шан Ян реформалары іс жүзіне асқаннан кейін, әсіресе соның ішіндегі маңыздысы болып табылатын қола қаруды темір қарумен, арбалы әскерді атты әскермен ауыстырған әскери реформасынан кейін Цинь патшалығы әскери бюрократиялық монархияға айнала отырып, ежелгі Қытайдағы ең қуатты мемлекет ретінде, бірден-ақ агрессиялық саясатқа көшті. Ең алғашқылардың бірі болып Сычуандағы жері құнарлы, кенге бай Шу-Ба ауданы басып алынды. Бұл аймақ ұзақ уақыт бойы Цинь мен Чу арасындағы талас аймағы болып келген еді. IV ғасыр аяғында циньдіктер Ханьшуй өзенінің жоғарғы ағысы мен Хэнанның батысын жаулап алып, Чу, Вэй және Хань патшалықтарының жеріне келіп тірелді. Бұл орталық патшалықтар да, бірте-бірте өз территориясынан айрыла бастады. 238 жылы Цинь тағына Ин Чжэн отырды, ол 17 жылға созылған үздіксіз соғыстың нәтижесінде өз қарсыластарының территорияларын бірінен кейін бірін жаулап алады. Ин Чжэн әрбір жаулап алынған елдің астанасын жермен-жексен етіп қиратып отырды. 221 жылы Цинь соңғы дербес патшалық – Шандунь түбегіндегі Циді талқандады. Осыдан кейін

Ин Чжэн ең жоғарғы биліктің мүлде жаңа мансабы *хуанди* (император) титулын қабылдады. Ежелгі Қытайдың ең алғашқы императоры тарихқа Цинь Шихуанди – «Циньнің алғашқы императоры» деген атпен енді. Цинь патшалығының астанасы – Вэйхэ өзені бойындағы Сяньян қаласы империяның астанасы атанды.

Цинь Шихуандидің орасан зор тұрақты армиясы темір қарумен қаруланды, атты әскер күшейтілді. Бұл уақытта империяның солтүстігінде сюнну (ғұн) тайпа одағы тез қарқынмен күшейтіп жатқан болатын, олардың Қытайға шапқыншылықтары мыңдаған тұтқындарды айдап әкетумен жүріп отырды. Сюннуларға 300-мыңдық Цинь армиясы қарсы шыға отырып, оларды Хуанхэ өзенінен ары асырып шегіндірді. Солтүстік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен Цинь Шихуанди алып құрылыс – Ұлы Қытай қорғанын салуға бұйрық берді. Сонымен бір уақытта елдің ішіндегі, бұрынғы патшалықтар арасындағы камалдар қиратылды. Цинь Шихуанди Оңтүстік Қытай мен Солтүстік-Шығыс Вьетнамда жаулаушылық жүргізіп, ежелгі вьеттердің Намвьет және Аулак мемлекеттерін жаулап алды.

Цинь империясының қол астында этникалық құрамы, шаруашылығы және қоғамдық дамуы бойынша әртүрлі аймақтар бірікті. Цинь Шихуанди бүкіл ел көлемінде Шан Ян заңдарын орнықтыру негізінде мықты орталықтандырылған әскери-бюрократиялық империя қалыптастыруға бар күшін салды. Бұл империяда жаулаушы халық – циньдіктер артықшылық жағдайға қойылды, мемлекеттегі барлық жоғарғы басшы қызметтер соларға тиесілі болды. Цинь патшалығының заңдары қатыгез қылмыстық баптармен толықтырылды. Империя 36 территориялық-әкімшілік ауданға бөлінді. Заң арқылы барлық толық құқылы еріктілерге қара бастылар «цзяньшоу» деген азаматтық атау берілді. Цинь Шихуанди тіпті өз ұлдары мен бауырларына да артықшылық жасаған жоқ, оларды да қарапайым халықпен қатар қарастырды. Бірыңғай жазба заң, шенеуліктердің бірыңғай жүйесі, тікелей императордың өзіне бағынатын әкімшілік аппаратының қызметін бақылаушы инспекторат қалыптасты. Орталықтандырылған әкімшілік-территориялық басқару территориясына негізделген легизм іс жүзінде Цинь империясының ресми идеологиясы болды. Цинь Шихуанди Шан Янның үлгісімен жазалау жүйесін



енгізді, ол бойынша мемлекеттік қылмыскердің отбасы үш ұрпаққа дейін құлдыққа салынды, сондай-ақ өзара жауаптылық арқылы байланысқан отбасылардың да үш ұрпағы құлдыққа салынды, нәтижеде бірнеше селолар тұтастай құлдыққа түсіп отырды. Билік өкілдері ерекше ауыр деп тапқан қылмысы үшін қылмыскердің өзі ғана емес, оның барлық туыстары үш ұрпаққа дейін өлім жазасына кесілді.

Жаңа тәртіптер ерекше қатаң іс-шаралар арқылы енгізілді. Елде іс жүзінде террор орын алды, наразылық білдіргендер бүкіл руымен өлім жазасына кесілді. Әскери тұтқындар мен қылмыскерлерді жаппай құлдарға айналдыру есебінен мемлекеттік құлдардың саны еселеп артты. Олардың еңбегі көп салалы патшалық мемлекеттік шаруашылықта кеңінен қаналды. Ауыр еңбек міндеткерліктері «қарабастылардың» негізгі бұқарасының иығына да түсті. 216 жылы Цинь Шихуанди «қарабастыларға» егінші табысының 2/3-ін құрайтын, аса ауыр жер салығын енгізді. Салықтар мен міндеткерліктерден қашушыларды іздеп тауып, шет аймақтарды игеруге аттандырып отырды. 210 жылы 48 жасында Цинь Шихуанди аяқ астынан қайтыс болады.

## 2. Аға (Ерте) Хань әулетінің тарихы

Цинь Шихуанди қайтыс болысымен империяда көтерілістер бұрқ ете түсті. Антициндік көтерілісті басқарушы көсемдердің бірі – бұрынғы Чу патшалығынан шыққан қарапайым шаруа Лю Бан өзінің жағына Циньге жау, соғыс ісінде тәжірибелі ақсүйек өкілдерін тарта білді. Б.з.д. 206 жылы Цинь әулеті құлағаннан кейін, көтеріліс басшыларының арасында билік үшін күрес басталып, нәтижеде Лю Бан жеңіске жетті. Б.з.д. 202 жылы Лю Бан император болып жарияланып, жаңа Хань әулетінің негізін қалады. Бұл әулеттің билігі екі дәуірге бөлінеді: Аға (немесе Ерте) Хань – б.з.д. 202 жылдан – б.з. 8 жылы және Кіші (немесе Кейінгі) Хань – 25-220 жж. империяның астанасы Чанъань қаласы болып жарияланды.

Кең ауқымды антициндік қозғалыс нәтижесінде билікке келген Лю Бан Циньнің қатыгез заңдарын жойды, салықтар мен міндеткерліктерді жеңілдетті. Алайда Циньдік әкімшілік

бөлінушілік пен басқарудың бюрократиялық жүйесі, сондай-ақ Цинь империясының экономика саласындағы көптеген қағидалары күшінде қалды. Алайда, қалыптасқан саяси жағдайда Лю Бан толық орталықтандыру принципін бұзып, үлкен жер бөліктерін өз қызметкерлері мен туыстарының иелігіне беруге, олардың ішіндегі ең ықпалды жетеуіне ван титулын қоса беруге мәжбүр болды. Вандар бүтіндей аудандар көлеміндегі территорияға иелік етті, өз теңгесін шығарды, сыртқы одақтар жасады, бүліктер ұйымдастырып, елдің тыныштығын кетіріп отырды. Олардың сепаратизмімен күрес Лю Бан мұрагерлерінің бірінші кезекті міндетіне айналды. Вандар бүлігі 154 жылы басылып, олардың күші император У-ди (б.з.д. 140-87 жж.) тұсында толықтай күйретілді. Империяның орталықтануы мен нығаюы Аға Хань әулеті билігінің алғашқы онжылдықтарында елдің шаруашылығының дамуына ықпал етті. Бірте-бірте ел Цинь империясының құлауына алып келген, ұзаққа созылған соғыстардың салдарларын жойды, жаңа ирригациялық жүйе жасалып, еңбек өнімділігі өсті. Сауда-қолөнер орталықтарының саны артты. Хань дәуірінде Янцзы өзенінің бассейнінде 500-ден аса қала тұрғызылды. Қалалар, әсіресе, Ұлы Қытай жазығының орталығында шоғырланды.

Ауылшаруашылығында жұмыскерлердің негізгі бұқарасын ерікті егінші-қауымдастар құрады. Олар жер салығын (астықтың  $\frac{1}{30}$ -нен  $\frac{1}{15}$ -не дейін), ақшалай өтелетін жанбас және аула салықтарын өтеді. Ерлер еңбек (үш жыл бойы, жылына 1 ай) және әскери (2 жылдық әскердегі және 3 күндік горнизондағы) міндеткерліктер өтеді. Ұсақ шаруашылықтардың төмен тауарлылығы жағдайында салықтың ақшалай түрі аса ауыр тиді. Несие берушілер өндірушілерден өнімінің жартысына дейін алып қойды. «Сөз жүзінде жер салығы астықтың  $\frac{1}{30}$ -ін құрады, ал іс жүзінде егіншілер өнімнің жартысынан айырылып отырды», – деп көрсетіледі Аға Хань әулетінің тарихында. Үкіметтің жоғарыдан қысым жасау арқылы өсімқорлықты шектеп, империяның негізгі салық төлеуші халқы – егіншілердің кедейленіп кетуін болдырмауға тырысушылығынан еш нәтиже шықпады. Қарызы үшін құлдыққа сату жеке құллықтың маңызды көзіне айналды. Ерте Хань дәуірінің деректері, құлдарды сату-

сатып алудың заңдастырылған практикасы жөнінде кең мәлімет береді. Сыма Цянь құлдарды әдеттегі базар тауарларының қатарына қосады. Елде тұрақты құл базары болды. Еріксіздердің еңбегі кен орындарында және әр түрлі кәсіптерде қолданылды. Құлдар ауылшаруашылығында да еңбек етті.

Хан империясында ақшалай байлық қоғамдағы жағдайдың маңызды көрсеткіші болды. Осындай мүліктік белгісі бойынша жер иелері негізгі үш категорияға бөлінді: үлкен, орташа және кіші отбасылар. Үлкен отбасыларының мүлкі 1 млн теңгеден асты. Екінші және үшінші категориядағы отбасылар халықтың көпшілігін құрады. Екінші категориядағы үйлердің мүлкі 100 мыңнан 1 млн теңге болса кіші отбасылардың мүлкі 1000 – 100000 теңге аралығында болды. Соңғы категорияға кіретін отбасылар ұсақ меншік иелері болды, олар өз шаруашылығында құл еңбегін қолданбады.

У-дидің билігі уақытына қарай (140-87 жж.) Хань державасы мықты орталықтандырылған бюрократиялық мемлекетке айналды. Империяның аса маңызды және бірінші кезектегі сыртқы саяси міндеті көшпелі сунну тайпаларының үздіксіз шапқыншылықтарынан шекараны қорғау болды.

Ұлы Қытай қорғаны суннулардың қаупін біраз әлсіретті. Алайда суннулардың жоғарғы көсемі, яғни шаньюі Модэнің (209-174 жж.) дәстүрлі жеңіл қарулы атты әскермен қатар, ауыр қаруланған атты әскерді жасақтауы суннулардың әскери қуатын арттырды. Модэ солтүстікте Орхон өзеніне, шығыста – Ляохэ өзені, ал батыста – Тарим өзеніне дейінгі аралықтағы кеңбайтақ территорияны жаулап алды. Суннулар 205 ж. Ордосты алғаннан кейін, олардың Хань Империясының территориясына басқыншылығы жийлеп кетті.

Б.з.д. 200 ж. олар Пинчэн қаласының түбінде Лю Бан әскерін қоршап алды. Келіссөздер 198 ж. «бейбітшілік пен туыстыққа негізделген келісіммен» аяқталды, Лю Бан іс жүзінде өзін шаньюдің алым төлеушісімін деп мойындады. Келісімнің шарттары Қытай үшін өте ауыр болды және кейінгі дәстүрлерде маскара келісім деп есептелді. Алайда бұл келісім, шын мәнінде, жас Хань мемлекеті үшін тиімді болды, ол империяның өз қауіпті

көршісімен қатынастарының белгілі дәрежеде дұрысталуына ықпал етті.

Император У-дидің солтүстік-батыстағы саясаты басқыншылық сипатымен ерекшеленді. Б.з.д.138 ж. ежелгі қытай дипломатиясының талай сыннан өткен тәсілін, яғни «варварларды варварлардың қолымен бағындыру» тәсілін басшылыққа алып, У-ди елші әрі стратег Чжан Цяньді сюннудың жауы юэчжи тайпасымен әскери одақ құруға аттандырды. Бұл кезде юэчжилер сюннулардың қысымымен Гансудан батысқа кетіп қалған болатын. Жолда Чжан Цянь сюннулардың қолына түсіп, тұтқында 10 жыл болады. Тұтқыннан қашып шыққан ол юэчжилерді Орта Азия жерінен тапты. Алайда Чжан Цянь оларды сюннуларға қарсы соғысқа көндіре алмады.

Чжан Цяньнің мәліметтері ежелгі қытайлықтардың географиялық танымын ерекше кеңейтті: олар Хань империясынан батысқа қарай жатқан көптеген елдер туралы, олардың Қытаймен сауда байланысын орнатуға мүдделі екендігі туралы білді. Осы уақыттан бастап император сарайының сыртқы саясатындағы ең маңызды мәселе империя мен осы елдер арасындағы сауда жолдарын басып алу, олармен тұрақты байланыстар орнатуға ұмтылу болды. Бұл жоспарды орындау мақсатымен сюннуларға жорықтың бағыты өзгерді, ендігі жерде оларға шабуыл жасаудың негізгі орталығы Гансу болды, өйткені бұл жерден батысқа апаратын сауда жолы -атақты Ұлы Жібек жолы өтетін.

Керуен жолдарының қауіпсіздігін күшейту үшін Хань империясы Ұлы Жібек жолы бойындағы Шығыс Түркістанның оазистік қала-мемлекеттеріне өз ықпалын тарату бағытында дипломатиялық және әскери тәсілдерді пайдаланды. Б.з.д.115 ж. үйсіндерге Чжан Цянь бастаған елшілік жіберілді. Бұл елшілік Ханьдік Қытайдың Орталық және Орта Азиямен сауда және елшілік байланыстарының дамуында маңызды рөл атқарды. Үйсіндердің елінде болған кезінде Чжан Цянь Даваньға, Каньцзюйге, юэчжилерге, Дасяға, Аньсиге, Шэньдуге және басқа да елдерге елшілер жіберді, олар ежелгі Қытайдың осы елдердегі ең алғашқы өкілдері болған еді. Б.з.д. 115-111 жж. Хань империясы мен Бактрия арасында сауда байланыстары орнатылды.

У-ди тұсында Хань империясы Үндістан, Иран және одан да батысқа қарай орналасқан, тіпті Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы елдермен байланыстар орнатты. Ұлы жібек жолы Қиыр Шығыстың Орта және Таяу Шығыс елдерімен, сондай-ақ Жерорта теңізі елдерімен дипломатиялық, экономикалық және мәдени байланыстарының дамуында ерекше зор рөл атқарды. Алайда Ұлы Жібек жолы арқылы Чанъаньға жеткізілгеннің бәрін Хань императоры мен оның айналасындағылар «варварлардың империяға беріп отырған алымы», шетжерлік елшілерді Хань империясының билігін мойындауы деп қарастырды.

Мемлекеттік дін ретінде жарияланған конфуцийшілдік «Орта мемлекеттің» (Хань империясы), яғни әлемнің орталығының оны қоршап жатқан «сыртқы варварлардан» абсолютті түрдегі үстемдігі туралы доктринаны жариялады. Әлемде тәртіп орнатушы ретінде қарастырылған Аспан Ұлының жорықтары «жазалаушы» жорықтарға, ал сыртқы саяси байланыстар қылмыс құқығына жатқызылды. Батыс өлкесінің мемлекеттерін (Шығыс Түркістан) «алым беруге» Хань сарайының оларға сый-сияпаттар апаруы және Тарым бассейніндегі қамалдарға әскери горнизондар қою арқылы мәжбүрлеп отырды. Батыс өлкесінің қалалары «Аспан Ұлының сый-сияпаттарын» өз ішкі істеріне қол сұғу деп қарастырып, одан көп жағдайда бас тартып отырды. Хань елшілері әсіресе Ұлы Жібек жолының аса маңызды бөлігінде орналасқан Ферғанаға қатысты өте белсенді әрекет етті. Б.з.д. 104 жылы және 102 жылы У-ди Ферғанаға 2 рет жаулаушылық жорық ұйымдастырды. Екі жорық та сәтсіз аяқталып, Хань империясының батыстағы саясатының күйреуіне алып келді. Ханьдық Қытайдың Шығыс Түркістандағы саяси үстемдігі тұрақты болмады, қысқа уақытқа ғана созылды және өте шектеулі болды. Қытайдың ресми тарихнамасының ең бір шыншыл өкілдері Хань империясының Орталық және Орта Азияға экспансиясының қажеттілігіне күмәнмен қарайды. «Хань әулеті алыста жатқан батыс өлкесіне ұмтыламын деп империяны күйретті», – деп жазылды Қытайдың ерте ортағасырлық тарихтарының бірінде.

Солтүстік-батыстағы белсенді сыртқы саясатпен қатар У-ди оңтүстік және солтүстік-шығыс бағыттарында кең экспансия бастады. Оңтүстік Қытай мен Солтүстік Вьетнамдағы Юэ

мемлекеттері ежелден-ақ қытай көпестері мен қолөнершілерін тауар өткізетін рыноктары және кен орындары ретінде қызықтырып келді. Цинь Шихуанди тұсында жауланып алынған Юэ жерлері әулеттің билігі құлағаннан кейін империядан бөлініп кеткен болатын.

Өз патшалығының алғашқы жылдарынан бастап-ақ У-ди оңтүстіктегі мемлекеттерді жаулауға кірісті. Б.з.д. 138 жылы Вьет мемлекеттерінің өзара қырқыс соғыстарына араласа отырып, ханьдықтар Дунюэ мемлекетін бағындырды. Бұдан кейін вьеттердің Нанью мемлекетінің жеріне лап беріп, б.з.д. 112-111 жж. соғыста империя жеңіске жетті. Бань Гудың көрсетуі бойынша Наньюді бағындырғаннан кейін Хань империясы Үндістанмен және Ланкамен байланыстар орнатады.

Оңтүстіктегі соғыстарды аяқтағаннан кейін У-ди солтүстік Корея территориясындағы Чаосань (Кореядағы Чосон) мемлекетіне қарсы батыл қимылдар бастайды. Чаосянь билеушілері Хань империясына қатысты тәуелсіз саясат жүргізу мақсатымен, сюннулармен байланыс орнатуға ұмтылды. Б.з.д. 109 жылы У-ди Чаосяньдағы Хань елшісінің өлтірілуін сылтауратып, елге «жазалаушы» экспедиция жіберді. Ұзаққа созылған қоршаудан кейін Чаосянның астанасы Вангамсон құлайды. Чаосянь территориясында төрт әкімшілік округ құрылды, алайда ежелгі корейліктердің өз тәуелсіздігі жолындағы күресін тоқтатпауы нәтижесінде үш округ жойылды.

У-дидің ұзаққа созылған үздіксіз жаулаушылық соғыстары қазынаны қаңыратып, мемлекеттің ресурстарын сарқыды. Халықтың жағдайы күрт нашарлап, империяның орталық аудандарындағы ашынған халықтың «наразылықтары мен бас көтерулері» жиілеп кетті.

Б.з.д. I ғ. соңғы ширегінде бүкіл ел көлемінде құлдар көтерілісі өріс алды. Біздің заманымыздың межесінде империя терең дағдарысқа түсті. Көптеген мемлекет қайраткерлері оның себебін ірі жер иеленушілік пен құлдықтың өсуінен көреді. Ерте Хань империясының бүкіл ішкі тарихының оң бойында ірі жер меншігімен күрес орын алды, ал б.з.д. I ғ. аяғына қарай ол барынша шиеленісті. Билеуші таптың ең бір көреген өкілдері қоғамдағы шиеленісті жағдайды бәсеңдету үшін реформалар жүргізудің қажеттілігін мойындады.

Мұндай реформаларға ұмтылыс император Ай-ди тұсында (б.з.д. 6-1 жж.) іске асты: заң жобасы бойынша ең жоғарғы жеке иеліктің көлемі 30 цин (138 га) деп белгіленді, ал жер иесі құлдарының саны, оның қоғамдағы жағдайына байланысты белгіленді, атап айтқанда, қызметкер және аксүйек шонжарда 200 құл, ұсақ шенеуніктерде 30 құл деп белгіленді. 50 жастан асқан мемлекеттік құлдарды еркіндікке жіберу қарастырылды. Алайда бұл жоба құл иелерінің ашу-ызасын туғызып, ол іс жүзіне аспай қалды. Реформалар жүргізу саясаты күйреген соң, елде көтерілістер бұрқ ете түсті.

Жасөспірім тақ мұрагері тұсында регент қызметін атқарған, бұрынғы император Пан-дидің қайын атасы Ван Ман б.з. 9 жылы сарай төңкерісін ұйымдастырып, өзін император деп жариялады. «Жаңарған әулеттің» негізін қалаған Ван Ман реформаларды батыл түрде жүргізуге, «ежелгі дәуірдің бақытты тәртіптерін» қалпына келтіруге уәде берді. Алайда оның реформалары халықтың кең топтарының мүддесіне емес, қазынаны толықтырып, мемлекетті күшейтуге бағытталды. Барлық табыс көздерін мемлекет қолында шоғырландыру және мықты бюрократиялық империя құру мақсатымен Ван Ман мемлекеттің қаржы және полициялық қызметін ерекше күшейтіп, әкімшілік аппаратын кеңейтті. Ван Ман реформалары мемлекеттің деспотиялық езгісін ерекше күшейтіп, әлеуметтік қайшылықты бәсеңдеткеннің орнына, оны одан сайын шиеленістіріп жіберді. Бүкіл ел көлемінде стихиялы түрдегі толқулар мен көтерілістер өріс алды. Көтерілісшілер, яғни кедейленіп кеткен қауымдастар, құлдар мен шаруалардың отрядтары әртүрлі атаулармен, атап айтқанда «Жасыл орман», «Үлкен найза», «Қызылқас» және т.б. бүкіл елді қамтыған толқулардың басында болды. Олардың ішіндегі ең қуаттысы «Қызыл қастылар» отрядтары император астанасына басып кіреді. Ван Ман тұтқындалып, өлтірілді. Хронистердің көрсетуі бойынша аш адамдар бірін-бірі жеп жатты. Қаза болғандар бірнеше жүз адамға жетті. Астана қирап, үйіндіге айналып қалды.

### 3. Кіші (Кейінгі) Хань әулеті

«Қызылқастылар» қозғалысы жеңісінің нәтижесінде 25-жылы билікке келген Юсь Хань Лю әулетінің билігін қалпына келтірді. Бастапқы кезеңде таққа талас орын алғанынан қарамастан қалпына келтірілген Хань әулеті, Кейінгі немесе Шығыс Хань деген атпен, 220 жылға дейін өмір сүрді. Бұрынғы астана көтеріліс жылдары қаңырап бос қалғандықтан императорлар оны қалпына келтіргеннен гөрі Лоянға көшуді ұйғарды. Астанада 68 жылы Қытайдағы алғашқы буддистік храм – Баймасының іргесі қаланды.

Кейінгі Хань империясының бастапқы дәуірінде мемлекеттің күшейгені соншалық, көшпелілерді ойсырата жеңіп, Орта Азияда орнығуға бар күшін салды. 97 жылы Бань Чао бастаған 70-мыңдық Хань армиясы Ұлы Жібек жолы бойындағы саудаға кедергі келтірді деген сылтаумен көшпелілерге соққы беріп, Тянь Шань асуы арқылы Орта Азияға өтіп, Мервке дейінгі аралықта Орта Азияны ойрандады. Бань Чаоның жауынгерлері Каспий теңізіне дейін жетті. Қытай әскерлері Тан дәуіріне дейін батысқа осылайша терең енбеген болатын. Қытайға Жерорта теңізі елдерінен елшіліктер келіп, Гань Ин бастаған барлау тобы Қосөзенге дейін жетті.

Шығыс Ханның он екі императорының сегізі таққа бала кезінде отырды, мұның өзі іс жүзіндегі биліктің император аналарының немесе басқа да туыстарының қолында болуына алып келді. Хэ-дидің билігі уақытынан бастап әулеттің құлдырауы дәуірін бастауға болады. Мемлекетті басқару тетігі қайтадан әтектердің қолына көшті, олар императорларды өз қалауынша тағайындап немесе тақтан тайдырып отырды.

184 жылы елде сары орамалдылар көтерілісі бұрқ ете түсті. Көтерілісті басуға үкіметтің күші жетпеді, сондықтан да армия құрумен ең бір қуатты деген ақсүйек шонжарлар айналысты. Көтеріліс басылғаннан кейін іс жүзіндегі билік осы армиялардың басшыларының қолына тиіп, ал олар тақ үшін күресті бастап кетті. 196 жылы қолбасшылардың бірі Цао Цао император Сянь-диді қирап қалған Лояннан Инчуандағы өз астанасы – Сюйге көшуге көндірді. Осыдан кейін Хань әулеті билігі сақталғанымен,



Цао Цао іс жүзінде Қытайдың билеушісіне айналды. 220 жылы Цао Цао қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Цао Пэй император Сянь-диді тақтан бас тартуға көндіріп, оған Шаньянь гуны титулын берді. Осылайша Цао Пи Вэй әулетінің негізін қалайды, бұл әулеттің билігінен Қытай тарихындағы Үшпатшалық дәуірі басталды.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Цинь патшалығы күшеюінің тарихи алғышарттары қандай?
2. Цинь Шихуандидің ішкі және сыртқы саясатының мәнін ашыңыз.
3. Хань империясының қалыптасуының тарихи алғышарттары қандай?
4. Хань империясының саяси-әкімшілік жүйесі қандай?
5. Шығыс Хань дәуіріндегі көшпелілермен қарым-қатынастар қалай қалыптасты?
6. Хань империясы құлауының тарихи жағдайларын көрсетіңіз.

## **АНТИКА ТАРИХЫ**

---

### *1-тарау*

#### **ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ**

Ежелгі дүние тарихының бір бөлігі ретінде, ежелгі Греция тарихы Балқан жарты аралы және Эгей теңізі аймағы, Оңтүстік Италия, Сицилия аралы мен Қара теңіз жағалауы территорияларында пайда болған құл иеленушілік қоғамның гүлденуі мен дағдарысын зерттейді.

Ежелгі грек қоғамы – саяси және қоғамдық қатынастардағы, экономика мен мәдениет салаларындағы жаңалықтары арқылы қазіргі өркениеттің жетістіктеріне өз үлесін қосты. Адамзат қоғамының дамуына тән кейбір көріністер мен үрдістер өзінің айқын көрінісін ежелгі грек тарихынан тапты. Бұл кезеңді антика тарихының бірінші сатысы деп есептеуге болады. Антика дәуірінің соңғы сатысы – Рим үстемдігі кезеңінде ежелгі грек өркениетінің жетістіктері Жерорта теңізі халықтарының одан әрі дамуына негіз болды. Өркениеттің даму ерекшелігіне байланысты ежелгі грек тарихының хронологиялық және географиялық шеңбері өзгеріске ұшырап отырды.

Ежелгі Греция тарихы маңызды үш сатыға бөлінеді. Бірінші саты, бұл – б.э.д. II мың жылдықтағы Грециядағы ерте таптық қоғамның гүлденуі мен құлауы және алғашқы мемлекеттік бірлестіктер тарихы (яғни, Крит және Ахейлік Греция тарихы). Екінші саты антикалық Грецияның полистік кезеңінің тарихы, дорий жаулап алушылығының нәтижесінде б.э.д. XII-XI ғғ. микен мемлекеттілігінің жойылуынан кейін пайда болып, б.э.д. IV ғасырдың соңғы ширегіне дейін өмір сүрді. Ежелгі грек қоғамының дамуындағы бұл кезеңнің маңызына – әлем

тарихындағы ерекше әлеуметтік-экономикалық, саяси және мемлекеттік құрылым – ежелгі грек полисінің қалыптасуы жатады. Крит-микен мемлекеттілігі мен мәдениетінің құлауынан кейін мемлекеттік құрылымның жаңа түрінің қалыптасуы нәтижесінде пайда болған ежелгі грек полисі құрылымды қалыптастырушы элемент ретінде, грек қоғамының өзіндік бірегей даму жолы мен мәдениетін айқындады.

Б.э.д. IV ғасырдың соңғы ширегінде гректер мен македондықтардың Ахеменидтердің Парсы державасын жаулап алуынан бастап, ежелгі грек тарихының соңғы, қорытынды сатысы басталады. Жоғарыда көрсетілген уақыт аралығында шығыстық және батыстық элементтердің белгілерін бойына сіңірген, жан-жақты экономикасы мен өзіндік сипатты мәдениеті бар аса ірі эллиндік мемлекеттер қалыптасты. Б.з.д. I ғасырдың соңында эллиндік мемлекеттер батыста Рим тарапынан, шығыста Парсы державалары тарапынан қысым көріп, жаулап алынған кезеңде бұл процесс өзінің аяқталу сатысына жетті.

Крит және Ахейлік Греция немесе крит-микен өркениеті сатысына (алғашқы саты) сипаты мен құрылымы ежелгі шығыстық мемлекеттерге өте ұқсас, ерте таптық мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы мен дамуы тән.

Б.э.д. III мың жылдықта солтүстіктен және Дунай жағалауындағы территориялардан келген ахейлік-гректер жаулап алған Крит аралында алғашқы кезде грек емес халықтар өмір сүрді және аралда мемлекеттілік белгілері Балкандық Грецияға қарағанда ерте қалыптасты.

Б.э.д. II-I мың жылдықта Балкандық Грецияда әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени және этникалық өзгерістер радикалды түрде іске аса бастады. Б.э.д. XII ғасырдан бастап, Балкандық Греция территориясына микен өркениетінің түбіне жеткен, ертеде өзіне криттік мемлекеттік бірлестіктерді бағындырған, жаңа тайпалық топ – грек-дорийлықтар қоныстана бастады. Қоныс аударушылар рулық-тайпалық даму деңгейінде болды. Дорийлықтардың Грецияны жаулап алу нәтижесінде мемлекеттілік жойылып, қоғамның әлеуметтік құрылым қарапайым түрге ауысып, «сызба жазу» жойылды. Грек қоғамы қайтадан рулық қатынастар деңгейіне құлдырады.

Мемлекеттілік дамуының жаңа циклы шамамен б.э.д. XI ғасырда басталып, антикалық Грецияның полистік сатысының негізін қалады.

Полистік сатының құрамына үш кезең кіреді:

1. Гомерлік кезең («қараңғы ғасырлар») – б.э.д. XI-IX ғғ. – Балкандық Греция территориясында рулық-тайпалық қатынастардың үстемдігімен сипатталады.

2. Архаикалық Греция (б.э.д. VIII-VI ғғ.) – полистік құрылымның қалыптасуы, Ұлы грек отарлауы мен ерте грек тираниясының кезеңі.

3. Классикалық Греция (б.э.д. V-IV ғғ.) – ежелгі грек полистерінің, оның экономикасының гүлденуі мен ежелгі гректердің мәдениетінің ең шарықтаған кезеңі.

Б.э.д. IV ғасырдың екінші жартысынан бастап грек полистарының әлемі шарықтаған гүлдену кезеңінен ұзаққа созылған дағдарыс сатысына аяқ басты. Дағдарысты артта қалдыру үшін, әлеуметтік құрылым мен мемлекеттік бірлестіктер эллиндік және ежелгі шығыстық белгілерді бойына жинақтаған жаңа түрде қалыптастырылды. Микендік жүйедегі мемлекеттердің орнына эллиндік мемлекеттер жүйесіндегі Александр Македонский державасы келді.

Б.д.д. IV ғасырдың соңғы ширегі б.э.д. 30-жылдар ежелгі Греция тарихында эллинизм дәуірі деп аталады. Б.э.д. 30-жыл ежелгі Греция тарихының аяқталуын білдіретін дата. Б.э.д. 30-жылы эллиндік мемлекеттер жүйесінің ең соңғысы Птолемейлік Египет тәуелсіздігінен айырылып, Римнің қол астына өтеді. Осы уақыттан бастап, ежелгі Греция аймағының және бұрынғы эллиндік мемлекеттер тарихы ежелгі Рим тарихының шеңберінде қарастырылады.

Ежелгі грек өркениетінің этникалық тарихының сатылары да әртүрлі. Б.д.д. III мың жылдықта Балкан жартыаралы территориясында және Эгей теңізі аралдарында «пелазга» деп аталатын тұрғындар өмір сүрді. Б.э.д. III-II мың жылдық шекарасында Балкан жартыаралына солтүстіктен грек тайпалары – ахейліктер келіп, XV ғасырдың ортасынан бастап, миной мемлекеттілігі мен мәдениетін жойып Крит аралына орныға бастады. Б.д.д. XIII ғасырдың соңы мен XII ғасырда қоныс аудару мен жау-

лап алу процесінің жаңа сатысы көрініс алды. Бұл жолы грек-дорийлықтар Балқан жартыаралының территориясын тонап, ахейлік мемлекеттіліктің барлық орталықтарын қиратты.

Бұл процестер Балқан жартыаралы мен Эгей теңізі аумағына қоныстанған тұрғындардың әртүрлі диалектіде сөйлеуіне ықпал етті. Б.д.д. XII-XI ғасырларда грек-ахейліктер, грек-дорийлықтар, грек-ионилықтар және грек-эолийлықтар Эгей теңізі аралдары мен Кіші Азияның батыс жағалауына қоныстана бастады.

Сонымен, б.д.д. I мың жылдықта ежелгі Грецияның полистік даму сатысында, оның тұрғындары бір тілде (ежелгі грек) сөйлеп, «эллиндер» – атауын иеленді. Олардың арасындағы өзгешелік ежелгі грек тілінің диалектісіне ғана байланысты еді.

Ұлы грек отарлауы барысында (б.д.д. VIII-VI ғғ.) Жерорта және Қара теңізі акваториясының жағалауында көптеген отарлардың негізі қаланды. Александр Македонскийдің б.д.д. IV ғасырдың соңғы ширегіндегі шығысқа жорығы және эллиндік мемлекеттер жүйесінің қалыптасуы, гректер мен македондықтардың Балқандық Грециядағы территорияларын тастап, өз ықпалын Египетке, алдыңғы және орталық Азияға қарай таратуына негіз болды.

*Географиялық жағдайы мен табиғи ортасы.* Ежелгі гректердің өмірі теңізбен тығыз байланысты болды. Шығысқа қарай көптеген айлақтар мен қолайлы кемежайлар арқылы Эгей архипелагының көптеген аралдары Балқан жартыаралымен, Жерорта теңізінің шығыс және оңтүстік жағалауларымен жалғасып жатты. Сондықтан б.э.д. II мың жылдықтың өзінде-ақ ежелгі гректер шығыс елдерімен таныс еді. Эгей теңізінің жағалауында өмір сүретін Балқан жартыаралының гректері аралдық жерлерден алысқа ұзамай-ақ, теңіз арқылы Кіші Азия жағалауларына жете алатын. Бұл теңіз арқылы сауданың, айырбастың, тіпті отарлаудың ерте дамуына ықпал етті. Географиялық жағынан теңізге жақын орналасуы ежелгі гректердің мінездеріндегі ерекшелік – батылдық, өзінің физиологиялық және рухани мүмкіндіктеріне сену, шешімді тез қабылдау сияқты психологиялық ерекшелігін қалыптастырды.

Балқандық Греция – құнарлы территориясы аз, аласа таулар елі. Ежелгі гректердің тұрақтары таулы аймақтарда қа-

лыптастырылғандықтан, теңізге шығу мүмкіндіктері шектеулі болды. Балқан жартыаралының табиғаты мен рельефінің өзі грек қауымдарының томаға-тұйық және шашыраңқы орналасуына, алғашқы кезде олардың арасындағы байланыстың нашар болуына ықпал етті. Бұл полистік қауымдарға тән сипат – автаркия, яғни – экономикалық тәуелсіздікке ықпал етті.

Материктік Греция – солтүстік, орта, оңтүстік (Пелопоннес) болып, үш бөлікке бөлінеді. Солтүстік Грецияның бір бөлігін осы аймақтағы егін егуге бірден-бір қолайлы Фессалия жазығы алып жатыр. Эгей теңізінің жағалаулары арқылы өтетін Фермопиль таулы өткелі арқылы орта Греция баруға болса, Пелопоннес пен Оңтүстік Грецияны Коринф байланыстырып жатты. Пелопоннесе таулы территория, бірақ бұл жерде тау жотасы арқылы бөлінген құнарлы екі аймақ – Мессения мен Лаконика бар.

Балқан жартыаралының территориясы таулы және құнарлы жер аз болғандықтан, гректер ежелден Жерорта теңізі аймағының тәстүрлі триадасы – арпа, жүзім, оливка өсірді. Бидайға деген сұраныс негізінен грек отарларынан әкелінген бидаймен қамтамасыз етіліп отырды. Малшаруашылығына да гректер үлкен көңіл бөлді. Гректердің тамағында балықтың орны ерекше болды.

Грек қолөнерінің дамуына материктік Грециядағы және Эгей архипелагындағы пайдалы қазбалардың мол болуы ықпал етті. Темір рудасы Лаконикада болса, Эвбей және Кипр аралдарында мыс, Аттиканың оңтүстігінде Лаврион рудниктерінен күміс алынды. Македония мен Фракия жағалауында алтын, мрамордың сапалы сорттары Аттика мен Парос аралынан алынды. Аттика мен Коринфте қолөнерге қажетті саз балшық болды. Пайдалы қазбалардың осындай жиынтығы алғашқы кезде грек тұрғындарының сұранысын қанағаттандырып отырды. Уақыт өте келе олар өз табиғи қорларымен күн көре алмайтын еді. Өзге жерлермен қалыптастырылған сауда байланыстары пайдалы қазбаның жеткіліксіздігінің орнын толықтырып отырды.

## **1. Крит-микен өркениеті**

Қазіргі тарих ғылымы Балқан жартыаралындағы мемлекеттіліктің ошағы б.д.д. III мың жылдық ортасында пайда болды деп есептейді. Шамамен б.д.д. XXII ғасырларда осы процесс

Еуропаның Дунай аңғарынан қоныс аударып келген ахейлік грек тайпаларының келуімен тоқтатылды. Грек тілінде сөйлейтін бұл тайпалар, қоғамдық даму сатысының төменгі деңгейінде тұрып, Балкан жартыаралын толық жаулап алып, жергілікті гректерге дейінгі тұрғындар – пелазгалардағы мемлекеттіліктің қалыптасу процесін тоқтатты. Пелазгалардың этникалық шығу тегі әлі толық анықталмаған. Жаулап алу барысында пелазгаларды ахейліктер жартылай жойып жіберді, қалған бөлігі алғашқы қауымдық қатынастардың ыдырау сатысын басынан өткізіп жатқан жаулап алушылармен ассимиляцияға түсті.

***Б.д.д. III-II мыңжылдықтың екінші жартысындағы Крит тарихы (миной өркениеті).*** Ахей жаулап алушылығының Эгей архипелагінің аралдық бөлігіне ықпалы болған жоқ. Б.э.д. III мың жылдықтың ортасында Крит аралының тұрғындары, материктік Грецияның ахей жаулап алушылығына дейінгі ерте мемлекеттіліктің қалыптасу процесін басынан өткерді. Бірнеше ғасырлар бойы Крит әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірдегі белсенді өзгерістердің орталығы болды, сондықтан, аралдық өркениеттің ерте қалыптасуына және гүлденуіне ықпал етті.

III мың жылдықтың екінші жартысы мен II мың жылдықтың басында Крит аралының тұрғындары өңдеуге жарайтын жерлерді өңдеп, малшаруашылығын белсенді дамытты. Осы кезеңде қолөнер де біршама даму процесін басынан өткерді. Арал көптеген теңіз жолдарының қиылысында орналасқандықтан, аралдың тұрғындары халықаралық айырбасқа ерте араласты. Б.э.д. III мың жылдықтың соңында аралда алғашқы ерте мемлекеттік бірлестіктер – сарай орталықтары пайда болады. Қазба жұмыстарының нәтижесінде археологтар 4 сарай орталығын – Кносста, Фестте, Маллииде, Като-Закрода ашты. Олардың әрқайсының саяси, экономикалық, діни орталығы, маңайында оншақты селолық тұрақтар шоғырланған ірі сарай болды.

Б.д.д. XXII-XVIII ғғ. Криттің жалпы кезеңге бөлінуінде «ескі сарайлар дәуірі» деп аталады. Бұл кезең туралы мәлімет мүлде жоқ, себебі, шамамен б.д.д. 1700 жылы аралдағы алғашқы ерте мемлекеттік бірлестіктердің орталығы табиғи апат салдарынан жойылып кеткен. Дегенмен, табиғи апат Крит аралындағы дамуды тоқтата алған жоқ. XVII ғасырдан б.э.д. бұл жерде «жаңа са-

райлар кезеңі» басталады. Бұл кезеңнен бізге сарай құрылысының қалдықтары, селолық тұрақтардың ескерткіштері, некропольдер жеткен. Бұлардың ішінде Кносстағы сарай комплексі тереңірек зерттелген. Ол бірнеше қабаттан тұрады, қоймалары бар, сумен қамтамасыз етудің, жарық беруді, құбырлардың жетілген жүйесі бар екендігін археологтар дәлелдеген. Қабырғалары қоршаған табиғат пен Крит қоғамының өмірінен мәлімет беретін фреск өрнегімен көркемделген. Сарайда билеуші мен оның жанұясына арналған бөлмелер, мемлекеттік істер мен дәстүрлік жиындар өтетін мәжіліс залы, қызметкерлері мен қолөнершілеріне арналған бөлмелер бар.

Крит қоғамы өзінің гүлдену кезеңінде биліктің теократиялық түрін иеленген, яғни, патша тек билеуші ғана емес, жоғарғы абыздық билікті де иеленген. Биліктің бұндай формасы Египет пен Месопотамиядағы ежелгі шығыстық билікке жақын. Тек қана шығыста діни билік монархтың қолында болғанымен, абыздар арқылы іске асырылды және өз храмдары болды. Ал Критте абыздар сословиясы көп жағдайда қалыптаспаған және өз храмдары болмаған еді. Діни рәсімді өткізу үшін бөлмелер бөлінетін және ол архитектуралық жағынан ерекшеленетін еді. Крит аралында «ескі сарайлар» кезеңінде «сызықтық жазба» түріндегі жазу пайда болды, өкінішке орай, әлі күнге дейін бұл жазудың құпиясы ашылған жоқ. Крит аралындағы сарайлар қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Бұл туысқан династияның өкілдері билік құрғанын және олардың арасындағы қарым-қатынас бейбіт сипатта болғандығын байқауға болады. Сыртқы жаулардан аралдың тұрғындарын табиғи қорғандар – теңіз қорғап тұрды.

Крит мәдениеті мен мемлекеттілігінің гүлденуі, аралдағы сарайлардың Кнос билеушілерінің қоластына біріктірілген кезеңі – б.з.д. XVI ғасырдың бірінші жартысы мен XV ғасырға келеді. Осы уақытта Крит ірі теңіз державасына айналды. Грек аңыздарының мәліметтеріне қарағанда, Кнос билеушісі Минос, біріктіру процесін бастап, үлкен флот құрып, қарақшылықты жойып, Эгей теңізінің акваториясына өз үстемдігін орнатты. Сондықтан, крит өркениетін «миной өркениеті» деп те атайды.

Минойлық Криттің дамуы б.з.д. XV ғасырдың соңында, көрші арал Ферада (қазіргі Санторин аралы) вулкан жарылуының



нәтижесінде жойылды. Осы уақыттан бастап, Крит Эгей теңізінің бассейніндегі саяси, экономикалық және мәдени орталық ретіндегі жетекшілігінен айырылып қалды. Материктік Греция территориясынан аралға ахейлік-гректер еніп, Крит, Жерорта теңізінің орталығынан ахейлік Грецияның провинциясына айналады.

*Ахейлік (микендік) өркениет б.д.д. II мың жылдығына дейін.*

Б.д.д. III-II мың жылдықтың шегіндегі Балқан жартыаралының гректерге дейінгі алғашқы мемлекеттілігінің қалыптасуын грек тілінде сөйлейтін – ахей тайпаларының келуі тоқтатты. Осы уақытты Ежелгі Греция тарихындағы грек халықтарының қалыптасу уақыты деп есептеуге болады.

Алдыңғы дәуірмен салыстырғанда б.д.д. XX-XVII ғғ. ахейліктердің мәдениетінің даму деңгейі төмен болды. Бұл жаулап алушы ахейліктердің қоғамдық даму деңгейінің төмендігімен және рулық-тайпалық қатынастар сатысында тұрғандығымен байланысты. Б.д.д. XVII-XVI ғғ. жағдай өзгере бастады: Пелопоннес жартыаралында, Орта Грецияда ахейлік өркениеттің орталығы пайда болды. Мемлекеттік бірлестіктердің қарапайым түрлері Микен, Тиринф, Пилос, Охромене, Фивада қалыптасты. Алғашқы кезде крит-минойлықтардың ықпалымен пайда болған өркениет, негізінен ахейлік Греция мәдениетінің негізінде қалыптасты. Бұл мәдениеттің нағыз қалыптастырушылары – грек-ахейліктер болды.

Ахейлік өркениеттің белгілі орталығы – Микен. Сондықтан да бұл өркениетті микен өркениеті деп те атайды. Ахей мәдениетінің өзге ошақтары сияқты экономикалық, саяси, мәдени өмірдің орталығы монументальды сарайлар жиынтығы болды. Сарай – әкімшілік биліктің, материалдық қорды жинау мен бөлудің, сауда мен қолөнердің, айырбастың орталығы еді. Ахей мемлекеттік бірлестіктерінде, сарай идеология мен қорғаныс орталығы қызметін де атқарды. Бекіністік деңгейі төмен Крит сарайларымен салыстырғанда, ахейлік құрылымдар мықты қорғанған цитадель сипатында болды. Ахейлік Грецияның әрбір сарайы мемлекеттік бірлестіктің орталығы болды және сарайдың қорғаныстық сатысын арттырып отыру үшін үнемі жұмыс атқарылды.

Ежелгі ахейліктер мемлекеттілігінің гүлдену сатысында, негізгі белгілері минойлықтардан алынған жазу болды.

Бұл жазуды «сызықтық жазу Б» деп атайды (минойлықтардың жазуы «сызықтық жазу А» деп аталған). «Сызықтық жазу Б» құпиясы ашылған, сөздердің мағынасы грек тілінде берілгендігі дәлелденген. Бұл жазумен бізге жеткен құжаттар негізінен шаруашылық сипаттағы құжаттар болып табылады.

Ахейлік қоғамның экономикалық құрылымының негізі – сарай шаруашылығы болды. Негізгі өндірушілер ахей билеушілерінің бюрократиялық аппаратының бақылауында болды. Саяси сипаты жағынан бұл теократиялық билік болды. Ахей мемлекеттері өзара жауласушылық сипатта болғанымен, сырттан қауіп төнген кезде бірігіп, қарсылық көрсеткен кездері де болған. Бұған мысал ретінде XIII ғ. екінші жартысындағы Трояны жаулап алуға ұмтылысты айтуға болады. Б.д.д. шамамен 1240-1230 жылдары болған Троя соғысы Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты эпикалық шығармаларында көрініс алған. Бұл оқиға Микендік Греция тарихының кейінгі кезеңін сипаттайтын ахейліктердің жаулап алушылық қозғалысының бір көрінісі ғана. Ахейлік тұрақтар Кіші Азия жағалауларында, Крит, Кипр, Родос, Сицилияда табылған. Сонымен қатар, ежелгі Шығыс елдеріндегі жағдайға б.д.д. II мыңжылдықта ахей тайпаларының да ықпалы болды.

Б.д.д. II мыңжылдықта ахей өркениетінің бұдан былайғы дамуына сыртқы күштердің қысымы әсер ете бастады. Жаңа бекіністер салынды, сарай бекіністері күшейтілді. Орта Грециядан Пелопоннеске өтетін Истмийск бұғазында қорғаныс қабырғасы тұрғызылды. Крит-микен өркениетінің түбіне жеткен солтүстік балкан тайпаларының, соның ішінде грек-дорийліктердің қоныс аударып келуі болды. Дорийліктер темір қаруды білді, ал бұл кезде ахейліктер тек қоланы ғана пайдаланатын. Дорийліктермен бірге Грецияға темір келді. Ал жалпы дамуында Балкандық Греция дорийліктердің келуімен рулық қатынастар деңгейіне артқа шегінді.

**Крит-микен өркениеті бойынша түпдеректер.** Ежелгі Греция тарихы ежелгі әлем тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Ежелгі Греция тарихы бойынша түпдеректерді зерттеу арқылы ежелгі әлем тарихының бөлігі ретінде, оның даму заңдылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге,

грек өркениетінің ерекшеліктерін көрсетіп, грек өркениетін қайталанбайтын тарихи шындық ретінде көруге болады.

Крит және Ахей тарихы бойынша деректер б.з.д. II мыңжылдықты қамтиды. Бұл кезеңнің көптеген деректері үш негізгі категорияларға бөлінеді: жазбаша ескерткіштер, (Б сызықты жазумен жазылған), қала және қоныстардың археологиялық қазба жұмыстарының мәліметтері, грек авторларының шығармалары. Б сызықты жазылған хат тақталары Крит аралында А.Эванспен 1901 жылы табылған. Тек 1953 жылы ағылшын ғалымы М.Вентрис жазулардың тіліне талдау жасаған. Қазіргі кезеңде Б сызықты хаттардың бірнеше мың тақтайшалары белгілі. Олар Криттегі Кносс жерінде, Пилос, Микен, Фивы, Тиринф қалаларына қазба жүргізу барысында табылған. Тақталардың басым бөлігі б.з.д. XIV-XII ғасырларға жатады. Жазулар өте қысқа болып келеді. Жазулар шаруашылық есеп түрінде беріледі. Онда жерді жалға беру туралы, мал санының басы, жұмысшыларға қызмет етуші қызметкерлерге азық-түлік беру, күн және құл тізімі, қолөнершілер тізімі, шикізаттық материалдар тізімі, матрос және жауынгерлердің мобилизациялауларға жататындарының тізімдері, сонымен бірге, кәмпелескен мүліктердің тізімдері берілген. Тақтайшалар сарайлық шаруашылықтың қызметі, сарай және әкімшіліктік бірліктері арасындағы қарым-қатынастар туралы, мемлекет ісін басқару туралы ақпарат береді. Б.з.д. II мыңжылдықтағы Ахей патшалығының экономикасы және басқарудың негізгі белгілері туралы мәлімет беруге мүмкіндік береді. Тақтайшалардан басқа, жеке сөзден немесе қыш ыдыстардың бетіне қашалып жасалынған. Мөрлердегі жеке әріптер қыш ыдыстарға жазылған.

Археологиялық қазбалар материалдық мәдениет туралы әртүрлі мәліметтер береді. Ең маңыздысы сарай кешендерінде қазба жұмыстарын жүргізгенде табылған Крит аралындағы Кносста, Фестада, Микенде, Пелопоннестегі Пилоста. Көптеген бөлмелер, сарайдың күрделі жоспары, сонымен бірге, үлкен апартаменттер, қабылдау залдары, храмдық бөлмелер, қолөнерлік шеберханалар, шаруашылықтық қоймалар, тұрмыстық заттардың көптігі, сан алуан қару түрлері б.з. II мыңжылдықтағы ірі монархиялардың орталықтарының күрделі де ғажайып өмірі туралы түсінік береді.

Б.з.д. III мыңжылдықта Лернде (солтүстік Пелопонес) және Рафинада (Аттикада) ашылған ірі қоныстар аса қызығушылық тудырды. Бұл жерлерде қола құюшы өндіріс табылған. Б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысында Микенде, Пилоста, Афиныда, Фивыда сарайларды айналдыра үлкен қоршаулар пайда болды. Бұл жерлерде қолөнершілер мен көпестер мекендеді. Ахей халқының негізгі бұқарасы мекендеген қоныстардың мысалы ретінде Кораку (Коринф жанында), Зигуриес (Микен жанында) табылған қоныстар және Спартадағы, Аттикадағы қоныстардың некрополі болып табылады. Бұл жерде қарапайым үйлердің қалдықтары, жоспары бойынша күрделі мекемелер, мегаронды типті бөлмелер қалдықтары табылған. Жеке мекемелердің мөлшерлерінің асқақтығы, керамиканың санының көптігі, сонымен бірге қола және алтын бұйымдар б.з.д. II мыңжылдықтағы село халқының арасындағы мүліктік теңсіздік процесі жүргізілгендігі туралы мәлімет береді.

**Жазба түпдеректері.** Ахей және крит патшаларының тарихы туралы бірқатар ақпарат грек дәстүрінде сақталған. Гомердің «Илиада», «Одиссея» поэмаларында б.з.д. IX-VIII ғасырларда құрылған. Сонымен бірге Троян соғысы туралы тірі естеліктер сақталынған. Поэмаларда Троян соғысы алдындағы Грекияның саяси жағдайы, Микеннің басымдылығы, олар гректің қарсыластары және одақтастары жайлы айтылған. Сонымен бірге Троян соғысының жүргізілу барысы, нәтижелері айқын көрініс тапқан. Гомер поэмаларында ахей кезеңінің көптеген шынайылығы көптеп берілген, мысалы: тұрмыстық заттарды сипаттау, қару түрлері, соғыс арбалары, соғысу, шайқасу әдістері.

Б.з.д. V-IV ғасырларда грек авторларының оның ішінде Геродот, Фукидид, Аристотель және кейінгі жүзжылдықтағы авторлар Страбон, Плутарх, Павсанийдің шығармаларында грек өткені туралы, Крит патшасы Миностың қуаттылығы жайлы, Минос патшаның құрған үлкен державасы, сол кезеңдегі мәдениеттің жоғары сатыда деңгейі туралы естеліктер сақталынған. Б.з.д. II мыңжылдықтағы гректердің діні, мәдениеті, тарихы туралы материалды зерттеу үшін өте күрделі мәліметтер көптеген құдай және батырлар туралы әңгімелерде, мифте келтірілген. Крит патшасының қатал билігі Миностан азат еткен афиндық батыры

Тезей, қорқақ патша Тиринф кемесінде Ясонның басшылығымен грек батырларының теңізде жүзуі туралы әңгімелер, мифтерді кездестіруге болады. Бұл әңгіме және мифтерді сыни талдау фактіні жалған құрастырған сөздерден бөліп көрсетуге және б.з. II мыңжылдықтағы Грекия тарихы туралы білімді толықтыруға мүмкіндік береді.

Крит және Ахей патшаларының сыртқы саяси жағдайы туралы көптеген мәліметтер ежелгі шығыс ескерткіштерде беріледі. Соның ішінде б.з.д. XIV-XII ғасырларда хетт жазбалары Кіші Азияның батыс бөлігіне орналасқан Ахиява мемлекетімен хеттердің одағы жайлы мәлімет келтіріледі. Кейбір II мыңжылдықтағы египеттік заттар соның ішінде скарабейлер, амулеттер, моншақтар, Усер аты патшалығының тең құқылы одақтасы ретінде перғауын III Тутмос жазбаларында айтылады.

Ежелгі заман тарихында антикалық қоғам – Ежелгі Греция өркениеті маңызды рөл атқарды. Бұл өркениет кейіннен батыстық қоғам мәдениетінің орталығына, негізгі қайнар көзіне айналды. Дерексіз тарих жазылмайтындықтан, Грекия деректерін 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар: бірінші кезең – б.з.б. II мыңжылдықты қамтитын Крит Ахейлік Греция, екінші кезең Архаикалық және Классикалық Греция, үшінші кезең – Эллинистік Греция. Ежелгі Греция тарихы бойынша баға жетпес мұралар сақталған. Барлық деректерді үлкен екі топқа – жазбаша және материалдық деректер деп топтауға болады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында қала орындары аршылып, көптеген материалдық деректер тарихи айналымға енді. Грек адамдары оқиғаларды тізбектер, жүйелі түрде жазып отыруға тырысқан. Сондықтан грек тарихына қатысты жазбаша деректер өте көп сақталды.

## **2. Б.д.д. XI-IX ғғ. Греция**

Б.д.д. XI-IX ғғ. Ежелгі Греция тарихында «қараңғы ғасырлар» немесе «гомерлік кезең» деп аталады. Бұл анықтама XIX ғасырда берілді, және ол Гомердің «Илиада» және «Одиссей» деп аталатын эпикалық шығармалары осы кезеңге қатысты негізгі дерек болғандығына байланысты берілген анықтама болып

табылады. Тарих ғылымының дамуына және археологиялық материалдардың біршама жинақталуына байланысты, «полистік құрылыстың алдыңғы кезеңі» атты анықтамасы қалыптасты.

Дорийліктер жаулап алғаннан кейін өз дамуында Греция, III-II мың жылдық деңгейіне, микендік өркениет пайда болғанға дейінгі деңгейге артқа шегінгендігін осы кезеңді сипаттайтын деректер көрсетті. Б.э.д. XI-IX ғғ. Греция қоғамы, мықты патша билігі мен бюрократиялық аппараты бар, ахейлік кезеңдегі жоғары деңгейде дамыған мемлекеттік құрылымнан, рулық қатынастар мен рулық-тайпалық ақсүйектер деңгейіндегі қарапайым құрылымға дейін дағдарысқа ұшырап кетті. Тайпа көсемінің томаға-тұйық, әлсіз шаруашылығы, ахейлік билеушілердің орталықтандырылған, дамыған экономикасының орнын басты. Ахейлік кезеңде шаруашылықты жүргізетін сарайлардағы құлдар туралы деректерде көрсетілсе, дорийліктер кезеңінде құлдар туралы мүлде айтылмайды немесе бағынышты жұмысшылардың аз ғана көлемі туралы көрсетіледі. Мәдениет саласындағы крит-микен кезеңінің ең басты жетістігі сызықтық хат гомерлік кезеңде толығымен ұмытыла бастайды.

Микен өркениетіне жататын негізгі аймақтарда халықтың тығыздығы жоғары болса, гомерлік кезең адам санының азаюымен, қоныстану тығыздығының төмендеуімен сипатталады. Кезеңнің тұрақтары күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған қарапайым жер кепелер болды. Микен қолөнершілерінің жасаған бұйымдарының деңгейі Ежелгі Шығыстан әкелінген бұйымдармен бәсекелестікке түсе алса, гомерлік кезеңде қолөнердің деңгейі мүлде төмендеп кетті. «Қараңғы ғасырлардан» бізге бір де бір архитектуралық ескерткіш немесе көркемөнер туындысы жеткен жоқ.

Гомерлік кезеңнің соңында қоғамда мүліктік жіктеліс басталды. Біртіндеп рулық ақсүйектер бөлініп шыға бастады. Қалыптасқан рулық аристократияның өкілдері базилиелер жер бөліктерін мұралық жолмен иеленді. Мүліктік және әлеуметтік жіктеліс кедей – феттердің қалыптасуына алып келді. Базилиелер – ақсүйектер кеңесімен бірге өз шешімдерін халық жиналысы арқылы іске асырып отырды. Халық жиналысында еркек жауынгерлер шешуші рөл атқарды. Гомерлік кезең гректердің қоғамдық

өміріндегі тоқырау кезеңі болғанымен, келесі архаикалық кезеңдегі экономикалық самғау үшін күш жинақтаған кезең болды. Ерікті жер иеленушілердің өзін-өзі басқаратын қауымы, архаикалық кезеңде, әлеуметтік-экономикалық және саяси ұйым – грек полисіне алып келді.

### 3. Архаикалық Греция (б.д.д. VIII-VI ғғ. )

Архаикалық дәуір Ұлы грек отарлауымен, полистік жүйенің негізінде дамыған ерте грек тираниясының қалыптасуымен сипатталады.

**Ұлы грек отарлауы.** Ежелгі Греция тарихына тән сипат – отарлау процесі, яғни, өзге жерлерде жаңа тұрақтар қалыптастыру. Гректердің отарлық белсенділігі б.д.д. VIII-VI ғғ., яғни, архаикалық кезеңге келеді. Бұл дәуір сондықтан ұлы грек отарлауы кезеңі деп аталады. Бұл процестің бірнеше себептері болды. Біріншісі, Грецияның бірқатар аймақтарының тығыз қоныстануы. Архаикалық кезеңнің басында Грецияда демографиялық секіріс көрініс алды, тұрғындардың саны өсті. Дегенмен, өндіріс күшінің нашар дамуына байланысты ауылшаруашылығының интенсификациясын іске асыру мүмкін болмады. Грецияда өңдеуге жарамды жерлердің көлемі аз болғандықтан, тұрғындардың басым бөлігі өз отанында өзін-өзі асырай алмады. Бұл процесс – жаңа жерлерді жаулап алуға итермеледі.

Ұлы грек отарлауының келесі себебі – әлеуметтік сипатты иеленеді. Кедейленген қауымдастар, өзінің бай руласына тәуелділікке түспес үшін, қарызға берілген жер бөліктерін тастап, жаңа жерлер іздеуге ынталы болды. Архаикалық Грецияның қалалары, уақыт өте келе ірі экономикалық орталықтарға айналды, сауда экономиканың жетекші салаларына айналды, саудагерлердің грек отарлауындағы негізгі мақсаты – сауда жолдарымен шет мемлекеттерге бекіну еді. Өз метрополиясымен экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени байланыстары тығыз отарларда ғана саудагерлер өздерін қауіпсіз сезіне алды.

Метрополиядағы әлеуметтік-саяси күрес – Ұлы грек отарлауының тағы бір себебі. Архаикалық кезеңде, грек полистарының қалыптасу уақытында, тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік топ-

тарының арасында саяси күрес өршіп тұрды. Жеңілген саяси топ өлім жазасынан құтылу үшін, отарларға қашып кетіп, мәжбүрлі эмиграцияға ұшырады.

Қалалар санының өсуіне орай, колөнер өнімдерін жасайтын шикізатқа деген қажеттілік те артты. Греция шикізатты сырттан әкелетін, бұл процесте де отарлар маңызды рөл атқарды. Архаикалық Грецияда азаматтарын қарыз арқылы құлдыққа түсіруге заңмен тиым салынды. Құлдардың жаңа көздері варварлық перифериядан, грек отарларынан іздестіріле бастады. Отаршылдар құлдықтың жаңа көздерін ашты.

Грек отарлауы ұйымдасқан басқару сипатын иеленді. Болашақ отаршылдар иеленетін территориясының көлемінен, климаттық жағдайынан хабардар болды. Барлау шараларын жүргізіп, қоныс аударушыларды ұйымдастыратын партия «ойкист» деп аталды. Отарлаудың алғашқы сатысында ойкистер ауылшаруашылық жерлерін бөліп, отаршылдар тұрағын реттеуге атсалысты.

Ұлы грек отарлауы тарихының үш бағыты бар. Бірінші бағыт – батыстық бағыт. Бұл бағытты отарлаудың нәтижесінде – Ионий және Адриат теңізінің жағалаулары, Грецияның солтүстік-батысы, оңтүстік Италияның аймақтары, Сицилия аралдары, оңтүстік Галлия, Испанияның шығыс жағалауы отарланды. Екінші бағыт – солтүстік-шығыс бағыты. Осы бағыттың нәтижесінде гректер Эгей теңізінің солтүстік жағалауын, Қара теңіздің жағалауы мен бұғаздарын қоныстанды. Үшінші бағыт – оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыты, Кіші Азияның оңтүстік жағалауында, Африкада (Египет) грек отарларының негізі қаланды. Алдыңғы екі бағыт – грек отарлауының басты бағыттары ретінде сипатталады.

Архаикалық дәуірдің барысында гректер Жерорта теңізінің жағалауын, Қара теңіз жағалауын, Азов теңізінің бір бөлігін жаулап алды. Батыста Гибралтар аймағында, солтүстік шығысында Танаис (қазіргі Дон) өзенінің аңғарына қоныс тепті. Египет пен Навкратис территориясында грек отарының негізі қаланды. Грек саудагерлерінің кварталдарын ежелгі Сирия қалаларының орнынан да кездестіруге болады. Гректер отарлаған территориялар негізінен теңізге жақын жерлер немесе теңіз жағалаулары болды.

Б.д.д. VIII-VII ғғ. оңтүстік Италияны отарлауға Грецияның көптеген аймақтарынан шыққандар араласты. Спарта жаулап



алған Мессения тұрғындары Мессин бұғазының жағалауындағы халкидияндар негізін қалаған Регио қаласына қоныс аударды. Спартиаттардың өзі осы жерде Тарент деп аталатын отарының негізін қалады. Пелопоннес аймағының тұрғындары Сибарис және Кротон деп аталатын отарларды құрды. Бұл отарлар аз ғана уақыттың ішінде гүлденген қалаларға айналды. Сицилияның шығыс жағалауында коринфтіктер Сиракуз деп аталатын отардың негізін қалады. Бұл Грецияның батысындағы ірі грек қаласына айналды. Оңтүстік Италия мен Сицилияны отарлаудың сипаты белсенді болғандығы соншалық, бұл аймақтар «Ұлы Греция» деп атала бастады.

Ұлы грек отарлауының нәтижесінде Грецияда экономикалық, саяси және әлеуметтік қиындықтар шешілді. Полистардың экономикасы жаңа сапалы сатыға өтіп, грек саудасы халықаралық сипат алды. Көптеген грек отарлары дамыған экономикалық орталықтарға айналды, кейбіреулері дамуы жағынан өз метрополияларынан асып түсті.

#### 4. Ерте грек тираниясы

VIII-VI ғасырларда Грецияның көптеген аймақтарының саяси-экономикалық билігін тиран-узурпаторлар басып алды. Заңсыз, күш қолдану арқылы билік басына келген тиран өзінің авторитарлық тәртібін қалыптастырып, қарапайым халық – демостың қорғаушысы ретінде көріне бастады. Өзартықшылығын демос алдында күшейтуге тырысқан рулық ақсүйектер мен дәстүрлі аристократияның билігіне тиран қарсы тұрды.

Тирания – саяси түсінік ретінде ежелгі гректерде пайда болды. Қоғам өзінің әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрақтылығын жоғалтқан кезде тираниялық тәртіптер пайда болды. Ежелгі Греция тарихында бұндай жағдай екі рет қалыптасты: архаикалық, полистік жүйенің қалыптасу кезеңінде және б.д.д. IV ғасырдағы полистік жүйенің дағдарысы кезеңінде. Сондықтан б.д.д. IV ғасырдағы кейінгі тираниялық тәртіптермен салыстырғанда, архаикалық дәуірдің тираниясы ерте тирания деп аталады.

Ерте грек тираниясына екі сипат тән. Біріншіден, тираниялық тәртіптердің өтпелі сипаты. Көптеген грек полистері өз дамуын-

да тираниялық сатыны секіріп өтті. Екіншіден, экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуы динамикалық түрде көрініс берген полистерде тираниялық құрылым, рулық қалдықтардың жойылуына ықпал етті.

Қоғамның тұрақтылық деңгейінің бұзылуына ықпал ететін факторлар тираниялық тәртіптердің қалыптасуына ықпал етті. Архаикалық кезеңде темірдің кең таралуына байланысты қолөнер өндірісі жоғарғы деңгейге жетті. Сауданың рөлі өсті. Осы кезеңде пайда болған ақша, сауда мен грек қолөнерінің дамуына ықпалын тигізді. Өз кезегінде бұндай процестер ұсақ және орта шаруа шаруашылығының ыдырап, қарыз арқылы құлдыққа түсіруді көбейтті.

Архаикалық кезеңде Грецияда демографиялық үрдіс жылдам өсіп, жерге талас күшейді. Жердің басым бөлігі ру ақсүйектерінің қолына өтіп, шаруаның жер бөліктері ұсақтанып кетті. Бұл аграрлық дағдарысқа алып келді. Аграрлық дағдарыс өз кезегінде тираниялық тәртіптердің қалыптасуына ықпал етті. Қалыптасқан жаңа жағдайда қолөнермен айналысу экономикалық, әлеуметтік жағынан да тәуелсіз болды. Қолөнершілердің арасынан шетелден қоныс аударып келген, іскер, жылдам баюға икемді адамдар көп болды. Бірақ олар қалыптасқан рулық бірлестіктердің құрамына кірмегендіктен, полис шеңберінде жер бөлігін алып, ауылшаруашылығымен айналысуына құқығы болған жоқ. Яғни, олардың полистің саяси өміріне де араласуға мүмкіндігі болмады. Осы категорияға кіретін адамдар санының өсе беруі қоғамда әлеуметтік қайшылықтарға алып келді. Адамдардың бұндай тобы саяси өмірге араласу үшін күресті.

Біртіндеп қолөнер мен сауда арасындағы айырмашылық жойыла бастады. Архаикалық дәуірде саудамен айналысу тиімді болды. Қолөнер саласында алғаш рет құл еңбегі пайдаланыла бастады. Құл еңбегі баюдың жаңа жолы болды. Құлдыққа алғашқы кезде қарызға батқан полис азаматтар айналдырылды. Аграрлық дағдарыстың ұлғаюымен қатар, құлдыққа түсу процесі де өсе бастады.

Сонымен, қолөнер мен сауда жылдам дамып, аграрлық дағдарыс күшейген аймақтарда әлеуметтік-саяси тұрақсыздық жоғарғы деңгейде көрініс алды.

Тирандық тәртіп алғашқы кезде демостың мүддесіне жұмыс істеді. Қоғамдық мекемелер салынды, жұмыс пайда болды, өз полисінің күшеюі үшін соғыстар жүргізіп отырды. Тирандар ескі ақсүйектерден шыққан өз руластарымен күрес жүргізе бастады. Себебі ру ақсүйектері тианның ең басты қарсыластары еді.

Грек қоғамын тұрақтылық жағдайдан шығарған бірқатар факторлар тирандық режимдердің пайда болуына себеп болды. Ең алдымен бұл, архаикалық дәуірдің бастапқы кезінде орын алған техника дамуындағы ілгері басушылықпен байланысты болды. Темірдің кең көлемде таралуы колөнер өндірісін біртіндеп сериялы деңгейге жеткізді. Сауданың да рөлі арта түсті. Осы кезеңде пайда болған ақша сауданың өркендеуіне қолайлы әсер етіп, грек колөнерінің дамуын жеделдетті. Бұл өз кезегінде грек қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың серпінді дамуына айтарлықтай ықпал етті. Атап айтқанда, ұсақ және орташа шаруа шаруашылықтарының деградациясын күшейтіп, борышкерлік құлдықтың қауіпін ұлғайтты.

Архаикалық дәуірдің бас кезінде Греция халқы санының күрт өсуі, жер үшін болатын күресті қатаңдата түсті. Осы кезеңде шаруа үлестері бөлшектеніп, оның бір бөлігі бұрынғы ақсүйек топтардың меншігіне өтті. Осының нәтижесінде аграрлық дағдарыс пісіп-жетіліп, күшейе түсті. Нақ осы аграрлық дағдарыс грек қоғамындағы тұрақтылық жағдайдың іргесін шайқалтып, тирандық режимдердің пайда болуына ықпал етті.

Техниканың прогрессивті дамуының жаңа жағдайында колөнершілік кәсіп экономикалық және әлеуметтік жағынан анағұрлым тәуелсіз бола түсті. Қолөнершілер арасында ісмер, кәсіпшіл, тез баюға қабілетті, өзінің интеллектісі мен жұмыс әлеуетін жүзеге асыра алатын көптеген шетелдік-қоныстанушылар пайда болды. Алайда, олар бұрыннан қалыптасып қалған ақсүйек топтар мен бірлестіктердің қатарына жатқызылмағандықтан, жаңадан қалыптасып жатқан полистердің территориясында олардың жер иелену құқықтары болған жоқ. Осыған байланысты олар өздерінің қабілеттерін ауылшаруашылығы саласында іске асыра алмады. Сонымен қатар олар қауымның саяси өміріне де араласа алмады. Бірақ бұндай қоныстанушылардың экономика саласындағы ықпалы біртіндеп күшейе түсті. Бұндай

жағдай оларға азаматтар ұжымдарын басқаруға деген талпыныстарын күшейтуге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде жаңадан пайда болып келе жатқан грек полистері ауқымында әлеуметтік қатынастардың шиеленісуіне әкеп соқты.

Осы кезеңде қолөнердің біртіндеп саудамен бірлесу үрдісі басталды. Архаика дәуірінде сауда – ең құрметті кәсіп болды. Бұрынғы қоғам қойнауында пайда болған ақсүйектер тобының ең сүйікті ісі сауда операцияларымен байланысты болды. Қолөнер саласындағы нақ осы ақсүйектер тобының өкілдері біртіндеп осы саланы өз бақылауында ұстап, құл еңбегін пайдалануға көшті. Құл еңбегі – байлықтың жаңа формасы бола отырып, уақыт өте келе үлкен рөлге ие болды. Бірақ архаикалық дәуірдің алғашқы кезеңінде сол кездегі үстем топтардың жері мен байлығынан айрылып, борышкерліктің шыңырауына түскен туыстары құлдарға айналды. Бұның басты себебі, қолөнер өнеркәсібінің күн санап құлдардың көп болуын қажетсінді. Сондықтан күшейе түскен аграрлық дағдарыстың салдарынан шаруалардың айтарлықтай бөлігі жерсізденіп, қайыршыланса, ақсүйектердің бір бөлігі борышкерлік қанауға түсті. Қалыптасқан бұндай жағдай Грецияның көптеген аймақтарында орын алған әлеуметтік және саяси күреске әсер етпей қоймады.

Осындай жолмен, сауда мен қолөнер жылдам дамыған Грецияның аудандарында аграрлық дағдарыс шиеленісе түсіп, нәтижесінде ауылшаруашылығымен айналысқан адамдардың жерсізденіп бас бостандықтарынан айырылу қаупі күшейе түсті. Борышкерлікке түскен адамдар санының күрт артуы Грецияның көптеген аудандарын әлеуметтік және саяси тұрақсыздық аймағына айналдырды. Осындай тұрақсыздық жағдайға жауап ретінде тирандық тәртіп пайда болды.

## **5. Архаикалық кезеңдегі Аттика**

Орталығы Афина болған ежелгі Грецияның аймағы Аттикадағы грек полисінің қалыптасуы тарихи деректерден айқын көрінеді. Деректердің мәліметі бойынша, архаикалық кезеңде Аттикадағы шаруалардың жағдайы күрт төмендеп кеткен. Бұндай процестер

қолөнердің дамуы, қаланың саяси және экономикалық орталық ретінде қалыптасуы, темір ақшаның шығуымен қатар жүрді.

Қоғамды дамыту процесінің белсенді қатысушысы жер иеленуші аристократия – евпатридтер (шыққан тегі жағынан ақсүйектер) – Аттиканың ежелгі рулық ақсүйектерінің өкілдері болды. Гомер кезеңінде қарапайым шаруадан өзгешелігі болмаған бұндай ақсүйектер, байлықтың дәмін татып, жағдайды өз мүддесіне өзгертуге тырысты. Аристократия өкілдері отарлау процесі мен теңіздің арғы жағындағы саудаға белсене араласты. Архайкалық дәуірдің басқы сатысында, ішкі және халықаралық айырбастың құралы тек сән-салтанат заттары болса, б.д.д. VII ғасырларда мата, жүн, металл, керамика сияқты заттар да тауар айырбасында көрініс ала бастады. Ауылшаруашылығының өнімдері де осы уақытта айырбас құралына айналды.

Греция мен Атика ауылшаруашылығының өнімдерін молайтудың мүмкіндіктері аз еді. Өндіріс күшін молайтудың мүмкіндіктері шектеулі, өңдеуге қажетті жерлер аз еді. Ауылшаруашылығы өнімінің көлемін арттырудың жалғыз жолы шаруалардың азық-түлігінен түсетін салықтың мөлшерін молайту болды. Атикада шаруаларды бағыныштылыққа түсірудің жалғыз жолы – пелат және қарызы арқылы бағыныштылыққа түсіру еді. Евпатридтердің қолында саяси, экономикалық және соттық биліктің болуы бұл процесті жылдамдатты. Уақыт өте келе, ареопаг – биліктің жоғарғы органы тек евпатридтер қатарынан қалыптастырылды. Қауымдық халық жиналысы жоғарыда отырғандардың шешімімен шақырылып, тұрақсыз жиналды. Ол шешуші саяси күш болған жоқ.

## **6. Солон мен Клисфеннің реформаторлық қызметі. Афинада полистік демократияның қалыптасуы**

Б.д.д. VII ғ. екінші жартысынан бастап, Атикада әлеуметтік-саяси қатынас ушыға бастады. Б.д.д. VII ғ. Афина аристократы Килонның тирандық құрылысты қалыптастыру ұмтылысы сәтсіз аяқталды. Бұл евпатридтер сословиясында бірліктің жоқтығын және дәстүрлі тәртіптің жойылғандығын көрсетті.

Б.д.д. 621 жылы архонт Драконт жаздырған ауызша заңды қағазға түсіру кезінде демос пен аристократия арасындағы қайшылық тағы да ушықты. Қағазға түсірілмеген заң негізінде даулы мәселелерді өз мүддесіне шешіп жүрген аристократтардың билігін бұл жағдай біршама әлсіретті. Драконт заңдары «қанды кек» құқығына тиым салып, жазалау функциясы ареопагтың қолына берілді. Ареопаг әлі де эвпатридтердің қолында еді. Драконт заңдары аса қатал болды. Дегенмен, заңның кейбір тұстары Афинаның экономикалық өміріне жаңалықтар әкелер еді. Ұрлық жасау қатал жазаланды, бұл жекеменшікті қорғауға деген ұмтылыс еді.

Б.д.д. VI ғ. басында Афинадағы жалпы жағдай азамат соғысына жақын еді. Қоғамның жерсіз тобының Афина демосымен қақтығысы Солон заңы арқылы шешілді. Б.д.д. 594 жылдан бастап Атиканың жағдайын түпкілікті өзгерткен бірқатар реформалар жүргізілді. Ең маңызды заң «сейсахфия» – қарызы үшін жерінен айырылған афиналықтарды міндеткерліктен босату. Сейсахфия заңының нәтижесінде жерсіз шаруалардың саны күрт азайып, ақсүйектер шаруашылығымен бәсекелестікке түсе бастады. Солон жеке басын тігу арқылы қарыз алуға тиым салды. Бұдан былай қарызгер өз қарыз берушісінің алдында тек мүлкімен есептесті. Осылайша, қарыз арқылы құлдыққа түсіру жойылды. Бұрындары қарызы бойынша құлдыққа түскендер азат етілді. Сырт жаққа құлдыққа сатылғандардың бостандығын қоғамдық ақша арқылы сатып алып кері қайтарды. Солонның жүргізген осындай шараларының нәтижесінде қалыптасып келе жатқан Афина полисінің азаматтық ұжымының саяси тұрғыда бірігуіне мүмкіндік туды да, құлдық шетелдіктер есебінен дамыды.

Афиналықтардың шаруашылығын дамытуды көздеген бірқатар реформалар жасалды. Афина ақшасы грек көпестерінің сауда айналымында бәсекелестік сипатқа ие болды, өлшем мен салмақ бірлігі үшін жүргізілген реформа Афина саудагерлерінің қызметін жеңілдетті. Солон Атикадан астықты шығаруға тиым салып, зәйтүн майы мен шараптың экспортына қолайлы жағдай туғызды. «Мұраға қалдыру» туралы жаңа заң рулық байланыстарға соққы берді, себебі, енді жеке жанұяларды экономикалық жағынан күшейту мүмкіндігі пайда болды. Жер

иелену өлшемі заңдық тұрғыда шектелді, қарыз беру пайызы анықталды.

Келесі бірқатар реформалар әлеуметтік салада іске асырылды. Солон Аттиканың барлық ерікті тұрғындарын шаруашылығынан түсетін табыстың көлеміне орай төрт топқа бөлді. Солон реформасына дейін жер евпатридтердің және рулық кландардың қолына шоғырланған болатын. Бұл саяси өмірде аристократтардың билігін күшейтті. Солон реформасынан кейін ауқатты азаматтардың билігі күшейгенімен, олардың азаматтық ұжым алдындағы міндеткерлігі де өсті. Топқа бөлу түсетін табыспен тікелей байланысты болғандықтан, жерді өндеудің рационалды жолдары іздестірілді. Енді қоғамдағы орын шыққан тегіне емес, түскен пайдасына тікелей байланысты болды.

Тұрғындардың бірінші тобының (пентакосиомед) жылдық табысы 500 медим, екінші тобы (салт аттылар) 300 медим, үшінші тобы (зевгиттер) 200 медим, төртінші топ (фет) 200 медимге дейін деген өлшем қалыптастырылды. Ақша айналымы күшейген кезде, топтық разрядқа жату ақша көлемі арқылы анықталды. Атика азаматтарының саяси құқығы да табысына байланысты болды. Пентакосиомедтер мен салт аттылардың толық қанды құқығы болса, зевгиттердің архонт болуға және ареопагқа сайлану құқығы болмады. Феттердің халық жиналысы мен сот жұмысына қатысу құқығы сақталды. Әлеуметтік реформаларға орай, Афина жауынгерлерінің құрамы да өзгерді. Әскер бірлігінің негізгі құрамы зевгиттер арасынан алынған, ауыр қаруланған гоплиттерден құралды. Аристократтардың арасынан қалыптастырылатын салт аттылардың орны жойылды. Феттер жеңіл қаруланған әскер ретінде, немесе кемеде қарапайым матростар ретінде соғысты. Пентакосиомедтер соғыс уақыты мен бейбіт кезеңде де қоғам пайдасына ақша беріп отырды.

## **7. Грек полисі және оның өзіндік сипаты**

Полис – қала-мемлекет, Ежелгі Грекия мен Римге тән қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси ұйымдарының ерекше түрі. Полис жері қала аумағынан, оның айналасындағы халқы егіншілікпен шұғылданатын мекендерден құралды.

Мемлекеттік аппараты халық жиналысынан, кеңестен және сайланып қойылатын түрлі қызмет адамдарынан (магистраттардан) тұрды. Халық жиналысы билеушінің мемлекетті басқару құқын қамтамасыз етіп отырды. Полистер олигархиялық (Спарта) немесе демократиялық (Афины) түрінде болды. Спарта егіншілік Полиске, Коринф сауда-қолөнері Полисіне жатты. Полистік кезеңдегі Грекияда б.з.д. IV ғасырдың басында, Римде б.з.д. III – I ғасырларда дағдарысқа ұшырап, жойылды.

## 8. Спарта грек полисі ретінде

Спарта (көне грекше: *Σπάρτη*, лат. Sparta) немесе Лакедемон (көне грекше: *Λακεδαίμων*, лат. Lacedaemon) – ежелгі грек қала-мемлекеті (полис), алғашында Эврот өзенінің алабында (Лаконика аймағы) орналасқан, кейін б.з.д. VI – I ғасырларда Пелопоннестің оңтүстік бөлігін қамтыған. Гомердің «Иллиада» шығармасына қарағанда, Спарта Лакониканың ахейлік 12 қауымының бірі. Б.з.д. он екінші ғасыр шамасында дорийліктер Пелопоннеске басып кіріп, Спарта қоныстарын қиратты. Археологиялық мәліметтер бойынша жаңа Дорий қонысы Спарта деген атпен б.з.д. X–IX ғасырларда Эврот өзеннің жағасында пайда болған. Б.з.д. VIII–VI ғасырларда Спарта көрші аймақтар: батыста Мессанияны, шығыста Клаурияны жаулап алды. Спартаның барлық жері мемлекет меншігіне алынды. Бұл жерлер Спартаның толық құқылы азаматтары – спарталықтарға мұра ретінде пайдалануға берілді. Жерді басыбайлы құлдар – илоттар өңдеді. Спартаның бұрынғы жергілікті халқы – перизектер (жеке басы ерікті, бірақ саяси құқығы жоқ) колөнермен және саудамен айналысты.

Спарталықтардың өздері жеті жасынан әскери қызметке тартылды. Спартаның саяси құрылысы рулық-тайпалық сипатта болды. Халық жиналысы (апелла) жоғарғы орган саналды. Мемлекетті екі әулеттен (Еврипоний және Ашад) шыққан екі патша басқарды. Олар әскери жасақтарға жетекшілік етіп, бірқатар діни міндеттерді жүзеге асырып отырды, ал ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелерін ақсақалдар кеңесі (герусия) шешті.



Экономикалық жағынан Спарта қолөнер мен саудасы нашар дамыған, рулық қатынастар сақталған аграрлық қауым болды. Сәулет өнері мен өнерге мән берілмеді. Зандар өте қатал болды. Б.з.д. VI ғасырдың аяғында Спарта Пелопоннес одағын басқарып, бүкіл Грекияда билік жүргізу үшін Афинымен Пелопоннес соғысын (б.з.д. 431–404 жж.) жүргізді. Спарта жеңіске жетіп, біраз уақыт Грекияда үстемдік құрды. Бірақ билеушілердің ішкі дағдарысы Спартаның соғыс күшін әлсіретті. Ол б.з.д. 371-362 жылдары болған соғыстарда өз қарсыластарынан күйрей жеңілді. Б.з.д. 338 жылы Спарта Македонияға, ал б.з.д. 146 жылы Римге бағынып, мемлекет ретінде жойылып кетті.

### 9. Афина грек полисі ретінде

Афина қаласы ежелгі өркениет орталықтарының бірі, Грекияның астанасы. Эгей теңізінің жағасында, Аттика түбегіндегі төбелі жазықта орналасқан. Ол өзімен іргелес жатқан ең ірі теңіз порты – Пиреймен қосылып, үлкен Афинаны құрайды (аумағы 433,28 км<sup>2</sup>). Афина – Жерорта теңізінің жағалауындағы ең ірі қалалардың бірі. Афина – ежелгі Грекия тарихында Спартамен қатар жетекші рөл атқарған қала-мемлекет. Қала Зевстің қызы әйел құдай Афина Палладаның есімімен аталған. Қала-мемлекеттің қалыптасу тарихын баяндайтын негізгі еңбек – Аристотельдің «Афина политиясы». Афиналықтар шежіресі бойынша, қала Афина акрополинің төңірегінде, бұл жерде микен дәуірінің кезінде-ақ бекініс тәрізді елді мекендер мен б.з.д. XVI – XIII ғасырларда салынған сарайлар таңдаулы рулық қауымдарды біріктірудің нәтижесінде пайда болған. Б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында бұған дейін бірнеше әлеуметтік-саяси реформаларды басынан өткерген Афина мәдени гүлденудің «Периклдің алтын ғасыры» деп аталатын ең биік деңгейіне жетті. Афинада көрнекті ғалымдар, суретшілер мен ақындар: тарихшы Геродот, философ Анаксагор, мүсінші Фидий, ақындар – Эсхил, Софокл, Еврипид, комедияшы Аристофанның өмір сүрген жері. Афиналық жазушылардың тілі – Аттика диалектикасы бүкіл эллиннің әдеби тіліне айналды. Әсем үйлер салынды. Гипподам жобасы бойынша салынған тұтас бекіністің Акрополь ансамблін құрайтын негізгі гимараттары – әлемдік сәулет өнерінің озық үлгілерінің бірі Пар-

фенон храмы б.з.д. 438-447 жж. салынған. Фидийдің мүсіндері бейнелеу өнерінің туындылары кейінгі ғасырлар суретшілері үшін шеберлік мектебі іспеттес болды. Алайда, «алтын ғасыр» ұзаққа созылған жоқ.

Адамзат өркениеті ошағының бірі болған Афина ішкі жанжалдардың, алауыздықтың салдарынан 176 жылы Римнің қоластына өтті. Рим үстемдігіне қарсы бас көтерген Афинаны Корнелий Сулланың әскерлері жаулап, қалаларын қиратты. Б.з. III ғасырында сыртқы жаулардың шапқыншылығынан Афина біржола дербестігін жоғалтты. Қазіргі Афинада ежелгі грек, рим заманы мен орта ғасырлардың сәулет ескерткіштері жақсы сақталған.

## 10. Пелопоннесс одағы

Грецияда қалыптасқан бірінші әскери-саяси бірлестік Спартаның жетекшілігімен Пелопоннесс одағы болды. Б.д.д. V ғ. ортасында сыртқы жаулардан қорғану үшін құрылған Пелопоннесс одағын басқарды. Спартаның көршісі Мессениі аймағын жаулап алуы, Пелопоннесте Аргос ықпалының жойылуы Пелопоннесс одағының қалыптасына түрткі болды. Спарта алдымен Тегееймен келісім жасады. Өзге полистер Аргос пен Ахайиден басқасы Тегеей үлгісін қабылдады. Мегара мен Эгина да осы жолмен жүрді. Одақтастық келісім ережесі бойынша Одақтың барлық мүшелерінің территориясы мен автономиясының бүтіндігі сақталды.

Одақтық кеңесте симмахияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие болды, шешім дауыс басымдылығымен анықталды, дауыс беру барысында Спартаның басымдылық ықпалы болды. Спарта өз шешімі бойынша одақтық мемлекеттің өкілдерін соғыс пен бейбітшілік мәселесін шешуге, өзге полистермен одақтастық мәселелерін шешуге шақыра алатын.

Соғыс қимылдары басталған кезде одақтың әрбір мүшесі азаматтық жасақтық екіден бірін шығаруға тиіс болды. Әскердегі жоғарғы қолбасшылық Спарта патшаларының үлесінде болды. Одақтастардың шығарылуға тиісті әскерінің санын да спартандықтар анықтады. Теңізде соғысу үшін теңізге жақын

орналасқан одақ мүшелері кемелер дайындаса, территориясы теңізден алшақ орналасқандары кемеңі материалдық жағынан жабдықтауға тиісті болды. Әскери теңіз флотын спартандық әскербасшы – наварх басқарды. Күнделікті іспен де спартандық эфорлар айналысты.

Спартаға бағыныштылығына қарамастан, барлық одақтастар өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Жалпы одақтық қазына болған жоқ, одақтастар мүшелік салығын төлеген жоқ. Егер кейбір полистер әскери соғыс кимылдарын қолдаудан бас тартса, оларға тек ақшалай салық қана салынатын.

Пелопоннесс одағы өзінің гүлдену деңгейінің жоғарғы шегіне грек-парсы соғыстары кезінде (б.д.д. 500-449 жж.) қол жеткізді. Ол кезеңде Спарта барлық Эллада мен гректердің жалғыз қорғаушысы ретінде қабылданды. Б.д.д. 431-404 жж. Афина теңіз державасымен Пелопоннесс соғысы барысында Спарта жеңіске қол жеткізді. Одақтастар сыртқы саясат мәселесінде аристократия мен олигархияның мүддесін қорғап, демократиялық тәртіптермен күресті. Б.д.д. 371 жылы Спартаның Фивамен соғысындағы жеңілісінен кейін, Пелопоннесс одағы ыдырай бастады, б.д.д. 365 жылы толығымен тарап кетті.

#### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Полис дегеніміз не? Қала мемлекеттерге сипаттама беріңіз.
2. Спарта мемлекетінің құрылымын сипатта.
3. Пелопоннестегі қалалардың Спарта төңірегіне топтасуының негізгі себептерін ашып көрсетіңіз.
4. Афина мен Спарта қала мемлекеттерінің экономикалық, саяси әлеуетінің мол болуына қандай факторлар әсер етті?
5. Солон мен Клисфеннің реформасының қарапайым халық үшін маңыздылығы неде болды?
6. Македондықтар үшін қала мемлекеттерінің ішіндегі ең қауіптісі Афина болғандығын қандай себептермен түсіндіруге болады?
7. Аристократ, демократия, демос терминдірінің Грециядағы мазмұны мен қазіргі кезеңдегі бұл терминдер мазмұнының арасындағы айырмашылықтарды салыстыр.
8. Крит-Микен өркениетінің ерекшелігі және түп деректерін сипаттаңыз.
9. Крит және Ахей мемлекеттері Грецияның қай бөлігінде орналасқан?
10. Грецияның Аттика, Пелопоннес аймақтары мен Лаконика, Спарта және Мессения жерлерінің орналасуын түсіндір.

## КЛАССИКАЛЫҚ ДӘУІР (б.д.д. V-IV ғғ.)

### 1. Классикалық дәуірдегі грек қоғамы

Б.д.д. V-IV ғғ. грек қоғамы үш тапқа бөлінді. Олар – құл иеленушілер, өз шаруашылығында құл еңбегін пайдаланбайтын ерікті ұсақ өндірушілер және құлдар. Осындай үш топқа бөліну барлық ежелгі өркениеттер үшін дәстүрлі болып табылады. Бірақ ежелгі грек қоғамында полистік құрылымына байланысты өзіндік сипаты мен ерекшелігі болды.

Классикалық кезеңде грек құлдарының этникалық тегі грек еместерден қалыптасты. Полис азаматтарын құлға айналдыруға тиым салынған заңнан кейін, құлдықтың шығу көзі соғыс болды, соғыс кезінде қолға түсірілгендер құлға айналдырылды. Құлдардың семья құруға құқығы болмады. Дегенмен, құлдардың өзара бас қосып бірге тұруына тиым салынбады. Себебі, соғыс кезінде қолға түсірілген агрессивті құлдардан көрі, үй құлдары жоғары бағаланды.

Осылайша, Грециядағы құлдардың шығу кезі біртекті болған жоқ, жағдайлары да әртүрлі болды. Мысалы, ауылшаруашылығы мен қолөнерде жұмыс жасайтын құлдардың жағдайы үй шаруашылығымен айналысатын құлдарға қарағанда ерекше болды. Құлдардың арасында бірауыздылық болған жоқ, мүдделері жағынан бірігу мүмкіндігі де болмады. Сондықтан Греция құлиеленушілерге қарсы болған құлдардың ірі көтерілісін білген жоқ.

Аграрлық типтегі грек полистарында құлдар категориясына жақын бағынышты жұмысшылар болды. Мысалы, Спартада илоттар, Фессалияда пенесттер, Критте войкеялар. Олар барлық азаматтық қауымға тән болды. Бұндай категориядағы құлдарды «мемлекеттік құлдар» деп атады. Олардың отбасы, азғантай шаруашылыққа ие боп, бірақ азаматтық қауымға бағынышты болды.

Грек құлиеленушілерінің тобы бірнеше фракцияға бөлінді. Олар құл еңбегінсіз өз жер бөлігін өңдейтін шаруа-

лар немесе шаруа арендаторлар. Екінші топтың өкілдері – ұсақ қолөнершілер немесе саудагерлер-полис азаматтары. Еркін ұсақ өндірушілердің экономикалық және әлеуметтік статусы өзге топпен салыстырғанда біршама тұрақты болды.

## 2. Грек-парсы соғыстары

Б.д.д. VI ғасырдың соңында көптеген грек полистарында рулық аристократия билігі мен рулық құрылымның қалдықтары жойылды. Осыған орай Грецияда экономика белсенді түрде дамып, әлеуметтік үрдістер жылдамдатылды, мәдениет дамыды. Б.д.д. V ғасырдың басында Грециядағы полистік жүйеге, оның тәуелсіздігіне Ахеменидтік Парсы державасынан қауіп төнді. Ахеменид патшалары II Кир, II Камбиз, I Дарий Кіші Азия, Вавилония, Египетті жаулап алғаннан кейін, VI-V ғасырларда басқыншылық саясаттарын жалғастыра берді. Кіші Азия жағалауындағы гректердің саудамен айналысатын қалалары оқшауланып қалды, олардың Балкандық Греция полистерімен байланыстары, Қара теңіз жағалауындағы грек полистерімен байланыстарының деңгейі төмендеп кетті. Сонымен қатар, гректердің сауда мәселесі бойынша бәсекелестері финикиялықтар, парсылардың қолдауымен қалыптасқан жағдайды пайдаланып, теңіз саудасына монополиясын жүргізіп, гректерді Жерорта теңізінің нарығынан ығыстырып шығаруға тырысты.

Осы оқиғаларға дейін, Кіші Азияның батыс жағалауындағы грек полистері көрші Лидия патшалығына номиналды түрде бағынышты болса, парсы жаулап алушылығы барысында Ахеменид билігінің қолдаушыларының қатты қысымына ұшырады. Парсылар Кіші Азиялық грек полистерінің ішкі ісіне араласты, ахеменидтер қолдауымен билік басына келгендер, грек полистеріндегі демократияны тұншықтырды. Осы оқиғалар б.д.д. 500 жылы басталған ионийлік гректердің көтерілісіне алып келді. Парсыларға қарсы көтерілістің орталығы Кіші Азияның батысындағы ірі сауда қаласы – Милет болды. Күш тең болмағандықтан, көтерілісшілер Балкандық гректерден көмек сұрады. Балкандық гректерден тек Афины мен Эретрия ғана 25 кеме жіберіп көмек көрсетті. Өкінішке орай, б.д.д. 494 жылы

парсылар Милет қаласын алып, толық талқандады. Қаланың тұрғындары өлтірілді, қалғандарын құлдыққа сатып жіберді. Ионийлік көтеріліс – грек-парсы соғыстарының бірінші сатысы болды және гректердің жеңілуімен аяқталды. Афина мен Эретрияның гректерге қолдау көрсетуі, I Дарийге Балкандық Грецияға жаулап алушылығын бастауына түрткі болды.

Грек-парсы соғыстарының екінші сатысы б.д.д. 492-490 жылдарға келеді. Бұл парсылардың Балкандық Грецияға алғашқы енуі. Б.д.д. 492 жылы парсы әскерлері қолбасшы Мардонияның басқаруымен, Геллеспонттан өтті. Афон бұғазының түбінде дауылдан флоттың қирауына байланысты Фракияны ғана жаулап, Персияға қайтып келді. Б.д.д. 490 жылы, парсылар Датис және Артаферн қолбасшыларының жетекшілігімен, теңіз жолы арқылы Эвбей аралына келді. Аралды жаулап алып, Афинаға жақын жердегі Марафон жазығына әскер түсірді. Б.д.д. 490 жылы афиналықтар мен платейліктер талантты қолбасшы Мильтиада жетекшілігімен парсылармен болған Марафон ұрысында үлкен жеңіске жетті. Марафон даласындағы ұрыстан жеңілген парсылар Балкандық Грецияны тастап шықты.

Соғыстың үшінші сатысы б.д.д. 480-479 жылдарды қамтиды. Әскери оқиғалар арасындағы 10 жылдық демалысты афиналықтар әскери теңіз флотын құрып, ұтымды пайдаланды. Бұл демократияшыл топтың көсемі Фемистоклдың жетекшілігімен іске асты. Осы уақыттарда I Дарий қайтыс болып, парсылардың билігінің басына Ксеркс келді. Фермопилдің тау жолдары арқылы өтіп, Леонид патшаның жетекшілігімен спаргандықтардың қорғауында болған Беотия мен Аттиканы парсылар талқандады. Афина толығымен талқандалды. Бірақ б.д.д. 480-ші жылы Саламин аралындағы теңіз шайқасында парсылардың әскери флоты афиналықтардан жеңіліп қалды. Келесі жылы Платея түбіндегі ұрыста, парсылардың жаяу әскері де талқандалды. Милетке жақын жердегі Микале бұғазындағы жеңіс гректердің парсыларға қарсы жемісті нәтижелерін бекітті.

Осы ұрыстардың нәтижелері грек-парсы соғыстарының тағдырын анықтады. Парсылар Балкандық Грецияны тастап шықты, гректер әскери қимылдарды Эгей теңізінің аймағы мен Кіші Азияға қарай ауыстырды. Б.д.д. 478-459 жылдар грек-парсы

соғысының төртінші сатысы. Осы сатысында парсы үстемдігінен Кіші Азия мен Эгей теңізі аралдарындағы қалалар азат етілді. Бұл сатыдағы маңызды ұрыс Кіші Азияның оңтүстік жағалауындағы Эвримедонт өзеніндегі ұрыс болды. Б.д.д. 469 жылы афиналық қолбасшы Кимонның жетекшілігімен парсыларға үлкен соққы берілді.

Б.д.д. 459-449 жылдары әскери кимылдар біресе өрістеп, біресе басылып отырды. Б.д.д. 449 жылы Кипр аралында Саламин қаласында Каллия бітімі жасалды. Бітім афиналық өкіл Каллияның атымен аталды. Ахеменид державасының астаналарының бірі Сузы қаласында жасалған бітім ережесі бойынша, парсылар Эгей теңізіндегі, Геллеспонттағы, Боспордағы иеліктерінен айырылды. Кіші Азияның батыс бөлігіндегі грек қалалары саяси тәуелсіздігін алды.

Грек-парсы соғыстары гректер үшін азаттық сипатта болды. Парсылармен салыстырғанда әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғарылығы, грек әскерінің парсы әскерімен салыстырғанда әскери дайындығының артықшылығы, гректердің патриотизмі, ал парсы әскерлерінің негізінен басып алынған елдердің ұлттары арасынан қалыптастырылуы гректердің жеңісін қамтамасыз етті. Осы оқиғадан кейін грек полистерінің гүлденуі орын алды, Афина күшейді, соғыс барысында Делос одағы қалыптасты.

### **3. Бірінші Афиналық (Делосстық) теңіз одағы және оның Афиналық теңіз державасына айналуы**

Бірінші Афиналық (Делосстық) теңіз одағы Афинаның жетекшілігімен б.д.д. 478-477 жылдары Эгей теңізінің жағалаулары мен аралдарындағы грек полистерінің парсыларға қарсы бірлестігі ретінде қалыптастырылды. Одақтың қалыптасу тарихында екі саты көрсетіледі. Бірінші сатысы б.д.д. 478-454 жылдар. Бұл уақытта одақтың алдында парсы агрессиясын тоқтату және Кіші Азия мен Эгей теңізі аралдарындағы қалаларды парсылардың билігінен азат ету міндеті тұрды. Екінші саты б.д.д. 454-404 жылдар аралығы. Одақ қазынасы Делос аралынан Афинаға көшірілді. Пелопоннес одағының полистері, Спарта

одақтың алғашқы сатысында бірінші Афина одағының құрамына кірген жоқ.

Пелопоннесс одағымен салыстырғанда Делос одағының ұйымы күрделі болды. Оның шеңберінде біртұтас қаржы жүйесі, әрбір полистен жыл сайын түсіп отыратын мүшелік жарнамен толықтырылатын ортақ одақтық қазына болды. Б.д.д. 454 жылға дейін одақтың қазынасы Делос аралында болды, одақтастардың ортақ жиналысында шешіліп, одақтық әскер мен кемелерді жарақтандыруға жұмсалды.

Мүшелік жарнаның – форостың мөлшері әрбір полистің экономикалық мүмкіндігіне байланысты болды. Б.д.д. 454 жылы одақтың құрамына 200 полис енді. Олардың мүдделері жан-жақты қорғалып, өзара сауданы дамытып, сауда жолдарының қорғанысын қамтамасыз етті. Осы уақытта Бірінші Афина Одағы әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саясатымен гректердің ерекше саяси бірлестігіне айналды. Осы кезеңде Афина бұл одақты өз жетекшілігіндегі әскери-саяси-экономикалық бірлестікке айналдыруға тырысты. Бұл мақсатты қамтамасыз етуге байланысты жасалған алғашқы қадам – 454 жылы одақ қазынасын Делостан Афинаға көшіру болды. Қаржының жалғыз реттеушісі Афина гелиэясы болды. Нәтижесінде одақтастар ақшасы тек афина флоты мен афина гопплиттеріне жұмсалды. Аз уақыттың ішінде афиналықтар бұл ақшаны тек өз мүдделеріне – қоғамдық құрылысқа, қызметкерлердің жалақысына жұмсай бастады. Одақтастардың наразылықтары қатаң басылып тастап отырды. Одақтың құрамынан шығуға ұмтылған полистерге жазалаушы әскерлер жіберіліп отырды. Іс қарулы қақтығысқа дейін барды.

Бірінші Афиналық теңіз одағына айналған Афина теңіз державасының тағы бір ерекшелігі ретінде одақ шеңберінде демократиялық тәртіптерді орнатуды көздегенін де айтуымыз керек. Бұл процестер ақыр аяғында мемлекеттік биліктің орталықтандырылуына алып келді. Афина бірлестіктің негізгі қаласына айналды. Бұдан былай экономикалық, саяси және соттық мәселелерін шешу үшін өзге полис өкілдері Афинаға келетін болды. Одақтастарын біртіндеп бағыныштыларына айналдырған афиналықтар өздерінің экономикалық мәселелерін сәтті шешіп



отырды. Одақ территориясында афиналық өлшем, салмақ стандарты пайдаланылды. Ақша жүйесі Афинаның экономикалық байланысын жеңілдетіп, полис аралық саудадағы рөлін күшейтті. Одақтастар жерлері арқылы жер беру жүйесінің негізінде Аттиканың көптеген жерсіз мүшелері жер бөліктерін алды, осылай Афиналықтардың ішкі мәселесі шешілді. Екінші жағынан афина азаматтары-клерухтар Афина билігінің әлеуметтік тірегіне айналды, одақтастар арасында және Грецияның өзге территориясында афиналық демократия идеясының жүргізушілеріне айналды.

Афина әлеуетін күшейтуде, Афина теңіз державасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарған, Афинаның ірі мемлекеттік қайраткері, қолбасшы Перикл. Ол Афина демократиясының жетекшілерінің бірі болды. Перикл және оның жақтастары Делосс симахиясының Афина теңіз державасына айналу саясатын қалыптастырғандар еді. Б.д.д. 444-429 жылдары, афина азаматтары Периклды жыл сайын бірінші стратег қызметіне сайлап отырды. Бұл уақытта Афина бүкіл Грецияның саяси және мәдени астанасына айналды. Б.д.д. 404 жылы Пелопоннесс соғысы кезеңінде Афинаның Спартадан жеңілуі себепті Бірінші Афиналық теңіз одағы тарады.

#### **4. Пелопоннесс соғысы**

Грек-парсы соғыстарынан кейін Греция экономикасының өрістеуі орын алды. Полис аралық, халықаралық сауда өсті. Бұл жетекші қолөнер сауда полистері Эллада мен Афина, Коринф пен Мегара арасындағы бәсекелестікке алып келді. Олардың сауда мүдделері тек материкте ғана емес, грек әлемінің солтүстік шығыс бөлігі – Македония, Фракия, Қара теңіз жағалауы және Батыс Жерорта теңізі – Италия, Сицилияда да түйісті. Сондықтан осы аймақтардың транзиттік сауда жолдарына бекініс пунктерін салу аса маңызды болды. Мысалы, Халкидика, Керкира, Эпидам т.б.

Пелопоннесс соғысына алып келген келесі себеп – саяси сипатты иеленді. Б.д.д. 445 жылы Афина мен Спартаның арасында «отыз жылдық бітім» жасалған, парсы агрессиясына қарсы бірге күрес кезеңінде біріккен екі мықты әскери-саяси одақтың тепе-теңдігі б.д.д. V ғасырдың 30-жылдары бұзылды. Гре-

ция полистерінде Афина демократиялық тәртіптерді қолдауға ұмтылса, Спарта өзінің сыртқы саясатында олигархиялық тәртіпке бағытталды. Афина мен Спартаның Грецияда саяси үстемдікке ұмтылуы, 30 жылға созылған Пелопоннесс соғысының тағы бір себебі еді.

Б.д.д. 431-404 жылдардың аралығында орын алған қанды қақтығыстар соғысқа тартылған барлық полистер үшін ауыр болды. Соғыстың басталуына бірнеше қақтығыстар себеп болды. Солардың бірі Пелопоннесс одағының құрамындағы Коринф пен оның отары Керкира арасындағы олардың ортақ отары Эпидам үшін қақтығысы. Керкира метрополияның қысымынан азат болып, Иллирия жағалауындағы транзиттік сауданың маңызды пунктісі Эпидамды бағындыруға тырысты. Б.д.д. 443 жылы Керкираға қолдау көрсету үшін Афина өз флотының жартысын жіберді. Нәтижесінде, Эпидамнан олигархтар өкілдері қуылды. Бұл Коринф пен Афина арасындағы байланысты күрделендіріп жіберді.

Б.д.д. 432 жылы Коринф азаматтары Афина үстемдігіне қарсы шыққан Бірінші Теңіз Одағы құрамына кіретін отары Потидеяға қолдау көрсетті. Осы жылы афина мегарлықтарға Аттикада сауда операцияларын жүргізуге тиым салды. Нәтижесінде, Коринф және Мегар өтінішіне Спарта афиналықтар орындай алмайтын талап қойды. Бұл ашық әскери қақтығысқа алып келді. Пелопоннесс соғысына бір жағынан Афина теңіз державасының құрамына кіретін, екінші жағынан, Пелопоннесс одағының гегемоны Спартамен одақтық байланыстары бар барлық грек полистері тартылды. Іс жүзінде бұл соғыс – Грецияның екі ірі әскери бірлестігінің соғысы болды. Афина демократиясының жетекшісі Перикл Афинаның теңіздегі артықшылығын пайдаланып (осы кезеңде Спартаның өз флоты болмаған еді), құрғақта соғыс қимылдарын жүргізуден бас тартты. Сондықтан, теңіз десанттарының көмегімен Пелопоннесс территориясында жауға соққы беру жоспарланды. Мықты жаяу әскері бар Спарта, Аттика территориясын талқандап, Афина мен оның одақтастарын жаяу әскер көмегімен талқандауды жоспарлады.

Пелопоннесс соғысының екі ірі сатысы бар: б.д.д. 431-421 жылдары болған Архидам соғысы және б.д.д. 415-404 жыл-

дары болған Декелей соғысы. Соғыс қимылдарын Спартаның одақтастары фивандықтар 431 жылы сәуірде Бірінші Афина теңіз одағының құрамына кіретін беотиялық полис Платеяға шабуылмен бастады. 431 жылдың маусым айының ортасында Архидамом патшаның басқаруымен Аттикаға басып кіреді. Аттика тұрғындары Афинаға барып тығылды. Б.д.д. 430 жылы спартандықтар Афинаға тағы шабуылға шықты. Тұрғындары тығыз қоныстанған Афинада жұқпалы аурулар шықты. Жұқпалы аурулардың құрбаны көптеген қалалардың тұрғындары болды, соның ішінде Перикл де жұқпалы аурудан қайтыс болды.

Соғыстың алғашқы жылдары Афина экономикасына кері әсер етті. Полистің әскери қуаты әлсіреді. Афина демократиясының жетекшісінің өлімі полистегі саяси тұрақсыздыққа алып келді, Никей бастаған демократтар мен саудагерлер мен қолөнершілердің мүддесін қорғайтын Клеон бастаған демократтар арасында қақтығыс басталды. Клеон тобы жеңіске жетіп, б.д.д. 425 жылы Пелопоннестің батыс жағалауы Пилосты жаулап алды. Пилосқа жақын орналасқан Сфактерия аралында жүздеген танымал спартиаттарды афиналықтар тұтқынға алды. Афиналықтар мен Мессендік илоттардың одағының қалыптасуына мүмкіндік туған кезде Спартаның жағдайы мүлде қиындап кетті.

Пелопоннестің батыс жағалауындағы әскери қақтығыстың алдын алу үшін және Афиналықтарды одақтан шығаруға мәжбүрлеу үшін, спартандық қолбасшы Брасид әскери қимылдарды Балкан жартыаралының солтүстік-шығысынан Халкидаға ығыстыруды көздеді. Б.д.д. 422 жылдың қазан айында Амфиполь түбіндегі ұрыста Клеон басқарған афиналықтар спартандықтардан жеңіліп қалды. Клеон мен Брасид ұрыста қаза болды. Осындай оқиғалар Афиналықтар мен Спарталықтардың күшін әлсіретті. Б.д.д. 421 жылы Афина делегациясын басқарған әскербасшы және саяси қайраткер Никияның атымен Никиев бейбіт келісімі жасалды. Келісім ережесі бойынша, соғысушы екі жақ Архидам соғысына дейінгі территорияларына қайтып келді.

Тыныштық ұзаққа созылған жоқ. Б.д.д. 420 жылы Периклдың жиені Алкивиад басқарған афиналық белсенді топ, соғыс қимылдарын жүргізуді қолдап, бірқатар пелопоннесс полистерінде спартандарға қарсы наразылықтарды ұйымдастырды. Б.д.д. 418

жылы Мантинее түбіндегі ұрыста Спарта көтерілісшілерді басып тастады. Б.д.д. 415 жылы көктемде Алкивиад ұйымдастыруымен афиналықтар Сиракуздерге қарсы Сицилия аралына әскері-теңіз экспедициясын ұйымдастырды. Спарталықтардың көмегімен афиналықтар талқандалды, бұл олардың беделі мен қуатына қатты соққы болды. Осы оқиғадан кейін Алкивиад діни қылмыс жасады деп айыпталып, Спартаға қашып кетті. Алкивиад кеңесімен спартандықтар Аттикадағы әскери қимылдарын жалғастыра берді, Декелея территориясын Афинаға шабуылдайтын плацдармға айналдырды. Афинадан 20 км. Қашықтықта орналасқан осы қаланың атымен Пелопоннесс соғысының екінші сатысы Декелей соғысы деп аталады (б.д.д. 415-404 жж.).

Спарта өзінің ежелгі қарсыласы Персияның ақшалай қаржысына сүйене отырып, соғыстың алғашқы сатысында Афина одағынан шығып қалған Кіші Азияның қалаларынан салық жинай бастады. Б.д.д. 411 жылы Афинаның жағдайы нашарлап, олигархиялық төңкеріске алып келді. Афинада 400 ақсүйек олигархтардың билігі орнады. Олардың жақтастары спартандықтарға бүйрегі бұратын Аттиканың ірі жер иеленушілері болды, олар Аттикадағы соғыс қимылдарынан көп зардап шеккендіктен, тез арада бейбіт бітім жасауды талап етті. Флот демократтардың мүддесін қорғады. Демократтар аз уақыттың ішінде олигархтардың билігін жойды. Бірінші бейбіт келісімдер барысында спартандықтар Бірінші Афина теңіз одағы жоюды талап етті. Бұл талапты олигархтар орындай алмады.

Соғыстың келесі сатысы бірнеше теңіз ұрыстарымен сипатталады. Персияның қаржылай көмегіне сүйенген спартандықтар Афинадан күші кем түспейтін өз флотын қалыптастырды. Афиналықтар өз одақтастарының коалициясын ұстап қалу үшін көп күш жұмсауға мәжбүр болды. Осыған қарамастан Кизик, Ионии түбінде афиналықтар спартандықтарды жеңіп, б.д.д. 406 жылы Аргинуз аралында жеңіске жетеді. Осыдан кейін бастама толық Спартаның қолына өтті. Б.д.д. 405 жылы спарталық адмирал Лисандр Геллеспонтта Эгоспотамах түбінде афиналық флотты талқандады. Б.д.д. 404 жылы теңізде де, құрғақта да қоршауда қалған Афина капитуляцияға ұшырады. Бейбіт келісім үшін Спартаның қойған талабы өте ауыр болды –Бірінші Афиналық

теңіз одағының таратылуын, қосымша қорғаныс кемелерінен басқа флоттың таратылуын, Пирей портындағы бекіністі жою, Афинамен жалғасып жатқан «Ұзақ қабырғаны» құлату сияқты талаптар еді. Афиналықтар гегемоны Спарта болып қалатын Пелопоннес одағына кіруге, шет жерлердегі иеліктерін қайтарып беруге, қуғындалған олигархтарды қайта қабылдауға тиіс болды. Б.д.д. 403 жылы осының нәтижесінде «30 тианның билігі» орнады, ол жазалаушы қанды билік болды. Демократия бұл жерде тек б.д.д. 402 жылы қалыптастырылды.

Соғыс нәтижелері Грецияда Спарта гегемониясы қалыптасты, Афина демократиясының, Грецияның халықаралық беделі түсті. Халықаралық қатынастарда Персия жетекшілікке ие болды. Греция полистеріндегі ұзақ дағдарыстан кейін Македония патшалығына бағынып, тәуелсіздігін жоғалтты.

## **5. Классикалық грек полисінің дағдарысы**

Б.д.д. V ғасырдың соңынан грек полистары ұзаққа созылған дағдарысты басынан кешті. Бұл Грецияның құлиеленушілік жүйесінің дағдарысы емес, себебі, құл иеленушілік экономиканың және полисаралық сауданың прогрессивті дамуы негізінде көрініс алды. Азаматтардың ұжымының томаға-тұйықтығы мен ынтымақтастығына, азаматтардың артықшылықтары арқылы полис азаматтарына жатпайтындармен, сыртқы ортамен қарама-қайшы қойылған грек полистері бұндай сынды көтере алмады.

Грек полисіндегі дағдарысты дәстүрлі «азамат-меншік иесі-жауынгер» деген байланыстың үзілуінен де байқауға болады. Бұрын әрбір азаматтың жер бөлігі болып, одан оның азаматтық статусы туындаса, енді, жерсіз азаматтардың саны көбейді. Бұл процесс азаматтардың экономикалық мүддесіне байланысты болды. Себебі, жерден түсетін табыстан ақшалай ссуданың табысы әлде қайда жоғары болды. Сонымен бірге, жер көзге көрініп тұратын байлық еді. Полис билігі жерді, есептеп, одан түсетін пайданың мөлшерін бағалап отыратын, ал ақша мен қымбат заттар көзге көрінбейтін, олардың жасырып қоюға мүмкіндік мол еді. Енді бұрынғы ауқатты азаматтар полис талап ететін әртүрлі әскери салықтар мен литургиядан қашып, бұрын құрмет болып санала-

тын міндеткерлікті орындаудан жалтарып отырды. Көзге «көрініп тұратын» мүлікті иелену тиімсіз болып қалды. Жерді алып-сату тәжірибесі кең тарады. Азаматтардың келесі бөлігі осындай жағдайда жер бөліктерін көптеп сатып салып, арендаға беріп, тұрақты табыс көзіне айналдырды. Арендалық байланыстарға жерсізденген азаматтар, метектер (азамат еместер), азаттыққа жіберілген бұрынғы құлдар тартылды. Бұрын тек азаматтардың ғана қолы жететін құрметті жер иелену құқығы азамат еместерге де мүмкін болды. Сондықтан кедейленген, жерсізденген азамат еместер, метектер, бостандыққа жіберілген құлдар әлеуметтік жағынан бір-біріне жақындап, бір топты қалыптастыра бастады.

Б.д.д. IV ғасырдан бастап, көптеген полистер материалдық қиындықтарды сезе бастады. Полис территориясында өмір сүріп отырған шет жерлік байлар, азаматтық ұжымның басына іс түскенде материалдық көмек көрсетті. Ол үшін халық жиналысының шешімімен оларға үй, жер бөлігін, кейде азаматтық статус алуға рұқсат етті. Бұл дәстүрлі азаматтық меншік жүйесін бұзды. Дағдарыс кезеңінде көптеген полистер өздерінің кедейленген азаматтарын қолдауға тырысты. Қоғамдық жұмыстар мен «жұмыс орындары» ашылды. Афинада жағдайын түзеуге бағытталған осындай шараларды тек метектер мен еркіндікке жіберілгендер пайдаланды. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын Афина азаматтарының саны аз еді. Жерді арендаға беру, жалдамалы жұмыс сияқты байланыстарда да осындай көріністер орын алды. Өз еңбегімен материалдық жағдайын түзетуге тырыспаған кедейленген азаматтардың әрекетін полистің әлеуметтік шаралары мен бай мүшелерінің садақаларымен өмір сүреміз деп ойлауымен түсіндіруге болады. Кедейлер алған көмек ақыларын өндіріске емес, күнделікті қажетіне жаратты. Сондықтан, бұндай шаралар қажетті нәтижелерге қол жеткізбеді.

Бұл процестердің барлығы полис азаматтарының ынтымақтастығын бұзды. Б.д.д. V ғасырдың соғы мен IV ғасырдың басында полистік әскердің негізі де жойыла бастады. Әскери компаниялар барысында азамат-жауынгерлер өз шаруашылығынан ұзақ уақытқа қол үзіп қалды, гоплиттік қару-жарағы барлардың саны азайды. Бұдан былай әскер мәселесі мен әскери техникаға талап басқаша болды. Дәл осы уақытта полис азаматтарының әскерде қызмет етуге байланысты көзқарасы өзгерді. Жалдамалы әскер

пайда болды. Маманданған жалдамалылар жақсы үйретілген, тәртіпті, жанұялық байланыстары жоқ, өз шаруашылығына ұмтылмайтын. Екінші жағынан, жалдамалылар полистік ынтымақтастықтың барлығынан жұрдай еді, кім ақыны көп төлесе соған қызмет етті. Жалдамалылық полис ішіндегі саяси жағдайды ушықтырды, көптеген полистердің агрессивті сипатын күшейтті, өзге территорияларды жаулап алуға бейім болды. Өз азаматтарын тонап кететін жағдайлар да кездесті. Полистік азаматтық жауынгерлердің саны күрт азайды. Осылай ежелден келе жатқан азамат-жауынгер байланысы да үзілді.

Классикалық полистің тағы бір құрылымы – оның саяси ұйымы өзгеріске ұшырады. Халық жиналысы өзінің құрамы бойынша да, бағыты бойынша да бұрынғы сипатын жоғалтты. Б.д.д. IV ғасырдың басында халық жиналысына қатысу үшін ақы төлеу кедейленген азаматтардың санының өскенін ғана емес, олардың саяси бейтараптылығын көрсетеді. Полистік демократияның негізі жойылды, көп жағдайда халық жиналысы азаматтардың емес, аз топтың мүддесін қорғады.

Сылайша гректердің классикалық полисі эллиндік өркеніетке тән даму сатысы ретінде, тарихи көрініс ретінде өз мүмкіндіктерін жоғалтып алды. Полис жүйесінің экономикалық базасы – меншіктің антикалық түрі полис дағдарысы кезеңінде жекеменшікке ауысып кетті. Экономикадағы жаңа көріністер полистегі қоғамдық бастамалармен қайшылыққа түсті, классикалық полистің экономикасы тек шектеулі қолөнер мен нарықтың дамуына мүмкіндік беретін.

Қолөнер мен сауданың тұрақты түрде дамуы полис автаркиясын біртіндеп жоя бастады. Антикалық меншік түрінің қарсыласы ретінде жеке меншік классикалық полистің негізін жойып, оның өмір сүруін тоқтатты. Осылай полис дағдарысы анықталды. Азамат-меншік иесі-жауынгер деген байланыс жойылды. Демократиялық басқару құрылымы жойылды. Полистің саяси қайраткерлері Ахеменидтік державаны жаулап алу арқылы Грециядағы дағдарысты тоқтатып, әлеуметтік қайшылықты азайтуға болады деп есептеді. Бірақ Шығысқа жасалған жорық сәтті болу үшін, гректер полис аралық қырқысуды тоқтатып, бірігуі керек еді. Осындай жағдайда гректердің солтүстіктегі көршісі Македония гректерді қарудың күшімен біріктіре бастады.

## 6. Македонияның Грецияны жаулап алуы. Парсыларға қарсы жорыққа дайындық

Ежелгі Македония Грецияның солтүстігінде орналасқан, эллиндік әлемнің артта қалған бөлігі еді. Пелопоннесс соғысының басында Македония Парсы бағыныштылығынан азат болып, соғыс барысында патшалық біртіндеп күшейіп, Эгей теңізінің солтүстіктегі жағалауларын жаулап ала бастады. Македон мемлекеттілігінің аяқталуы II Филипп кезінде б.д.д. 359-336 жылдары іске асты. II Филипп өз державасының қуатын шарықтатты. Македон әскерінің құрылымына реформа жасап, тұрақты, соғысуға қабілетті әскер қалыптастырды, көрші Фракияны алтын және күміс шығатын территорияларымен жаулап алды. Бұл ақша реформасын жасауға мүмкіндік берді. Балканда жаулап алушылық саясатын бастады. II Филипп бір жағынан талантты дипломат болды. Филиптің белсенді сыртқы саясаты, македон әскерінің артықшылығы, фалангасының күштілігі б.д.д. 357-340 жылдары маңызды нәтиже берді. Орталық және солтүстік Грецияның біршама территориясы Филипке бағынды.

Кейбір грек саясаткерлері II Филипп тұлғасынан гректерді біріктіретін, қырқысын тоқтататын, оларды Шығысқа жорыққа бастап баратын адамның бейнесін көрді. Осындай көзқарастағы грек құлиеленушілерінің идеологиялық жетекшісі – риторика мектебінің басшысы, афиналық публицист Исократ еді. Гректердің келесі тобы II Филипптің антидемократиялық әрекеттерін айыптады, грек полистерінің басты жауы деп есептеді. Бұл топтың саяси жетекшісі Афинадағы демократиялық топтың көсемі, оратор және мемлекеттік қайраткер Демосфен болды. Оның ойынша өздерінің ішкі қиыншылығын тек гректер ғана шеше алады және Афина басшылығымен Македон патшалығының экспансиясына қарсы тұруға болады деп есептеді.

Екі топтың ортақ шешімі – әлсіреген Ахеменидтік державаны жаулап алу Элладаның жағдайын тұрақтандырып, жаңа жерлер мен байлық алып келер еді, – деген пікір болды. Осындай саяси күрес барысында Демосфен басқарған топ жеңіске жетті. Грек полистерінің басым бөлігі өз еркіндігі мен автономиясының құнымен Элладаның бірігуін іске асырғысы



келген жоқ. Сондықтан Демосфен мен Афина елшілігінің күшімен македондықтарға қарсы Афина мен Фиваның одағы қалыптастырылды. Фива – маңыздылығы жағынан Грециядағы екінші полис болатын.

Бұл шешім II Филиппті таңдандырған жоқ. Б.д.д. 338 жылы мықты үйретілген әскері мен салтатты әскерінің басымдылығын пайдаланып, Херонея қаласының түбінде афиналықтар мен фивалықтардың біріккен әскерін талқандады. Грек полистерінің бостандығының тағдыры осылай шешілді. II Филипп Греция азаматтарының арасындағы демократиялық басымдықтарды бағалай отырып, өз жеңісін бүкіл Элладаға қажетті игілікті іс ретінде көрсетті. Соғыстан кейін Македон патшасы Коринфтің жетекшілігімен жалпы Эллиндік конгресс шақырылды. Оған спартандықтардан басқа барлық гректер қатысты.

Коринф Конгресінің шешімімен Грецияда жалпы бейбітшілік орнату жоспарланды, грек полистерінің еркіндігі, автономиясы жарияланды. Осымен қатар панэллиндік Коринф Одағы құрылатыны жарияланды да, осы одақтың атынан Персияға қарсы соғыс ашылды. Коринф Лигасының әскербасшысы II Филипп болып жарияланды, формалды түрде Македония бұл одаққа кірген жоқ. Конгресс барысындағы «тәртіп», «демократия» Македон әскерінің күшімен қалыптастырылды. Тек Спарта Коринф Конгресінің шешімін заңсыз деп тапты, Панэллиндік Лиганың Македондық жетекшісі Филиппті мойындамады.

Осы уақытта Греция мен Ахеменидтердің парсы державасы арасындағы қайшылық өрістей түсті. Б.д.д. 336 жылы бұл қайшылық өзінің шарықтау шегіне жетті, II Филипп Кіші Азияға парсы үстемдігінен грек қалаларын азат ету үшін әскер жіберді. Парсы патшасы III Дарийге қарсы ұйымдастырылған қимылдар II Филипптің өлімімен тоқтап қалды. Осыдан кейін македон патшасының тағына оның 20 жасар ұлы Александр отырды.

Қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Грециядағы македонияға қарсы күштер Фивамен біріге келе, көтеріліске шықты. Өзгелердің таңданысына орай, жас Александр өз уақытында, шешуші түрде, дәл қимылдады. Македон әскерінің күшімен ол көтерілісшілерді аяусыз жазалады. Фива талқандалды, тірі қалғандарын балаларымен бірге құлдыққа сатып жіберді. Александр Персияға жорықты

екі жылға шегіндірді. Македон әскерінің күшінен қорыққан гректер Александрды Коринф Лигасының стратег-автократы етіп тағайындады. Әкесіне берілген біріккен грек және македон әскеріне қолбасшылық Александрге көшті.

Парсылар өз әскері мен материалдық игілігі жағынан македондықтар мен гректерден басым еді. Дегенмен, біріккен Коринф Лигасының әскерінің күші де парсылардан кем емес еді. Ең күшті флотты иеленген Афиналықтардың сенімсіздігі, Эллада полистерінің арасындағы македондықтарға қарсы көңіл-күй, Коринф Лигасына бірігудің күшпен жүзеге асуы Александрды тек македон әскеріне сүйенуге мәжбүрледі.

**Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Грек-парсы соғыстарының негізгі мазмұны.
2. Бірінші Афиналық (Делосстық) теңіз одағы.
3. Пелопоннесс соғысының негізгі себептерін талда.
4. Гректер мен парсылардың арасындағы қақтығыстың негізгі себептері неде? Экономикалық және саяси себептерді анықтап жікте.

*3-тарау*

## **ЭЛЛИНИЗМ ДӘУІРІНДЕГІ ГРЕЦИЯ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС**

### **1. Александр Македонскийдің шығысқа жорығы. Әлемдік державаның қалыптасуы және ыдырауы**

Б.д.д. 334 жылы македон әскерінің жақсы дайындығынан кейін және грек полистерінің жаяу әскерімен, фессалий салт аттыларымен, крит садақшыларымен күшейтілген әскер Геллеспонт бұғазынан өтіп, Персия территориясына келіп түсті. Соғыстың сылтауы б.д.д. V ғасырдың бірінші жартысындағы грек-парсы соғыстары барысында гректердің қасиетті жерлерінің жапа шегуі болды. Александр Македонский осы идеологиялық үндеуді пайдаланып, грек-македон күштеріне жетекшілік жасады.

Парсылармен бірінші қақтығыс Граник өзенінің бойында

болды, Александр жеңіске қол жеткізді. Грек-македондықтарға қарсы бұл ұрыста Персияның Кіші Азиялық сатраптары мен грек жалдамалылары қатысты. Парсы патшасы III Дарий мен оның тұрақты әскері Граник түбіндегі ұрысқа қатысқан жоқ. Граниктегі ұрыстан кейін Александр Кіші Азия жағалауындағы грек қалаларын азат етіп, Кіші Азияның басым бөлігін жаулап алып, Сарды мен Гордийді жаулап алды. Соғыстың осы сатысының барысында грек тұрғындарының қолдауына сүйену үшін, олигархтарды қуғындап, жаулап алған қалаларда демократиялық басқару жүйесін қалыптастырып, парсы билігінен азат екенін жариялады.

Кіші Азияны жаулап алуды аяқтап, Александр Киликия арқылы өтіп, Солтүстік Сирия территориясына келді. Осы жерде екінші үлкен ұрыс орын алды. Б.д.д. 333 жылы күзде Иссе түбінде грек-македондықтар парсылармен соғысты. Әскерді III Дарийдің өзі басқарды. Екі жақ үшін де ұрыс өте ауыр болды, көптеген шығындарға алып келді. Александр үлкен қиындықпен жеңіске жетті. Бұл жеңіс Сирия-Палестина жағалауын жаулап алуға мүмкіндік ашты.

Дамаск қаласында III Дарийдің әскери қазынасы қолға түсті, бұл Александр Македонскийдің материалдық шығынын толтырды. Тир, Газа қалалары қатты қарсылық көрсетті. Газа қаласын алу македондықтарға Египетке жол ашты. III Дарийден қолдау көрмеген парсы сатрапы өзі берілді. Египеттіктер Александрды парсы басқыншылығынан азат етуші ретінде қарсы алды. Б.д.д. 331 жылы Нил өзенінің аңғарында Жерорта теңізі жағалауында Александр қаланың негізін салды. Бұл қаланы өз атымен атады. Шығыста қала салу саясаты кең қолдауға ие болды. Александрдың өзі және оның мұрагерлері бұл саясатты үнемі жалғастырып отырды.

Македон патшасының келесі саясатының идеологиялық астары болды. Ол Мемфистің батысында орналасқан Амон құдайына қажылық жасады. Абыздар македон патшасы және стратег, Коринф Лигасының автократы Александрды гректер Зевске теңестіретін Амон құдайының баласы деп жариялады. Осылайша Александр Македонскийдің «құдайдан жаралғандығы» заңдастырылды.

Б.д.д. 331 жылдың көктемiнен Александр Македонскийдiң шығысқа жорығының екiншi кезеңi басталды. Египеттен шыға салысымен грек-македондық әскер солтүстiкке бет алып, Евфрат өзенiнен өтiп, Тигр өзенiне таяу жерде Гавгамела қонысының маңында б.д.д. 331 жылдың қазан айында парсы армиясымен шешушi шайқасқа түстi. Осы қиян-кексi ауыр шайқаста Александр Македонский жеңiске жеттi. Оның қарсыласы Дарий Ш шайқас алаңын тастап кетуге мәжбүр болды. Ол Мидияның тауларына барып жасырынды. Александр Македонскийдiң әскерi ешқандай қарсылық кездестiрместен, жедел әскери саппен бүкiл Месопотамияны басып өттi. Сузиананы кесiп өткен соң Македонскийдiң армиясы Персиданың территориясына ендi. Персида ол кезде Ахменидтер державасының орталығы және бесiгi саналатын. Ұлы Вавилон, байлығы мол Сузы, державаның қасиеттi орталығы болып табылатын Персополь шайқассыз берiлдi. Сузыда басқыншылардың қолына Парсы державасының қазынасы түстi. Б.д.д. 330 жылы Александр Персополь сарайын өртеп жiбердi. Бұл Элланың мәңгi жауы болып табылатын – Парсы державасының күйрегендiгiнiң белгiсi болды. Осы кезде Дарий Ш өз айналасындағы жоғары шендi қаскөйлердiң қолынан қаза тапты.

Парсылардың ата жұрты болып саналатын территориялар мен таулы Мидияны бағындыру Македония патшасына өз тылының берiктiгiн қамтамасыз етуге мүмкiндiк бердi. Жеңiске жеткен соң Александр Македонский өзiнiң жақын айналасында тазартуды жүзеге асырды. Жас патшаның iс-әрекетiне көңiлдерi толмаған олар бiрқатар жауыздық әрекеттерге барды (Филот пен Парменионды өлтiру). Олар мұнымен қоймай, әскери қимылдарды жалғастыра берудi талап еттi және өздерiнiң қол астындағыларды шығыстандыру саясатын табанды түрде жүргiздi. Александр Македонскийдiң өзiнiң айналасында тазарту шараларын жүзеге асыруы уақытша болса да, оппозициялық көңiл-күйдiң басылуына алып келдi. Тазарту шараларын жүзеге асырған Александр көмекшi әскердi таратып жiбердi. Дарий Ш қаза тапқан соң Парсы державасының барлық халқы македондық басқыншы-патшаны өздерiнiң заңды әмiршiсi ретiнде қабылдауға тиiстi болды.

Бұл жетістіктердің барлығы Александрға жеңіліске ұшыраған Ахменидтер державасының шығыс сатрапиялары мен Үндістанның солтүстік-шығыс облыстарын басып алу жоспарын (329-324 жж.) іске асыруға мүмкіндік берді. Бұл шығыс жорығының ең ауыр бөлігі болды. Қайта құруды бастан кешірген македондық армия аса қиындықтармен Бактрия мен Согдиананы жаулап алды. Осыдан кейін Александр әлемдік үстемдікке жетуді мақсат тұтты. Жергілікті ақсүйектерді өз жағына тарту үшін Александр атақты соғдылық ақсүйектің қызы Роксанаға үйленді. Өз айналасындағы оппозициялық көңіл-күйдің соңғы көріністерін басып-жаныштау (Каллисфеннің бүлігі, Клиттің өлтірілуі), Александрға өз әскерін Үндістанның солтүстік-батысына жорыққа шығуға қанаттандыруға мүмкіндік берді. Б.д.д. 326 жылы Гидасп түбінде үнді патшасы Пормен болған шайқаста Александр өзінің кезекті, бірақ ең соңғы жеңісіне жетті. Инд өзені бойындағы біраз территорияларды жаулап алған оның армиясы, ұзаққа созылған әскери қимылдардан қажып, жорықты жалғастырудан бас тартты. Б.д.д. 324 жылдың бас кезінде Александр Македонский әскерінің қалдығымен өзінің орасан зор державасының астанасы Вавилонға қайта оралуға мәжбүр болды.

Осы жорықтың ақтық кезеңінде Александр Сузыда македондықтар мен парсылардың бітімге келуінің белгісі ретінде өзінің 10 мың жауынгерін жергілікті қыздарға үйлендірді. Осы мақсатта Александр өз әскерінің қатарына 30 мың жасөспірім-парсылардан тұратын армияны қосты. Осымен бір мезетте Александр жаулап алынған территорияларда отарлар мен әскери қоныстар салу науқанын бастап жіберді. Бұндай отарлар мен әскери қоныстар Александр билігінің тірек пункттеріне айналуы тиіс болды. Сондай-ақ Александр жаңа жорыққа (Арабия мен Солтүстік Африкаға) даярлана бастады. Алайда ол кенеттен б.д.д. 323 жылы 33 жасында безгектен қайтыс болды. Александрдың қазасы оның жоспарларын аяқасты етті.

Қарулы күштің көмегімен құрылған оның жаңа державасы Дунайдан, Адриатикаға, Египет пен Кавказдан, Инд өзеніне дейін созылып жатты. Александрдың державасы территориялық және этникалық жағынан сонда өмір сүріп жатқан халықтарды еске салатын. Бұл державаның жекелеген аймақтарының әлеуметтік-

экономикалық даму деңгейі әртүрлі болды. Аталған жағдай ең алдымен грек-македондық басқыншылардың талауына түскен Ахменидер мемлекетінің территорияларына тән болды. Бірақ территориялық, этникалық және әлеуметтік-экономикалық дамуы әртүрлі мемлекеттік құрылымның ұзақ өмір сүруі екіталай болатын. Сондықтан көп кешікпей, македондық патшаның өлімінен соң, оның державасының ыдырауы басталды. Бұл ыдырау үдерісі соңында, «әлемдік» империя жұртында пайда болған эллиндік патшалықтар жүйесінің қалыптасуына алып келді.

## **2. Эллиндік мемлекеттер жүйесі. Оларды Римнің жаулап алуы**

Александр Македонскийдің шығысқа жорығынан бастап, Жерорта теңізінің бірқатар бөлігі мен Египет, Кіші және Алдыңғы Азия және оған жақын аймақтар; Орталық Азияның оңтүстік және орта бөлігінен Инда өзенінің төменгі бөлісіне дейінгі елдердің тарихи дамуында эллинистік даму басталды. Эллинизм – эллиндік (батыстық) және жергілікті (шығыстық) белгілердің саяси, экономикалық, мәдени, идеологиялық салаларда өзара араласып кетуі. Бұл синтез ежелгі Шығыс территориясын грек-македон жаулап алушылығы барысында қалыптасқан тарихи жағдайда мүмкін болды. Ежелгі грек тарихының эллиндік кезеңі б.д.д. IV ғасырдың соңғы ширегінен басталып, б.д. I ғасырының соңында аяқталады. Б.д.д. 30-жылы соңғы эллиндік патшалық Птоломейлік Египет, Египеттің қолына өтіп, бұрын эллиндік династия қолындағы территориялар Республикалық Рим мен Парфия мемлекетіне таратылып беріледі. Александр өлгеннен кейін оншақты жыл ішінде ыдырау процесі басталған державаның жеке бөліктеріне иелік ету үшін диадохтар арасындағы үздіксіз соғыс барысында эллиндік мемлекеттер жүйесі қалыптасты. Олардың ішіндегі аса ірісі Македон патшалығы болды, оған Антигонидтер династиясы билік етті. Бұл династияның негізін соқыр Антигон қалады. Ол Александр тұсында Ұлы Фригияның стратегі болған. Александрдың әскербасшысы және оқағарының бірі Селевк – ірі эллиндік орталықтардың бірі – Селеквидтер державасының негізін қалады. Александрдың келесі қолбасшыларының бірі

Птоломей – Птоломей династиясының негізін қалап, Египетті ірі эллиндік мемлекеттердің біріне айналдырды. Атталидтер династиясы Пергам патшалығында билік етті. Бұл патшалықтардан өзге Қара теңіз жағалауында – Вифиния, Понт, Каппадокия; Армения мен шығыста – Грек-Бактрия және Парфия патшалықтары болды. Осы мемлекеттерді ішіндегі ірісі Македон, Селеквид және Птоломей патшалықтарының негізгі тарихи дамуын қарастыруға болады.

Эллиндік кезеңнің басында Македония дағдарысты басынан өткерді. Оның себептерінің бірі – Шығыстағы халықтардың тығыз қоныстануы, шаруалардың кедейленуі, галат тайпаларының шабуылы еді. II Антигон Гонат билігі кезеңінде жағдай біршама тұрақтанды. Б.д.д. 283 жылы греция македондықтардың қол астында болды, дегенмен, олардың бағыныштылықта ұстау күннен-күнге қиын бола бастады. Бұл уақытқа қарай б.д.д. 370 жылы орталық Грецияның бірқатар полистерін біріктірген Этолий одағы біршама күшейді. Бұл одақ Балқан жартыаралындағы Македония билігіне қарсы айтарлықтай күш болды. Б.д.д. 280 жылы Пелопоннес грек полистерінің тағы бір әскери-саяси одағы – Ахей одағы қалпына келеді. Бұл одақ та македон билігін алаңдатпай қоймады. Хремонид соғысында (б.д.д. 267-261 жж.) Антигон Гонат Македонияның бүкіл Элладаға үстемдігін тоқтата алды, б.д.д. 228 жылға қарай ол Пелопоннестегі билігін, ал бір жылдан кейін македон гарнизоны Афинадан шығарылады.

Бұл уақытқа қарай Клеомен патшаның реформаларының арқасында Спарта өзінің саяси ықпалы мен әскери потенциалын қалпына келтірді. Одан төнген қауіп Ахей одағын Македониямен келісімге келуге мәжбүрледі. Б.д.д. 221 жылы Селассия шайқасында Спарта күйреуінен кейін македон патшасы Антигон III Досон гегемониясымен Эллиндік одақ құрылды. Оған Ахей федерациясының грек полистері және Афина мен Этолий одағына кіретіндерден басқа грек полистері кірді.

Македон патшасы Филипп V Одақтастар арасындағы соғыста (б.д.д. 220-217 жж.) Этолий федерациясын бағындыру әрекеті іске аспады. Бұған қарамастан, Римнің Иллириядағы үстемдігінен қауіптенген Филипп V бұл уақытта Екінші Пуни соғысында римдіктерге қарсы соғыс жүргізіп жатқан Кар-

фагенмен б.д.д. 216 жылы одақ құрды. Риммен шиеленістер шарасыз болды. Македондық үш қақтығыста римдіктер Македонияның қарсылығын толық басты. Оның Персей патшаның басшылығында болған армиясы б.д.д. 168 жылы Пидна шайқасында римдіктермен талқандалды. Македония территориясы жеңіске жеткендер арасында төрт бөлікке бөлінді, ал б.д.д. 148 жылы Андриск басшылығымен болған антиримдік көтеріліс басылғаннан кейін Македония, Фессалия және Иллириямен бірге римдік провинцияға айналды. Б.д.д. 146 жылы римдіктер Ахей одағының көтерілісін аяусыз басты. Бұл жағдайлардан кейін Элланың барлық гректік одақтары таратылды. Греция өзінің еркіндігінен айырылып, кедейшілік пен бос қалушылыққа ұшырады.

Эллинистік әлемнің келесі бір мемлекеті – Селевкидтік патшалықтың саяси тарихы да қызулы оқиғаларға толы. Александр Македонский өлімінен кейін Вавилонды билігіне алған Селевк б.д.д. 312 жылы диадохтардың билікке таласында бұл аймақта өзінің ықпалын нығайтты. Бұл оған шығысқа жорыққа шығуға жол ашып, нәтижесінде ол Иран мен Орталық Азияның көптеген бөлігін иеленді. Александр тұсында жаулап алынған солтүстік-батыс Индияны өз территориясына қосу әрекеті іске асқан жоқ. Бірақ бұл территорияны Маури мемлекетінің негізін қалаған Чандрагуптаға бергені үшін, Селевк 300 әскери пілдер алып, өзінің әскери күшін нығайтты. Б.д.д. 305-304 жылдары өзін патша деп жариялағаннан кейін, ол Солтүстік Сирия мен Кіші Азияның біраз бөлігін жаулап алды.

Өзінің гүлдену дәуірінде Селевкид мемлекеті Александр Македонскийдің Азиядағы бұрынғы иеліктерінің көп бөлігін қамтыды. Бұл үлкен территорияда әртүрлі экономикалық және мәдени даму сатыда болған әртүрлі этникалық және тілдік қатынастағы халықтар қоныстанды. Оларды билігінде ұстау үшін күшті әлеуметтік негіз қажет болды. Бұл негізсіз Селевкид мемлекетінің біртұтастығын ұзақ уақыт сақтауға болмайтын болды. Үстем тап македондықтар мен гректер болды. Селевкилер Александр бастаған қала құрылысы саясатын жалғастырды. Бірақ енді алғашқыда негізі қаланған қалалар мен колониялар және жаңадан салынғандар жаңа полистік мәртебеге ие болды. Бұл сол



қалаларда тұрған гректер мен македондықтардың мүддесіне сай болды, себебі әлеуметтік жағдайда олар жаулап алынған жерлерде үстем болды.

Бұл полистер классикалық кезеңдегі грек полистерінен ерекшеленді. Олардың автономиясы арнаулы патша шенеунігі бақылаған тек ішкі істермен шектелді. Жердің жоғарғы меншік иесі патша болды, ал полистік әлеуметтік ұжымы жердің тек шартты иесі ғана болды. Оған қоса жерді иелену құқығына ие болу үшін полис өзінің азаматтарынан құрылған әскери контингентті селевкидтік патшаның әскеріне ұсынуы қажет болды. Жергілікті ауылдық тұрғындар патша билігінің тірегі мен одақтасына айналған полис азаматтарымен бақыланып, қаралды. Негізінде Селевкид мемлекетінің территориясында құрылған көптеген полистерді өзіндік қаңқа, сол державаның қаңқасы ретінде қарауға болады.

I Селевк ұлы Антиох I (б.д.д. 280-261) әскерінің державаны нығайтудағы саясатын табысты жалғастырды. Әсіресе ол мемлекеттің шығыс сатраптарына аса көңіл қойды. Бұл жерде жаңа қалалар мен әскери мекендердің негізі қаланып, бұрынғы елді мекендер қалпына келтірілді. Бірақ кейін Селевкидтің саяси негізгі мәселесі батысқа ауысады. Селевкидтер мен Птолемейлер арасында оңтүстік Сирия үшін соғыстар басталады. Шығыс сатраптар селевкидтік патшалар назарынан шығып, бұл сол жердегі грек-македондық сепаратистік жағдайға әкеле бастады. Орталық биліктен құтылу ниеті б.д.д. III ғасыр ортасында, династиялық өзара соғыстан басталып, кейін Птолемеймен соғысқа жалғасқан кезеңде жүзеге асырылған болатын. Дәл осы уақытта мемлекеттен Бактрия, Согдиана және Парфия сатраптары бөлінеді.

Парфияда қалыптасқан жағдай басында шығыс-иранның Аршакидтер династиясы отырған Парфия патшалығының пайда болуына әкеледі, ал Бактрия мен Согдиана территориясында Грек-Бактриялық патшалық құрылады. Антиох III Селевкид (б.д.д. 223-187 жж.) Мидия сатрапы Молон мен оның інісі Персия сатрапы Александрдың көтерілісін баса алды. Бұл көтерілістерді басқаннан кейін Антиох III Шығысқа Индияға дейін үлкен жорық бастайды. Бұл жорықтың мақсаты бұрынғы қол астындағы территорияларға билігін қайта орнату болды. Анти-

ох III жеңісі формалды сипатта болса да, бұл оның державасының ыдыраушылығын уақытша тоқтатты.

Б.д.д. II ғасырдың басында Рим республикасы Шығыс Жерорта теңізіне белсенді экспансиясын бастайды. Антиох III Риммен соғысы сәтсіз болды: бұл соғыстағы жеңілісінен кейін Селевкид патшалығын ыдырау үдерісі жалғасты. Антиох IV (б.д.д. 175-163 жж.) та державаның күйреуін тоқтатуға тырысты, бірақ нәтижесіз болды. Б.д.д. II ғасырдың соңына қарай парфиялықтар Персия мен Вавилонияны бағындырады. Б.д.д. I ғасырдың басында Иудея тәуелсіздік алады. Нәтижесінде Селевкид мемлекетінің территориясы Сирия, Финикия және Киликияның жартысына дейін қысқарады. Б.д.д. 64 жылы патшалықтың қалған бөліктері Римге Сирияның провинциясы ретінде кіреді.

Птолемейлік Египет – эллинистік әлемнің үшінші ірі мемлекеті. Патшалықтың орталығы дәстүрлі шектегі Египет болды. Птолемейліктер ежелгі Египет мемлекетіне тән ерекшеліктерді сақтап қалды – патшаның озбырлық билігі, саны көп шенеуніктердің көп салалы аппараты, мемлекеттік биліктің қатаң орталықтандырылуы, оның мемлекеттің шаруашылық өміріне белсенді араласуы. Аталған жағдайлар Птолемей патшалығын Селевкид мемлекетінен ерекшеледі. Бұл жерде грек-македондық тұрғындардан құралған қала-полистерді салу қажет болған жоқ, себебі Птолемейлер бұрыннан толық қалыптасқан экономикалық байланыстардың бұрынғы жүйесі, жаулап алынған халықтардың моноэтникалық массасының мемлекеттік және әкімшілік басқарылуын қолдарына алды. Басқару жүйесінде басты орындарды алғаннан кейін, олар әртүрлі деңгейдегі барлық шенеуніктерді грек-македондық этностағы өкілдерге ауыстырды. Птолемей мемлекетінде қаржылық мекеме мен күшті әскер маңызды рөл атқарды.

Өздерінің мүдделерін орындауда Птолемейлер сыртқы саясатта Селевкид және Македон патшалықтарымен қақтығысты. Оңтүстік Сирия үшін Селевкидтермен соғыс б.д.д. III ғасыр бойы кезектескен жеңіспен жүріп, Сириялық соғыстарға айналды. Бұл соғыс әрекеттерінде Птолемейлер римдіктердің көмегіне сүйенді. Ал римдіктер болса өз кезегінде бұл эллинистік мемлекеттің

саясатына араласып, оларды өздерінің мүддесіне бағындырды. Македония да күшті қарсылас болды. Мұндай ұзақ уақытқа созылған қарсы күш Египеттің әскери-экономикалық потенциалын көп мөлшерде түсірді. Бірақ Римнің көмегіне сүйене отырып және одақтаса отырып, Египет өзінің қарсыластарына қарағанда әлдеқайда көп уақыт тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрді. Тек б.д.д. 30 жылы ғана Клеопатра VII билігі кезінде ғана бұл эллинистік мемлекет өзінің тәуелсіздігін жоғалтады. Ымыраға келмейтін күрес кезеңінде Октавиан әскері және оның саяси қарсыласы, Клеопатра VII одақтасы, Марк Антонимен Птолемейлік Египетті жаулап алып, оны Рим державасының провинциясына айналдырады.

Дәл осы б.д.д. 30 жылы Римнің соңғы эллинистік мемлекетті жаулап алуы – эллинистік дәуірдің соңы ретінде саналады. Оның әртүрлі бөліктерінің эллинизациялану деңгейінің әртүрлілігіне, жергілікті және эллиндік бастаулардың өзара сіңісу және араласу деңгейінің әртүрлілігіне қарамастан, бұл уақыт экономикалық өркендеудің, дәстүрлі құлдық қатынастардың алыстағы территорияларға таралудың, эллиндік және ежелгішығыстық әлемнің әртүрлі бөліктерінің саяси, экономикалық, мәдени байланыстарының даму уақыты болды. Оған қоса бұл уақыт саяси және әлеуметтік қақтығыстардың қызу уақыты және жаулап алудан кейін ашық сипатта болған Шығыстағы әлеуметтік қайшылықтардың өсу уақыты болды. Б.д.д. I ғасырдың 30-жылдарындағы жағдайлар Ежелгі Грецияның тарихын осылай аяқтайды. Бұдан кейін ол тек Ежелгі Рим мәдениетінің тарихи даму мазмұнында ғана қарастырылады.

#### **Білімін тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Александр Македонскийдің шығысқа жорығы.
2. Эллиндік мемлекеттер жүйесі. Оларды Римнің жаулап алуы.
3. II Филипптің ішкі және сыртқы саясатының негізгі сипатын талда.
4. Гомердің «Иллиада» поэмасын Александр барлық жорықтарға алып жүрген. Бұл поэмаға Александрдың қызығуының себептері неде болуы мүмкін?

## ЕЖЕЛГІ РИМ

---

### 1. Пәнді оқу, кезеңдері, тұрғындары

**Ежелгі Рим** (лат. *Roma antiqua*) – ерте заманның бас өркениеттерінің бірі, өз атауын Ромулдың атымен аталған астанасының есімінен алды. Рим орталығы Капитолий мен Палатин, Квиринал қоршаған батпақты жазықтықта қалыптасты. Рим өркениетіне этрускілер мен көне гректердің мәдениеті үлкен ықпал етті. Көне римнің гүлдену кезеңі б. з. II ғасырына келді. Осы дәуірде Рим территориясы солтүстігінде қазіргі Шотландиядан оңтүстігінде Эфиопияға дейін, шығысында Армениядан батысында Португалияға дейін созылды.

Апеннин жартыаралындағы Тибр өзенінің бойындағы Рим азаматтық қауымының жаулап алушылығына ұшыраған көптеген халықтардың тарихы Ежелгі Рим тарихы деп есептеледі. Оның кезеңдері төмендегідей:

Патшалар дәуірі (754/753 жылдардан – 510/509 жылға дейін).

Республика (510/509 дан – 30/27 жылға дейін)

Ерте Республика (Б. з. б. 509—265 жылдар)

Кейінгі Республика (Б. з. б. 264-27 жылдар).

Б.д.д. I ғасырдың соңы мен б.д. V ғасыр Рим державасының тарихындағы императорлық кезең. Императорлық дәуірдің алғашқы екі ғасыры – принципат – ерте империя уақыты. Бұл кезде барлық Жерорта теңізі аумағында құл иеленушілік қатынастар гүлденді. Б.д. III ғасыры – Рим империясының дағдарыс кезеңі. Дағдарыстың сипатын бәсеңдетуге империяның мемлекеттік құрылымының жаңа формасы – доминат үлес қосты. Кейінгі Рим империясы – доминат – б.д. III ғасырдың соңынан V ғасырға дейін созылды. Бұл дәуір құлиеленушілік құрылыстың ыдырап, протофеодалдық қатынастардың бастамасының қалыптасуымен сипатталады.

Рим құлиеленушілік державасының жүрегі болған Апеннин жартыаралында бір-бірімен тілдік, мәдени, этникалық ерекшеліктері бар жергілікті және сырттан келген халықтар тұрды. Б.д. I ғасырында олардың негізін италиктер тайпасы құрды, олардың ішінде латындар, оски, умбры, сабель тайпалары ерекшеленді, саны жағынан ең көбі – самниттер болды. Тибр өзенінің солтүстік-батысына қарай, этруск тайпалары өмір сүрді, олар ежелгі Рим өркениетіне ерекше ықпал етті. Дегенмен, бұл өркениетке ықпал еткен жалғыз мәдениет бұл емес еді. Сицилия аралын ұлы грек отарлауы барысында және оңтүстік және орталық Италияда гректер көптеген отарлардың негізін қалады, олардың тұрғындар жергілікті халықтармен байланысқа түсті. Апеннин жартыаралының тұрғындарына Солтүстік Африканың финикиялық жағалауын, Оңтүстік Испанияны, Сицилияны, Сардинияны бақылауында ұстаған карфагендіктердің де ықпалы болды. Әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамудың жоғарғы сатысында болған бұл халықтар Ежелгі Рим өркениетінің қалыптасуында өз ізін қалдырды.

Тибр өзенінің солтүстік-батысын мекендеген этрускілер италий тайпаларының арасында маңызды рөл атқарды. Құлиеленушілік қатынастар б.д.д. VI ғасырдың өзінде жоғарғы деңгейге жетті. Лаций, Рим қаласын, Италияның орталық аудандарын өзіне бағындырып, этрускілер оңтүстікке қарай жылжыды. Оңтүстік Италияның гректері олардың кері шегіндірді. Б.д.д. III ғасырдың бірінші жартысында этрускілер римдіктерді бағындырып, романданды. Римдіктер этрускілердің колөнер, құрылыс техникасы, қала салу, көркемөнер мәдениеті, идеология саласындағы жетістіктерін қабылдады.

## **2. Патшалық дәуіріндегі Рим (б.д.д. VIII-VI ғғ.)**

### **Римнің ерте тарихы**

Ерте Рим тарихы көптеген аңыздарға толы. Қаланың негізін салған Троя қаласының қорғаушысы Эней ұрпақтары деп есептеледі. Олар Апеннин жартыаралына теңіз арқылы жүзіп келіп, Тибр өзенінің жағалауына тоқтап, Альба-Лонг қаласының

негізін қалаған. Эней ұрпақтары Рем және Ромул Палатни жотасында қаланың негізін қалап, оны Рим деп атайды. Археологиялық қазбалар Палатин жотасында б.д.д. VIII ғасырға жататын ежелгі тұрақ орындарын тапқан. Кейін бұл жерден құлиеленушілік байланыстардың орталығы болған Рим қаласы өсіп шыққан.

Ежелгі Римнің патшалық кезеңінде рулық қатынастар сақталды. Дәстүр бойынша патшалық Римнің барлық тұрғындары 300 руға бөлінді. Әрбір он ру курияға бірікті, он курия бір трибка біріккен. Осылайша ежелгі Рим қауымында үш триб болды. Үш жүз рудың мүшелері «рим халқын» – рим азаматтық қауымын қалыптастырып, ру мүшелері ол арқылы куриямен және трибпен байланысып отырды. Ру бірнеше патриархалды жанұялардан қалыптасты, олар өз ара үлкен жанұялық қауымдарды қалыптастырды.

Патшалық кезеңдегі Римнің ең маңызды істерін сенат жүргізді. Сенат – ақсақалдар кеңесі, әрбір рудың өкілінен өалыптасқан үш жүз адамнан тұрады. Рим қауымының өміріне қатысты жауапты мәселелер ең алдымен сенатта қаралады. Маңызды істер – қызмет адамдарын сайлау, сот шешімдері, соғыс және бейбітшілік мәселелері халық жиналысында – куриаттық комицияларда қаралатын болған. Куриаттық комициялар рулық округ – куриялар бойынша шақырылды. Курияның жұмысына тек жауынгер еркектер қатысты. Ерте Рим қауымының басында патша тұрды, оны куриаттық комицияларда сайлады. Рим патшалары Гомер кезеңіндегі базилейлерге ұқсас болған. Олардың билігі деспотиялық сипатта болған жоқ, жоғарғы әскербасшы, сот, заң шығарушы қызметін бірге алып жүрді.

«Рим халқының» құрамына алғашқы кезде рулық ұйымның толық қанды мүшелері кірді. Оларды патрицийлер деп атады. Біртіндеп патрицийлер тұрғындардың артықшылық иеленген тобына айналды. Рулық байланыстарын жоғалтқан, немесе басқа жақтан қоныс аударып келгендер ру құрамына кірген жоқ және бағынышты жағдайда болды. Патшалық Римнің тұрғындарының бұндай категориясы плебейлер деп аталды, олардың саяси өмірге араласуға, патрицилер өкілдерімен некеге тұруға құқығы болмады. Плебейлердің қоғамдық жер қорынан жер үлесін алуға құқығы болмады, бұндай жерлер тек патрицийлерге ғана берілді. Бұндай

жағдай плебейлердің өз құқығы үшін күресіне алып келді, ол бірнеше ғасырға созылып, патшалық дәуірдің соңы мен ерте республика кезеңіндегі Ежелгі Рим тарихының сипатын анықтады.

### 3. Сервий Туллий реформалары

Б.д. VI ғасырда Рим этрускілердің бағыныштылығына түсті. Этруск династиясынан шыққан соңғы Рим патшаларының бірі Сервий Туллий бірқатар реформалар жасап, рулық құрылыс пен ерте Рим мемлекеттілігінің сипатына соққы берді. Рим қоғамындағы рулық-тайпалық бөліністің орнына территориялық қағида қолданылды. Сервий Туллий рим халқын жаңа төрт территориялық трибке бөлді, бұл бөліністе әлеуметтік саты емес, территориялық бөлініс маңызды болғандықтан, территориялық триб құрамына патрицийлерде, плебейлер де кірді. Осылайша плебейлер Рим азаматтық қауымының құрамына формалды түрде енді.

Сервий Туллий іске асырған келесі шара – Рим халқын бес разрядқа бөлу. Бұл бөліністің негізгі көрсеткіші мүлiктік ценз болды, оның негізіне ежелгі Римнің ақша бірлігі – мыстан жасалған аспен өлшенген азаматтың мүлкінің көлемі жатты. I разрядқа Рим азаматтарының ең ауқаттылары кіріп, олардың мүлкінің мөлшері 120 мың асс болды. Екінші топқа мүлкі 70 мың асс, үшінші топқа мүлкі 50 мың асс, төртінші топқа 25 мың асс, бесінші топқа 12500 асс мүлкі бар азаматтар жатқызылды. Ешқандай топқа кірмейтін ең кедей римдіктер пролетарий деп аталды. Пролетарий сөзінің мағынасы – ұрпағынан басқа ештеңесі жоқ деген мағына береді.

Римдіктердің мүлiктік бөлінісіне байланысты жауынгерлік жасақ жаңа құрылымға ие болды. Әрбір мүлiктік топ әскерде қызмет етуге белгілі бір жауынгерлердің санын шығаруы тиіс болды. Ол – центурий деп аталды. Бірінші топ – ауыр қаруланған 80 центурий жауынгер, 18 центурий атты әскер жауынгер шығарды. Екінші, үшінші, төртінші топтың азаматтары 20 центурий жаяу әскер шығаруға тиіс болды. Бесінші топтың өкілдері жеңіл қаруланған 30 центурий әскер шығарды. Осылайша бірінші мүлiктік топтың өкілдері барлық 193 центурийдің 98-ін қалыптастырды.

Сервий Тулий реформалары барысында ерте Рим азаматтық қауымының саяси құрылымында бірқатар өзгерістер орын алды. Центурия тек әскери емес, саяси бірлікке айналды. Егер бұрын халық жиналысы Римде курия бойынша шақырылып, плебейлердің қатысуға мүмкіндігі болмаса, Сервий Тулий реформаларынан кейін куриаттық комициялар өз маңызын жоғалтып, алдыңғы орынға центуриаттық комициялар шығады. Әрбір центурияның халық жиналысында бір дауысы болды, азаматтардың ауқатты тобының өкілдері центуриаттық комицияларда дауыс беруде басымдылыққа ие болды. Плебейлер де халық жиналысына қатысуға құқық алды.

Сервий Тулий реформалары Рим қоғамының дамуына кедергі болып отырған рулық қатынастарға соққы берді. Мемлекеттік құрылымның негізі территориялық және мүліктік жіктеліс бойынша іске асты. Біртіндеп құлиеленуші Рим мемлекетінің мемлекеттік құрылымы қалыптасты, кейін Рим Италияда ғана емес, Жерорта теңізінде де үстемдікке ие болды.

#### **4. Республика кезеңіндегі Рим мемлекеті (б.д. VI-I ғғ.) Плебейлер мен патрицилердің күресі**

Ежелгі Римдегі мемлекеттің қалыптасу процесі әлеуметтік күреспен қатар жүрді, бұл күрестің негізгі қатысушылары патрицийлер мен плебейлер еді. Сервий Тулий өлгеннен кейін, барлық билікті қолына шоғырландырып соңғы Рим патшасы тәкаппар Тарквинийді қуып жібергеннен кейін, Рим тарихының патшалық кезеңі аяқталды деп есептеледі. Б.д.д. VI ғасырдың аяғында Римде республикалық басқару формасы пайда болды. Заң шығарушы билік центуриаттық комициялардың қолында болды, патрициаттар бұнда шешуші рөл атқарды, олардың қолында басым дауыс болды. Бұрынғы магистраттардан құралған, комицияларда қабылданатын шешімдерді бекітетін сенаттың маңызы зор болды. Патрицийлер ғана сенатор бола алатын. Атқарушы биліктің басында консулдар тұрды, олардың қолында жоғарғы азаматтық және әскери билік бол-



ды. Консулдық қызмет және де өзге төменгі магистратура тек патрицилермен ауыстырылды.

Осылайша патрицийлер экономикалық және саяси өмірде жетекші рөлді атқара берді. Плебейлердің талабы да осы жағдаймен байланысты болды. Плебейлердің талабы да осы жағдаймен байланысты болды. Бұл ең алымен қоғамдық жерден үлес алу құқығы. Патрицийлер мен плебейлердің қоғамдық жерден үлес алу құқығы әртүрлі негізде болды. Егер плебейлер кішкентай ғана жер үлесіне ие болса, патрицийлер өзінің жеке үлесінен басқа, қоғамдық қордағы жер үлесін де пайдалана алатын. Тіпті Сервий Тулий реформасынан кейін де, патрицийлермен біртұтас азаматтықты қалыптастырып, Рим әскерінде қызмет ету, центуриаттық комицияларға қатысу сияқты құқықтарды плебейлер алғанымен, патрициаттық рулық ұйымнан тыс қалды. Сондықтан қоғамдық жерден үлес алу құқығына жіберілмеді. Жер үлесінің аздығынан плебейлердің қарызы көбейді. Олардың кейбіреулеріне қарызы арқылы құлдыққа түсу қаупі төнді. Кейбір плебейлер аз жер үлесінен де айырылды.

Екінші жағынан Римнің саяси өміріне қатысу құқығын формалды түрде иеленгенімен, плебейлер сенатор бола алмады, мемлекеттік қызметті иеленбеді. Осылайша плебейлер қоғамдық жерден үлес алу, саяси өмірде патрицилермен тең болу, қарыз үшін құлдыққа түсірмеу, қарыз үлесін азайту сияқты талаптарды қойды.

Сервий Тулий өзгерістері барысында, плебейлер патрицийлермен бір азаматтық қауымда болды. Бірақ олар әскери ұйымға кіруге ғана құқық алып, Римнің көршілерімен әскери қақтығыстарында қандарын төкті. Б.д.д. 494 жылы латын тайпаларымен соғыс басталған кезде, Рим әскерінің басым бөлігін құраған плебейлер, Рим маңындағы «Қасиетті тауға» кетіп, соғысқа барудан бас тартты. Бұл бірінші сецессия – жауынгерлердің әскери наразылығы деп аталды. Патрициаттық әскербасшылар жауынгерсіз қалды. Рим қаласын басып алу қаупі төнген кезде, патрицийлер плебейлердің айтқандарына көніп, плебейлердің ғана мүддесін қорғайтын магистратура енгізуге уәде берді. Бұл плебейлердің арасынан сайланатын халық трибуны қызметі. Халық трибундары плебейлердің мүддесін қорғады. Патрициат

магистраттарының, сенат шешімдеріне «вето» құқығын иеленді, плебейлерді ортақ жиналысқа шақырып, көмек іздеген кез келген плебейді халық трибуны соттық шешіммен қорғай алатын болды. Халық трибунының жеке басына қол сұғылмады.

Консул Спурий Кассий алғашқы аграрлық реформаның жобасын ұсынып, соғыс кезінде қолға түскен жерлерден жер үлестерін беру мүмкіндігін қарастырды. Патрицийлер бұл заңның іске асуына кедергі жасады. Б.д.д. 456 жылы халық трибуны Ицилия комиссиялар арқылы Римнің маңындағы шектеулі территорияда кедейлерге жер бөліп беру туралы заң қабылдады.

Плебейлердің келесі жеңісі б.д.д. 450 жылғы жазба заңның – «XII таблица» заңының қалыптасуы. Ол үшін децемвирлердің арнайы комиссиясы құрылып, ерекше өкілеттілікке ие болды. XII таблица заңының қабылдануы сот істеріндегі патрицийлердің заңсыз әрекеттеріне жылдам тоқтау қойды.

Келесі жылы Валерий және Гораций деген консулдар территориялық трибтер арқылы өтетін плебей жиналыстарының шешімдері сенаттың бекітуінсіз заңдық күшіне ие болады деген шешім шығарды. Б.д.д. 445 жылы халық трибуны Канулей плебейлер мен патрицийлер арасындағы некеге рұқсат берді. Б.д.д. 444 жылы плебейлер консулдық билігі бар трибундарды сайлауға мүмкіндік алды.

Осы күресте плебейлер бірқатар заңдық құқықтарға ие болғанымен, аграрлық мәселе әлі де шешілмеген болатын. Көрші территорияларды басып алу арқылы қоғамдық жерлердің өсуі әлі де патрицийлердің қолында қалды. Аграрлық және қарыз мәселесін халық трибундары Лициний және Секстий шешпекші болды. Б.д.д. 367 жылы қоғамдық жерден тек 500 югер жер үлесін иеленуге шектеу қойған заң қабылданды. Бұл заң патрицийлердің қоғамдық жерді оккупациялауына жол бермеді, олардың экономикалық күшеюіне шектеу қойды. Қарызға батқандардың да жағдайы жеңілдеді. Бұдан былай төленген пайыз қарыз мөлшерін жойды, қалған сомасы бірдей көлеммен үш жылда қайтарылатын болды. Бір консул плебейлер арасынан сайланатын болды. Бұл плебейлердің өзінің экономикалық, саяси, әлеуметтік құқығы үшін күресінің үлкен нәтижесі еді.

Дегенмен күрес бұнымен аяқталмады. Б.д.д. 326 жылы Римде Петелия-Папирия заңымен қарызы үшін құлдыққа түсіру жо-

йылды. Бұдан былай қарыз алушы кредиторға өзінің мүлкін несиеге қойды. Қарызы үшін құлдыққа түскен барлық римдіктердің басына бостандық берілді. Патрициаттардың мүддесіне келесі соққыны Цензор Аппий Клавдий берді. Ол еркіне жіберілгендердің кейбіреуінің балаларына сенатор атағын берді. Бұл патрициаттық аристократияға деген қарсы салмақ еді. Аппий Клавдий заңы бойынша, жерінен айырылған азаматтар селолық трибтерге кіруге мүмкіндік алды. Осылайша, ақшалық, жерлік ценз теңестірілді, жері жоқ еркіне жіберілгендер мен қалалық плебейлер барлық трибтер бойынша тең бөлінді.

Б.д.д. 300 жылы плебейлерге абыздар коллегиясына кіруге рұқсат берілді. Б.д.д. 287 жылы Гортензия заңы бойынша бұрынғы тәртіп бұзылған еді, б.д.д. 449 жылы Валерий мен Гораций енгізген заң бойынша, трибуттық комициялардың шешімдері заңдық күшіне еніп, сенаттың мақұлдауын қажет етпеді. Гортензия заңының қабылдануымен плебейлер мен патрициелердің күресі аяқталды.

Күрес қорытындысында: Плебейлердің негізгі талаптары орындалды, қарызы үшін құлдық жойылды, аграрлық мәселенің шиеленісі басылды, плебейлер мен патрицийлердің құқығы теңестірілді. Рим қоғамының ілеуметтік құрылымы өзгерді, патрициаттық аристократия плебей ақсүйектерімен араласты, нәтижесінде, жаңа топ нобилитет пайда болды. Нобилитетпен бірге Римде сауда-қолөнер тобы күшейді, олар плебейлердің ақсүйек руларына жатпайтын, тек байлар қатарына кіретін. Плебейлердің ауқатты бұл категориясы 18 салт атты центурияға жатқызылды, сондықтан салт аттылар деп аталды.

Құрамына ірі және ақсүйек меншік иелерін жинақтаған нобилитет, плебейлер деп аталатын кедейлерге қарама-қарсы топта болды. Плебейлердің өз құқығы үшін күрес кезеңіндегідей бұл атаудың бұрынғыдай әлеуметтік-экономикалық, саяси мазмұны болған жоқ. «Патриций», «плебей» түсініктерінің бұрынғы мазмұны жойылды. Рулық құрылыстың қалдықтары жойылды, жеке меншіктің шоғырлануына негіз қаланды. Қарызы үшін құлдыққа түсіруді жою, құл еңбегіне негізделген Рим қоғамындағы агрессияны күшейтті. Рим қоғамы соғыстан қолға түсіріліп, құлға айналдырылған жауынгерлермен шектелуге

мәжбүр болды. Б.д.д. III ғасырдың басында Рим республикасында әлеуметтік қақтығыстар азайып, қоғам өз мүдделері үшін ынтымақтаса бастайды.

## **5. Ерте Рим республикасының саяси құрылымы**

Римдіктер өз қауымын цивитас деп атады. Бұл толық құқылы азаматтар жиынтығы болды, олар азаматтық қауымға бірікті және грек полисіне ұқсас болды. Жоғарғы билік «рим халқының» қолында болды. Рим халқы – толық құқылы, артықшылықтарды иеленген азаматтар еді. Плебейлер мен патрицийлер күресі аяқталған кезде, б.д.д. III ғасырдан бастап, Рим республикасының саяси билігінің органдары қалыптасты. Бұл халық жиналысы, сенат, атқарушы билік органдары – магистратур.

Римде халық жиналысының үш түрі болды. Куриаттық комициялар, б.д.д. IV ғасырда саяси маңызын жоғалтты. Сервий Тулий реформасынан кейін, центуриаттық комициялар – жауынгерлердің центурий бойынша жиналыстары маңызды рөл атқара бастады. Бұл жерде маңызды саяси мәселелер шешіліп, консулдар, цензорлар, преторлар сайланды, қылмыстық күрделі мәселелер шешілді. Б.д.д. V ғасырда трибуттық комициялар – территориялық триб бойынша плебей магистраттарын сайлайтын плебей жиналыстары пайда болды. Б.д.д. 287 жылы трибуттық комициялардың саны өсіп, Гортензия заңынан кейін олардың қолына заңдық функциялар көшті. Трибуттық комицияларды, центуриаттар сияқты жоғарғы магистраттар шақырды. Бұл жерде де Рим азаматтық қауымының маңызды мәселелері қаралды.

Әртүрлі функциялары бар халық жиналысының үш түрінің болуы, халықтың саяси шешімдерге тиімді ықпал етуіне кедергі келтірді. Комициялардың заңдық инициативасы болмады, магистраттардың шешімдерін қолдап немесе кері қайтарып отырды. Осындай жағдайда сенаттың рөлі күшейді.

Сенат Рим республикасындағы биліктің жоғарғы органы. Алғашында ол 300 адамнан тұрды. Олардың құрамына бұрынғы магистраттар кірді. Сенаторлардың жағдайы мен рангісі әртүрлі болды. Тізімде бірінші тұрғандар – консулдар,

олардан кейін бұрыны преторлар, цензорлар т.б. Ең ықпалдысы «сенат принципсі» болды. Ол сенаттық тізімді ашты. Сенаттың өкілеті өте жоғары болды. Бұл жерде діни культ, қаржы, ішкі және сыртқы сауда мәселелері шешілді. Магистраттармен тығыз байланысты ұстай отырып, сенаторлар ынтымақтаса әрекет етті, біртұтас әлеуметтік топ болды, нобилитет өкілдерінен құралды.

Атқарушы билік магистраттардың қолында шоғырланды, олар комицияларда сайланды. Қызметі үшін ақы төленбеді, бірақ, бұл құрметті іс болып есептелді. Магистраттар бір жылға сайланып, орта шешім шығаруға тиіс болды. Магистраттар екі топқа бөлінді – қарапайым (ординарлық) және төтенше (экстраординарны).

Ординарлық магистратурада жоғарғы атқарушы билік екі консулдың қолында болды, олардың өкілеттігі бірдей еді. Оларға жоғарғы азаматтық және әскери билік берілді. Маңыздылығы жағынан екінші орында преторлар тұрды. Екі претор Римдегі тәртіпті қадағалады, сот жұмысын жүргізді. Олардың біреуі Рим азаматтарымен байланысты мәселелерді шешсе, екіншісі, азамат еместер арасындағы қақтығысты жағдайларды реттеді. Цензор қызметі де құрметті жұмыс болды. Екі цензор азаматтар санағын жүргізді, мүліктік тобын анықтады, сенаторлар тізімін қалыптастырды, қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалады.

Халық трибундарының қызметі плебстің мүддесін қорғады, маңызды құқықтарды қарастырды, өзге магистраттардың қолында жоқ «вето» құқығын иеленді. Бұл қызмет алқалы жиын сипатында болды. Халық трибундарының билігінің қаланың ішінде ғана заңдық күші болды. Халық трибунының тұлғасының қол сұғылмаушылық күші болған жоқ. Төменгі ординарлық магистратур қызметіне эдил және квестор қызметі де жатты. Эдилдер қаладағы тәртіпті бақылады, оның қамтамасыз етілуі мен сәулеттендіруін қадағалады. Квесторлар қала қазынасын бақылады, мұрағатқа жауапты болды.

Төтенше магистратураға диктатор қызметі де жатты. Ол алты ай мерзіміне тағайындалды, төтенше жағдайларда биліктің барлық түрін қолына жинақтай алды. Диктатордың шешімін ешкім өзгерте алмайтын, оның көмекшісі салт атты әскердің басшысы болды.

## 6. Римнің Италияны жаулап алуы

Римдік құлиеленуші республиканың құрылуы ішкі саяси қақтығыстармен және сыртқы дұшпандармен үздіксіз күреспен қатар жүрді. Б.д.д. V-III ғасырларда Римдік сенат бүкіл Апеннин түбегіне қатысты әскери экспансия саясатын жүргізді. Рим халқы тығыз қоныстанған аграрлы полис болды. Бұл полисте ең басты байлық жер болатын. Көршілердің территорияларын жаулап алуға ең алдымен патрицийлер мен плебейлер мүдделі болды. Олардың бұндай ұмтылысы алғашқы кезеңде Рим сыртқы саясаттың экспансиялық сипатын білдірді. Римнің көршілес өзге де итальяндық халықтарды бағындыру мақсатында жүргізген басқыншылық соғысы екі жүз жылға созылды.

Римдік азаматтық қауымның Апеннин түбегін жаулап алу үдерісінде үш кезеңді бөліп қарастыруға болады. Жүз елу жылға созылған күрестің бірінші кезеңінде Римге орталық Италия, оңтүстік Этрурия, Лация бағындырылды. Римдіктердің ең бірінші жауы этрускілер болды. Олар Тарквиний Гордый тақтан қуылған соң Римге шабуыл жасаған болатын. Б.д.д. 506 жылға қарай римдіктер этрускілерді жеңді. Бірақ б.д.д. V ғасырда римдіктерге этрускілердің қаласы Вейямен және латындық тайпалармен қақтығысуына тура келді. Соңында Вейя жермен-жерсен етілді. Вольскілердің тайпалары жойылды немесе құлдыққа сатылды. Римдіктер Тибрдің оң жағалауындағы айтарлықтай территорияны да иемденді. Алайда, б.д.д. 390 жылы Апеннин түбегінен солтүстікте орналасқан жауынгер тайпа галлдар Римге бас салды. Ауыр қоршауды басынан кешірген Рим галлдарға көп көлемде алым төлеуге келісті. Осыдан кейін ғана галлдар кейін қайтты. Римдіктер тез арада жеңілістен есін жинап, қаланы жаңа қорғаныс қабырғамен қоршап алды. Жаулап алу саясатының бірінші кезеңінде Рим Апеннин түбегінің орталығына бекініп алды.

Римдік жаулап алу саясатының екінші кезеңінде таулы Италия (Самния) мен жері құнарлы Кампания экспансияның нысанына айналды. Римдіктердің бұл жаулап алу күресі 50 жылға созылды. Бұл жолы римдіктерге жауынгер самниттік тайпалармен қақтығысуына тура келді. Самниттік соғыстың барысында (б.д.д.

343-341, 327-304, 298-290 жж.) римдіктердің қарсыластары (самниттіктерге этрускілер, умбрлар, галлдар қосылды) талқандалды. Римдіктердің қол астына Орта Италияның кең-байтақ облыстар – Самния, Солтүстік Этрурия және Умбрия өтті.

Римдіктердің Италияны жаулап алуының үшінші кезеңі б.д.д. 281-272 жж. тұспа-тұс келеді. Бұл кезеңде римдіктердің басты қарсыластары Римге бағынышты болғысы келмеген Апеннин түбегінің оңтүстігіндегі грек колониялары болды. Жаулауға ұшырайтындықтарын сезінген грек-колонистері, талантты қолбасшы, эфир патшасы Пирден көмек сұрады. Жақсы үйретілген армиямен Пирр кемелермен Италияға түсіп, римдіктерге екі рет (б.д.д. 281-272 жылдары) ойсырата соққы берді. Сицилияға өткен соң Пирр барлық карфагендік қамалдарды басып алды. Пирр Апеннин түбегіне б.д.д. 275 жылы оралды. Осы жылы ол Беневетта қаласының түбінде римдіктермен басты шайқасқа түсіп, жеңіліс тапқан соң Италиядан кетуге мәжбүр болды. Осылайша б.д.д. III ғасырдың орта шенінде бүкіл Италия солтүстігінде Рубикон өзеніне, ал оңтүстігінде Мессина бұғазына дейін бағынышқа түсті.

Тибр өзені бойындағы шағын қауымнан Рим Батыс Жерорта теңізіндегі қуатты мемлекеттердің біріне айналды. Бұл мемлекет біртұтас болған жоқ. Рим полис ретінде қала берді. Халықтар әртүрлі деңгейде тәуелділік пен бағыныштылыққа түсті. Өзінің құрылымы жағынан бұл мемлекет римдік полистің үстемдігіндегі римдік-итальяндық конфедерация болды. Үстемдік етуші полис одақтастарын «бөліп ал да, билей бер» қағидасы бойынша басқарды. Бұрыннан Римнің бақылауында болған қауымдар, негізінен Лацияның территориялары, муниципийлар деп аталды. Олар өзін-өзі басқару құқықтарын сақтап қалды. Олардың өз магистраттары мен соттары болды. Көп кешікпей муниципийлердің тұрғындарының құқықтары рим азаматтарының құқықтарымен теңестірілді.

«Дауыс беруге құқықтары жоқ» деп аталатын қалалардың тұрғындары үшін бірқатар шектеулер енгізілді. Бұндай қалалардың тұрғындары мүлікке қатысты шектеусіз құқықтарды иемденгенімен, коммунцияларға қатысуға жіберілмеді және магистраттарға сайлануға құқықтары болған жоқ. «Латындық

азаматтық» құқықтарын иемденген қалалардың тұрғындары өзін-өзі басқару құқықтарын сақтап қалғанымен, олардың құқықтарының көлемі айтарлықтай шектелді. «Одақтастар» Рим қауымына бағынған саны жағынан мейлінше көп халықтар болды. Формалды түрде олар тәуелсіз болғанымен, дербес сыртқы саясат жүргізу құқықтарынан түгелдей айырылды. Римге берілген қалалардың жағдайы мейлінше ауыр болды. Автонмия құқығынан толық айырылған бұндай қалаларды римдік өкілдер басқарды. Бұндай қалалардың тұрғындарына қару асынуға тыйым салынды және олардың ешқандай азаматтық құқықтары болған жоқ.

Римдік дипломатия бағындырылған халықтарға қатысты саналы түрде осындай саясат жүргізу арқылы қарудың күшімен құрылған одақты сақтап қалуға болады деп санады. Жаулап алу соғыстарында Римнің жеңіске жетуіне кепіл болған оқиға ол – плебейлер мен патрицийлер арасындағы күрестің аяқталуы және осының арқасында азаматтардың бірлесуі, сондай-ақ, бұл өз кезегінде армияның берік топтасуына алып келуі болды. Бұның үстіне римдік басқыншылық нысанына айналған тайпалар мен халықтардың арасында өзара ауызбіршілік болған жоқ. Олардың римдік экспансияға қарсы бас көтерулері әртүрлі уақытта және жергілікті сипатта болды. Өз кезегінде римдіктер өздерінің қарсыластарына жеке-жеке соққы беруге және Римге қарсы әскери-саяси бірлестіктің құрылуына жол бермеуге тырысты. Осындай саясаттың арқасында бүкіл Италия Римнің билігіне өтті. Бұндай табыстар Римге ары қарай жаулап алу үшін жол ашып берді.

Б.д.д. 133 жылы Пергам патшасы III Атталдың өсиеті бойынша эллиндік мемлекеттің барлық жері римдіктердің қолына өтті. Ол жерде Азия деп аталатын шеткі аймағының негізін қалады.

Үшінші Пуни соғысы кезеңінде (б.д.д. 149-146 жж.) Сципион Африканскийдің немересі Сципион Эмилиан Карфагенді талқандады. Оның территориясын қарғап, қоныстануға тиым салды. Карфаген иеліктерінің басым бөлігін рим сенаты африканың провинциясы деп жариялады.

Осылайша б.д.д. II ғасырдың ортасында Жерорта аймағында орналасқан көптеген халықтар мен елдер Рим үстемдігінде болды. Рим республикасы мықты державаға айналды. Үстемдік



етуші полиске құлдар мен материалдық байлық әкелінді. Бұл кейінгі Рим республикасының дамуы үшін аса маңызды болды.

## **7. Рим мен Карфагеннің соғысы**

Б.д.д. III ғасырда Рим Жерорта теңізіндегі қуатты мемлекеттердің біріне айналды. Үстем полистің айналасында одан әртүрлі деңгейде тәуелділікте болған территориялар мен қалалардың федерациясы қалыптасты. Алайда, Апеннин түбегін жаулап алған римдіктердің мұнымен тоқтағылары келген жоқ. Ендігі жерде олар жері құнарлы болып табылатын Сицилия мен бақуатты грек колонияларына, сондай-ақ, кенішке бай Испанияға көздерін сүзе бастады. Бірақ бұл территориялар б.д.д. IX ғасырда негізін финикийлықтар қалаған Карфагеннің де назарын аудара бастады. Карфагеннің құдіреті б.д.д. V ғасырда өзінің шырқау шегіне жетті. Карфагеннің сол кездегі замандастары бұл мемлекетті Батыс Жерорта теңізіндегі ең қуатты мемлекет деп есептеді.

Өзінің саяси құрылысы жағынан Карфаген олигархтық республика болды. Теңіз саудасы мен қолөнермен байланысты карфагендік байлардың басым бөлігі африкандық құрлықтан тыс жатқан орасан зор жерлерді басып алуды ашық түрде ойлай бастады. Рим мен Карфагеннің сыртқы территорияларды басып алуға деген ұмтылыстары олардың мүдделерінің қақтығысына алып келді. Рим мен Карфагеннің арасындағы соғыс тарихқа Пуни (римдіктер Карфаген тұрғындарын пунилер деп атады) соғыстары деген атпен енді. Пуни соғыстары бүкіл Батыс Жерорта теңізі тарихының межелі кезеңі болды. Рим мен Карфагеннің Жерорта теңізі бассейнінде үстемдік үшін үзілістермен жүргізген өзара соғыстары жүз жылдан астам уақытқа созылды.

Бірінші Пуни соғысы б.д.д. 264 жылы басталып, б.д.д. 241 жылға дейін жалғасты. Бірінші Пуни соғысы Римдіктердің Гамилькар Барк басқарған карфагендіктердің флотын талқандаумен аяқталды. Гамилькар Барк Карфагендегі атақты Баркидтер әулетінің өкілі болатын. Бұл әулеттің есімі өзінің жауынгерлігімен танымал еді. Келіссөздердің шартына сәйкес Римге барлық тұтқындар қайтарылды және Карфаген он жыл бойы жеңімпазға айтарлықтай контрибуция төлеуге міндеттенді.

Сицилия аралының бір бөлігі Рим республикасының билігіне өтті. Бұл жерлер Римнің алғашқы теңіздік провинциялары болды. Осы кезден бастап Римнің жаулап алған итальяндық емес территориялары провинциялар деп атала бастады. Көп кешікпей Кафрагеннің бақылауында болған Сардиния мен Корсика аралдарын Рим жаулап алды. Бұл аралдар Римнің екінші провинциясы болды. Провинцияларды Рим тағайындағын өкіл басқарды. Бұндай провинциялар Рим халқының олжасы деп танылды. Римдік өкіл провинцияларда орналастырылған римдік әскерге қолбасшылық жасады. Провинциялар территориясының бір бөлігі Рим халқының «қауымдық жері» ретінде жарияланды. Бұдан өзге провинция тұрғындарына ауыр алым-салықтар салынды.

Өзінің теңіздік территориясының бір бөлігінен айырылған және айтарлықтай қиындықтарға ұшыраған Карфаген, есе қайтаруға талпынды. Карфаген армиясын Гамилькар Барктың ұлы дарынды қолбасшы әрі дипломат Ганнибал басқарды. Карфаген армиясы ол кезде Испанияда орналасқан болатын. Ганнибал Римдіктердің ежелден келе жатқан қарсыласы галлдармен, сондай-ақ Италия мен Сицилияда римдіктердің үстемдігіне наразы халықтармен одақ құруды ойластырды. Сонымен қатар Ганнибал эллиндік Македония патшасы Филипп V одақ құрды. Оның бұл қадамы Римнің мазасын алды. Себебі Филипп V Римнің Адриатика мен Эгей теңізі бассейніндегі үстемдінің күшеюіне әрқашан қарсы шығып келген еді.

Осы аталған жайттардың барлығы Рим мен Карфагеннің арасында жаңа қақтығыстарға алып келді. Бұл қақтығыстар екінші Пуни соғысына (б.д.д. 218-201 жж.) ұласты. Римдіктердің күні бұрын жасаған соғыс жоспарына қарамастан, Ганнибалдың батыл қимылдары римдік армияны сәл болмағанда апатқа ұшырата жаздады. Ганнибалдың Пиренейді басып өтіп, кенеттен Альпі асуларынан өтуі римдіктер үшін күтпеген жағдай болды. Б.д.д. 218 жылы Ганнибал солтүстік Италиядағы Треби түбінде Публий Корнелий Сципион мен Тиберий Семпроний Лонг басқарған Римнің консульдық армиясын ойсырата жеңді.

Римге қарсы бас көтерген галлдардың әскерімен толықтырылып күшейтілген Ганнибалдың армиясы Римге баратын

жолдағы Тразимен көлінің маңында б.д.д. 217 жылы римдіктерге тағы да күйрете соққы берді. Осы шайқаста римдік легионды басқарған Гай Фламиний қаза тапты. Б.д.д. 216 жылдың жазында Канны елді мекенінде жаңа шайқас болды. Әскерді сәтті орналастыра білген карфагендіктер, Рим армиясының санынан екі есе аздығына қарамастан, Рим армиясын қоршап алып, оны толығымен жойып жіберді. Бұл жеңіліс Римде үрей тудырды. Онымен бірқатар одақтастар бойларын аулақ салды. Олардың қатарында Капуя, Тарент және оңтүстік Италияның басқа да қалалары болды. Бұдан өзге Филипп V Ганнибалмен Римге қарсы әскери одақ құрды.

Бірақ бұндай ірі жеңістерге қарамастан, Ганнибалдың жағдайы іс жүзінде қиын болды. Карфаген тарапынан оған ешқандай көмек көрсетілмеді. Осының салдарынан оның резерві мүлдем болған жоқ. Бұның үстіне Ганнибалдың одақтасы – Македонияның патшасы Филипп V римдік дипломаттар ұйымдастырған Грециядағы коалициямен күреске түскендіктен аса ауыр жағдайда қалды. Бұдан өзге римдіктер Ганнибалмен күресудің тәсілін өзгертті. Ендігі жерде римдіктер ашық айқасқа түспестен, ұсақ қақтығыстарға барып, ірі шайқастардан бойларын аулақ салды. Осылайша римдіктер Ганнибал армиясын әбден титықтатты.

Рим Сицилияға айтарлықтай әскер жібере отырып, б.д.д. 211 жылы Сиракузыны басып алды. Келесі жылы олар бүкіл аралды жаулап алды. Сол жылы римдіктердің пайдасына Испаниядағы жағдай да өзгерді. Испаниядағы римдік армияның қолбасшылығына дарынды қолбасшы Публий Корнелий Сципион келді. Кейін ол африкандық деген атты иемденді. Ганнибалдың Испаниядағы тірек пункті Жаңа Карфагенді алған римдіктерге б.д.д. 206 жылы Пиреней түбегінің бүкіл солтүстік-батысын басып алудың сәті түсті.

Сонымен қатар Италияның өзінде римдіктердің пайдасына шешілген бірқатар өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, римдіктер сатқындық жасаған Капуяны толық қоршауға алды. Ганнибалдың қоршауда қалған Капуяға көрсетпек болған көмегі сәтсіз аяқталды. Сондықтан Ганнибал римдіктердің назарын Капуядан басқа жаққа аудару үшін Римге жорық жасады. Алайда,

оның үміті ақталмады. Оның үстіне Ганнибал Римді тіке шабуылмен алуға болмайтындығын түсінді. Сонымен ол Италияның оңтүстігіне қайта оралуға мәжбүр болды. Осы уақытта Публий Сципионның армиясы б.д.д. 204 жылы Африкаға келіп түсті. Карфагендік сенат Ганнибалды шұғыл түде Италиядан шақырып алды. Б.д.д. 202 жылы Карфаген астанасынан оңтүстіктегі Зама қаласының түбіндегі шайқаста Ганнибал өзінің алғашқы әрі ең соңғы жеңілісіне тап болды. Ол Антиох III селевкидтік патшадан қорғаныш сұрады.

Ганнибалдың теңдесі жоқ қолбасшылық дарынына қарамастан, екінші Пуни соғысының тағдыры шешіліп қойған болатын. Материалдық ресурстар мен әскердің саны-сапасы римдіктердің жеңісін күні бұрын анықтап бергендей еді. Б.д.д. 201 жылғы бейбіт шарт бойынша Карфаген Африкадан тысқарыдағы барлық иеліктеріне айырылды. Сонымен қатар Карфаген дербес сыртқы саясат жүргізу құқығынан айырылды және римдіктерге өзінің флоты мен әскери пілдерін беруге тиісті болды. Бұдан өзге Карфаген елу жыл бойы Римге орасан зор контрибуция төлеуге міндеттенді.

Римнің кейінгі тарихы үшін екінші Пуни соғысының салдары өте маңызды болды. Құлдар мен байлықтың Римге ағылуы республиканың экономикасында айтарлықтай өзгерістерге әкелді. Карфагеннің жағына шыққан одақтастардың жерлері тәркіленді. Осының арқасында мемлекеттік жер қоры айтарлықтай ұлғайды. Өздерінің итальяндық одақтастарының үстінен бақылауды күшейткен римдіктер, қоғамның үстемдік етуші азаматтары бола отырып, олар өз одақтастарын тәуелділер ретінде қабылдады. Екінші Пуни соғысынан кейін ашық жаулап алушылық сипаттағы римдік басқыншылықтың жаңа кезеңі басталды.

## **8. Римнің Шығыс және Батыс Жерорта теңізіндегі жаулап алушылықтары**

Б.д.д. IV ғасырдың соңы – III ғасырдың басында Жерорта теңізінің шығысында эллиндік мемлекеттер қалыптасты. Олардың ең маңыздылары Македония, Птолемейлік Египет және Селевкидтердің патшалығы болды. Б.д.д. III ғасырда

эллиндік мемлекеттер ішкі және сыртқы талас-тартыс пен өзара бәсекелестіктің салдарынан өздерінің бұрынғы құдіретінен айырыла бастады. Бұндай жағдайлар Римнің Шығыс жерорта теңізіндегі мемлекеттердің ісіне араласуға мүмкіндік берді.

Римдіктердің шығысқа енуінің алғашқы ұмтылыстары б.д.д. II ғасырда болды. Бұл кезде Рим Македонияға қарсы жаулап алу соғыстарын бастаған еді. Фессалиядағы Киноскефал деп аталатын елді мекен түбінде римдік легион жеңілмейтін даңқты иемденген Филипп V македондық фалангасын талқандады. Бейбіт келісім жасалғаннан кейін жоғарғы әскербасшы Тит Квинций Фламинин Римнің Грециядағы позициясын бекітті. Б.д.д. 196 жылы ол грек полистерінің македон билігінен азат екендігін жариялады.

Рим Апеннин түбегінде үстемдік орнату үшін 12 бөліктен тұратын Италия жеріне жаулап алушылық соғыстар жүргізді. Римдіктер Оңтүстік Италиядағы грек қалаларына қауіп төндірген кезде Италия жеріндегі ең үлкен Торент қаласының ақсүйектері Эпир мемлекетінің патшасы Прииден көмек сұрайды. Пирр өз әскерімен оларды қорғау үшін б.д.д. 280 жылы Италияға келеді. Соғыс барысында оның іскері шығынға ұшырайды, Пирр қалған әскерімен Грекияға кетті. Рим бүкіл Италияға өз үстемдігін орнатты. Италиядан кейін римдіктер Сицилия мен металы көп Испания жері үшін жана жорыққа әзірленді. Бұған карфагендіктер қарсы болды.

Карфаген қаласы мемлекет еді. Римдіктер карфагендіктерді пунндар деп атаған. Пуни соғысы деп аталуы осымен байланысты. Бірінші Пуни соғысы б.д.д. 264 жылы басталып, б.д.д. 241 жылы Римнің жеңісімен аяқталды. Сицилияға Рим үстемдігі орнап, оны тағайындалған әкім басқарды. Сицилия теңіздің арғы бетіндегі алғашқы провинция болды. Рим өкілі елге астық жеткізіп, салық жинады. Рим Сицилиядағы грек қалаларын азат етіп, оларды салықтан босатты. Карфагендіктерді бұл жеңіліс мұқата алмады. Олардың әскерін басқару талантты қолбасшы Ганнибалға жүктелді. Ол өз әскерін Альпі таулары арқылы 15 күннің ішінде Италияға алып барды. Асу кезінде 38 пілдің 12-сі қалды. Б.д.д. 218 жылы екінші пуни соғысы басталған кезде, Ганнибал әскері Римнің 50 мың әскерін қырып салды.

Римдіктер тез арада күш жинап, шешуші соғысқа әзірленді. Б.д.д. 202 жылы Зама жазығында римдіктер Ганнибал әскерін жеңеді. Б.д.д. 201 жылы Екінші пуни соғысы аяқталды. Соғыс нәтижесінде карфагендіктер Римге 50 жыл ақша төлеп, теңіз кемелері мен пілдерін берді. Бүкіл Сицилия мен Испанияның күміске бай кен орындары Рим провинциясына айналды, сөйтіп Рим Жерорта теңізінің қожасына айналды.

### **9. Б.д.д. II ғ. Рим республикасындағы экономикалық және әлеуметтік қатынастар. Рим провинцияларындағы жағдай**

Үздіксіз басып алушылық соғыстар барысында Рим мемлекетінде құлдардың саны күрт өсті. Құл санының көп болуы кейінгі Рим республикасының әлеуметтік-саяси өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Құл еңбегі жетекші рөл атқарды, құл негізгі материалдық байлық өндірушіге айналды. Ерікті өндірушіні біртіндеп шаруашылық өмірден ығыстырып шығарды. Плебстің жерсізденуі басталды, жер ірі құл иеленушілердің қолына шоғырланды.

Б.д.д. II ғасырға дейін италийлік жер шаруашылығында жетекші тұлға орта және ұсақ меншік иесі болған. Кейінгі республика барысында дәл осы категория кедейлене бастады. Бұл процестің бірнеше себебі бар: ең алдымен үздіксіз соғыстар шаруаны жерінен үзді, сондықтан жер шаруашылығы құлдырап кетті. Келесі себебі, құлдардың басым бөлігімен жерін өңдейтін ірі жер иеленушімен бәсекелестікке түсу аса қиын болды.

Б.д.д. II ғасырда Рим республикасындағы ерікті өндірушілердің натуралды шаруашылығының орнына ірі поместьялық шаруашылықтар келді, 10-20 құлы бар виллалар кең орын алды және бұлардың барлығы нарыққа икемделді. Құл иеленушілік шаруашылық тауарлық шаруашылық болды. Құл иеленушілік қолөнерге де ауысты. Қала тұрғындарының санының өсуі ауыл-шаруашылығы мен қолөнер өніміне нарық қалыптастырды. Ақшаға деген сұраныс пайда болды, бұл өсімқорлыққа алып келді. Экономиканың прогрессивті дамуына байланысты ұсақ және орта жер иеленушілер өз үлестерін жоғалтып, қайыршыларға

айналды. Құл енбегі тиімді жағдайда, олар қажетсіз болып қалды. Көптеген жерсізденген азаматтар қалаға қоныс аударды, сөйтіп люмпен-пролетарийлардың қатарын көбейтті. Рим мемлекетінің алдында күрделі жағдай қалыптасты, енді ірі меншік иелерін құлдардан ғана емес, кедейлерден де қорғау керек болды.

Рим мемлекеттік аппаратындағы консерватизм провинцияларды бақылаудан да көрінді, олар жүйесіз басқарылып, аяусыз жазаланып, қаналып отырды. Б.д.д. I ғасырдың басында Римнің он провинциясы болды, олардың құқықтары әртүрлі болды, жүйелі басқару формасы болған жоқ. Олардың көпшілігі бағынышты болды да, әртүрлі салық төледі. Мемлекет провинцияларын «Рим халқының поместьясы» деп есептеді. Провинция наместниктерінің құқығын анықтайтын заңдар болмады, олар шексіз билік жүргізді. Бұндай жағдайлар Рим мемлекетіне кедейленген провинциалдарды ғана емес, провинциядағы құл иеленушілерді де қарсы қойды. Себебі, провинциядағы құл иеленушілердің құқығы да қорғалмады. Бұрынғы саяси формалар Рим құлиеленушілерінің белгілі бір тобының ғана – нобилитет пен сенаторлық олигарцияның мүддесін қорғады. Билікке салт аттылар да ұмтылды. Әсіресе саудамен қолөнермен айналысатындар үшін билік қызығу объектісі болды. Провинция тұрғындарының басым бөлігі өздерінің материалдық жағдайына наразы болды. Сонымен қатар люмпен пролетариаттың наразылыққа дайын болуы әлеуметтік-саяси күштердің тұрақтылығын бұзатын еді. Б.д.д. II ғасырда құлдар арасында да бірнеше наразылықтар орын алды. Мысалы, б.д.д. 138-132 жж. Сицилиядағы құлдар көтерілісі, б.д.д. 132-129 жж. Пергамдағы құлдар көтерілісі Рим мемлекетіндегі дағдарысты анық көрсететін еді.

## 10. Ағайынды Гракхтар қызметі

Рим республикасының тұрақтылығына төнген дағдарыс жағдайында, нобилитеттің кейбір өкілдері өзгеріс қажеттілігін түсінді. Қоғамды біріктіріп, Рим әскерінің күшін жандандыру аса маңызды болды. Рим әскерінің негізгі құрамы жерсіздену жағдайынан жапа шегіп отырған шаруалар еді. Өзгерістерді

көздегендердің қатарында ағайынды Тиберий және Гай Гракх болды. Олар ауқатты плебей тобынан шыққан.

Үшінші Пуний соғысының қатысушысы Тиберий Гракх б.д.д. 133 жылы халық трибуны болып сайланды. Рим әскерінің негізі болып табылатын ұсақ жер иеленушілікті сақтау үшін аграрлық реформа туралы ой туындап жатқан еді. Бұл реформа ең алдымен селолық плебске қажет болды. Сондықтан, Тиберий Гракх б.д.д. 367 жылғы «қоғамдық жерлерді басып алуды шектеуге арналған» Лициния-Секстия заңына сүйеніп, аграрлық реформаның жобасын жариялады. Тиберийдің ұсынысы бойынша жанұя-қоғамдық жерден тек 500 югер ғана жер ала алады. Екі үлкен ұлына қосымша 250 югер жер беруге болады. Осылайша, бір жанұяның жер үлесі 1000 югерден аспау керек.

Бұрынғы иелерінен тартып алынған жерлер мемлекеттік қорға өткізіліп, жерсіздерге 30 югерден жер беретін болды. Жерді иелену заңы бойынша оны сатуға, сыйға беруге болмайтын, тек мұраға қалдырылатын және мемлекетке салық төленетін. Осы шараларды іске асыру үшін Тиберий Гракх үш адамнан тұратын комиссия құруды ұсынды. Тиберийдің жобасы нобилитеттің наразылығын тудырды. Сенаторлардың басым бөлігі Тиберийге қарсы шықты. Плебс керісінше оларды қолдады. Халық жиналысына сүйене отырып, Тиберий Гракх шешімді түрде қимылдады. Трибуттық комициялар заң жобасын қолдады. Осымен қатар, жер үлесін бөлу туралы комиссия құрылды. Оның мүшелігіне Тиберийдің өзі, ағасы Гай және олардың жақтаушысы Клавдий кірді. Комиссия реформаны іске асыруды бастады.

Б.д.д. 132 жылы Тиберий Гракх өз кандидатурасын халық трибуны қызметіне екінші рет ұсынды. Оның қарсыластары оған мүмкіндік бермеу үшін, оны билікті жаулап алды деп айыптады. Өзінің жақтастарымен бірге Тиберий өлтірілді. Реформа кері қайтарылған жоқ, оның маңызын көпшілік түсінді. Жер үлесін беру жалғаса берді, саяси күрес те өршіді.

Қарсыласушы екі жақтың күштері екі саяси топқа бөлінді. Олар оптиматтар және популярлар деп аталды. Оптиматтар нобилитеттің, сенаторлық топтың мүддесін қорғады да, сенат пен магистрлердің билігінің қол сұғылмаушылығын талап етті.



Популярлар қалалық және селолық плебстің мүддесін қолдады, халық жиналысының күшіне сүйенді. Екі топтың арасындағы күрес біртіндеп күшейіп, негізгі мәселе аграрлық мәселе мен Рим мемлекетін демократияландыру мәселесі болды.

Популярлардың басшысы, Гай гракх аграрлық өзгерістердің тұрақты жалғастырушысы болды. Б.д.д. 123 жылы халық трибуны болып сайланды. Оның өкілеттілігі келесі жылы да созылды. Аграрлық комиссияның село плебсі үшін жүргізген шаралары жалғаса берді. Қала плебсінің жағдайы да өзгертілді: нанды қала плебсіне арзан бағамен сату туралы заң қабылданды.

Атты әскер сословиясының мүддесі үшін, атты әскерден қалыптастырылатын соттық комиссия құрылып, биліктің асыра сілтеушілігі мен провинциядағы Рим наместниктерінің коррупциясы қарастырылды. Гай Гракх осындай шаралары арқылы атты әскер тобының да қолдауын көрді. Әскер де ұмыт қалдырылған жоқ. Онда қызмет ету мерзімі мен қару-жарақты ақысыз беру мәселесі шешілді.

Рим мемлекетінде демократиялық бастамаларды күшейту үшін, бірнеше тұрақты соттық комиссиялар құрылды, қаржы мәселесіне қатысты кейбір сұрақтар сенаттан халық жиналысына берілді. Халық трибунының құқығы кеңейтілді. Италиктерге рим азаматтығын беру мәселесі шешілмей қалды.

Гракх реформаларының сенаторларға қарсы бағыты болды. Әлеуметтік құрамы мен экономикалық-саяси мүддесі бойынша сенат құрамы әртүрлі болды. Атты әскер тобы да, плебс те италиктерге Рим азаматтығын беру мәселесін қолдаған жоқ. Біртіндеп, Гракх реформасынан атты әскер де, плебс те алшақтай бастады. Оптиматтар Гай Гракхке қарсы айдап салып отырды. Күрес Рим көшелеріндегі ашық күреске ұласып кетті. Нәтижесінде Гай Гракх пен оның жақтастары өлтірілді. Дегенмен, бұл реформалар ізсіз кеткен жоқ, плебс жер бөліктерін алды. Атты әскерлер де бірқатар артықшылықтар иеленіп алды. Б.д.д. 111 жылы аграрлық шаралар жоққа шығарылды. Осы жылы қабылданған заң бойынша жеке адамдар басып алған жер бөліктері олардың жеке меншігіне өтті. Гракх реформасының барысында алынған жер бөліктері сатылып кетті де, плебстің жерсізденуі жалғаса берді.

## 11. Сулла диктатурасы

Одақтастар соғысында Римге Эгей теңізі аумағынан ығыстырылу және Грециядағы билігінен айырылу қаупі төнді. Бұл қауіпті Понт Митридат VI патшадан төнді. Ол Римге қарсы бағытталған провинцияның тұрғындарын біріктірді, бұл жердегі мақсаты Римнің Армения патшасымен одақтық шарт жасауға қарсы тұру.

Митридат VI патшаға қарсы күшті римдік әскер жасақталды, сенат шешімі бойынша оны тәжірибелі әскербасшы, оптиматтар жақтасы Луций Корнелий Сулла басқарды. Бірақ атты әскер сословиесі өкілдері бай провинциядағы жеңістен түскен табысты оптиматтарға бергісі келген жоқ. Сол себепті, халықтық жиналыс әскерді басқаруды өздерінің әскербасшысы және жақтасы беделді Марийге ұсынды. Грецияға жүзуге дайын тұрған әскер Марийдің жаңа легион жинауын қаламай, оларды шеттету үшін Римге жорыққа шығуды талап етті. Бірінші рет Римді өздерінің әскерлері жаулап алды. Мариандықтар талқандалып, Марийдің өзі Африкаға қашып кетті.

Сулла Сервий Туллий заманына қайтуды жариялады. Оптиматтардың мүддесіне орай центурий бойынша дауыс беру тәртібі қалпына келді, сенаттың рөлі күшейді, халықтық трибундардың қызметі шектелді. Оған қоса, бөлініп кеткен популярлар тарапынан қолдау қажет болған Сулла ардагерлерге арналған жаңа колония құру бойынша заңдар шығарып, қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемені қысқартты. Осыдан кейін ол Митридатқа қарсы соғысқа аттанды.

Римде Сулланың болмауы Марий жақтастарының қызметін жандандырды. Б.д.д. 87 жылы сулландық құрылыс қарсыласы консул Луций Корнелий Цинна Марийді қуғыннан қайтаруды ұсынды. Сулландықтар тарапынан үлкен қарсылыққа тап болған Цинна Римнен кетті. Ардагерлер тарапынан және италийлік одақтастар тарапынан қолдауға ие болған Цинна қайта әскер жинап, қайта күрес бастады. Бұл уақытқа қарай Этрурийдан келген Марий оған көмекке келді. Ол италиктер және құлдар қатарынан жиналған легион құрды. Римді қайтадан өздерінің әскері жаулап алды. Мариандықтар жеңіске жетті. Келесі б.д.д. 86 жылы Марий

да, Цинна да консул болып сайланды. Бірақ кейін Марий қайтыс болады. Цинна басшылығымен билікте қалған популярлар Сулланың іс шараларын жойып, оның өзін қызметтен босатады.

Бұл уақытқа қарай Митридатқа қарсы соғыста жеңіске жетіп, Римнің сол провинциялардағы билігін қалпына келтірді. Б.д.д. 83 жылы көктемде Сулла армиясы Италияға қайтып келіп, Римге беттеді. Рим қабырғасында болған жойқын соғыста елу мыңнан аса легионерлер қаза болды, қала сулландықтар қолына тиді. Популярлар оларға қарсы тұра алмады. Енді Сулла қанды жеңісін тойлады. Популярлар жақтастарының тізімі жасалды және өзге күдіктілердің – проскрипциялардың тізімі жасалды. Бұл тізімге енгендердің барлығы заңсыздар болып, олардың мүлкі тәркіленді. Проскрипцияға енгендерге тиесілі болған құлдарға еркіндік берілді. Бұл репрессия барысында мыңдаған азаматтар жазаланды.

Б.д.д. 82 жылы билік басында болған Сулла жаңа заңдар шығару және мемлекет құрылысын ұйымдастыру үшін белгісіз мерзімге диктаторлық өкілеттіктер алды. Оның өкілеттіктерін қысқарту және ұзарту тек диктаторға ғана тәуелді болды. Оптиматтар жақтасы Сулла консерватизмге толы бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды. Сенаттың құқықтары өсті. Халықтық жиналыстың рөлі түсіп, диктатор айтқан заңдарды ғана қабылдады.

Сулла өзін қолдаған әскерге жағдай жасады: жүз мыңдаған легионерлер Италиядан жер бөліктерін алды. Римнің өзінде он мыңдаған құлдар еркіндік алып, Рим азаматтарының құқықтарын ие болды. Олар халықтық жиналысқа табанды ықпал ете алып отырды.

Үлкен мемлекеттің жалғыз басшысы бола отырып, Сулла өзінің күш қуатының шегіне жетті. Бірақ ешкім ойламаған жағдай болды. Б.д.д. 79 жылы диктатор өз өкілеттіктерінен бас тартып, жеке өмірге бас бұрды. Бір жылдан кейін ол қайтыс болды. Негізінде Сулланың монархиялық билігі Рим республикасы тарихындағы жаңалық болды, бірақ диктатор олигархиялық республика нобилитеті реставрациясы ұраны бойынша әрекет етті. Бірақ, осылай саяси тартыстың күшті құралына айналған, болашақта әскерге сүйене отырып, билікті басып алу негіздерінің прецеденті жасалды.

## 12. Бірінші тирумвират және Цезарь диктатурасы

Римде диктатуралық биліктің орнауына нобилитет пен сенаторлық олигархия қарсы болды. Олар үшін материалдық және саяси артықшылықтар беретін ескі республикалық билік тиімді еді. Экономикалық жағынан күшті бұл топқа ерікті тұрғындар категориясы қолдау көрсетті. Тұрақсыз саяси жағдай қалыптасты, саяси күштер белгілі әскербасшыларына сүйенді. Б.д.д. I ғасырдың 60-жылдары билік үшін саяси күресте жеке мансапқұмарлар орын алды. Осындай жағдайда белгілі үш әскербасшы, республиканың саяси қайраткерлері – Гней Помпей, Марк Лициний, Гай Юлий Цезарь одағы қалыптасады.

Әскери жеңістерге қол жеткізген Помпейді әскер қолдады, жер үлестерін алуға үміттенген әскербасшылар қолдады. Красы атты әскер сословиясы қолдады. Крас Помпейдің күшейіп, сенатпен жақындасып кетуінен сақтанды. Красқа сенімді әскер керек еді. Сондықтан атты әскер сословиясы Египетке қарсы соғысқа уағыздады. Соғыс бола қалған жағдайда әскерді Крас бастауы керек еді. Сулланың жақтаушысы ретінде проскрипция кезеңінде ол үлкен байлық жинақтап, оны саяси күреске қолданып отырды. Спартак көтерілісін басу кезінде де Крас көзге түскен еді.

Гай Юлий Цезарь өз жағына қала плебсін тартып, сенаттық олигархиядан қорғаушысы болып алды. Б.д.д. 60 жылы Помпей, Крас, Цезарь құпия келісім жасады. Оның қатысушылары Цезарьді консул сайлап, саяси артықшылықтар мен республикада жоғарғы билікке қол жеткізуді көздеді. Осылайша б.д.д. 60-53 жж. бірінші триумвират қалыптасты, бұл үш саяси қайраткердің жоғарғы билікке жету жолындағы сенатқа қарсы одағы болды.

Красстың байлығы, Помпей легионерлерінің күші, Цезарь энергиясына плебс қолдауы қосылып, сенат ештеңе істей алмады. Б.д.д. 59 жылы Цезарь консул болып сайланды. Ол өзінің саяси одақтастарының мүддесін қорғаған бірнеше заң шығарды. Аграрлық заң бойынша ардагерлердің барлығы жер биліктерін алды. Помпейдің шығыстағы шаралары да өзге заңдармен қорғалды. Азия провинциясынан түсетін салықтың мөлшері азайтылды, триумвираттың жақтастарына жоғарғы мемлекеттік қызметтер берілді. Осылайша алғашқы кезде триумвират арасындағы келісім орындалды.

Осыдан кейін Цезарь Галлияны жаулап алуға кетті. Б.д.д. 52 жылы Рим легионерлері Галлияны жаулап алды, осының нәтижесінде Цезарьдың қолына үлкен байлық жинақталды да, Цезарь Помпей ақшасына деген тәуелділіктен құтылды. Оның қоластында жақсы үйретілген, тәртіпті, өзіне берілген әскер болды. Цезарь легионерлері ішкі және сыртқы жаулармен соғысуға да дайын болды.

Галл соғысы жылдарында Римде триумвиратқа деген сенат оппозициясы күшейді. Бұл қауіпті сезген олар Цезарь әлі 5 жыл Галлияда билік етеді, Помпей мен Красс б.д.д. 55 жылы келесі бес жылға консул болады деп шешкен. Консулдық өкілеттіктен кейін, Помпей Испанияны, Красс Сирияны билеуі керек болды. Римнің қуатты қарсыласы, оның шығысқа экспансиясына кедергі болған Парфия патшалығымен соғыста Крастың қайтыс болуы бірінші триумвираттың ыдырауына алып келді. Цезарь Галлияда болған кезде, сенатты жақтаушы күштер Помпейді өз жағына тартып, оған диктаторлық билікті уәде етті. Бірақ диктатура халық арасында кең қолдау таппайтындықтан, Помпейді коллегиясыз консул қылып жариялады. Осылайша, заң бойынша диктатура қалыптаспағанымен, жоғарғы билік іс жүзінде оның қолында болды. Сондықтан Помпей мен Цезарьдың арасында билік үшін күрестің туындауы заңды еді. Помпейді оптиматтар әскери көсем ретінде мойындады, сондықтан оған б.д.д. 50-жылы барлық Рим әскеріне қолбасшылық жасау ұсынылды. Сенаттың шешімі бойынша Цезарь әскерін таратып, Римге келуі керек еді. Бұл ол үшін өлім жазасы екендігін мойындап, *бұны* орындаудан бас тартты. Б.д.д. 49 жылы ол өзінің «жеребе тасталды» деген қанатты сөзін айтып, өз легионымен Рубикон өзенінен өтіп, Римге бет бұрды.

Қарсылық көрсете алмаған Помпей Грецияға қашты. Римді оңай жаулап алған Цезарь, Испанияға келіп Помпейліктердің негізгі күшін талқандауды көздеді. Испанияны жаулап алып, Помпейге адал әскерді Африкаға ығыстырып Цезарь Римге келді. Б.д.д. 49 жылы оның легиондары солтүстік-батыс Грецияға келіп, Помпеймен кездесті. Фарсала қаласының түбінде шешуші ұрыс болды, Помпей әскері талқандалып, өзі Египет жағалауына түсер кезде қайтыс болды. Цезарь Египетке келіп, Птоломей мемлекетінің тағына Клеопатраны отырғызды.

Осыдан кейін Африка мен Испанияда помпейліктердің қалған бөлігін талқандап, б.д.д. 45 жылы Цезарь Рим империясының жалғыз билеушісі болады.

Азамат соғысы барысында Цезарь үш рет әртүрлі мерзімге диктатор болып сайланды. Б.д.д. 44 жылы сенат Цезарьды шексіз диктатор етіп сайлады. Енді оның диктатурасы монархиялық билікке айналды. Диктатор бола отырып, Цезарь консул болып сайланды, оның қолына трибуттық өкілеттілік жинақталды, цензор құқығы болды. Цезарьға өмірлік император деген титул берілді. Осылайша Цезарь қолына бернеше магистратур жинақталды. Бір адамның қолына соншалықты биліктің жинақталуы республикалық дәстүрге жат еді. Цезарь билігіне діни сипаттама беруге де ұмтылыс жасалды, ол жоғарғы абыз болып жарияланды, осылайша Цезарь билігі монарх билігіне ұқсас болды.

### **13. Б.д.д. 44-30 жылдардағы азамат соғыстары. Рим республикасының құлауы**

Сенаторлық олигархия ішінде Цезарь билігінің жаулары көп болды. Олар диктаторға қарсы әртүрлі заговорлар ұйымдастырды. Осындай әрекеттердің нәтижесінде б.д.д. 44 жылы сенат мәжілісі кезінде Цезарь өлтірілді. Дегенмен бұл акт әбден дағдарысқа ұшыраған Рим республикасын құтқара алмады. Рим азаматтарының арасында Цезарь популярлардың көсемі ретінде қалды, оптиматтар қолынан қаза тапқан қолбасшы ретінде мойындалды. Сондықтан цезарлықтардың жазалауынан қорыққан қарсылас жақ, Цезарьдың орнына отыруды қалайтын Марк Антонийға келді. Марк Антоний – танымал қолбасшы, саяси қайраткер, халық трибуны қызметінде Цезарьды қолдады. Цезарь Римде жоқ кезде оның орынбасары ретінде диктаторлық өкілеттілікті алды. Цезарь өлімінің алдында Марк Антоний консул болып сайланған. Диктатордың өліміне байланысты әлеуметтік тұрақсыздық басталғанда Марк Антоний мен сенаторлар өзара келісімге келді. Цезарь тиран деп жарияланған жоқ, оның заңдары өзгеріссіз қалды және Цезарьды өлтірушілерге өмір берілді. Рим халқына диктатураның мәңгіге жойылғандығы жарияланды.

Цезарь өз өсиетінде Гай Октавияны мұрагері ретінде жариялаған. Ол кезде Гайдың жасы 18-де болды. Оған Гай Юлий Цезарь Октавиан деген атақ берілді. Цезарь өлген кезде ол Парфияға дайындық барысындағы әскермен бірге Эпирде болды. Римге келіп, Октавиан мұрасын талап етті. Марк Антоний оны менсінбей қарсы алды. Антонийге жауап ретінде Гай сенатпен жақындасып, өзін республиканың қолдаушысы деп жариялады. Әскер мен халық арасында кең танымал Октавианның қолдауына сүйене отырып, сенаторлар Антонийге соғыс жариялады. Б.д.д. 43 жылы Галлиядағы Мутиң қаласының түбінде Цезарьдың екі легионері бетпе-бет кездесті. Антония әскері жеңілді. Екі Цезарьдың ізін жалғастырушыларды бетпе-бет кездестіріп, оларды әлсіреттік деп сенаторлар қуанды. Сенаторларға енді Октавиан да керек емес еді. Октавианның триумф пен консулдық билікті талап етуі жауапсыз қалды. Бұндай жағдайда әскер кімді қолдаса сол күшті еді. Антонийдің соңына түсуден бас тартып, Октавиан өз әскерін Римге қарай бұрды. Римді жаулап алып, консул қызметін қамтамасыз етті.

Осындай жағдайлардың барысында Марк Антоний, келесі көрнекті цезариандық Эмилий Лепидпен жақындасты. Олардың легиондары Цезарь жауынгерлерінен қалыптасқан, олар жер үлестерін жаулап алу үшін барлық цезариандықтардың ынтымақтастығын қолдады. Қалыптасқан жағдайға байланысты Октавиан сенаттан қол үзіп, Антониймен, Лепидпен жақындасты. Б.д.д. 43 жылдың соңында олар өзара «екінші триумвират» деп аталатын келісімге келді. Бұл б.д.д. 43-36 жж. болатын. Триумвирлар республиканы қалыптастыруды армандайтын сенат оппозициясын толық талқандауды көздеді. Сонымен бірге олар өз солдаттары мен ардагерлерінің талаптарын орындағысы келді. Халық жиналысы олардың билігін мойындады. Октавиан консул болып сайланды. Триумвирлерге төтенше өкілеттіліктер берілді, Гай Юлий Цезарьді өлтіргендерге амнистия берілмейтін болды. Жаңа билеушілер Италия халқының үлесінен солдаттары мен ардагерлеріне жер үлестерін бере бастады. Қала тұрғындары құлдарынан, ауылшаруашылық мүлкінен айырылды. Ардагерлерге де жер үлестері берілді. Триумвирлердің қарсыластары бұл шараларды тоқтата алмады. Б.д.д. 42 жылы Грецияның Филипп

қаласында сенаторлар әскері мен цезаршылар әскері кездесіп, сенаторлар жеңіліп қалды. Осы жеңістің нәтижесінде триумвирлер провинция территорияларын өзара бөлісіп алды. Антоний шығыс провинцияны, Октавиан батыс провинцианы, Лепид Африканы алды. Аз уақыттың ішінде Лепидті ығыстырып, жер аударып жіберді.

Октавиан Италияға келіп, көп қиындықтарға кездесті. Цезарь ардагерлеріне беру үшін тартып алынған жерлер үшін қала тұрғындарының наразылықтары өсті. Октавиан үшін жаңа қауіп пайда болды, Сицилияда Помпейдің ұлы Секст Помпей күшейіп, б.д.д. 60-53 жылдары триумвир болды. Ол Октавианға қарсыларды айналасына жинады. Оның әскерінің қатарына жерсізденген италиктер, аристократтар, өз қожаларынан қашқан құлдар жиналды. Секст Помпей флоты Италия жағалауларын қолдап, Италияның азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне кедергі келтірді. Б.д.д. 36 жылы Секст Помпейдің әскері мен флоты талқандалды. Секст Помпейді жеңудің үлкен маңызы болды. Октавиан италиялық құлиеленушілердің кумиріне айналды, оларға құлдарын қайтарып берді. Бұл Октавианның ауқатты топпен жақындасуға жасаған алғашқы қадамы еді. Алған әйелі арқылы сенаторлармен жақындасты. Проскрипция тоқтатылып, жерді тәркілеу тоқтатылды. Енді барлық Италия Октавианды қолдады. Бұл шараларды іске асыра отырып, қалыптасқан жағдайда тек әскерге сүйену дұрыс емес екендігін түсінді. Қоғамның барлық тобының қолдауына сүйену қажет болды. Осыдан кейін Октавиан Антонийге қарсы шығып, барлық Рим державасына билік жүргізу үшін күресті. Октавиан Италияда өз мақсатына жұмыс жасап жатқан кезде, шығыста Антоний қожайын болды. Аз уақыттың ішінде екеуінің арасындағы соғыс үшін сылтау табылды. Антоний Египет алтыны арқылы Парфияндарды жеңуді армандаса, птоломейлік патша Клеопатра өз мемлекетінің қуатын қайта қалпына келтіруді көздеді. Барлық үстемдік етуші топтардың жақындасуын көздейтін дәстүрлі Рим идеологиясының күшеюі Октавианның қарындасымен заңды түрде айырылыспай Антонияның Клеопатраға үйленуі, Рим провинциясының жерлерін Клеопатрадан туған балаларына үлестіруі Римнің патриархалдық тобын Антонияға қарсы қойды.



Б.д.д. 31 жылы Греция жағалауы мен Акции бұғазында теңіз ұрысы болып, Октавиан Антония мен Клеопатраның бірлескен әскерін жеңді. Олардың екеуі де өзіне-өзі қол жұмсап өлді. Б.д.д. 30 жылы Октавиан көп қиындықсыз Египетті жаулап алып, оны Рим провинциясына айналдырып, өзі билік жүргізді. Ұзақ уақытқа созылған азамат соғысы кезеңі аяқталды. Октавиан үлкен Рим державасы билігінің басына келді.

Цезарь өлгеннен кейінгі азамат соғыстары Рим республикасының маңызды сатыларының бірі болды. Соғыс барысында ескі римдік азаматтық тәртіптерді көксейтіндер жойылды. Оның дағдарысы бірнеше жерден көрінді. Экономикалық көзқарас бойынша бұл дәстүрлі полистік автаркияның бұзылуы, натуралды томаға-тұйық шаруашылықтың орнына тауар-ақша қатынастарына негізделген экономикалық байланыстар келеді. Құл еңбегінің өндірістің барлық салаларына енгізілуі, бұл процестің тежеуіші болды, себебі Римнің патриархалды қауымы ұсақ өндірушілердің жеке еңбегіне негізделетін.

Бұл дағдарыстың әлеуметтік астарлары, римдік цивитастың гүлдену кезеңіндегі сенаттық олигархия өкілдерінің біртіндеп саяси аренадан кетуі болды. Оның орнына экономикалық және саяси көзқарасы күшті әлеуметтік топ – салт аттылар келді. Кейінгі Рим республикасы кезеңінде бұл салаға муниципалдық провинциялық ақсүйектер, әскердің басқарушы құрамы, жаңа Рим азаматтары италиктер және ауқатты еркіне жіберілгендер кірді. Кейінгі Рим республикасының кәсіпкер маманданған әскері, Рим азаматтарының дәстүрлі ополчениясын ауыстырып, республиканың саяси өмірінің мәселелерін шешуде жетекші орынға шықты.

Бұл уақытта сенаттың жетекшілік рөлі құлдырайды, халық жиналысының функциясы өзгереді. Егер куриаттық комициялар өз маңызын ертерек жоғалтса, центуриаттық және трибуттық комициялар италиктерге азаматтық құқықтарды беру кезеңінде өз мәнін жоғалтып, заңдық фикцияға айналды. Рим азаматтық қауымындағы дағдарыс республиканың дағдарысы мен құлауына алып келді. Рим державасындағы жаңа мемлекеттік құрылым – императорлық құрылымға әкелді.

## 14. Рим империясы (I–V ғғ.)

### Октавиан Август және принципаттың қалыптасуы

Рим империясы кезеңдері

Империя (30/27 ж. б.д.д. – 491 ж. б. д.)

Ерте Империя Принципат (27/30 ж. б.д.д. – 193 ж. б.д.)

III ғасыр дағдарысы (193–284 жж.)

Кейінгі Империя Доминат (284–476 жж.)

Октавиан Август монархиялық тәртіпке ашық түрде өту қауіпті екендігін түсінді. Рим қоғамында республикалық дәстүрлер терең орналасқан еді. Сондықтан Рим державасының жалғыз билеушісі бола отырып, Октавиан принципат – монархия қалыптастыруды көздеді. Октавиан ескі республикалық титул «сенат принцепсі» деген атақ алды. Октавианның императорлық билігі б.д.д. 27 жылдың 13-і қаңтарынан басталады. Осы уақыттан бастап Римде империялық дәуір басталды. Сенат Октавианды өзінің бірінші азаматы – принцепс деп жариялады, ол сенатордың тізімінде бірінші тұрды. Сенат мәжілісінде кез келген мәселе бойынша алғашқы болып өзінің пікірін айтатын болды. Октавиан елде азамат соғысының аяқталып, тыныштық орнағанын мәлімдеді. Ел арасындағы қауіп-қатер, ұрлық-зорлық атаулының бәрі тоқтатылды. Осымен байланысты сенат оған «Август» (қасиетті деген мағына береді) деген жанама есім берді.

Октавиан іргесін қалап, оның ізбасары болған императорлар жетілдіріп нығайтқан мемлекеттік басқару жүйесі – принципат қалыптасты. Принципат б.д.д. II ғасырға дейін сақталды. Бұл жүйе бойынша республикалық басқару ережесі сақталды, бірақ, билік бір адамның – императордың қолында болды.

Бұл билік мұрагерлік жолмен берілді, демек, императордың ақылдылығы мен дарындылығына қарамады. Бұрынғыдай халық жиналыстары шақырылмады. Елдің бүкіл тұрғындарынан императордың алдына бас иіп тұру талап етілді. Олардың туған күндері де бүкіл халықтық мереке болып тойланып отырған және мүсіндері храмдарға қойылды. Императордың бұйрығы бүкіл империя үшін заң болып танылды. Заңды бұзушылар өлім жазасына кесілді.

Император Диоклетиан билік жүргізгеннен бастап, өкімет абсолюттік деп танылды. Диоклетиан табиғатынан ақылды, мемлекеттік қызметке аса қабілетті адам болған. Бір өзінің бүкіл Рим империясын басқаруы мүмкін еместігін түсініп, өзіне көмектесетін қосалқы әмірші тағайындайды. Император мен оның қосалқы әміршілері белгілі бір аумақта өкімет билігін жүргізді. Бұларға «Августар» лауазымды атағы берілді. Ал августтардың «Цезарлар» деп аталған екі көмекшісі болды. Елді басқарудың бұл жүйесі империяның бірлігін сақтап, шекара қорғанысын нығайтуға тиіс болды. Диоклетиан жасаған басқарудың бүкіл жүйесін «доминат» деп атады. Бұл ұғым «шексіз билік» деген мағына берді. Доминаттың саяси негізін монархиялық өкімет пен басқарудың жетілдірілген аппараты құрады. Оның орталығы император сарайы болды.

Шет аймақтарда Рим өкіметі билігін нығайтуға б.з. I ғасырындағы императорлар зор ықпал жасады. Олар аймақ ақсүйектерімен ымыраға келді. Галлдық ақсүйектер сенатқа мүше бола алатын болды. Испания қалаларына латындық үрдісті енгізді, соның нәтижесінде сол қалалардың барлық магистраттары Рим азаматтығына қабылданды. Рим салтын қалыптастыру қарапайым адамдардың да болашағына жол ашты. Міндетін атқарған ардагер жауынгер от басы мен Рим азаматтығын, жер кесіндісін алды және салық төлеуден босатылды.

Римдік өмір салтын тарату мақсатында алыс мекенді елдерде қалалар салынды, қорғандар тұрғызылды, жолдар салынды. Құдайларға және императорларға арнап храмдар салынды. Шет аймақ халықтарына Римдік өмір салты үлкен әсер етіп, олар латын тілін үйренді, римдіктер үлгісіндегі киімдер киді. Рим дәстүрін қабылдауды өздері мақтаныш етті. Осыдан бастап римдік деп аталу үшін Рим қаласында тұру міндетті болмады. Сөйтіп империя аумағында тұратын адамдардың барлығы өздерін римдіктерміз деп санады.

## 15. Ерте Рим империясы (I-II ғғ.)

**Рим империясы** (латынша Imperium Romanum, Рим республикасы (Res publica Romana), грекше (Βασιλεία Ῥωμαίων) – ежелгі

римдік постреспубликалық фазасының өркеніет дамуындағы ерекше белгілер, басқарудың автократиялық формасы және Еуропадағы үлкен аймақтық иеліктері мен Жерорта теңізі. Римдік империяның хронологиялық шеңбері Август бірінші императорының басқаруынан бастап, екі бөлікке бөлуіне дейін қамтиды, яғни б.з.д. 27 жылдан 476 жылдар аралығы. Римдік империя тарихының кезеңдерінің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, біріншіден, мемлекеттік құрылымның республикалық және монархиялық формалары, екіншіден, б.з.д. I ғасыр мен б.з. III ғасыры.

**Ежелгі Рим мәдениеті.** Рим мәдениеті көне дәуір мәдениетінің қорытындылаушы кезеңі болды. Ежелгі Рим мәдениетінің қалыптасу кезеңінде (б.з.д. VIII–IV ғғ.) этрусклердің сәулет өнері үлгілерін бойына сіңірді. Ежелгі ғибадатханалар – Римдегі Капитолийлік Юпитер ғибадатханасы, кескіндеме үлгілері мен сән және қосалқы өнері этруск өнері үлгілерін бойына сіңірді. Б.з.д. II ғасыр мен I ғасырдың бірінші жартысында базиликалар мен термалар салына бастады. Б.з.д. III–I ғасырлардағы бейнелеу өнерінде портреттік мүсін ескерткіштер мен сыралғылар кең тарады. Республика дәуірінде мүсін өнерінен эллиндік бағыт орын алып, грек ескерткіштерінен жаппай көшіру дәстүрге айналды. Монументтік сәндік кескіндеме жоғары сатыға көтерілді, мозаика мен глиптика өнері қанат жайды. Сәулет өнері империяның гүлдену кезеңінде (б.з.д. I ғасырдың 20-жылдары – б.з. II ғасыр) шарықтау биігіне көтерілді. Осы тұста арка мен ордердің, ғимаратты қабырға өрнек және мүсін ескерткіштерімен, мәрмәрмен безендірудің рөлі артты. Сәулет өнері бірте-бірте император мен империяның ұлылығын дәріптеу құралына айналды. Ежелгі Римдегі ең ірі амфитеатр – Колизей, Рим қаласындағы форумдар, Адриан кезіндегі ежелгі замандағы күмбезді құрылыстардың ең ірісі – Пантеон ірге көтерді. Рим театры ән, музыка, бидің басын қосты. Б.з.д. 300 жылы комедия – маска киген төрт кейіпкер дүниеге келді. Осы кезеңде трагедия (претекста) мен комедияның (паллиата) жаңа түрлері пайда болды. Алғашында ойын-сауықтар ғибадатханалар жанында қойылды. Тұңғыш театр ғимаратын б.з.д. 55–52 жылы сәулетші Помпей тастан тұрғызды. Шамамен б.з.д. IV ғасырда масканың пайда болуы актерлік өнердің дамуына

кең жол ашты. Әйелдер рөлін ерлер орындады. Империя дәуірінде цирк ойындары, әсіресе ежелгі амфитеатрлар мен Колизейде қойылған гладиаторлар сайысы, аңшының қауіпті аңмен айқасын көрсету өріс алды. Рим театры, драматургиясы дүниежүзілік театр өнерінің дамуында үлкен рөл атқарды. Эллиндік мәдениет әсерімен дамыған Рим музыкасында тұрмыстық музыкалық-поэтикалық жанрлар (жеңіс, үйлену, дастарқан басы, қазаға байланысты әндер) қалыптасты. Поэзия мен музыка тығыз қарым-қатынаста дамыды. Классикалық музыканы орындауда кифара және авлоспен бірге арфа іспетті аспаптар да қолданылды. Хор мен оркестр сүйемелімен орындалатын пантомималардың музыкасын дамытудағы рөлі ерекше. Әскери легиондарда үрлемелі оркестрлер жұмыс істеді. Рим цирктері мен театрларында көп адам қатысқан хор ансамбльдері көбіне оркестрдің сүйемелдеуімен өнер көрсетті. Жалпы Рим мәдениетінің бүкіл Еуропа мемлекеттері мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында маңызы зор болды.

## 16. II ғасырдағы Рим империясындағы дағдарыс

Б.з. II ғ. аяғына қарай Рим қоғамында дағдарыс басталды. Рим қоғамының барлық салаларын қамтыған құл иеленушілік қатынастардың дағдарысқа ұшырауы әсіресе, империяның батыс провинцияларында ерекше байқалды. Құл иеленушіліктің құлдырау деңгейі провинцияларда бірдей болған жоқ. Құл иеленушілік қатынастар неғұрлым дамыған жерлерде дағдарыс жоғарғы шегіне жетіп отырды. Құл иеленушіліктің дағдарысы ұзақ уақытқа созылды. Дағдарыс салдарынан Италиямен оның провинциялары арасындағы қайшылық шиеленісе берді. Магнаттардың басқаруымен кейінгі антикалық колонаттар құрылып, құлдықпен басым түрде айналысты. Көптеген қалалар тоқырай бастады. Қолөнер мен сауда біртіндеп құлдырады. Мемлекеттің қаржы жағдайы қатерлі кезеңді басынан өткеріп жатты. Асыл металды теңгелер азайып, баға көтеріліп, алымсалық жинау күшейді. Экономикалық жағдайдың нашарлауы ең алдымен қарапайым адамдарға аса ауыр соқты. Мемлекеттік билік өзінің тұрақтылығын жоғалтты. III ғ. мемлекет варварлардың

шабуылынан көптеген жерлерінен айырылды. Варварлардың шапқыншылығынан Рим мемлекеті жоғарғы Германияның құнарлы далалары және Дакия сияқты бай провинцияларын біржола жоғалтты. Рим империясының дағдарысты тоқтатуға, уақытша болса да ушыққан әлеуметтік және саяси қатынастарды тұрақтандыруға шамасы жетпеді. III ғ. сенаторлық аристократия барлық қолбасшылық қызметтерден қуылып, провинциялардағы атты әскерлер құрамы өзгертілді. Рим сенаты жоспар құру және оны шешу өкілділігінен тықсырылып, тек «тақ кеңесінде» қаулы шығара алатын болды. Мұндай саяси өзгерістер әсіресе, Диоклетиан (284-305 жж.) және Константин (306-337 жж.) билігі кезінде болды. Доминант немесе Кейінгі Рим империясы пайда болып (284-476 жж.) өмір сүрді. Император тағы үшін қырғын күрес және үміткерлер арасындағы азаматтық соғыстар, варварлардың дүркін-дүркін шабуылы елді экономикалық тығырыққа тіреп, империяның дағдырысын күшейтті. III ғ. империяның экономикалық құлдырауы және саяси тұрақсыздық адамдардың психологиясына әсер етті. Тақ тұрақсыз болды, 50 жылда 22 монарх ауысып үлгерді. Енді Рим бұрынғы қуатынан айырылып, күйреуге жетті. Провинциялар орталыққа бағынуды қойды, оларға бірыңғай заң күші жүрмеді. Әйгілі «Рим еркіндігі» заңдастырылды. Осылардың барлығы қоғамның психологиясы мен рухани өміріне әсерін тигізді. Адамдар енді құтқарушы Рим құдайларына сенбейтін болды. Олар жаңа дін Иудейден шыққан христиандыққа бет бұра бастады.

III ғ. аяғында тереңдеген дағдарысты болдырмау үшін уақытша нәтижесін берген реформаторлық қайта құру шаралары қолға алынды. Аренада жер берудің жаңа түрлері пайда болды. Эмфитевис – аз ғана төлемге жерді жалға берді және өз үлесіндегі жерлерде кең құқықтар берілді. Келесі ұсақ жалға беру – прекарий, яғни, ұзақ мерзімдік немесе өмірлік аренда жүйесі енгізілді. Эмфитевистер – қазынамен шіркеудің ірі жер иелеріне жалға жер алушылар еді. Оның мәнісі – эмфитевистер өздерінің құқығын пайдалана отырып, жер иелеріне жыл сайын белгіленген төлемдерін өтеуге және шаруашылықты жақсы жүргізуге міндетті болатын. Олардың иелік ету құқығы біршама кең болды: жерлерін жалға бере алатын, мұраға қалдыратын, тіпті сата алатын болды.

IV ғасырдағы колондардың ірі жер иеленушілерге кіріптарлығы салдарынан әлеуметтік статусы әртүрлі деңгейдегі топтары қалыптасты. Мүліктік иелену құқығының артықшылығын кең түрде иемденушілер ерікті колондар – либери, одан кейінгілері оригинарий болды.

Император билігі күшейтіліп, сенат маңызы түсірілді. Доминат жүйесі Рим дүниесінде жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайдың қолайлығына жағдай жасады. Осы арқылы біріккен Рим күшпен үш континенттің елдерін ұстап тұрды. Доминат дәуіріндегі реформалар рим мемлекетінің құлдырауын жарты ғасырға шегіндірді. Алайда империяны құтқаруға арналған шаралар оның құлдырауын тоқтата алмады. Ішкі қарама-қайшылықтан әлсіреген империя сыртқы күштерге қарсы тұра алмады. Герман жаулап алушылығы Римнің тағдырын шешті. Әлеуметтік саяси процестерді III-IV ғасырлардағы «қуатты сыртқы күштер» факторы – варварлық тайпалардың шабуылы күшейтті. Соңғы Рим мемлекеті варварлармен араласып, үздіксіз соғыстан қалжыраған Римнің ішкі және сыртқы саясатында біртұтас организм ретінде көрші варвар тайпаларымен бірлесе өмір сүрді.

Ежелгі державалар тәкаппар да құдіретті болды. Бірақ ең ірілері Дарий мен Александр Македонскийдің, Рим мен Қытайдың алып империяларын қосқанда құрылықтың азғантай бөлігін алатын еді. Ал олардың шекараларының арғы жағындағы шексіз жерлерде әртүрлі өмір өтіп жатты. Бұларды қазір біз алғашқы қауымдық тайпалардың әлемі дейміз. Ал римдіктердің, ертедегі қытайлар немесе гректердің кезінде оларды варварлар деп атаған болар еді. Варварлар аңшылық пен малшаруашылығын тамаша меңгерді. Варварлардың өмірінде байлықтың рөлі үлкен болған жоқ. Барлығы да кедей, бірақ азат, бір-бірімен тең болды. Тек көсемдері, ру басылары, абыздары ғана аздаған артықшылықтарды пайдаланды. Варварлар мемлекеттің не екендігін білген жоқ. Ежелгі және орта ғасырлардағы мыңдаған жылдарда бір-біріне қарама-қарсы екі дүние: алғашқы қауымдық тайпалар әлемі мен өркениет әлемі бір-біріне бетпе-бет келіп тұрды. Оларды өзара жаулық алыстатса, бір-біріне деген мүдделілік байланыстырды. Қанды соғыстар жүз жылдарға созылған бейбіт көршілікпен ал-

масып жатты. Варварлар шапқыншылығы қаншалықты жойқын болғанымен, уақыт өте келе өркениет өкілдері жер шарындағы «басқа әлемнің» жерлерін жаулап алып, өрісін кеңейте берді. Варварлар да өркениеттің әсерінен тыс қала алмады. Өйткені варварларға саудагерлер мен жауынгерлер, дін уағыздаушылар келіп тұрды. Басқа тайпаларға қарсы соғыста варварларды жалдап отырды. Өркениет пен варварлардың шекарасы әрқашанда «ашық», ал варварларға өркениеттің ықпалы күшті болды. Рим империясына варварлар әлемі қауіпті бола түсті. Азияның далаларынан немесе Еуропаның ормандарынан алып империяларды жойып жіберетін тайпалар пайда болды.

Варварларда сақталып келген алғашқы қауымдық теңдік мәңгі жалғаса беруі мүмкін емес еді. Варвар қоғамында ақсүйектер пайда болды. Рубасыларынан көрі ерліктерімен және жолы болғыштығымен даңқы шыққан әскери көсемдердің ықпалы тайпа ішінде жоғары болды. Жорық сәтті аяқталса, көсем қолға түскен байлықтан үлесті көп алды. Жолы болғыш көсемнің төңірегіне қызу қанды, ерлікті аңсаған жастар көп жиналды. Қалыптасқан дәстүрден тыс көсем өз үлесінен оларға мол сыйлықтар беріп отырды. Оның қарымы ретінде жауынгерлер көсемге шын беріліп, қиын сәттерде ол үшін өмірін қиюға болатын. Көсемге шын берілген жасақ осылай пайда болды. Жасақшылар шаруашылықпен айналысқаннан гөрі соғыста баюды, шайқаста ерлікпен өлуді қалады.

Еуропада Альпінің солтүстігінде үш ірі тайпалар: кельттер, германдар, славяндар өмір сүріп жатты. Бұл тайпалардың тілі үнді-еуропалық тіл тобына жатты. Кельттер Еуропаға германдықтардан да бұрын келді. Олар бүкіл Еуропаны – Атлантикадан Балқан түбегіне дейін жайлаған. Кельттердің ұрпақтарын қазір де Ирландиядан, Шотландиядан, Уэльстен және Францияның ең батысындағы Бретаннан кездестіруге болады.

Римдіктер кельттердің галл тайпасын өзгелерден бұрын білді. Өйткені галлдар бүкіл Римді жаулап алған болатын. Бұдан көп уақыт өткеннен кейін римдіктер Солтүстік Италия мен қазіргі Франция жатқан галлдардың жерін жаулап алды. Галлдар римдіктердің тілі мен әдет-ғұрыптарын тез қабылдады да, кейіннен оларды бір-бірінен айыру қиындап кетті.



Галлияның батысында Рейннің арғы бетінде біздің дәуірімізден бірнеше ғасыр бұрын солтүстіктен келген саны көп герман тайпалары орналасқан болатын. Олардың ежелгі Отаны – Балтық теңізінің солтүстік және оңтүстік жағалауы, Балтық аралы мен Скандинав және Ютланд түбектері еді. Шамамен бұдан үш мың жыл бұрын ол жақта ауа райының қатты өзгеруінен күн бұрынғыдан да суытып, толассыз жауын мен су тасқыны жиілеген болуы керек. Сондықтан да германдар жылы жаққа, оңтүстікке қарай біртіндеп жылжи берген. Біздің дәуіріміздің басында германдар Рейн, Одер, Дунай өзендерінің аралығындағы кеңістікті жайлап үлгерген. Олардың ішінде ең алысқа кеткен гот тайпасы болды. Балтық жағалауынан олар Азов және Қара теңіз төңірегіндегі далаларға келіп тоқталды. Мұнда олар көне замандағы скифтердің ұрпақтарын бағындырды. Готтарға шығыс славяндардың ата-бабалары да тізе бүкті.

Тациттің дәлелдеуіне қарағанда германдықтар өте көп халық болған. Жекеленген герман тайпаларының саны туралы деректерді Цезарьдан да алуға болады. Ол Рейннің сол жағалауында пайда болған узипеттер мен тенктер санын, әйелдерімен балаларын қоса есептегенде 180 мың адам дейді. Демек, жекеленген герман халықтарының орташа саны осынша болса, германдықтардың жалпы саны ол кезде 5 млн-ға жуық болған.

Карпатты бойлай Дунайдың дәл сағасына дейінгі жерлерді готтардан тараған герман тайпалары – бастарндардың, певкиндердің көптігі сонша, Плиний оларды германдықтардың бесінші негізгі тобы деп есептейді.

Скандза – готтардың шыққан жері. Бұл аралдардан Иорданның анықтауы бойынша, герман тайпаларының көп бөлігі шыққан. Скандза жайлы Клавдий Птоломей аралдың солтүстік мұзды мұхит кеңістігінде орналасқанын, табиғатының қатал, аязды болатындығын жазады.

Германия галл, гетт, панонндар болып Рейн және Дунай өзендері арқылы бөлшектенген. Олар өз кезегінде сармат пен дактардан Карпат жотасы арқылы бөлшектенсе, қалғанын мұхит қоршап жатыр. Германдықтар өзге халықтармен араласпай томаға-тұйық отырды. Аңыздарына сенсек, германдықтар жер құдайынан шыққан, Тушкон мен Манды көп дәріптейді және

өздерін солардан таратады. Аңыз бойынша Маннның 3 ұлы болды: мұхит жағалауындағылар – ингевондар, ел ішіндегілер – германондар, ал қалғандары – истевондар. Рейннің жағалауында треверлер өмір сүреді. Оларды Агриппа өзенінен келісім бойынша Рейннің жағасына көшірген еді. Кервилерде герман тайпалары болып табылады, Менапшир жағалауының екі бетіне, батпақты, орманды жерлерге қоныс тепкен. Ағаштары аласа, әрі қалың жынысты болып келеді. Олардың жанына германдық сугамбрлар келді. Германия Галлияның солтүстігінде орналасқан, бүкіл елді Истр өзені екі бөлікке бөліп жатыр. Истрден солтүстікке қарай галл және герман тайпалары мекендейді.

Маркоман соғысынан кейін (166-180 жж.) Рим батыс және оңтүстік шекарасындағы осы ірі тайпа одақтарының қатерінен сақтанып отырды. III ғасырдың басында олардың арасынан алеман атымен ірі тайпа тобы бөлініп шықты. III ғ. ортасында римдіктер алемандардан қорғану үшін «десятиналық далаларды» бекітті. IV ғ. ортасында шекарадағы Рейнге шабуыл жасады. Германдықтардың қоныстануы біржола орнығу сипатында болды. Рим иелігіндегі өңірлерге германдықтардың шапқыншылығы бұрынғыдан жиі әрі шешуші болды. Кезекті жеңілістен кейін қорғанысы күшті империяның шекарасын бұзып өтуге ұмтылатын германдардың табандылығына римдіктер таң қалатын. Германдықтардың сол кезеңдегі даму сатысы соғыссыз тұра алмайтын дәрежеде болатын. Бұл германдар үшін ол кезде табиғи іс әрі қажеттілік еді.

Германдар өздерінің аң-құсқа бай ормандарында аң аулауды жақсы көрді. Егіншілікті де жаман меңгерген жоқ: арпа, бидай, тары, зығыр өсірді. Алайда германдықтардың басты байлығы мал, оның ішінде әсіресе ірі қара болды. Олар «ұзын үйлерде» тұрды, себебі, басты байлығы мал болғандықтан, малына арналған қора-қопсысы да жалғасып жатты. Әрбір «ұзын үйде» үлкен отбасы тұрды. Бір-бірімен жақын туыстасатын бірнеше отбасынан ру құралды. Бірнеше ру тайпаға бірікті. Кейде бірнеше тайпалар, әсіресе ортақ жаумен соғысар алдында үлкен одақ құрды. Тайпадағы барлық ересек еркектер бір-бірімен тең құқылы, басы азат адам деп есептелді. Германдар құлды аз иеленді, құлдардың жағдайы римдіктерге қарағанда көп жеңіл, жартылай азат еді.

Германдардың ішінде мүлік жіктелісі алғашқы кезде болған жоқ. Маңызды мәселелердің барлығы тайпа жиналысы – тингте шешілді, оған тайпа мүшелері қарумен келіп, ру басылары мен көсемдерінің сөзін тыңдап, оны мақұлдаған немесе қабылдамай тастаған. Тингте қылмыскерлерге жаза белгіленіп, рубасыларды сайлаған.

Германдар барлық пұтқа табынушылар сияқты құдайлар көп дегенге сенді, бірақ шіркеулер салған жоқ. Олар киелі көлдерге, тоғайларға, тастарға, ағаштарға табынды. Германдар өздерінің құдайларына құрбандықтар шалды. Германдардың кейбір құдайларының аттары апта ішіндегі күндердің атауларымен ағылшын және неміс тілдерінде сақталған. Жексенбі мен дүйсенбіні германдар күн мен айға бағыштаған. Сейсенбі – жауынгерлердің жебеушісі жарқыраған аспан құдайы Циудың немесе Тиудың күні. Сәрсенбіні олар құйын-боранның, ашу-ызаның құдайы, о дүниенің иесі кеменгер Воданға арнаған. Ал бейсенбіде күннің күркірі мен найзағайдың құдіретті құдайы Донарға табынуы керек. Жұма құнарлықтың құдайы Фрейрдің үлесіне тиіпті. Германдар абыздар мен сәуегейлерді де қатты сыйлаған.

Б.з. I-II ғ. германдықтардың қоғамдық дамуының деңгейі туралы Цезарь және Тацит шығармаларының негізінде, сондай-ақ археологиялық ескерткіштер арқылы пайымдауға болады. Тациттің уақытында германдықтардың қоғамдық құрылысы елеулі өзгерістерге ұшырады. Германдықтар отырықшылыққа түбегейлі ауысты, егіншілікпен кеңінен араласа бастады. Негізгі тағам түрлері – сүт, ірімшік, ет болды. Мал бағу мен аңшылық негізгі кәсібі болып табылды. Германдықтарда қолөнер мен кәсіпшілік дамып отырған. Метал қорыту мен ұсталыққа қоса, германдықтар тоқуды, кендір кездемелер мен жүн маталар дайындауды, қыштан бұйым жасауды игерген. Мысалы, археологиялық қазба нәтижесінде табылған қыш құмыра Франкфурт-Ниден табылып отыр. Нидегі керамика үлгілері римдік стандартқа сай әзірленген. Мұндай құралдар Веттераудан табылғандықтан «Веттерау» деп аталып кетті.

Өндірістің дамуымен жекеленген герман тайпаларының арасында айырбас пайда болды. Көршілес халықтармен де айырбас сауда жасап отырды. Айырбас заттары тұз, елтірі, метал болды.

Германдықтарға көбінесе рим көпестері метал бұйымдарын, сән-салтанат заттарын, шарап әкеліп отырды. Германдықтар Римге ірі қара, тері, былғары, жүн, тағам түрлерін шығарып отырды. Янтарь, құл саудасы жүргізілді.

Германдықтар ұлан-ғайыр жерлерге егін сеуіп тастайды, соның өзінде көп жер бос қалады. Жыл сайын танап ауыстырылып отырылады. Олар көкөніс егіп, қиналғысы келмейді. Көбіне бидай дәнін сеуіп тастайды. Тацит заманында олар отырықшылық тұрмыс құрды, бөренеден салынған үйлерде тұрды. Орман тұрғындарының жұпыны киімі, әйелдер мен ақсүйектердің матадан тігілген іш киімі болды. Олардың ішіп-жемі: сүт, ет, жабайы жемістер, сұлы ботқасы болды. Олардың бар байлығы мал болды. Ақша сирек қолданылды, онда да Рим ақшасы жүрді. Германдықтар алтын мен күмістен бұйым жасамады, қымбат металды бағаламады. Темір сирек кездесетін, тек Рейн мен Дунай бойын мекендеген тайпаларда ғана болатын, бұлар оны өздері өндірмей шеттен әкеліп отырса керек. Жазу-сызу оларға мәлім болғанымен тек діни сенім үшін ғана қолданылды. Цезарь заманынан бастап-ақ тайпа одақтары құрылды, сол кездің өзінде олардың кейбіреулерінің королі болған. Әскер басы шексіз билік алуға тырысқан, алайда корольдер тежеусіз әмірші бола алмады. Дегенмен олар ру құрылысын қирата бастаған-ды. Король үкіметінің тууына бірден-бір себепті болған жасақтар институты еді. Даңққа бөленген әскери көсем олжа түсіруге ынтыққан жастар тобын өз төңірегіне жинаған, бұлар көсемге, көсем оларға адал болуға міндетті еді. Олардың арасында белгілі бір ирерархия орнады. Германдықтардың қоғамы сондықтанда «әскери демократияға» негізделген еді.

Сонымен герман тайпаларының қоғамдық құрылымы рулық-қауымдық сатыда болды. Еңбек бөлінісінен әлеуметтік теңсіздік көріне бастаған кезде, алғаш рет феодалдық қатынастардың алғашқы белгілері байқала бастады. Экономикалық дамуы жағынан көршісі Рим империясынан әлдеқайда төмен болды. Дегенмен феодалдық қатынастардың байқала бастауы оларды өзге елдерге шабуылдарға итермеледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен ежелгі дүние тарихын қорытындылай келе, аталмыш дәуірдегі тарихи аймақтар мен елдердің өзіндік ерекшеліктерін, бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтарын көрсете отырып, олардың даму барысында көптеген ортақ белгілердің де болғандығын айтуға болады.

Шумер мен Египетте алғашқы таптық қоғамдардың пайда болуы ежелгі дәуірдің бүкіл болмысын түбірімен өзгертті. Алғашқы қауымдық тайпалардың шетсіз-шексіз әлемінде жоғары дамыған орталықтар пайда болды. Ерте өркениеттердің өзін қоршаған ру-тайпалық қоғамдармен қарым-қатынасы күрделі болды.

Ежелгі Шығыстың барлық дерлік елдерінде мемлекеттің номдық формасы бірте-бірте күшті орталықтандырылған жүйелерге қарай дамыды. Патша билігі қауымдардан жоғары тұрды және оларды байланыстырушы, біріктіруші күш болды. Патша өзін барлық жердің иесі санады. Сонымен бірге орталық биліктің тым күшейген кезеңдері, оның әлсіреу уақытымен алмасып та отырды. Сондай-ақ бұл мәселеде жергілікті жағдайларды да ескеру қажет. Мысалы, Египет перғауындары қай кезде де аса қуатты күшке және шексіз билікке ие болып отырғанда, Палестина мен Финикияның кішкентай мемлекеттерінде патша билігін күшейтуге деген талпыныстар қарсылықтарға ұшырап, жиі-жиі сәтсіздікпен аяқталып отырған.

Сонымен бүкіл Шығысты бірыңғай схемамен қарауға да болмайды. Оның дамуындағы жалпы белгілер мен жергілікті ерекшеліктерді айыра білу қажет.

Ежелгі дүние тарихының құрамдас бөлігі болып табылатын антика қоғамдары, яғни ежелгі Грекия мен ежелгі Рим аталмыш дәуірде өмір сүрген алғашқы батыс өркениеттері болды және бұл қоғамдар белгілі бір дәрежеде ежелгі Шығысқа қатысты туынды өркениеттер болғандығын айтуға болады. Әсіресе б.з.д. III-

II мыңжылдықтарда Эгеида аймағында пайда болған алғашқы грек мемлекеттері, яғни крит-микен өркениеттері қоғамдық сипаты мен мемлекеттілігінің формасы бойынша ежелгі Таяу Шығыс өркениеттеріне өте жақын болды. Дәл осы крит-микен өркениеттері түріндегі таптық қоғамдар мен ерте мемлекеттердің пайда болуынан бастау алған ежелгі Греция тарихы б.з.д. I ғ. эллинистік мемлекеттерді Рим мен Парфияның жаулап алуымен аяқталды. Ежелгі гректер үш салада керемет жетістіктерге жетті. Атап айтқанда, біріншіден, өркениетті өмір сүрудің маңызды шарты ретіндегі қалалық өмірдің жоғарғы ұйымдасу формасын қалыптастырды; екіншіден, мемлекеттік құрылыстың ең озық түрі - демократиялық республиканы қалыптастырды; үшіншіден, ерекше түпнұсқа мәдениет қалыптастырды. Бұдан кейін өркениет орталығы Римге ойысты.

Ежелгі Рим тарихы ежелгі дүние тарихының соңғы кезеңі болып табылады, сондықтан да Рим қоғамы мен мемлекетіне тек өзіне ғана тән нақты ерекшеліктермен қоса, өзінің алдындағы ежелгі қоғамдардың белгілері де тән болды. Өркениеттің ең алғашқы өскіндері Италия топырағында б.з.д. VIII ғ. этруск қалалары мен Италияның оңтүстігіндегі грек отарларында (Ұлы Грекия) пайда болды. Рим мемлекеттілігінің эволюциясы патшалық билік, аристократиялық республика және империя түріндегі даму сатыларынан өтті. Құлиеленушілік қатынастарды жоғарғы деңгейде игерген антика өркениеті біздің заманымыздың II ғ. өзінің «алтын ғасырын» бастан кешіре отырып, алайда III ғасырда-ақ өзінің ішкі мүмкіндіктерін толықтай сарқып, ұзаққа созылған дағдарыс дәуіріне аяқ басты. Империялық мемлекеттіліктің әлсіреуі жағдайында Римге герман тайпаларының басып кіруі антика өркениеті тарихының аяқталғандығын білдірді. Тозығы жеткен, ескі антика қоғамының құлауында және оның орнына жаңа, ортағасырлық қатынастардың орнауында Орталық Азияның түкпірлерінен Еуропаға жаулаушылықпен келген ғұндар да маңызды роль атқарған болатын.

## Әдебиеттер

1. Амузин И.Д. Рукописи Мертвого моря. – М., 1960.
2. Амузин И.Д. Кумранская община. – М., 1983.
3. Амузин И.Д. Проблемы социальной структуры древнего Ближнего Востока (I тыс. до н.э.) по библейским источникам. – М., 1993.
1. Антонова Е.В. Очерки культуры древних земледельцев Передней и Средней Азии: Опыт реконструкции мировосприятия. – М., 1984.
2. Белова Г.А. Египтяне в Нубии. М., 1988.
3. Берлев О.Д. Трудовое население Египта в эпохи Среднего царства. М., 1972.
4. Берлев О.Д. Общественные отношения в Египте эпохи Среднего царства. М., 1978.
5. Бикерман Э. Хронология древнего мира: Ближний Восток и античность. М., 1975.
6. Вейнберг И.П. Рождение истории: Историческая мысль на Ближнем Востоке середины I тысячелетия до н.э. М., 1993.
7. Горелик М.В. Оружие древнего Востока. IV тысячелетие – IV век до н.э. М., 1993.
8. Государства и социальные структуры на древнем Востоке. М., 1989.
9. Грантовский Э.А. Происхождение мидийского государства. – Советское востоковедение: Проблемы и перспективы. М., 1988.
10. Дандамаев М.А. Политическая история Ахеменидской державы. М., 1985.
11. Древние цивилизации. Под общей ред. Г.М. Бонгард-Левина. М., 1989.
12. Дьяконов И.М. Языки древней Передней Азии. М., 1967.
13. Дьяконов И.М. Архаические мифы Востока и Запада. М., 1990.
14. Дьяконов И.М. Пути истории. М., 1995.
15. Жак К. Египет великих фараонов: История и легенда. М., 1992.
16. Жұмағұлов Қ.Т., Қартабаева Е.Т. Таяу Шығыстың ежелгі мемлекеттері. Оқу құралы. – Алматы, 2007.
17. Жұмағұлов Қ.Т., Қартабаева Е.Т. Таяу Шығыстың ежелгі мемлекеттері. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2007.
18. История древнего Востока. Под ред. В.И.Кузищина. 2-е изд. М., 1988.
19. История древнего Востока: Зарождение древнейших классовых обществ и первые очаги рабовладельческой цивилизации. Ч.1. Месопотамия. М., 1983. Ч.2. Передняя Азия. Египет. М., 1988.
20. История Востока. Т. 1. Восток в древности. М., 1999.
21. Картер Г. Гробница Тутанхамона. М., 1959.
22. Кинк Х.А. Как строились египетские пирамиды. М., 1967.
23. Коростовцев М.А. Писцы древнего Египта. М., 1962.
24. Коростовцев М.А. Религия древнего Египта. М., 1976.
25. Лурье И.М. Очерки египетского права ХVI-X вв. до н.э. Л., 1960.
26. Массон В.М. Первые цивилизации. М., 1989.

27. Межгосударственные отношения и дипломатия на Древнем Востоке. М., 1987.
28. Мелаарт Жд. Древнейшие цивилизации Ближнего Востока. М., 1982.
29. Монте П. Египет Рамсесов. Повседневная жизнь египтян во времена великих фараонов. М., 1989.
30. Савельева Т.Н. Хромовые хозяйства древнего Египта времени Древнего царства. М., 1992.
31. Шампальон Ж.Ф. О египетском иероглифическом алфавите. М., 1950.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
Кіріспе .....	5

### I-бөлім

#### ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ТАРИХЫ

<i>1-тарау.</i> АЛҒАШҚЫ ТАПТЫҚ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	12
<i>2-тарау.</i> ЕГИПЕТТИҢ ЕРТЕ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ПАТШАЛЫҚТАРЫ	
1. Мемлекеттің пайда болуы .....	16
2. Ерте патшалық.....	22
3. Ежелгі патшалық.....	24
<i>3-тарау.</i> ЕГИПЕТТЕГІ ОРТА ПАТШАЛЫҚ ЖӘНЕ ГИКСОСТАРДЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚТАРЫ	
1. Өтпелі дәуір.....	27
2. Египеттегі орта патшалық дәуірі.....	29
3. II Өтпелі дәуір және гиксостар жаулаушылығы .....	33
<i>4-тарау.</i> ЕГИПЕТТЕГІ ЖАҢА ПАТШАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ЕГИПЕТ	
1. Дәуірдің жалпы белгілері.....	34
2. XVIII әулет кезіндегі Египет әскери державасы .....	36
3. IV Аменхотептің діни реформасы және XVIII әулеттің соңы .....	40
4. Кейінгі Египет .....	45
<i>5-тарау.</i> ШУМЕР ҚАЛА-МЕМЛЕКЕТТЕРІ	
1. Евфраттың төменгі ағысында реттелген суғару жүйесінің қалыптасуы....	47
2. Жазудың ойлап табылуы. Ерте жазба дәуірі .....	48
3. Ерте әулеттік дәуір.....	50
<i>6-тарау.</i> МЕСОПОТАМИЯДАҒЫ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ ӨТУ	
1. Саргон мемлекеті .....	57

2. Урдың III әулеті.....	61
<i>7-тарау. МЕСОПОТАМИЯ ТАРИХЫНЫҢ КӨНЕВАВИЛОНДЫҚ ДӘУІРІ</i>	
1. Көне Вавилон қоғамы.....	64
2. Саяси тарихы.....	69
3. Вавилонның әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	70
4. Қоғамдық дамудың жаңа белгілері. Көне Вавилон дәуірінің аяғы.....	72
<i>8-тарау. Б.З.Д. ХҮІ-ХІ ҒҒ. МЕСОПОТАМИЯ</i>	
1. Төменгі Месопотамиядағы Ортававилон дәуірі. Касситтік патшалық және Элам.....	77
2. Митанни және Аррапха.....	82
3. Ашшур қала-мемлекеті және Ассирия патшалығының пайда болуы.....	84
<i>9-тарау. Жаңа Ассирия державасы.....</i>	<i>87</i>
<i>10-тарау. ЕРТЕДЕГІ КІШІ АЗИЯ ЖӘНЕ ХЕТТ ПАТШАЛЫҒЫ</i>	
1. Кіші Азиядағы хеттерге дейінгі дәуір.....	93
2. Ежелгі Хетт патшалығы.....	97
3. Жаңа Хетт патшалығы.....	98
4. Хаттидегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар.....	99
<i>11-тарау. Б.З.Д. III-II МЫҢЖ. СИРИЯ, ФИНИКИЯ ЖӘНЕ ПАЛЕСТИНА</i>	
1. Өркениеттің пайда болуы.....	101
2. Митанни және перғауындық Египет.....	108
3. Хапиру халықтық қозғалысы.....	111
4. Хеттер мен перғауындық Египеттің Сирия, Финикия және Палестина жерлері үшін күресі.....	113
5. «Өзеннің арғы беті тайпаларының» қоныс аударуы.....	115
<i>12-тарау. МИДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АХЕМЕНИДТІК ДӘУІРДЕГІ ИРАН</i>	
1. Ежелгі ирандықтар. Мидия.....	119
2. Әлемдік Парсы державасының пайда болуы.....	121
3. Парсы державасының экономикасы мен әлеуметтік мекемелері.....	126
4. Б.з.д. V ғ. Иран.....	131
5. Парсы державасының құлауы.....	135

<i>13-тарау. ПАРФИЯ ЖӘНЕ БАКТРИЯ</i>	
1. Парфия державасы.....	137
2. Парфия мемлекетінің ішкі құрылысы.....	139
3. Грек-Бактрия патшалығы.....	142
4. Тохарлар (Да-юэчжи).....	143
<i>14-тарау. ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН.....</i>	
1. Инд өркениеті (б.з.д. XXIII-XVIII ғғ.....)	147
2. «Ведалық дәуір».....	150
3. «Буддалық дәуір». Жалпыүнділік державаның қалыптасуы.....	155
4. «Классикалық дәуір» (б.з.д. III ғ. – б.з. V ғ. ....)	159
<i>15-тарау. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ.....</i>	
1. Шань-Инь дәуірі.....	165
2. Батыс Чжоу дәуірі.....	167
3. Шығыс Чжоу дәуірі.....	170
4. Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысы - б.з. алғашқы ғасырларындағы Қытай.....	172
<i>16-тарау. ЦИНЬ ЖӘНЕ ХАНЬ ИМПЕРИЯЛАРЫ (Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ. басы)</i>	
1. Цинь әулетінің билігі.....	174
2. Аға (Ерте) Хань әулетінің тарихы.....	177
3. Кіші (Кейінгі) Хань әулеті.....	184

## **II-бөлім АНТИКА ТАРИХЫ**

<i>1-тарау. ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ.....</i>	
1. Крит-микен өркениеті.....	190
2. Б.д.д. XI-IX ғғ. Греция.....	197
3. Архаикалық Греция (б.д.д. VIII-VI ғғ. ....)	199
4. Ерте грек тираниясы.....	201
5. Архайкалық кезеңдегі Аттика.....	204

6. Солон мен Клисфеннің реформаторлық қызметі. Афинада полистік демократияның қалыптасуы .....	205
7. Грек полисі және оның өзіндік сипаты .....	207
8. Спарта грек полисі ретінде .....	208
9. Афина грек полисі ретінде .....	209
10. Пелопоннесс одағы .....	210
<i>2-тарау. КЛАССИКАЛЫҚ ДӘУІР (Б.Д.Д. V-IV ғғ.).</i>	
1. Классикалық дәуірдегі грек қоғамы.....	212
2. Грек-парсы соғыстары.....	213
3. Бірінші Афиналық (Делосстық) теңіз одағы және оның Афиналық теңіз державасына айналуы.....	215
4. Пелопоннесс соғысы .....	217
5. Классикалық грек полисінің дағдарысы.....	221
6. Македонияның Грецияны жаулап алуы. Парсыларға қарсы жорыққа дайындық.....	224
<i>3-тарау. ЭЛЛИНИЗМ ДӘУІРІНДЕГІ ГРЕЦИЯ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС</i>	
1. Александр Македонскийдің шығысқа жорығы. Әлемдік державаның қалыптасуы және ыдырауы.....	226
2.Эллиндік мемлекеттер жүйесі. Оларды Римнің жаулап алуы .....	230

### **III-бөлім ЕЖЕЛГІ РИМ**

1. Пәнді оқу, кезендері, тұрғындары .....	236
2. Патшалық дәуірдегі Рим (б.д.д. VIII-VI ғғ.). Римнің ерте тарихы .....	237
3. Сервий Туллий реформалары .....	239
4. Республика кезеңіндегі Рим мемлекеті (б.д. VI-I ғғ.). Плебейлер мен патрицилердің күресі.....	240
5. Ерте Рим республикасының саяси құрылымы.....	244
6. Римнің Италияны жаулап алуы .....	245
7. Рим мен Карфагеннің соғысы .....	180
8. Римнің Шығыс және Батыс Жерорта теңізіндегі жаулап алушылықтары .....	252

9. Б.д.д. II ғ. Рим республикасындағы экономикалық және әлеуметтік қатынастар. Рим провинцияларындағы жағдай .....	254
10. Ағайынды Гракхтар қызметі .....	255
11. Сулла диктатурасы .....	258
12. Бірінші тирумвират және Цезарь диктатурасы .....	260
13. Б.д.д. 44-30 жылдардағы азамат соғыстары. Рим республикасының құлауы .....	262
14. Рим империясы (I –V ғғ.). Октавиан Август және принципаттың қалыптасуы .....	266
15. Ерте Рим империясы (I-II ғғ.) .....	267
16. II ғасырдағы Рим империясындағы дағдарыс .....	269
Қорытынды .....	285
Әдебиет .....	288

*Оқу басылымы*

*Қартабаева Ерке Тамабекқызы  
Мырзабекова Рыскелді Саламатқызы*

**ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ**

*Оқу құралы*

Редакторы *Ш. Биекеева*  
Компьютерде беттеген *Г. Шаққозова*  
Мұқабасын көркемдеген *Р. Сқақов*

**ИБ №6915**

Басуға 24.01.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16. Көлемі 18,4 б.т.

Сандық басылыс. Тапсырыс №1871.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.